


1 2004  
3778к

О.НАҚЫСБЕКОВ

Жазак  
тілінің  
он туғастық  
говорлар  
төбөл





ҚАЗАК ССР ФЫЛЫМ АКАДЕМИЯСЫ  
ТІЛ БІЛІМІ ИНСТИТУТЫ

О. НАҚЫСБЕКОВ

ҚАЗАК ТІЛІНІҢ  
ОНТҮСТІК ГОВОРЛАР  
ТОБЫ



Қазақ ССР-інің «ФЫЛЫМ» баспасы  
АЛМАТАЫ — 1982

**Нақысбеков О.** Қазақ тілінің оңтүстік говорлар тобы. — Алматы: Ғылым, 1982. — 168 б.

Бұл еңбек Қазақстанның оңтүстік-шығыс облыстарындағы және солармен іргелес, шектес туысқан одақтас республикаларда тұратын қазақ тілінің говорларын зерттеуге арналған. Осы өңірден жиылған тіл ерекшеліктерін басқа говорлармен және әдеби тілмен салыстыра отырып, бай материал негізінде оңтүстік говорлар тобына тән негізгі өзгешеліктерге толық талдау жасалып, ғылыми класификация беріледі. Осындағы қазактар тілінің өзбек, үйғыр, қыргыз, тәжік тілдерімен қарым-катысы жайлы қызықты деректер келтіріледі.

Кітап тіл мамандарына, мұғалімдер мен студенттерге және тіл саласында ізденушілерге арналған.

### **Жауапты редактор**

Қазақ ССР Ғылым академиясының корреспондент-мүшесі,  
профессор ҚАЙДАРОВ Ә. Т.

H 70101—119  
407(05)—82 138.82.4602000000

© Қазақ ССР-інің «Ғылым» баспасы, 1982 ж.

## Қ I Р I С П E

Қазақ тіл білімінің жас саласы деп айтылып жүрген диалектологияның зерттелуіне де бұл күнде қырық жылдан артық уақыт өтті. Осы мерзім ішінде Қазақстанның түкпір-түкпіріндегі аудандарға және республикадан тыс жерлерге де сан алудан диалектологиялық экспедициялар үйымдастырылып, жергілікті халық тілі жайлы қызықты деректер жиылып, жүздеген макалалар, том-том кітаптар, монографиялар жарық көрді. Осының бәрі гүлденген Советтік дәуірдегі қазақ тіл білімі, соның ішінде диалектология саласындағы жетістіктеріміз еді.

Диалектология жайында жазылған еңбектердің деңі жеке ауыл, адамдар немесе бірнеше аудан не жеке облыс көлеміндегі тұрғындар тілін, жеке говорларды сипаттауға арналған болатын. Ал ірі-ірі региондарды зерттеу соңғы жылдарда қолға алынды. Ондай еңбектер қатарына Қазақстанның шығыс және батыс говорлар тобына арналған монографияларды атауға болады. Тіл ерекшелігі жағынан ең айқын, анық, анфарылатын, басқа халықтармен көбірек араласып, қарым-қатысы мол болған өлкенің бірі — республикамыздың онтүстік өнірі, қазақ тілінің онтүстік говорлар тобы. Осы соңғы аталған говорлар тобының өзіндік ерекшеліктерін, қазақ тілінің басқа говорларынан айырмашылықтарын, сондай-ақ олардың бір-біріне ортақ құбылыстарын және әдеби тілге қарым-қатысын анықтаумен бірге аталған говорлар тобына ғылыми класификация жасау еді.

Бұл жұмысты орындау кезінде біз Қазақстанның он-

түстік облыстарындағы және сонымен шектес республикадан тыс жерде тұратын қазақтар тілі жайында жылған материалдарды түгел сүзіп, сұрыпташып, жазылған еңбектерді жинақтап, жиyrма жылдан астам диалектологиялық, этнографиялық экспедицияларға қатысып, өзіміз жиған материалдармен толықтырдық. Қөп жылғы ізденіс, зерттеулердің негізінде осы еңбек жазылып отыр. Экспедиция кезінде ел аузында сакталған халық тарихына, әдет-ғұрпына, салт-санасына және ауыз әдебиетіне байланысты қыруар материалдар жиналды. Қітап көлемі көтермейтіндіктен оларды енгізуге мүмкіндік болмады.

Оңтүстік говорлар тобы лингво-географиялық тұрғыдан зерттелсе де, үш жүзге жуық жасалған карталарды да енгізуге мүмкіндік болмады. Оңтүстік өңірдің диалектологиялық атласын жасау келешектің ісі болғандықтан, кейбір құбылыстарды сөз еткенде жасалған картага сүйеніп олардың таралу шегін атап өтумен шектелдік.

Бұрын-соңды қазақ диалектологиясы жайында жарық көріп жатқан еңбектерде осы пәннің зерттелу тарихы, ол жайында болған дискуссиялар, қазақ тілі говорларын топтастырудың көзқарастар жайында барынша мол айтылғандықтан, ол мәселеге көп тоқталмай, оңтүстік говорлар тобының зерттелу тарихына баса назар аудардык.

Зерттеліп отырған өңірді мекендеген халықтар, рутайпалар тарихы жайлы Н. Аристов, И. Бичурин, Ш. Үэлиханов, В. В. Бартольд, А. Н. Бернштам, Ә. Марғұлан, П. Н. Кожемяко, С. Аманжолов, К. Әкішев, К. М. Байпақов, Л. Б. Ерзакович, В. В. Востров, М. С. Мұқанов тәрізді тарихшылар, археологтар, этнографтар, тілшілер, тағы басқа ғалымдар еңбектерінде, соңғы жылдары жарық көрген бес томдық Қазақ ССР тарихында жеткілікті айтылғандықтан әрі кейбір мәселелер жайында тарихи жағы сөз болатындықтан тарихи-этнографиялық шолуды жеке тарау етіп беруді артық санадык.

Сөз сонында автор осы еңбектің жақсы шығуына құнды көнесін беріп, редакциялық басшылық еткен Қазақ ССР Ғылым академиясының корреспондент-мүшесі, филология ғылымдарының докторы, проф. Ә. Т. Қайдаровқа, белімде тақырыпқа ғылыми басшылық жасасап,

жәрдем көрсеткен филология ғылымдарының докторы, проф. Ш. Ш. Сарыбаевқа, осы жұмысты талқылауға қатысып құнды пікір айтқан филология ғылымдарының докторы Э. Нұрмағанбетов пен филология ғылымдарының кандидаты С. Омарбековке және көп жылғы экспедициялар кезінде уақыттарын бөліп әңгімелесіп, мәлімет берген ауыл ақсақалдары мен замандастарға шын ние-

тімен ықылас білдіріп, алғыс айтады.

\* \* \*

Қазақ тілінің онтүстік говорлар тобы республика-мұздың онтүстік және онтүстік-шығыс өңіріндегі Талдықорған, Алматы, Жамбыл, Шымкент, Қызылорда (Шығыс жағындағы бірнеше аудандар), Өзбек ССР-інің түстік жағындағы Ташкент, Бұхара облыстарындағы және Тәжік ССР-індегі қазактар тұратын аудандар территориясын қамтиды. Осындағы тұрғындар этникалық құрамы жағынан әр түрлі болғанмен, тіл ерекшеліктері жағынан ортақтық басым болғандықтан, бұлар онтүстік говор тобы негізінде қаралып отыр.

Колда бар материалдарды сұрыптаپ әр говордың өзіне тән фонетикалық, грамматикалық, лексикалық ерекшеліктерін ескергенде, онтүстік өңірдегі тұрғындар тілін мына темендегі говорларға бөліп қарастыруға болады. Олар: 1) Жетісу говоры. Қамтитын территориясы — Алматы, Талдықорған облыстарының аудандары; 2) Шу говоры. Бұған Жамбыл облысының территориясы кіреді; 3) Шымкент говоры. Бұл осы аталған облыс көлемін қамтиды; 4) Қызылорда говоры. Бұл Қызылорданың күншығысынан бастап Түркістанға дейінгі Сыр бойын қамтиды; 5) Ташкент говоры. Бұған Өзбек ССР-інің онтүстігіндегі Ташкент, Бұхара облыстарындағы қазак аудандары кіреді; 6) Тәжік говоры. Бұған Тәжік ССР-індегі қазактар мекендереген аудандар кіреді.

\* \* \*

Қазақ тілінің онтүстік говорлар тобын зерттеу басқа говорларға қарағанда ертерек қолға алынды. Проф.

С. Аманжолов 1934 жылы ҚазПИ-де<sup>1</sup> сабак беріп жургенде Қазақстанның түкпір-түкпірінен келген студенттердің сөйлеу тіліндегі айырмашылықтарға алғаш рет назар аударады. Студенттерге тапсырма беріп, Алматы маңынан материал жиғызып, бұл өңірдегі тұрғындар тілінің Қазақстанның басқа жерлерінен айырмасы бар екеніне көзі жетеді. Соданбылай жергілікті тіл өзгешеліктеріне ерекше көніл бөле бастайды.

Ал шын мәнінде, тұңғыш рет жергілікті тіл ерекшеліктерін жиуға арналған экспедиция 1937 жылы ұйымдастырылады. Осы жылды әр жерге жіберілген үш экспедицияның екеуі республикамыздың оңтүстік өңірінде гі тұрғындар тілін зерттеуге арналған болатын. Осы алғашқы экспедицияның бірі академик И. Қеңесбаевтың басқаруымен Алматы облысының Қеген, Нарынқол аудандарындағы тұрғындар тілінен материал жиыды<sup>2</sup>. Ал екінші экспедиция Шымкент облысының Мақтаарал ауданына жіберілді. 1939—1940 жылдары Қызылорда облысының Шиелі, Жамбыл облысының Сарысу аудандарынан материал жиылды. Ал 1944 жылдан бастап жергілікті тіл ерекшеліктерін жинауға Ж. Досқараев қатысады. Жуалы, Тұлкібас, Луговой, Ақсу, Қоғалы, Карагатал аудандарына экспедициялар ұйымдастырылады.

1948—1953 жылдары Ж. Досқараевтың басқаруымен үш экспедиция ұйымдастырылып, Қызылорда облысының Арас, Қармақшы, Теренөзек, Алматы облысының Шелек, Іле, Енбекшіқазақ аудандарындағы тұрғындар тілі зерттеледі. Оған М. Рашев, Э. Бөрібаев, Р. Дүйсенғалиевтар қатысады. 1955 жылдан бастап жергілікті тіл ерекшеліктерін зерттеуге арналған экспедициялар жиелей түседі. Шу бойы тұрғындарының тілі жеке зерттеу объектісі болумен байланысты біздің тарабымыздан үш жыл қатарынан Кордай, Мерке, Луговой, Шу, Мойынқұм аудандары мен Қырғызстан территориясындағы құрамалар тілінен материал жиылды. Осы жылдары Алматы облысының Қеген, Нарынқол, Жамбыл аудандарында экспедициялар ұйымдастырылады.

<sup>1</sup> Аманжолов С. Вопросы диалектологии и истории казахского языка. Алма-Ата, 1959, с. 156.

<sup>2</sup> Сарыбаев Ш. Ш. Состояние изучения казахских говоров.— В кн.: Развитие казахского советского языкоznания. Алма-Ата, 1980, с. 108—122.

рындағы тұрғындар тіліне зерттеулер жүргізілді. Оған Ж. Болатов, Э. Құрышжанов, Э. Болғанбаев, А. Әбдірахмановтар қатысты. Жыл сайын Қазақстанның басқа аудандарымен бірге оңтүстік өнірге де экспедиция үйимдастырылып жатты. Шымкент облысындағы аудандарға Ж. Досқараев бастап барып жүрді. Әсіреле оңтүстік облыстардың диалектологиялық атласын түзуге байланысты осы өнірге бару жиілей түсті. Бұл экспедицияларға Ш. Сарыбаев, Ж. Болатов, Э. Нұрмағамбетов, С. Омарбеков, К. Айтазиндер қатысты. Сонымен бірге республикадан тыс жерлердегі қазақтар тілі де зерттеле бастады. Ю. Авдувалиев, Т. Айдаровтар Өзбекстандағы қазақтар тіліне зерттеулер жүргізді. 1975, 1976, 1978 жылдары С. Омарбеков, О. Нақысбеков, Ф. Сағындықова, А. Османновалар Тәжік ССР-індегі қазақтар тілінен материал жиып келді. 1977 жылы Талдықорған облысы тұрғындары тілін зерттеу үшін комплекс экспедиция үйимдастырылып, оған А. Махмұтов, Е. Койшыбаев, Э. Нұрмағамбетовтер қатысты. Осы еңбек авторы 1955 жылдан бастап отызға жуық диалектологиялық экспедицияларда болып, Талдықорған, Алматы, Шымкент, Қызылорда, Жамбыл облыстары мен Өзбекстан және Тәжікстандағы қазақтар тілінен материал жиып, оңтүстік говорлар тоғының және СССР-дегі түркі тілдерінің диалектологиялық атласын жасауға қатысты.

Бөлімде сақталған диалектологиялық экспедициялар туралы мәліметтерге қарағанда, Ж. Досқараевтың 1946 жылы «Краткий очерк о южном диалекте казахского языка» атты алғашқы мақаласы жарияланғанда, Алматы, Жамбыл, Талдықорған, Шымкент, Қызылорда облыстарына тоғыз рет экспедиция үйимдастырылып, оның он алты ауданы қамтылады. Ал 1948 жылы С. Аманжолов диалектологиядан докторлық диссертация қорғап, «Об основных проблемах казахской диалектологии» атты мақаласы жарық көргенде, жоғарыда аталған облыстарға он бір рет экспедиция үйимдастырылып, жиырма бір ауданы ғана қамтылған екен. Ж. Досқараев пен С. Аманжоловтың қазақ тілінің оңтүстік диалектісі жайлы жасаған тұжырымдары осы материалдар негізінде айтылған болатын. Жергілікті тіл ерекшеліктерін зерттеу алғаш қолға алына бастаған кезде барлық аудандардан материал жию мүмкіндігі әлі туған жоқ еді. Оңтүстік

облыстардағы және онымен шектес туысқан республикалардағы қазақтар тілін молырақ зерттеп бармаған аудандарды түгелірек қамту, онтүстік өнірдің регионалдық атласын жасау, мақалалар, монографиялар жазу соңғы жылдардың үлесіне тиғен-ді.

Онтүстік өңірге үйымдастырылған көп жылғы диалектологиялық экспедициялардың нәтижесінде мақалалар, кейбір еңбектер де жарық көре бастады. Ондай алғаш рет жарияланған еңбектің бірі — Жетісу халқының ауыз тіліндегі қолданылып жүрген аффрикат ң, жыбыстары туралы жазылған М. Нұсіповтің мақаласы. Бұдан кейінгі кезде диалектология жайында көбірек жазып өнімді еңбек еткен Ж. Досқараев. Галымның жоғарыда көлтірілген 1946 жылғы мақаласынан соң Арыс говорының лексикалық ерекшеліктеріне, сөз тұлғаларына, сөз тіркестеріне, онтүстік өңірдегі тұрғындар тіліндегі кейбір дыбыстық ерекшеліктерге арналған және құрама говор туралы бірнеше мақалалары баспа бетінде жарияланады. Жергілікті тіл ерекшеліктерін зерттеуге жіберілген басқа да ғалымдар өз антарғандарын жазып отырды. Олар — Ұзынағаш экспедициясы туралы Ж. Болатовтың, Жамбыл облысы Жамбыл ауданындағы жергілікті ерекшеліктер жайындағы Ә. Нұрмағамбетовтың, Нарынқол, Қеген тұрғындары тілі жөніндегі Ә. Құрышжановтың, Еңбекшіқазақ тұрғындары туралы Х. Кәрімовтың, жергілікті тіл ерекшеліктеріне байланысты кісі аттары жайындағы Т. Жанұзақовтың және онтүстік қазақтары тіліндегі кейбір ерекшеліктер жөніндегі А. Ибатовтың мақалалары. Осы жылдары Шу бойы қазақтары тіліндегі лексикалық, фонетикалық ерекшеліктер жайлы мақалалар да жарық көрген еді. Сонымен қатар республикалардан тыс жерлердегі қазақтар тілі жайлы да зерттеулер жүргізіліп жатты. Өзбекстандағы қазақтардың тілі жөнінде Т. Айдаровтың бірнеше мақалалары, Ташкент маңындағы қазақтар тіліне өзбек тілінің әсері жайлы Ю. Авдувалиевтің, С. Омарбеков пен Н. Жұнисовтің және Тәжікстандағы қазақтар тілі жайында жазылған Ф. Сағындықованың мақалалары жарық көрді. Сондай-ақ Өзбекстандағы қазақтар тілі туралы Т. Айдаровтың «Қазақ тілінің лексикалық ерекшеліктері» (1975), «Лингвистикалық география» (1977) деген атпен екі кітабы шықты.

Қазақ тілінің онтүстік говорлар тобына кіретін кейбір региондар жеке зерттеу объектісі болып диссертациялар жазылды. Олардың бірі — 1946 жылы «Онтүстік диалектінің кейбір ерекшеліктері» деген тақырыпта жазылған Ж. Досқараевтың жұмысы. Бұдан кейінгі жылдары Шу<sup>3</sup>, Қызылорда<sup>4</sup>, Тамды<sup>5</sup>, Ташкент<sup>6</sup> говорлары жөнінде кандидаттық, ал Өзбекстандағы қазақтар тілінің лексикасы<sup>7</sup> жайлы докторлық диссертация жазылды.

Біз жоғарыда онтүстік говорлар тобының жеке мәселелеріне немесе жеке говорларына арналған зерттеулерге тікелей қатысы бар мақалалар мен еңбектерді атап өттік. Енді осымен қатар тек онтүстік говорларды ғана бөліп айтпай жалпы қазақ диалектологиясының проблемалық мәселелерін көтеріп жазылған жұмыстар да, зерттеліп отырған өңірге қатысты пікірлер айтылған еңбектер аз емес. С. Аманжолов, Н. Сауранбаев, Ж. Досқараев, Ш. Сарыбаев, Ф. Қалиевтардың диалектология жайында жазған қайсыбір еңбектерін алсаңыз да, онтүстік өңірдегі тұрғындар тілінің ерекшелігі жайында тоқталмай кеткен емес. Қазақ тілінің жергілікті ерекшеліктеріне, соның ішінде онтүстік өңірдегі тұрғындар тіліне байланысты өзгешеліктер жайындағы айтылған пікірлерді акад. И. Кенесбаев, М. Балақаев, А. Ысқақов, Ф. Мұсабаев, Э. Қайдаров, т. б. ғалымдарымыздың да еңбектерінен кездестіреміз.

Қазақ тілінің диалектісін топтастырғанда, республикамыздың онтүстік өңіріндегі Алматы, Жамбыл, Шымкент облыстары және Қызылорда облысының онтүстік шығысы мен Талдықорғанның онтүстік-батысындағы ау-

<sup>3</sup> Накисбеков О. Языковые особенности казахов Чуйской долины. Автореф. дис. ... канд. филол. наук. Алма-Ата, 1963.

<sup>4</sup> Бектурров Ш. Қызыл-Ординский говор казахского языка. Автореф. дис. ... канд. филол. наук. Алма-Ата, 1968.

<sup>5</sup> Айдаров Т. Языковые особенности казахов Тамдинского района Узбекской ССР. Автореф. дис. ... канд. филол. наук. Ташкент; Алма-Ата, 1967.

<sup>6</sup> Абдувалиев Ю. Фонетико-морфологические особенности Ташкентского говора казахского языка. Автореф. дис. ... канд. филол. наук. Алма-Ата, 1967.

<sup>7</sup> Айдаров Т. Ареальная характеристика диалектной лексики казахских говоров Узбекистана. Автореф. дис. ... докт. филол. наук. Алма-Ата, 1980.

дандарды мекендейтін тұрғындар тілін оңтүстік диалектісіне жатқызды. Бұл регионды С. Аманжолов, Ш. Сарыбаев оңтүстік диалектісі деп атаса, Н. Сауранбаев пен Ж. Досқараев оңтүстік-шығыс говорлар тобы деп атады. Мұнда өзгешелік тек атауында ғана болмаса, қамтитын территориясында айырмашылық жок. Ал, шын мәнінде, кейінгі жылдары жиналған материалдарға жүгінсек, оңтүстік өңірге тән деп санайтын фонетикалық, грамматикалық, лексикалық өзгешеліктердің таралу шегі көнеде түседі, қамтитын аудан территориясы ұлғая түседі. Диалектологиялық экспедициялар кезінде жиылған деректерге қарағанда, жоғарыда аталған облыстардағы тұрғындар тіліндегі өзгешеліктер Өзбекстан мен Тәжікстанда тұратын қазақтар тіліне де тән екені дәлелденіп отыр. Сондықтан біз оңтүстік говорлар тобы дегендеге Тәжікстан және Өзбекстанның оңтүстік облыстарындағы қазақтар тілін де оңтүстік говорлар тобы негізінде қарастырамыз.

## *Бірінші тарау*

### **ФОНЕТИКАЛЫҚ ЕРЕКШЕЛІКТЕР**

#### **Оңтүстік говорлар тобына ортақ фонетикалық ерекшеліктер**

Оңтүстік говорлар тобында әдеби тіл нормасынан ауытқып өзгешеленетін неше түрлі диалектілік құбылыстар бар. Сол құбылыстары арқылы зерттеліп отырган өнір тілі қазақ тілінің басқа говорларынан да ерекшеленеді. Сан жағынан алып қарағанда, ең молы да, көбі де лексика саласында болғанмен, фонетика жүйесінде өзін танытатын құбылыстар аз емес.

Қазақ тілінің говорларында байқалатын дыбыстық ерекшеліктердің таралу шегі, қолдану аясы жағынан біркелкі деп қарауға болмайды. Кейбір құбылыстар жүйелі түрде жұмсалып, кең аумақты құбылыс болып саналса, бірқатары азгана жерді жеке облыс не аудан шенберінде айтылатын тар аумақты, шағын көлемді өзгешеліктер.

Оңтүстік говорлар тобында кең тараған, сипатты фонетикалық құбылыстың біріне әдеби тілдегі *đ* орына үнді *л* дыбысының жұмсалуы жатады. Бұл қарапайым, кездейсоқ құбылыс емес, қазақ говорларының екі ірі топқа бөлінетіндігін анықтайтын белгілердің бірінен саналады. Қазіргі кездегі диалектологиялық атласқа байланысты жүргізілген жұмысқа қарағанда, бұл ерекшеліктің Қазақстаның оңтүстік облыстарындағы түрғындар тілінде жүйелі түрде қолданылып отырган құбылыстың бірі екенін танытып отыр. Демек, Қазақстан территориясын *đ*-шыл, *л*-шыл говорлар тобы немесе диалект деп бөлуге лайық басты құбылыс екенін көрсетті.

Мұрын жолды *и*, қ дауыссыздарынан соң келетін *ð* дыбысы айтылатын жерде әдеби тіл нормасынан ауытқып, л қолданылып, мәндай орнына *маңлай*, таңдай орнына *таңлай* болып айтылып отыр.

Диалектологиялық атласқа арналған сұраулықта *ð/l* құбылысының таралу шегін анықтау үшін *маңлай*//*маңдай*, *таңлай*//*таңдай*, *теңлік*//*теңдік*, *тұңлік*//*тұңдік*, *саңлақ*//*саңдақ*; *шаңлақ*//*шаңдақ*, *тыңлау*//*тыңдау*, *өңлеу*//*өңдеу*, *аңлу*//*аңду*, *аңла*//*аңда*, *мұңлас*//*мұңдас* және *тирилей*//*тиридей*, *ақшалай*//*ақшадай*, т. б. сөздердің таралу шегін, қолдану аясын анықтау берілген болатын. Зайсаннан Арал теңізіне дейінгі картага белгіленген 203 елді пункттің барлығына дерлік бұл сөздерде *ð* орнына *л*-дың қосылып айтылуы таралған. Мұндағы *теңлеу*, *аңлу*, *маңлай*, *таңлай*, *өңлеу*, *тыңлау*, *мұңлас*, *тұңлік*, т. б. 170-пунктте бірдей *л* арқылы айтылып, Семей, Шығыс Қазақстан территориясында *ð* арқылы қолданылып, Талдықорғаның шығысындағы Алакөл, Андреев аудандарында *ð* мен *л* айтылатын сөз қатар қолданылатындығы янықталған. Аталған құбылыстар Өзбекстан қазақтары тіліне де, соның ішінде Ташкент төңірегіндегі тұрғындарды да қамтиды. Осының өзінен де *ð* орнына *л*-дың жұмысалуының онтүстік говорларды айрықша бөліп тұратын ерекшелік екенін аңғартады. Аталған құбылыс жайында басты өзгешеліктің бірі ретінде диалект жайында монография, мақала жазған С. Аманжолов, Н. Сауранбаев, Ж. Досқараев, Ш. Сарыбаев, т. б. ғалымдарымыздың еңбектерінде танылған болатын.

Диалектология бөлімінде жиналған әрі зерттеліп монография мақала түрінде шыққан еңбектерде берілген материалдарға қарағанда, үнді *и* дыбысынан соң *ð* орнына *л* дауыссызының қолданылуы мына сөздерде кездеседі екен: *аңлу* — *аңду*, *аңлау* — *аңдау*, *таңлай* — *таңдай*, *тыңлау* — *тыңдау*, *теңлік* — *теңдік*, *теңлеу* — *теңдеу*, *таңлаулы* — *таңдаулы*, *тұңлік* — *тұңдік*, *маңлай* — *маңдай*, *маңлайша* — *маңдайша*, *мұңлас* — *мұңдас*, *оңлы* — *оңды*, *өңлі* — *өңді*, *өңлеу* — *өңдеу*, *шаңлақ* — *шаңдақ*, *шаңлату* — *шаңдату*, *шыңлау* — *шыңдау*, *саңлақ* — *саңдақ*, *кеңлік* — *кеңдік*, *көңлі* — *көңді* (жер), *қоңлы* — *қоңды*.

Қазақ тілі говорларында кездесетін осы құбылыс жайында яғни *иð* немесе *ил* тіркестерінің қайсысы бү-

Оңтүстік облыстарда	Ұйғыр тілінде	Өзбек тілінде	Қазақ әдеби тілінде
анлау	анланмақ	англамок	аңдау
аңлу	аңлимак	—	аңду
манлай	манлай	манглай	мандай
онды	—	онгли	онды
тенлік	тәнләшмә	тәнглик	тендік
маңлайша	манлай	—	мандаша
тұңлік	тұңлук	—	тұңдік
мұңды	мұңлұқ	мұнгли	мұңды
шандату	чанлатмак	—	шандату
өңлі	өңлүк	—	өнді
кеңлік	кәңлік	кенглик <sup>2</sup>	кендік
тыңлау	тиңла	—	тыңдау
алал	налал <sup>1</sup>	—	адал

рын, көне деген мәселе төңірегінде біраз айтылған пікірлер де жоқ емес. Проф. С. Аманжоловтың пікірі бойынша оңтүстік өңірдегі түркіндар тіліндегі *н*, ң-нен соң *л* дыбысының тіркесіп келуін көрші ұйғыр, өзбек тілдерінің әсерінен деп қарайды<sup>3</sup>. Проф. Н. Т. Сауранбаев көне жазу ескерткіштерінің материалдарына сүйене отырып, *н*, ң-нің соңынан *л* дыбысының колданылуы көне, ертеден келе жатқан құбылыс екенін дәлелдейді<sup>4</sup>. Филологияғылымының кандидаты Ж. Досқараевтың пікірі де, бұл құбылыстың көне екенін, оның қазақ құрамына кіретін қаңылы, үйсін тайпалар тіліне тән құбылыс екенін нақты материалдармен дәлелдейді<sup>5</sup>. Соның кезде текстес тілдермен ортақ құбылыстарға зерттеу жүргізген С. Омарбеков те<sup>6</sup>, осы құбылыстың таралу шегінің Ұлы жүз

<sup>1</sup> Русско-уйгурский словарь. М., 1956; Уйгурско-русский словарь. Алма-Ата, 1961.

<sup>2</sup> Узбекско-русский словарь. М., 1959.

<sup>3</sup> Аманжолов С. Вопросы диалектологии и истории казахского языка. Алма-Ата, 1959, с. 240.

<sup>4</sup> Сауранбаев Н. Т. Диалекты в современном казахском языке. — Вопросы языкоznания, 1955, № 5.

<sup>5</sup> Досқараев Ж. Кейбір фонетикалық құбылыстар жайында. — Кітапта: Қазақ тілі тарихы мен диалектологиясының мәселелері. Алматы, 1963, 5-шығуы, 146-б.

<sup>6</sup> Омарбеков С. Халықтық тіліміздегі текстес тілдермен ортақ құбылыстар. Алматы, 1978, 134-б.

тайпаларының ежелгі және қазіргі қонысының этнографиялық шегімен көп ретте дәл келуін ескере отыра көне ру-тайпалы белгі деп қарайды.

Көне жазу ескерткішінің материалдары бұл ерекшеліктің көне құбылыс екенін дәлелдей түседі. Оған Тоньюкүк, Құль-тегін, Құдатқұ-білік ескерткіштерінен, одан кейінгі қыпшақ жазу ескерткішінен және Махмуд Қашқари сөздігінен де көптеп мысал келтіруге болады.

Оңтүстік өңірге тән фонетикалық ерекшеліктің бірі— жынысағының орнына й-дың қолданылуы. Әдетте бұл құбылыс бір сөз ішінде емес, екі сөз арасында болатын өзгешелік. Диалектологиялық атластың ҫурағында берілген қай жақ, қай жер, бұл жақ, бұл жер, сол жақ, сол жер, бара жатыр, келе жатыр деген сөздердегі, екінші сөздің басындағы ж-ның өзгеріп, й болып айтылу — осы өңірдегі қазақтар тіліне тән өзгешелік болып саналады.

Диалектологиялық атласқа байланысты зерттеу жүргізіп, осы құбылыстарды картаға түсіргендеге, оңтүстіктің көп жерінде жынысағының қолданылатыны анық болып отыр. Атап айтқанда Талдықорғаның Панфилов ауданынан бастап, Алматы (Балқаш ауд. басқасы), Жамбыл, Шымкент, Таңкент, Қызылорда облыстарында қайақ, қайер, бүйер, сөйер, сояқ, бара жатыр, келей жатыр, бүйақ болып жарылған жағдайда жүрген сәйнан й-дың айтылуы кеміп, ж-дан басталады. Сондай-ақ бұл құбылыс Арқа қазақтарымен шектескен оңтүстіктің Созак, Жамбылдың Мойынқұм, Талас, Алматының Балқаш аудандарында жарылған жағдайда ж-дан басталады.

Сөйтіп, тіл алды жынысағының жартылай дауысты й-мен алмасуы қай, ол, сол, бұл сияқты есімдіктерден соң жақ, жер сөздері келгенде және көсемше формадағы бара, келе, әкеле етістіктері тіркескен жатыр көмекші етістігінің басындағы жағдайда жауыссызы й-ге айналады. Енді осыған бірер мысал келтірейік. Мысалы: мен сенімен сөйердеге табысамын. Жер ортасы қайер екен. Бүйақтың қысы бір жылы қатты болды. Со яғын көп ойладық. Ренкің кімге үқсан бара жатыр. Жолда кела жатып бір тауға кезігеді, т. т.

Диалектологиялық зерттеулерге қарағанда, аталған құбылыстың жиірек қолданылуы оңтүстіктегі үйғыр, өз-

бек халықтарымен көршілес отырган жерде молырақ үшырайды.

Енді осы келтірілген мысалдарды ұйғыр, өзбек тілдерімен салыстырып көрейік.

Оңтүстік го- ворлар тобы	Өзбек тілі	Ұйғыр тілі	Әдеби тілде
бүйер	буер	бүйәр	бұл жер
бүйерде	буерде	бүйәрдә	бұл жерде
бүйакқа	буекқа	бүйақ	бұл жакқа
кайерде	каерда	қәйәрдә	кай жерде
кайерге	қаерга	қәйәргә	кай жерге
кайакта	қаекда	қайакта	кай жакта
кайакқа	қаекқа <sup>7</sup>	қайакқа <sup>8</sup>	кай жаққа

Осы келтірілген мысалдардан көрші түркі тілдерінде де осы тіркескен сөздер компоненті бірігіп кетіп, кейбір дыбыстар фонетикалық дербестігінен айырылып отырғанын көреміз. Ж-ның й-ге айналып, тіркескен сөздердің бірігіп, бір дыбыстан екіншіге ауысуы екі тілге де ортақ қасиет болғандықтан, оңтүстік облыстардағы түрғындар тілінде ғана кездесіп, Қазақстанның орталық, батыс аудандарында үшырамағандығына қарап, аталған өзгешеліктер көрші ұйғыр, өзбек тілдерінің әсерінен туды деп айтуға үлкен негіз бар.

Оңтүстік говорлар тобына тән тағы бір дыбыстық ерекшелікке тіл арты дауыссыздарының қолданылуына байланысты өзгешеліктер жатады. Әдеби тілімізде сөз ортасында не соңында тіл арты қ, ғ, тіл ортасы қ, ғ дауыссыздары сақталмай айтылады. Ал оңтүстік өңірдегі түрғындар тілінде, бұның керісінше, бул дыбыстар сақталып айтылады. Оңтүстік алқаптағы бұл дыбыстар мына тәмемдегі сөздерде *eгер* — ер, *бігіз* — біз, *еге* — ие, *құмған* — құман, *суғару* — суару, *шаңғарақ* — шаңырак; *ештеңке* — ешдеме; *бірдеңке* — бірдене, *дәнеңке* — дәнене, *аңызғақ* — аңызак, *сүгірет* — сурет, *сапалық* — сапалы, *турпік* — түрпі, *тірік* — тірі, *реңкі* — реңі, *түрлік* — түрлі, *шылғи* — шіли; *үруқ* — ру жоғарыда аталған дыбыстардың сақталып айтылатыны белгілі болып отыр. Бұл

<sup>7</sup> Узбекско-русский словарь. М., 1959, с. 88, 598.

<sup>8</sup> Русско-уйгурский словарь. М., 1956, с. 12, 38, 19.

аталған сөздер жалпы оңтүстікегі өзгешеленіп келетіндері. Бұлардың бірқатары аталған алқаптың кейбір облыстарында жиі айтылса; екіншісі басқа облыстарда қолданылады. Бұған бірер мысал келтірейік: *Шаңғарағын көтеріп жатыр. Қара құмған чойыннан жасалатын. Үйдің егесі кіріп келді. Егін суғаруға кетті.*

Диалектологиялық атласқа таралу шегін анықтау үшін *кигіз//киз*, *егер//ер*, *бігіз//біз*, *еге//ие*, *құмған//құман*, *суғару//суару*, *ештеңке//ешдеңе*, *аңызғақ//аңызақ*, *сүгірет//сурет*, *шаңғарақ//шаңырақ*, *бірдеңке//бірдеңе*, *шылғи//шили* тәрізді сөздер енген болатын. Бұл құбылыстың таралу шегін анықтағанда, төмендегіше болып отыр.

*Киіз//кигіз* сөздері де таралу шегі жағынан тек оңтүстік емес, бүкіл Қазақстан территориясын екіге бөліп жататын құбылыс. Мұнда *киіз* түрінде ғ сакталмай, әдеби тіл нормасымен қолданылу картага түскен оңтүстік-шығыс облыстардың бәрінде қолданылады. Тек қана Қызылорда облысының Жаңақорған ауданында ғана *кигіз* болып айтылады. Ал *киіз* түрінде жұмысалу бүкіл батыс облыстарды қамтиды. *Кигіз* түрінде ғ-нің сакталып қолданылуы орталық-солтүстік облыстардағы тұрғындар тіліне тән қасиет. Оның қолдану жиілігі сонша, сол өңірден шыққан ақын-жазушылардың, тіпті, әдеби тіл негізін қаласқан жазушылар шығармаларынан да жиі ұшыратамыз.

*Шаңғарақ//шаңырақ* сөздерінің таралу шегін анықтағанда, ғ-ның сакталып айтылуын Алматы, Жамбыл, Талдықорған, Ташкент, Шымкент облыстары территориясын қамтиды. Қызылорда жерінде және Шымкенттің біраз жерінде шаңырақ болып ғ түсіріліп қолданылады. Аңызақ, ештеңке, бірдеңке сияқты сөздердің таралуында да осы көріністі байқаймыз.

Ал *еге//ие*, *бігіз//біз*, *егер//ер* сөздердің таралу шегі өзгеше. Мұнда Семей, Талдықорған, Алматы және Жамбыл облысының осы аталған қаласына дейін *ие*, *біз*, *ер* түрінде ғ сакталмай айтылса, картага түскен Ташкент, Шымкент, Қызылорда және Жамбылдың батыс жағындағы аудандарда ғ сакталып айтылып, оңтүстік говорлар тобын екіге жарып отырғанын көреміз.

Демек осы берілген мысалдарға қарағанда, *қ*, *ғ*, *к*, *г*

дыйстарының сақталып айтылуы онтүстік облыстарда жиі кездесетін құбылыс екенін аңғарамыз.

Оған Ташкент, Шымкент, Алматы, Жамбыл, Қызылорда облыстарында болып, жиылған материал жайында жазылған еңбектер дәлел.

Ж. Досқараев онтүстік-шығыс говорларында (онтүстік говорлар тобы) *қ*, *ғ*-ның сақталуын көне, ескіден қалған құбылыс деп санайды. Оған дәлел ретінде осы өнірде кездесетін *сақаю* (*сауығу*), *ұрғ* (*ұру*), *сұғар* (*суар*), *тигірмен*/*тиірмен* (*диірмен*) сияқты сөздердің көне орхон-енисей ескерткіштерінде *сағ*, *урғ*, *сұғар*, *тигрмен* түрінде айтылуын тілге тиек етеді. Шын мәнінде, тіліміздегі құбылыстардың сақталуын кездейсоқ құбылыс емес, белгілі тарихи жағдайға не көнеден сақталып келе жатқан құбылыс деп танысады, бұл ерекшелікті ескіден сақталған өзгешелік деп тану орынды деп білеміз.

**Ауыз жолды үнді л дыбысының түсіп қалуы.** Онтүстік говорлар тобында үнді л дыбысының түсіп қалуы жиі байқалады. Қазақстанның басқа облыстарында бірер сөздерде л дыбысының түсіп қалып, ықшамдалып айтылуы байқалғанмен, дәл онтүстік өнірдегідей көп қолданбайтыны диалектологиялық материалдардан, жазылған еңбектерден мәлім.

Академик И. Кеңесбаев<sup>9</sup> үнді л дыбысының ол, *сол*, бұл сілтеу есімдіктерінің барлық септіктерінде (мұның, соның, оның; бұған, соған, оған; мұны, соны, оны; мұнда, сонда, онда; бұдан, содан одан; бұнымен (мұнымен), сонымен, онымен), және анықталғыш сөз алдында келгенде (о/л/ кісі, бұ/л/ кісі, со/л/ кісі) түсіп қалуы әдеби тілімізде де кездесіп отыратынын айтқан болатын. Ауызекі тілде де ал, *сол* сияқты етістіктердің соңындағы л түсіп қалып, *алсайшы*, *болсайшы* орнына *асайшы*, *босайшы* түрінде айтылатынына назар аударған еді. Бұл тәрізді әдеби тілдегі әрі ауызекі тілдегі өзгешеліктерге қосымша, онтүстік өнірдегі тұрғындар тілінде л-дың тұрақсыздығының басым екені бірден көзге көрінетіні анық. Осындай л дауыссызының қолданылуындағы тұрақсыздығының онтүстік жақта көп кездесуіне қарап,

<sup>9</sup> Кеңесбаев И., Мұсабаев Ф. Қазіргі қазақ тілі. Лексика, фонетика. Алматы, 1975, 243-б.

С. Аманжолов, Ж. Досқараев, Ф. Мұсабаев, Ш. Сарыбаев, т. б. тіл мамандары бұл ерекшелікті оңтүстік диалектіге тән басты бір құбылыс деп таниды. Қейінгі уақытта шыққан мақала мен монографиялық еңбектерде де аталған құбылыстың оңтүстік өнірге тән екендігін дәлелдей түседі.

Жазылған еңбектерге, жүргізілген зерттеулерге, жиналған материалдарға қарағанда, үнді *л*-дыбысы оңтүстік говорлар тобында мына тәмендегі орындарда түсіп қалып отырады екен.

Үнді «*л*» ол, *бұл*, сол сияқты сілтеу есімдіктерінде түсіп қалады. Бұл құбылыстың қазақ әдеби тіліне де, басқа говорларға да ортақ екені жоғарыда айтылған еңбектен мәлім.

Сондай-ақ *ал*, *бол*, *кел*, *қал*, *сал*, *әкел* сияқты етістіктердегі *л*-дыбысы тұрақсыз. Ол мына жағдайларда түсіп қалып отырады.

а) Шартты рай формасында айтылғанда: *а(л)са*, *бо(л)са*, *ке(л)се*, *қа(л)са*, *са(л)са*, *әке(л)се*. Мысалы: қазанға *не са(л)саң*, шөмішке *сол ілінеді*. Уақытың *бо(л)са*, *келіп* кет. Үйде *қа(л)са* табылар. Үйге *дейін әке(л)се* болды. *Бір жерге ке(л)се*, *біреу қызырға ба-рам* деп айтады.

б) Көсемше формасында айтылғанда *а(лы)п*, *бо(лы)п*, *ке(лі)п*, *қа(лы)п*, *са(лы)п*, *әке(лі)п*. Мысалы: қонақ *к е (л) г е н д е* мысықтай, қонып *а (л)ғ а н соң арыстандай* болады. Тай ақсақ *бо (лы) п т ы*. Соны разы *қ ы (лы) п жібердім*. Бес жасыңда жетім *қ а (лы) п*, *сен қатты жүдедің*.

в) Болымсыз түрде айтылғанда: *а(л)май* — алмай, *ке(л)мей* — келмей, *са(л)май* — салмай, *әке(л)мей* — әкелмей, *қа(л)май* — қалмай, *бо(л)май* — болмай. Өлөн деген дарымаса *бо (л) м а й д ы* екен. *А (л) м а й ы н* деп едім, *қыстал* *бо (л) м а д ы*.

г) Қалау және бүйрық райдың үшінші жағында айтылғанда: *бо(л)сын* — болсын, *ке(л)сін* — келсін, *қа(л)-сын* — қалсын, *са(л)сын* — салсын, *әке(л)сін* — әкелсін. Мысалы: *тез келетін бо (л) с ы н*. Ол кісі *кетіп қ а (л)-м а с ы н*.

д) Қалау райынан кейін көптік жалғау жалғанғанда: *ке(лі)ңдер* — келіңдер, *әпке(лі)ңдер* — әпкеліңдер. *Біраз отын ә к е (лі) ң д е р*.

е) Есімшениң *-ған*, *-ген* формасының алдында келгенде: *қа(л)ған* — қалған, *ке(л)ген* — келген, *бо(л)-ған* — болған, т. б.

Бұл келтірлген мысалдарға қарағанда, үнді *л* дыбысы сөз ортасына келгенде, барлық жағдайда бірдей түсे бермейді. Екі дауысты ортасына келгенде, көбінесе, сақталып айтылады. Ал дауысты мен дауыссыздың ортасына келгенде өзінен соң басқа дауыссыз қатар келгенде *л* түсіп қалып отырады.

Осы іспеттес, *л*-дың түсіп қалуы онтүстікегідей жүйелі түрде болмағанмен, бірлі-жарым сөздер төнірегінде қазақ тілінің басқа говорларында да бар екенін көреміз. Қазақ тілінің шығыс говорлар тобында (*әке* — әкел, *ке(л)се* — келсе, *ке(л)сем* — келсем, *кім бі(л)сін* — *кім білсін* деген сөздерде) *л* дыбысының түсүі кездеседі. Қазақ тілінің диалектологиялық атласын жасауға байланысты үнді *л* дыбысының түсүін анықтау үшін *сатамай* (сата алмай), *кеген* (келген), *боган* (болған), *барамай* (бара алмай), *қаған* (қалған), *боса* (болса), *кегесін* жерде (келгесін жерде), *кеген соң* (келген соң), *ығал* (ылғал) сөздері берілген болатын. Осында *келген*, *болған* сөздерінің таралу шегін анықтағанда, бұл сөздерде *л*-дың түспей айтылуы шығыста Семейдің Аяқөз, Қекпекті, Ақсат, Шығыс Қазақстанның Зайсан, Күршім, Маяканышы аудандары мен Қызылорда қаласының батыс жағындағы елді пункттерде екен. Ал қалған Талдықорған, Алматы, Жамбыл, Шымкент, Ташкент облыстары және Қызылордаға дейінгі аралықта *л* түсіп *кеген*, *боган* болып ықшамдалып, әдеби тілден және басқа говорлардан өзгешеленеді.

Мұнда *ылғал//ығал* сөздерінің таралу шегін анықтағанда, Зайсаннан Аралға дейінгі аудан, облыстардың бәрінде де *л* түспей әдеби тіл нормасымен айтылған. Сонда бұл сөз ерекшелік ретінде тар аумақты, бір пунктте ғана кездесіп, басқа жерде ұшырамайтын құбылыс.

Мұнда жоғарыда көрсетілген етістік сөздердің түрлі формаларда өзгеріп келгенде *л*-дың түсүі, жүйелі құбылыс болып есептеледі. Қазақ тілінің онтүстік говорлар тобында үнді *л*-дың түсіп қалуының жиі әрі осы өнірге тән екеніне М. Әуезов те үлкен назар аударған. Жазушы «Білекке білек» деген әнгімесі туралы жазғаң

ескертпесінде<sup>10</sup> бұл әңгімесінде онтүстік қазақтары тіліне тән ерекшеліктерді әдейі қолданғанын айтады. Ш. Сарыбаевтың байқауынша бұл еңбекте боса — болса, боған — болған, ағам жоқ — алғам жоқ, қысам — қылсам, қығай — қылғай, бомай — болмай, боғандағы — болғандағы, босынши — болсынши<sup>11</sup> сияқты сөздерде л түсіріліп қолданылған. Осы мысалдардың өзі де бұл құбылыстың онтүстік облыстардағы тұрғындар тіліне тән екенін құптай түседі.

Әдеби тілімізде ал, бол, қал сияқты бір буынды етістіктер көсемшे формада қолданғанда, *an*, *bon*, *kan* сияқты ықшамдалып айтылуышылық кездеседі. О баста осылай қысқарып айтуышылық онтүстікке тән болғанымен, әдеби тілге де ене бастағаны жайында қызықты пікірлер келтіреді. Бұл жайында Ш. Сарыбаев Семей облысында туып өскен М. Әуезовтің шығармаларында, автордың өз сөзінде *an*(алып), *kan*(калып), *ken*(келіп), *bon*(болып) түрінде жиі кездесетін жайында «Абай жолы» романынан едәуір мысалдар келтіреді.

Енді осы құбылыс тек қазақ тіліне ғана тән бе, әлде басқа тілдерде де ұшырай ма? деген мәселеге келейік. Түркологтардың зерттеулерінде түркі тілдеріндегі үнді *r*, *l*, *n* дыбыстарын тұрақсыз деп қарайды. Бұндай тұрақсыздықтың Н. К. Дмитриев<sup>12</sup> башқұрт, татар тілдерінің диалектілерінде бар екенін, ал Э. В. Севортьян<sup>13</sup> ондай құбылыстың огуз тілдерінен гөрі қыпшақ тілдерінде басым екенін айтқан болатын. Бұл пікірді түркі тілдерінің диалектологиясы жайында шыққан еңбектер қуаттай түседі.

Ал, бол, кел, қал, сал етістіктерінің сонындағы тіл алды *l* дауыссызының тұрақсыздығы қырғыз тілінде де байқалады. Қырғыз тілінің Октябрь ауданындағы ичкиликтер тілінде, чатқал, Алай жалалабад говорларында

<sup>10</sup> Әуезов М. Таңдамалы шығармалар. Алматы, 1956, V том, 69-б.

<sup>11</sup> Сарыбаев Ш. Ш. О неустойчивом положении сонорного *л* в казахских говорах. — В кн.: Местные особенности в казахском языке. Алма-Ата, 1973, с. 38.

<sup>12</sup> Дмитриев Н. К. Неустойчивое положение сонорных *r*, *l*, *n* в тюркских языках. — В кн.: Исследование по сравнительной грамматике тюркских языков. М., 1955, ч. I. Фонетика, с. 279.

<sup>13</sup> Севортьян Э. В. Выпадение согласных в южных тюркских языках. — В кн.: Исследование по сравнительной грамматике тюркских языков. М., 1955, ч. I. Фонетика, с. 290.

бұл дыбыстың тұрақсыздығы кездеседі. *Л* дыбысының түсіп қалуы жөнінде қырғыз тілі жайлыштың оңайлықтарынан очеркте де<sup>14</sup> жеке құбылыс деп танылып, арнайы сөз болады.

Өзбек тілінің говорларында да көсемшениң өткен шақ формасында келгенде *л* түсіп қалады. Мысалы: *қыб* (килиб), *қыған* (қылған) *кәб* (кәлиб), *боп* (булиб), *босун* (бұлсун)<sup>15</sup>. Үйғыр тілінде *л*-дың түсінде говорға ғана емес, әдеби тілге де тән құбылыс болып саналады. Мысалы: *кә(л)* — кәл, *кәмиди* — кәлмиди, *амут* — алмурт, *амидим* — алмидим, *ен* — елип, *кеп* — келип<sup>16</sup>. Бұл құбылыс балкар тілінің баксон<sup>17</sup> диалектісінде (боса да — болса да, босуын — болсун), татар тілінің кейбір говорларында, түрік<sup>18</sup> тілінде де ұшырайтыны жайлыштың жазылған әдебиетте деректер бар.

Қорыта келгенде онтүстік говорлар тобында жиі қолданатын *л* дыбысының тұрақсыздық қасиеті көптеген түркі тілдеріне тән, көнеден сакталып келе жатқан құбылыс екенін көрсетеді.

Онтүстік говорлар тобына тән деп саналып келе жатқан құбылыстардың біріне үнді құрылған орнына *ң*-нің жұмысалуы. Әдеби тілде құрылған орнына *ң* қолданылады. Бұл ерекшелік азғана сөздер аясында қолданылғанмен қамтитын жерлері кеңірек, бір емес бірнеше облыстар территориясына дейін баратын, белгілі таралу шегі бар фонетикалық құбылыс. Онтүстік өнірді арапап, мақала, монография жазған ғалымдардың қайсыбір жұмыстарын алсақ та, бұл құбылыс бірден көзге шалынатын онтүстік тұрғындар тіліне тән өзгешелік ретінде сипатталады. С. Аманжолов, Ж. Досқараев, Ш. Сарыбаев, Ф. Қалиев, С. Омарбеков, т. б. диалектологтардың жазғандарынан құрылған *ң*-нің қолданылуы кең

<sup>14</sup> Абдулдаев Э., Мұхамбаев Ж. Кыргыз диалектологиясының очерки. Фрунзе, 1959, 83—84-б.

<sup>15</sup> Решетов В. Узбекский язык. Ташкент, 1959, ч. I, с. 260.

<sup>16</sup> Кайдаров А., Садвакасов F., Талипов Т. Назирки заман уйғур тили. 1-кисим. Лексика вә фонетика. Алмута, 1963, 219-б.

<sup>17</sup> Аппаев А. М. Диалекты балкарского языка в их отношении к балкарскому литературному языку. Нальчик, 1960, с. 44.

<sup>18</sup> Кононов А. Н. Грамматика современного турецкого литературного языка. М.; Л., 1956 (см. раздел «Выпадение гласных и согласных»).

аумақты ерекшелік екенін аңғаруға болады. Сол жа-зылған еңбектерге қарағанда ң орнына ң дыбысының айтылуы оңтүстік өңірдегі тұрғындар тілінде біраз сөздерді қамтиды екен. Әдеби тілдегі өлең, өлеңші, кемен-гер, терең, қолеңке, қалың, біздің, сіздің, елдің, қайың, әуре-сарсаң тәрізді ң дауыссызы қолданылатын сөздер оңтүстік өңірде өлең, өлеңші, кеменгер, терең, қоленке, қалың, біздің, сіздің, елдің, әуре-сарсан болып ң арқылы айтылады. Оңтүстікке енетін говорларда бұл сөздердің барлығы да түгел дерлік қолданбаса да көпшілігі айтылады да, жүйелі түрде кездеседі.

Диалектологиялық атласты жасауға байланысты сұраққа ң орнына ң дыбысының жұмсалуын анықтау үшін қалың//қалың, келесін//келесің, ауылдың//ауылдың, көбен//көбен, өлеңдету//өлеңдету сияқты сөздер енгізілген болатын. Біз осындағы өлең//өлең сөзінің картаға түсірілген көрінісін беріп көрейік. Лингво-географиялық тұрғыдан зерттегендеге, өлең болып ң арқылы айтылу Семей, Шығыс Қазақстан облыстарының территориясын түгел, Талдықорған облысының көп жерін қамтиды екен. Ал өлең болып ң арқылы айтылу Талдықорғаның Панфилов ауданынан бастап, батысқа қарай Алматы, Жамбыл, Шымкент, Таңкент, Қызылорда облысының Жанақорғанына дейінгі араға тарайды. Диалектологиялық атлас та аталған бұл ерекшеліктің оңтүстікке кеңірек тараган құбылыс екенін дәлелдей түседі.

Проф. С. Аманжолов<sup>19</sup> ң орнына ң-нің қолданылуы (танертен — танертен, көбен — көбен, қалың — қалың, біздің — біздің) көрші тілдерде өзбек тілінде кездесетінін, әрі бұндай құбылыстың кейбір тілдерде кейін пайда болғанын (мысалы, түрік тілінде XIV ғасырға дейін ң айтылып, одан соң ң қолданылған) ескеріп және Н. К. Дмитриевтің пікіріне сүйене отырып, кейін пайда болған құбылыс деп қарайды. ң орнына ң айтылатын сөздердің өзбек тіліне тән құбылыс екенін С. Омарбеков те<sup>20</sup> жазған мақаласында қуаттай түседі.

<sup>19</sup> Аманжолов С. Жоғарыда аталған еңбек, 241-б.

<sup>20</sup> Омарбеков С., Джунусов Н. Узбекские элементы в языке казахов Ташкентской области. — В кн.: Местные особенности в казахском языке. Алма-Ата, 1973, с. 41—58.

## Оңтүстік говорлар тобының екі говорына тән фонетикалық ерекшеліктер

Қазақ тілінің оңтүстік говорлар тобында бір-екі говорларында айтылып, басқаларында колданылмайтын құбылыстар жоқ емес. Ондай ерекшеліктерге аффрикат *ч*, *ж* дыбыстарының жұмсалуын айтуға болады. **Жоғарыда** келтірілген даудысыздардың табиғаты, жасалу орны, шығу тегі, тарихы жайлы көрші тілдерде ұшырауы бұдан бұрынғы шыққан мақалалар мен еңбектерде толық айтылғандықтан, бұл арада осы өзгешеліктер туралы басқа тілдермен салыстыру материалын бермей-ақ, лингво-географиялық тұрғыдан бұлардың таралу шегін көрсетіп, осы говорларға тән құбылыс екенін айтумен шектелуді жөн көрдік.

Аффрикат *и*-ның спирант *и*-мен сәйкес келуі сөздің бас позициясында жиі ұшырайды. Мысалы: *чал* — *шал*, *чекпен* — *шекпен*, *чалғы* — *шалғы*, *чам* — *шам*, *Чортанбай* — *Шортанбай*, *Чөже* — *Шөже*, т. б. мұндай мысалдардың тізімін көп келтіруге де болады.

Аффрикат *ч* дыбысы негізінен сөздің басында айтылуымен бірге сөздің ортасында да жиі кездеседі. Олар көбінесе сөз ортасында қатаң *p*, *t*, *k*, *к* және ұнді *l*, *m*, *n*, *ң* даудысыздарынан соң спирант *и* орнына аффрикат *ч* айтылады. Мысалы: *жиенчар* — *жиеншар*, *чанчу* — *шаншу*, *кулчін* — *күлшін*, *қамчы* — *қамшы*, *жиренче* — *жиренше*, *көпчік* — *көвшік*, *сұранчы* — *сұраншы*, *құлақчын* — *құлақшын*, *қылча* — *қылша*, *көңілчек* — *көңілшек*.

Казіргі қазақ тілімізде аффрикат *ч* сирек айтылатын дыбыстардың бірі болғанымен, говорларға тән құбылыс екені тілшілеріміздің еңбегінен бізге мәлім. Акад. И. Кенесбаев бұл жайында орыс графикасына дейінгі жазуларымызда *ч* дыбысына арнаулы әрпіміз болмағанмен, бұл дыбыстың қазақ тілі говорларында, әсіресе Жетісу қазақтары тілінде сөздің анлаут позициясында өте жиі ұшырайтын құбылыс екенін айткан<sup>21</sup>. Жетісу қазақтарының тілі жөнінде алғаш рет мақала жазған М. Нұсіпов те бұл құбылыстың осы өнірge тән екенін айтады. Аффрикат *ч* жайында арнайы мақала жазған Ж. Дос-

<sup>21</sup> Қазіргі қазақ тілі. Алматы, 1954, 132—133-б.

қараев та, бұл құбылыстың оңтүстік қазактары тіліне тән, бұның таралу шегі Арыс бойына дейін баратыны жайлы айтқан болатын. Бұдан соңғы шыққан Нарын-қол, Кеген, Жамбыл аудандары және Шу бойы тұрғындары жайлы жазылған енбектерде де, осы құбылысқа арнайы тоқталады.

Аффрикат ұ дыбысының оңтүстіктегі қазактар тілінде жиі ұшырауын, қазақ тілінің диалектілерін топтастырғанда, акад. Н. Сауранбаев<sup>22</sup> ұ дыбысын Алтайдан Сыр бойына дейінгі аралықты қамтитын оңтүстік-шығыс говорына тән, оларды солтүстік-батыс говорлар тобынан ажырататын, бөліп тұратын фонетикалық басты құбылыс деп есептеді.

Кейінгі кездегі диалектологиялық зерттеулерге қарғанда аффрикат ұ дыбысы тек оңтүстік өңірде ғана емес, қазақ тілінің батыс говорлар тобында да ұшырайтыны дәлелденіп отыр. Бұл ерекшелік алғаш батыста Маңғыстау<sup>23</sup> говорында кездесетін айтылса, кейінгі зерттеулерде Түрікмен мен Қарақалпақстандағы және Маңғыстау қазақтарында айтылатын осы ұш говорға ортақ<sup>24</sup> ерекшелік ретінде танылып отыр. Бірақ та батыс говорлар тобында аффрикат ұ дыбысы бар дегенмен, естілу дәрежесі жағынан бірдей деп айтуға болмайды. Жетісу, Шу<sup>25</sup> қазақтары тілінде айтылатын ұ таза аффрикат болса, қазақ тілінің батыс говорларындағы ұ толық аффрикат емес, ұ мен ș дыбысының арасындағы аралық дыбыс болып саналады. Осындай сапалық қасиеті жағынан оңтүстік пен батыс қазақтары тілінде ұшырайтын аффрикат ұ бір-бірінен ажыратылады. Толық аффрикаттығы жағынан Жетісу, Шу қазақтарында айтылатын қосалқы ұ Шығыс Қазақстан тұрғындары тілімен жақын келеді.

Оңтүстік өңірдегі тұрғындар тілін лингвистикалық география тұрғысынан зерттеп, аффрикат ұ-ның айты-

<sup>22</sup> Сауранбаев Н. Т. Жоғарыда аталған мақала, 47-б.

<sup>23</sup> Омарбеков С. Қазақ тілі говорларында ұ дыбысының қолданылуы жөнінде. — Кітапта: Қазақ тіл білімі мәселелері. Алматы, 1959, 103—116-б.

<sup>24</sup> Нұрмагамбетов Э. Қазақ тілі говорларының батыс тобы. Алматы, 1978, 77-б.

<sup>25</sup> Нақысбеков О. Қазақ тілінің ауыспалы говоры. Алматы, 1972, 34-б.

лу, айтылмауын картаға түсіргенде, бұл құбылыстың шығыстан бастап Жамбыл облысы территориясын камтып, Арысқа жақындаған барып үзілетіні анықталаған отыр. Бұл жағынан алғанда Ж. Досқараевтың пікірін қуаттай түседі.

Жетісу, Шу говорларына ортақ құбылыстың бірі — аффрикат жә дыбысының аталған жерлерде қолданылуы. Жасалу орны жағынан бұл дыбыстың аффрикат ң-дан айырмасы жоқ. Мұндағы айырмашылық ң қатаң болса, жә осы дауыссыздың ұяны варианты. Аффрикат жә дыбысы шұғыл Ә-дан соң іле айтылған спирант жә дыбысының қосындысынан пайда болған дауыссыз. Аффрикат жә тіл ұшының алвеолга нық тиуінен жасалған дыбыс болғандықтан акад. И. Кенесбаев дауыссыз дыбыстарды топтастырғанда, бұны шұғыл дыбыстар тобына қосады. Бұл дауыссыз дыбыс жайлы бұдан бұрынғы Ж. Досқараев, М. Нұсіпов мақалаларында және Шу бойы түрғындары тілі жайлы енбекте айтылғандықтан лингво-географиялық түрғыдан ғана тоқталамыз.

Бұл қосалқы дыбыс аталған говорларда сөздің барлық позициясында талғаусыз қолдана бермей, көбінесе, сөздің басында жиі кездеседі. Мысалы: жыл — жыл, жол — жол, җауын — жауын, җән — жан, җана — жана, т. б. Сондай-ақ бірлі-жарым реттерде сөз ортасында да қолданылады. Мысалы: олжа — олжа, құлжа — құлжа, Құнжан — Құнжан, т. б.

Аффрикат жә дыбысы қазақ тілі говорларында ертеден байқалып келе жатқан құбылыс. Өткен ғасырда қазақ тілінің грамматикасын жазған П. М. Мелиоранский Н. Ф. Катановтың зерттеулеріне сүйене отырып, Тарбағатай ауданындағы қазактардың тілінде аффрикат ң, жә дыбыстарының бар екендігін, 1894—98 жылы шықкан қазақ-қырғыз грамматикасының<sup>26</sup> бірінші бөлімінде ескерткен еді де, аффрикат жәні жеке таңбамен белгілеген болатын. Қазақстанның шығысындағы қазактар тілінде жә дыбысының қолданылатыны жөнінде В. В. Радлов<sup>27</sup>, Кошағаш қазақтарының тілінде айтыла-

<sup>26</sup> Мелиоранский П. М. Краткая грамматика казах-киргизского языка. Спб., 1894, ч. 1. Фонетика и этимология, с. 8.

<sup>27</sup> Радлов В. В. Образцы народной литературы тюркских племен, живущих в южной Сибири и Дзунгарской степи. Спб., 1870, ч. 3, с. 26.

тыны жайлы А. Н. Самойлович<sup>28</sup> көрсеткен болатын. Кейбір мәліметтерге қарағанда бұл қосалқы дауыссыз дыбысы Монголиядагы<sup>29</sup> қазақтар тілінде де қолданылады. Қазақ диалектологтарының зерттеулеріне қарағанда, бұл құбылыс Шығыс Қазақстаннан бастап Семей облыстары, Жетісу, Шу өңірлерінде кездеседі еken. Сонымен бірге республикамыздан шалғай жатқан қазақ тілінің батыс говорлар тобына енетін қарақалпақ қазақтары тілінде де бұл құбылыс байқалып, сондағы түрғындар тіліндегі басты ерекшеліктің бірі ретінде сана-лып жүр.

Соңғы жылдары жүргізілген лингво-географиялық зерттеулерге және картада түсірілген сөздерге қарағанда аффрикат *дж* дыбысы оңтүстік говорлар тобының Жетісу, Шу говорларына ортақ құбылыс еkenін анфартты. Сондай-ақ бұл дыбыстың қолданылатуы жағынан алғанда осы еki говорды қазақ тілінің шығыс говорлар тобымен жақыннатады.

### Ташкент говорының фонетикалық ерекшеліктері

Ташкент говорында оңтүстік говорларға тән ортақ қасиеттер де мол. Сонымен бірге бұл өңірді мекендейтін түрғындар тілінде ғана қолданылатын осы жерге ғана тән фонетикалық құбылыстар жоқ емес. Ол ерекшеліктерді осы жерді зерттеп, монография, мақала жазған ғалымдардың енбегінен айқын көреміз.

Ю. Абдувалиевтің «Қазақ тілінің Ташкент говорындағы фонетика-морфологиялық ерекшеліктер» атты кандидаттық дәреже алу үшін жазылған енбегі Ташкент облысындағы қазақтар тіліндегі дыбыстық әрі морфологиялық ерекшеліктерін сипаттауға арналған. Автордың зерттеуіне қарағанда осындағы қазақтардың этнотобы әр түрлі. Мұнда Ұлы жүзге кіретін қаңылы, шашышқылы, үйсін, сіргелі, жалайыр, дулат рулары. Орта жүзге жататын арғын, қыпшак, қонырат, найман рулары, және Кіші жүзге кіретін рабадан, т. б. рулар мекен

<sup>28</sup> Самойлович А. Н. Казахи Кошагачского аймака Ойратской автономной области. — В кн.: Казахи. Л., 1930, с. 322—324.

<sup>29</sup> Бухатын Базылхан. Монголияда тұратын қазақтардың тіліндегі кейбір ерекшеліктер. — Кітапта: Қазақ диалектологиясы. Алматы, 1965.

етеді. Көне кезден осылардың біразы отырықшы болса, қалғандары кейінгі кезде ғана қоныстанғанын баяндайды. Ю. Абдувалиев түрлі тарихи-экономикалық жағдай-ды ескерте келіп, сол тұрғындардың қоныстануының тарихи кезеңдеріне, олардың өзбектермен аралас немесе бөлек жеке ауыл болып отыруына, қазақ тіліндегі жергілікті баспасөздің болу-болмауына және қазақ балаларының ана тілінде оқу-оқымауына байланысты жергілікті тұрғындар тілінің лексикалық құрамы, дыбыстық жүйесі, грамматикалық тұлғалардың бір-бірінен аз да болса ерекшеленіп қолданылуына қарай, шартты түрде бұл сияқты өзгешеліктерді үшке бөліп қарайды.

Мұның бірінші тобына ертеден отырықшылық өмірге көшкен, балалары өзбек тілінде оқитын, қазақ тілінде аудандық баспасөзі болмаган Жаңажол, Калинин, Орджоникидзе, Орта Шыршық, Бөке, Ақкорған аудандарының бірсыныра елді пункттерінде және қалада тұратын қазақтар жатады. Екіншісіне Жоғары Шыршық, Төменгі Шыршық, Бостандық аудандары мен бірінші топтағы кейбір елді-мекендердегі балалары қазақ мектебінде оқитын өзбектермен аралас отырған қазақтар тілі кіреді. Үшінші топқа Жоғарғы Шыршық, Төменгі Шыршық, Бостандық тәрізді 1962 жылға дейін газеті болып келген, балалары қазақ мектебінде оқып келген қазақтар тілін жатқызады.

Бұдан басқа Ташкент қазактары тілі жайында 1968 ж. диалектологиялық атласқа байланысты Ш. Сарыбаевтың басқаруымен ұйымдастырылған экспедиция кезінде жиылған материал негізінде С. Омарбеков пен Н. Жұнисовтің мақаласы жазылды.

Осы материалдарға қарағанда Ташкент говорының қазақ тілінің басқа говорларынан гөрі өзіне тән дыбыстық ерекшеліктерін аңғаруға болады. Олар мыналар:

1. Басқа говорлармен және әдеби тілмен салыстырғанда Ташкент говорында әдеби тіліміздегі дауыстыларға қосымша, мұндағы кейбір аудандарда аздап *a* дауыстысының жуанданған (ɔ) варианты айтылады. Тіліміздегі (ұв, ұв, ій, ый тәрізді) төрт дифтонгоидқа қосымша анлаут позицияда *yo*, *yø*, *йә* (дифтонгоид) фонемалары кездеседі.

2. Дауыссыз дыбыстарда ж орнына аффрикат *dʒ* қол-

данылады, шо орнына палатальды шь (ацы→әші→әтші) фонемасының жұмсалуымен ерекшеленеді.

3. Әдеби тілде сөз басында қатаң к қолданылатын сөздерде, Ташкент говорында жүйелі түрде ұян г жұмсалады. Ю. Абдувалиев, С. Омарбеков еңбектерінде бұл құбылысты өзбек тілінің әсері деп таниды. Ю. Абдувалиевтің еңбегіне қарағанда ұян г-нің сөз басында ұшырауы, негізінен араб, иран тілдерінен (гүнә, гүмән, гүә, т. б.)<sup>30</sup> енген сөздерді қамтиды. Ал С. Омарбеков зерттеуде бұл құбылыс тек қана араб-иран сөздері емес, қазақтың төл сөзінде де (гәмпір — кемпір, ғәүле — кеүле, ғез — кез, ғөрім — көрім, ғәйіс — гәйіс, қөс — көс<sup>31</sup> кең тарағанын көрсетеді.

4. Енді бір осы говорға тән, өзбек тілімен жиі қарым-қатынастың нәтижесінде туған дыбыстық ерекшеліктің бірі — қысан е дауыстының орнына ашық ә дыбысының жұмсалуы. Бұл құбылыс та өзбек тіліне тән болып саналады. Мысалы, әдеби тіліміздегі кем, кесел, мәйлі, бекем, кептер, кесе, мектеп, мемлекет, т. б. е арқылы дыбысталатын сөздер Ташкент говорында кәм (өзбекше кам), қәсәл (өзб. касал), мәйлі (өзб. майли), мәқән (өзб. махкам), қәптәр (өзб. капитар), қәсә (өзб. коса), мәктәп (өзб. мактаб), мәмләкәт (өзб. мамлакат) ә дауыстысы арқылы айтылады.

5. Араб-иран тілдеріндегі ұян f-дан басталатын көптеген сөздер қазақ әдеби тілінде қатаң қ-мен айтылады. Зерттеліп отырған Ташкент говорында ұян f — арқылы айтылады. Бұлай қолдану өзбек тілінде араб тіліндегі сөздердің сол тілдің өзінде дыбысталғанындей, ұян f арқылы айтылуы қабылданды. Сондықтан бұл құбылысты да өзбек тілінің әсері деп тануға болады. Мысалы, ғаз (өзб. ғоз) — каз; ғайрат — (өзб. ғайрат) — қайрат; ғам (өзб. ғам) — қам; ғалбыр (өзб. ғалвир) — қалбыр; ғаріп (өзб. ғаріб) — қарып//кәріп; ғоза (өзб. ғуза) — қоза; ғұмай (өзб. ғумай) — құмай (шөп),<sup>32</sup> т. б.

6. Араб-иран тілдеріндегі аин-нан (f) басталатын сөздер Ташкент говорында және өзбек тілінде түсіп қа-

<sup>30</sup> Абдувалиев Ю. Фонетико-морфологические особенности Ташкентского говора казахского языка. Автореф. дис. ... канд. филол. наук. Алма-Ата, 1967, с. 9.

<sup>31</sup> Омарбеков С., Джунусов Н. Указ. соч., с. 49—51.

<sup>32</sup> Абдувалиев Ю. Жоғарыда аталған енбек, 10-б.

лып отырады. Мысалы, *алым* — ғалым, *ажайып* — ғажайып, *алам* — ғалам, *әдет-ұрып* — әдет-ғұрып. Кейде сөз ортасында *ғ*-ның түсіп қалу салдарынан созылыңқы дауыстылар пайда болады. Мысалы, *қанәэт* — қанағат, *жәмәэт* — жамағат, *шәпәэт* — шапағат, т. б.

7. Сөз басында араб-иран тілдерінде *h* қолданылатын сөздер қазақ әдеби тілінде басқа дауыссыздармен айтылса, Ташкент говорында ол түсіп қалып отырады. Мысалы, *әсірет* (*насрат*) — қасірет, *әжі* (*нажі*) — қажы, *әжет* (*нажат*) — қажет, т. б. Сөз ортасында *h* дыбысының түсуінен созылыңқы дауыстылар пайда болады. Мысалы, *шәэр* — шаһар, *сәэр* (*саһар*) — сәресі, *мәсләэт* (*маслаһат*) — маслихат.

8. Қазақ тілінің оңтүстік говорлар тобына кіретін кейбір ортақ құбылыстар бар. Ол мұрын жолды ң орнына *h* дауыссызының жұмсалуы. Мысалы, *ертен* — ертең, *өлен* — өлең, *қалын* — қалың. Сондай-ақ бұл құбылыс жіктік жалғауының екінші жағында да айтылады. *Келесің*, *барасың*, *студентсің* тәрізді әдеби тілде ң арқылы айтылатын сөздер бұл говорда *h* арқылы *келесін*, *барасын*, *студентсін* болып айтылады. С. Омарбековтың зерттеулеріне қарағанда бұл құбылыс бұдан басқа *қайын* (*өзб. қайин*) — қайын, *қалын* (*өзб. қалин*) — қалың, *терен* (*өзб. теран*) — терен сөздерін де қамтиды.

9. Енді бір құбылыс *c*, *sh*, дауыссызының алмасуына байланысты. Бұл дыбыстардың алмасуы қайсыбір говорларда да кездесіп отырғанымен ондағы қамтитын сөздері өзгеше болып келеді.

Ташкент говорында басқа говорларда да айтылатын, ерекшеленіп *c* орнына *sh* қолданылатын сөздер болғанымен, бұл өнірде басқа говорларда айтыла бермейтін сөздер ұшырайды. Картага түсуге керекті мына сөздер: *машқара* (маскара), *мышиқ* (мысық), *ешек* (есек), *картәміш* (қартамыс), *қоштау* (қостау), *текшиеру* (тексеру), *ұқшau* (ұқсau), *шүйінши* (сүйінші), *шорпа* (сорпа), *шамол* (самал), *пешақа* (бесақа), *пейшенбі* (бейсенбі) *sh* дауыссызы арқылы айтылады.

10. Ташкент говорында да жуан дауысты *a* дыбысының жіңішкегіп *ə* болып айтылуы басым. Мысалы: *әре* — ара, *тәрап* — тарап, *қатті* — қатты, *әтіреп* — атырап, *паре* — пара, *пәте* — бата, т. б.

11. Еріндік *n*, *b* және *m* дауыссыздарының жұмсалуына байланысты біраз айырмашылықтар бар.

Олар сөз басында үяң *b* орнына қатаң *n*-ның қолданылуы: (*pata* — бата, *pәйге* — бәйге, *pіту* — біту, *pәтे* — бата, *pүтін* — бүтін, *pұқара* — бұқара); *m* орнына *b* жұмсалып басқа говорларда ерекшелік болып саналмайтын сөздердің кездесуі (*байрам* — мейрам, *небере* — немере, *бықын* — мықын); *n* орнына *у*-дың жұмсалуы (*тауған* — тапқан, *қауады* — қабады, *кеуген* — кепкен, *шайдым* — шаптым) сияқтылар. Бұл құбылыстар да өзбек тілінің әсерінен туғандығын аңғартады.

### Қызылорда говорының фонетикалық ерекшеліктері

Арнайы монографиялық түрғыдан зерттелген Сыр өнірі оңтүстік пен батыс диалектісінің түйіскен жерінде жатқандығы баршамызға мәлім. Сыр бойының төменгі ағысындағы Арал маңын, орта және жоғарғы ағысында мекен еткен елді пункттер ғылыми түрғыдан зерттеліп, ондағы барлық ерекшеліктер баяндаған-ды. Бұдан кейін де атлас жасауға байланысты арасына картография талабына сай қашықтықпен толтырылған материалдарға қарағанда, Қызылорда говоры өтпелі, ауыспалы түрде екені анықталып отыр. Ондай ауыспалылық, үлкен екі массивке тән диалектілік ерекшеліктерді бойына сіңірушілік аталған говорда айқын байқалады. Сондықтан да дыбыстық жағынан қатар қолданушылық, жарыса айтылушылық бұл өнірде жи үшірайды.

Қызылорда говорындағы фонетикалық ерекшеліктің бірі — *n/b* дыбыстарының қолданылуында ауытқушылықтың байқалуы. Атап айтқанда, осы говордың шығыс жағында қатаң *n*-дан басталатын сөздің мол болып, батысқа қарай жүрген сайын әлсіреп, үяң *b*-дан басталуының басымдылығы<sup>33</sup>.

Батыс говорына тән құбылыс болып саналатын, бірақ Қызылорда говорында айтылып, оңтүстіктің басқа жерінде кездеспейтін, бұл говорды ерекшелеп тұратын ә дыбысының с-мен алмасуы.

Бұл ерекшелік барлық жағдайда айтылмайды. Жік-

<sup>33</sup> Бектұров Ш. Қызылординский говор казахского языка. Автограф. дис. ... канд. филол. наук. Алма-Ата, 1968, с. 9.

теу есімдігі мен өздік есімдігінің және тәуелдік жалғауының көпше түрінің бірінші жағындағы з дыбысының орнына с қолданылады. Мысалы, *барамыс* — барамыз, *табамыс* — табамыз, *біс* — біз, *өзіңіс* — өзіңіз.

Қызылорда говорына тән фонетикалық өзгешеліктің бірі — әдеби тілдегі сөздің басқы буынындағы о-ның орнына қысаң ұ дауыстысының жұмсалуы. Мысалы: *дұмалау* — домалау, *құлдану* — қолдану, *құрттыңды* — қортыңды, *сұрақы* — сорақы, т. б. Бұл құбылыс та, негізінен, батыс говорлар тобына тән болып саналады.

Сондай-ақ сирек те болса, онтүстік говорлар тобына өткен батысқа тән дыбыстық өзгешеліктердің ішінен қысаң ы орнына ашық дауысты а дыбысының (*құдағай* — қудағи, *жабаға* — жабағы) б орнына у-дың (*кеуіш* — кебіс) қолданылуы кездеседі.

Қатаң тарқылы айтылатын сөздер Қызылорда говорында ұяң д-мен басталады. Мысалы, *деңіз* (төңіз), *дізгін* (тізгін), *дұзу* (тұзу), *дөңірек* (төнірек), *дұздау* (тұздау) сияқты сөздер. Бұл құбылыс Сыр, Тереңөзек, Қармақшыдан батысқа қарай жүрген сайын жиілей түседі.

Бұл айтылғандардан Қызылорда говорын ерекшелеп, онтүстік говорлар тобынан айырып, бөліп тұратын басты құбылыстардың дені батыс говорлар тобымен ұштасып, солардың әсер етуінен, сөйтіп барып көбірек жұмсалуынан туып отырған ерекшеліктер.

### Шымкент говорының фонетикалық ерекшеліктері

Шымкент өнірі — тіл ерекшелігін алғаш зерттегеннен бастап, күні бүгінге дейін үзбей зерттеліп, материал жиылып келе жатқан жердің бірі. Бұл жөнінде Арыс говорының лексикалық, фонетикалық ерекшеліктері де-ген атпен карт ғалымымыз Ж. Досқараев мақалалар жазды. Онтүстік диалектісі жайлы мәселе қозғағанда проф. С. Аманжоловтың да назарынан тыс қалған емес. Бұдан кейін де аталған алқапқа диалектологиялық экспедициялар ұйымдастырылып, атласқа байланысты сұраулар толтырып, карталар жасалды. Осы еңбектер негізінде Шымкент тұрғындарының өзіне тән немесе басқа говорлармен ортақ фонетикалық құбылыстарын аңғаруға болады. Мұндағы дыбыстық жағынан кездесетін біраз ерекшеліктер онтүстік облыстарға тән болып келеді.

ді де, біразы Ташкент говорларымен ортақ болып келеді. Ортақ қасиеттері өз алдына сөз болатындықтан, Шымкент говорын басқа говорлардан бөледі-ау деген кейір ерекшеліктерге тоқталайық.

Осы өнірді көп зерттеген Ж. Досқараевтың еңбектеріне қарағанда, Шымкент маңындағы фонетикалық өзгешелік деп ашық дауысты, жуан *a*-ның қолданылуына байланысты ерекшелік.

Шымкент өнірінде әдеби тілімізде айтылатын езулік *a* дауыстысы еріндік дыбысқа бейімделіп, естілуі жағынан *o* мен *a* дыбыстарының аралығында айтылады<sup>34</sup>.

Сондай-ақ тіліміздегі *o*, *e*, *e* дыбыстары дифтонг түрінде айтылып, олардың құрамында басқа бір дыбыстың элементі барлығы байқалады. Мысалы, *йер* — *ер*, *уот* — *от*, *уоңлы* — *онды*, *уәнім* — *әнім*, *уәгіз* — *әгіз*.

Бұл өнірде басқа говорларға қарағанда әдеби тілдегі жуан айтылатын сөздер жінішке айтылады. Мысалы, *өтөн* — отан, *қәнеттени* — қанағаттану, *қайтеді* — қайтеді, *сұлі* — сұлы, *әчі* — ашы, *әсілі* — асылы, *әбіржу* — абыржу, *жәутеңдеу* — жаутаңдау, *қаңқиу* — қаңқиу. Шымкент говорында жінішке айтуға бейімділік байқалады. Осы іспеттес жінішке айтылу қасиеті жағынан Шымкент говорының Ташкент говорымен ұқсастығы көбірек.

Әдеби тіліміздегі сөз соңында жартылай дауысты *у* айтылатын біраз сөздерде Шымкент говорында қатаң қолданылады. Мысалы, *асық* (*асу*), *сылақ* (*сылау*), *бояқ* (*бояу*), *сыбақ* (*сыбау*), *жамақ* (*жамау*), *ұрық* (*ұру*), *түзік* (*тұзу*), т. б.

Басқа говорларда тіл арты, тіл ортасы *қ*, *F*, *к*, *g* дыбыстары сақталып айтылмайтын біраз сөздердің болуымен ерекшеленеді. Мысалы: *күні бойғы* (*бойы*), *бігіз* (*біз*), *егер* (*ер*) тәрізді сөздерде *г*-ның сақталуы басқа говорларда кездеспейді.

Әдеби тілмен және онтүстіктің басқа говорларымен салыстырғанда, бұл говорда сөз басында *б* айтылатын жерде қатаң *p*-ның көбірек жұмсалып, басқа говорда айтылмайтын сөздің молырақ болуы көзге көрінеді. Мысалы, *пал* (*бал*), *пұқа* (*бұқа*), *піштіру* (*біштіру*), *пуктеу* (*бүктеу*), *пейнет* (*бейнет*), т. б.

<sup>34</sup> Досқараев Ж., Мұсабаев F. Қазак тілінің жергілікті ерекшеліктері. Алматы, 1951, 13-б.

*c*, *ш* дауыссыздарының алмасуы да құбылыс ретінде барлық говорларда кездескенімен, бұл говорда басқа говорларда айтылмайтын сөздің үшырауы. Мысалы, *шәме* (сама), *шондай* (сондай), *шабаз* (сабаз), *қыш кірпіш* (қыс кірпіш), *оқымыш* (оқымыс), *шорна* (сорпа), т. б.

Шымкент говоры дыбыстық жағынан Ташкент говорына жақын. Көп жағдайда бұларға тән үқсас материалдар жиі үшырап отырады.

### Шу говорының фонетикалық ерекшеліктері

Шу говорының көптеген фонетикалық құбылыстары онтүстік өнірлерде де кездесіп, ортақ қасиеттері мол болумен катар өзінде ғана үшырайтын, ерекшеленіп келетін өзгешеліктер жоқ емес. Онтүстікке тән дыбыстық өзгешеліктің бірі — әдеби тілдегі біраз сөздердің жіңішкегіріп айтылуы болса, бұл да Шу бойы түрғындары тілінде үшырап жатады.

Осының керісінше, әдеби тілімізде және басқа говорларда жіңішке айтылатын біраз сөздер Шу говорында жуан айтылып, ерекшеленіп отырады. Мысалға *жардам* (жәрдем), *талайлы* (тәлейлі), *абдан* (әбден), *айбат* (әйбет), *айал* (әйел), *қары* (кәрі) сияқты сөздерді келтіруге болады. Бұл құбылысты көрші қырғыз тілінің әсерінен туған деп айтуға болады. Өйткені қырғыз тілінде жоғарыда келтірілген сөздер (абдан, айбат, жардам, талайлы<sup>35</sup> болып) жуан дауыстымен қолданылады.

Сөздің соңғы буындарында айтылатын қысан *е* орнына ашық *a* дауыстысының жұмсалуы байқалады. Мысалы: *бекар* — бекер (мені bekарға күйдіресің); *дәража* — дәреже (оның дәражасы менен артық па?); *шидан* — шиден (тоқыған шидан сурыпп алды); *атпан* — атпен (жерді атпан, түйеман жыртыпты); *айламан* — айламен (айламан қолға түсіріпті). Мұндай құбылыстар да өзбек, қырғыз тілінің кейбір говорларына тән болып саналады.

Басқа говорларда еріндік ү-ның езулік *ы-фа* қанда, бір-екі сөз төнірегінде ғана кездессе, Шу

<sup>35</sup> Юдахин К. К. Киргизско-русский словарь. М., 1946., 156, 164, 478.

КАЗАКСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ АКАДЕМИЯСЫ	Мас-	22	760
УЛТЫҚ АКАДЕМИЯСЫ	20,		
	33		

ында бұл құбылысқа байланысты мысалдарды көп-теп келтіруге болады. Мысалы: *тыман* — тұман, *тынық* — тұнық, *қылғұна* — құлғана, *былақ* — бұлак, *мыздай* — мұздау, *бызау* — бұзау, *мақыл* — макұл, *сырау* — сұрау, *тымар* — тұмар, *ыйат* — ұят, *қырсау* — құрсау, *ыстай* — ұстай, *тыну* — тұну, *ыrlау* — ұрлау, *Байызак* — Байұзак, *чыбарағаш* — шұбарағаш, *Майбылақ* — Майбұлақ, *Құдайғыл* — құдайғұл.

Сондай-ақ ү-нің *i*-ге ауысуы да бұл говорға тән құбылыс. Мысалы, *дәстір* — дәстүр, *чіберек* — шүберек, *інде-*ме — үндеме, *ін-тін* — үн-тұн.

Жуан дауысты ы-ның жінішке *i*-ге ауысып айтылуы ұшырайды.

Мысалы, *чіркөбелек* — шыркөбелек, *цирші* — сирышы, *чібіш* — шыбыш, *місәлі* — мысалы, *міскершілік* — мыскершілік, *зіндән* — зындан, *ізә* — ыза, Чімкент — Шымкент, *чіләүжін* — шылаужын, *мінейір* — мына жер.

Зерттеліп отырған говорда дифтонг *i* (ый, ій) қолданылатын кейбір сөздердегі *i* түсіп қалып, *ы*, *i* арқылы айтылады. Мысалы: *мырас* — мирас, *пығыл* — пиғыл, *қымыл* — қимыл, *підә* — пида, *ішәрәт* — ишарат.

Әдеби тіліміздегі қатаң *n* дауыссызы қолданылатын бірқатар сөздерде Шу говорында ұян әйтіледі. Мысалы, *байда* — пайда, *бықыл* — пиғыл, *біл* — піл, *бісу* — пісу, *бікір* — пікір, *берзент* — перзент, *беріште* — періште, *бісте* — пісте.

Шу говорындағы әдеби тілден өзгешеленіп айтылатын жоғарыда көрсетілген сөздер қырғыз тілімен ұқсас болып жатады. Бұл сөздер қазіргі қырғыз тілінде *байда*, *біл*, *бікір*, *берзент*, *беріште* болып, ұян әйтіледі. Сөйтіп, бұл сөздердің қырғыз тілімен бірдей келіп, қырғызбен шектес қазақ аудандарында жиі ұшырайтындықтан, бұл құбылысты да көрші қырғыз тілінің әсерінен туды деп айтуға толық негіз бар.

Шу говорына тән дыбыстық өзгешеліктің бірі — ұян б дауыссызының үнді *m*-дыбысымен алмасуы. Бірқатар сөздерде *Күлмарышын* — Гүлбаршын, *кементай* — кебентай, *тоңмұзар* — тоқбұзар, *ымырат* — ғибрат, *нәйміт* — нейбет, *мейнет* — бейнет, *мекем* — бекем (белді мекем буды), *молжал* — болжал, *мамази* — бұмази, *құрман* — құрбан болып әдеби тілден өзгешеленіп айтылады. Бұндай әдеби тілден ауытқушылық та қырғыз тілінің ықпа-

лынан, әсерінен туып отырған құбылыстар. Жоғарыда келтірілген сөздер қырғыз тілінде құрман, мейнет//мәннет, мекем, момосуй, нойумұт, кементай<sup>36</sup> түрінде мұрын жолды м дыбысының қолданылуымен айтылады. Қырғыз тілінің маманы проф. И. А. Батманов<sup>37</sup> бұл тілдің фонетикалық құбылыстарын зерттей келіп, б-ның м-ге ауысуын региссивтік ассимиляция заны бойынша кейінгі буындағы мұрын жолды дауыссыздардың өзінен бұрынғы келген еріндік б-ға тигізген ықпалынан (Мысалы: мұнт — бұнт, маңке — банк) деп қарайды. Келтірілген мысалдағы бірсызыра (кементай, нәйміт, құрман, мейнет, мекем тәрізді) сөздердегі өзгерістерді осы регрессив занының әсерінен туған ба деп қарауға болатын сияқты.

Әдеби тілдегі ұяң ғ айтылатын кейбір сөздерде қатаң к-нің қолданылуы Шу говорында едәуір байқалатын сияқты. Мысалы: күл — гүл. Тұн жарығы күндей болмас, жапырақ чөп күлдей болмас. Надан болса жолдасың, күл мейіріміңді мұз қылар. Мал адамның түрі болар, перзент қызыл күлі болар. Үкіттеу — үгіттеу. Ол бізді үкіттең жатыр. А қылқөй — ақылгөй. Чал қой баққаны болмаса, а қылқөй адам. Ілкері-кейінді — ілгері-кейінді. Айыл жуаны ілкөрі-кейінді сеүіп жатады. Мекдеу — мегдеу, т. б.

### Тәжік говорының фонетикалық ерекшеліктері

Тәжік қазақтары тіл ерекшеліктерін жинау үшін үш рет үйымдастырылған диалектологиялық экспедициялардың материалына қарағанда мұндағы дыбыстық ерекшеліктердің дені де онтүстік говорлар тобымен үштасып жатады. Аталған өнірдегі фонетикалық айырмашылықтар өзбек қазақтары тілімен жақын екенін анғартады. Тәжік қазақтары тілінде ұшырайтын осындай кейбір дыбыстық құбылыстар жайында мақала<sup>38</sup> да жарық көрді. Осы жылған деректерге қарағанда, тәжік қазақ-

<sup>36</sup> Юдахин К. К. Киргизско-русский словарь. М., 1965, с. 522, 531, 550, 540, 371.

<sup>37</sup> Батманов И. А. Фонетическая система современного киргизского языка. Фрунзе, 1946, с. 87.

<sup>38</sup> Сагындықова Ф. Тәжікстанда тұратын қазақтардың тілі жөнінде.— Қазақ ССР Фылым академиясының Хабарлары. Тіл, әдебиет сериясы, 1979, № 2.

тары тілінде жиі ұшырайтын мынандай ерекшеліктерді бөліп айтуда болады.

Бұл говорға тән басты дыбыстық құбылыстың бірі — көвшілік қазақ говорларындағы ұян б орнына қатаң *n*-ның жиі қолданылатындығы. Оңтүстік говорлар тобында бұл құбылыс бар болғанымен, тәжік қазақтары тілінде өте жиірек. Мысалы: *полат* (болат), *пол* (бол), *пүтіл* (бүкіл), *пүтүн* (бүтін), *пүке* (буге), *пешпент* (бешпет), *палуан* (булуан), *пітірді* (бітірді), *песін* (бесін), *пайлау* (байлау), *пешене* (бешене), т. б. сөздер. Қазақ тілінің басқа жерлерінде ұян б-мен айтылып, оның орнына оңтүстікте қатаң *n*-ның қолданылуын аралас отырған өзбек халқының әсері деп айтуда әбден мүмкіндік бар. Өйткені осы келтірілген мысалдардың көбі өзбек тілінде қатаң *n*-дан басталады.

Ендігі бір көзге ілінетін дыбыстық құбылыстың бірі— *с мен ш дауыссыздарының алмасуы*. Қазақ әдеби тілінде және қазақ тілінің көптеген жерлерінде *с қолданылатын сөздерде тәжік қазақтарында ш айтылады*. Мысалы: *шамал* (самал), *шамиян* (самиян), *шор жер* (сор жер), *шорпа* (сорпа), *шаты* (саты), *қыш* (қыс), *шерт* (серт), *шерік* (серік), *ашпаз* (аспаз), *иш* (іс), *піш* (піс), *тышқары* (тысқары). Бұл құбылыс та көрші өзбек тілінің әсерінен болып отыр. Өзбек тілінде келтірілген мысалдардың көбінде *ш қолданылады*.

*к, қ мен г, ғ дауыссыздарының алмасуы* да тәжік қазақтары тіліне тән құбылыстың бірінен саналады. Қазақ тілінің басқа говорларында *к, қ қолданылатын біраз сөздерде бұл өнірде ұян ғ, ғ дауыссыздары жұмсалады*. Мысалы: *гоза* (қоза), *ғұмай* (құмай), *ғыжым* (қыжым), *гедей* (кедей), *гілем* (кілем), *ғұнәкәр* (құнәкер), *ғұлдіру* (кулдіру). Мұндай сөз басында ұяндан айтылатын сөздер саны молдан кездеседі. Бұл құбылысты да өзбек тілінің әсері деп қарауда болады.

Сөз басында кейбір дауыссыздың қосылып айтылуы да бұл говорға тән құбылыс екенін анфартады. Қазақ тілінің басқа говорларында дауысты дыбыстан басталатын *әуіз*, *асар*, *әр*, т. б. сөздерге тәжік қазақтары тілінде *h қосылып* (һәуіз, һәшәр//һашар, һәр), болып айтылады.

Тары да бір көніл аудараптық құбылыстың бірі *ә (а) мен е дауыстыларының алмасуы*. Әдеби тілде және қазақ тілінің басқа говорларында *е қолданылатын жерде*

тәжік қазақтары тілінде *ә* дауыстысы жұмсалады. Мысалы: *әсәл* (әсел), *дәреу* (дереу), *куләә-куләә* (куле-куле), *бір мәртә* (бір мәрте), *кәу-кәулен* (кеу-кеулеп). Ал кейбір сөздерде *е* орнына *а* дауыстысы айтылады. Мысалы: *кәсал* (кесел), *дерәу* (дереу), *тиірман* (диірмен), *дұниа* (дүние), *мәкам* (бекем), *бекар* (бекер), *гүнәкар* (күнекер), *жұннан* (жұннен). Тәжік қазақтары тіліндегі қысан<sup>1</sup> *е* орнына ашық *а*, *ә* дауыстыларының жұмсалуы да өзбек тілінің материалдарымен сай келіп жатады.

### Жетісу говорының фонетикалық ерекшеліктері

Жетісу говорының дыбыстық ерекшеліктері жағынан онтүстік говорлар тобына ортақ барлық құбылыстардың болуымен қатар, осы өнірдегі кейбір ерекшеліктер жөнінен шығыс говорлар тобымен ұқсас болып келуімен сипатталады. Бұл говор шығыс пен онтүстік говорлар тобының түйіскен жерінде болғандықтан кейбір құбылыстардың қатар қолданылуымен ерекшеленеді.

Жетісу говорында бұрын-сонды жазылып жүрген еңбектерде айтылғандай аффрикат дыбыстардың ұшырауы. Аффрикат *ч*, *ж* дыбыстары осы өнірдің Жетісу, Шу говорларына ортақ құбылыс болып саналады. Ал осы өзгешеліктер қазақ тілінің шығыс говорлар тобына да тән. Бұл дыбыстар негізінен сөздің бас позициясында (*чым* — шым, *чал* — шал, *жақсы* — жақсы, *жыл* — жыл) айтылады. Ал кейде сөздің ортасында да кездеседі.

Енді бір байқалатын ерекшелік онтүстік өнірге тән деген ерекшеліктердің Жетісу говорында екі вариантың қатар қолданылуында. Онтүстік өнірге жуан *а* дыбысының жіңішке *ә*-ге алмасып айтылуы басым деп айтсақ та басқа говорларға қарағанда Жетісу говорында әрі жуан, әрі жіңішке айтылып парелель қолданылуы байқалады. Мысалы: *абдыра//әбдіре*, *айбат//әйбет*, *кәзір//қазір*, *уәйім//уайым* т. б.

Ү, ү дауыстыларының қысан *ы*, *і* дыбыстарына алмасуы бар. Бұндай ерекшеліктер Шу говорында да кездеседі. Бірақ онда бұл алмасу едәуір сөздерді қамтиды. Жетісу говорында әдеби тілдегі *үнемі*, *ешір*, *ештеме* орнына *інемі*, *ішір*, *іштеме*; *құрсау*, *мұнша* сөздерінің орнына *қырсау*, *мынша* болып қысан дауыстымен айтылу байқалады.

Ұяң б орнына қатаң *p* дыбысының қолданылуы да бұл өнірге тән күбылыс. Ондай алмасулар сөз басында да (*палуан* — балуан, *пытырау* — бытырау, *пітіру* — бітіру, *поразда* — боразда) сөз ортасында да (*шүперек* — шүберек, *tapa* — таба) кездеседі.

Әдеби тілде с қолданылатын біраз сөздерде бұл өнірде *ш* даудысызы қолданылады. Мысалы: *тұрмыши* — тұрмыс, *алпыши* — алпыс, *беш* — бес, *окымыш* — оқымыс, *айырбаш* — айырбас, *текшеру* — тексеру.

Сондай-ақ әдеби тілде ж қолданылатын *жүзу*, *жүзік*, *жүз* сияқты сөздер жетісіу говорында *đ* арқылы *дүзу*, *дүзік*, *дүз* болып айтылады.

## *Екінші тарау*

### **ГРАММАТИКАЛЫҚ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ**

#### **Оңтүстік говорлар тобына тән грамматикалық ерекшеліктер**

Оңтүстік говорлар тобында сан алуан лексикалық, фонетикалық ерекшеліктермен қатар біраз грамматикалық өзгешеліктер ұшырайды. Мұндай құбылыстарды сұрыптаң қарағанда, олардың біразы морфологиялық өзгешеліктер болса, біразы синтаксистік құбылыстар. Әсіресе молырак ұшырап, жирик айтылатыны морфология саласына қатысты. Ондай ерекшеліктердің біразы етістіктер мен есім сөздердің жүргіктарының қолданылуына байланысты болса, біразы көптік, септік тәуелдік жалғаулардың қолданылуында кездесетін құбылыстар.

Қазақстанның оңтүстік өңірінде кездесетін бұл өзгешеліктердің кейбіреуі осы жерлерде — Қызылорда, Шымкент, Алматы, Жамбыл, Талдықорған және Та什кент облыстарының территориясының бәріне бірдей тараған, басын біріктіретін құбылыс бар да, осы облыстардың екі-үшеуін немесе бір-екеуін қамтып, басқа жерлерде кездеспейтін ерекшеліктер де ұшырайды. Әрине мұндай біркелкі тарагалып, барлық жоғарыда аталған облыстардағы тұрғындар тілінде жүйелі тұрде кездеспеу себебі белгілі тарихи жағдайларға, ондағы тұрғындардың этникалық құрамының әр түрлі болып келуіне және басқа көрші түркі тілдес немесе басқа тілде сөйлейтін халықтармен жасалған қарым-қатынасына байланысты болса керек.

Оңтүстік атыраптағы тұрғындар тілін Қазақстанның батыс, орталық-солтүстік және шығыс облыстардағы тұрғындар тілінен грамматикалық тұрғыдан ажыратып, ерекшелендіріп тұратын құбылыс ретінде бүйрек райдың

екінші жақ жекеше түрінің тұлғасы *-ғын* қосымшасы, қалау райының бірінші жақ көпше түрі *-лы* және көмектес септік жалғауының көрсеткіші *-ман* (*-бан*, *-пан*, *-мынан*, *пынан*, *-банан*) сияқтыларды айтуға болады. Бұл аталған құбылыстар Қазақстанның орталық-солтустік облыстарында қолданыла бермейді, тек батыс говорлар тобының кейбіреуінде ұшырайды. Бұл жайында төменде арнайы тоқталамыз.

Сондай-ақ батыс говорлар тобына ғана тән бүйрек райдың екінші жақ көпше түрінің *-ың*, *-иң* (барың, келің) қосымшасы арқылы берілуі Қазақстанның оңтүстік өңірінде кездеспесе, Шығыс Қазақстан, Павлодар облыстарында ұшырайтын *шейін* шылауының *шекейін*, *шекті* болып келуі батыс немесе оңтүстік өңірлерде кездеспейтін, сол жерлерге тән құбылыс болып саналады.

Біз осы аталған грамматикалық құбылыстардың кейбіреуіне жеке-жеке тоқталып өтейік.

Оңтүстік атыраптағы тұрғындар тілінде ерекше көзге түсsetін морфологиялық элемент *-лы* -*лі* жүрнағы. Бұл қолданылу жиілігі жағынан да, таралу шегі жөнінен де басқа құбылыстармен салыстырғанда айрықша кеңірек тараған, ерекше көңіл бөлуге болатын, назар аударатын құбылыс.

Оңтүстік облыстардағы тұрғындар тілін зерттеуге әр кезде ұйымдастырылған диалектологиялық экспедицияға қатысқан тіл мамандары қалау, тілек мағынасын білдіретін *лы*, *-лі* қосымшасының осы өңірге тән ерекшелік екеніне көңіл бөлген болатын. Бұл жайында И. Кенесбаев, С. Аманжолов, Н. Сауранбаев, Т. Досқараев, Ш. Сарыбаев, Ж. Болатов, Э. Құрышжанов, О. Нақысбеков, Ф. Қалиев т. б. осы алқаптағы тұрғындар тілі жайлы материал жиып мақала, енбек жазған ғалымдарымыздың енбектерінде айтылған. Аталған құбылыс туралы жоғарыда келтірілген тіл мамандарының енбектерінде бірінде арнайы сөз болса, екіншісінде жеке тоқталмағанмен, осы ерекшеліктің оңтүстік өңірге сипатты құбылыс екенин дәлелдей түсsetін мол деректер келтірілген.

*-лы*, *-лі* тұлғалы қосымша жалғанғанда қалау, тілек мағынасында жұмсалады. Бұл формант дауыссыз дыбыска біткен сөздерден соң қосылғанда, көсемшениң *a*, *e* жүрнактарын қабылдап, жуан дауыстылардан соң *-лы*, *-алы*, жінішке дауыстылардан кейін *-лі*, *-елі* болып ай-

тылады. Етістікке -лы қосымшасы жалғанғанда қалау, тілек ретінде болатын іс-әрекетке тыңдаушымен бірге сөйлеушінің де тікелей қатысы барлығын білдіреді. Мысалы: *Сіздерге салем беріп қайталы деп келдік. Шу асауды ұсталы деп жігіттерді ертіп келдік* (Шу бойы түрғындарынан жиналған материалдардан). *Ол жұмысқа күн де уақтылы келеді* (Шымкент облысының материалынан). *Жүр баралы, оны тауып алып жолықтырымасақ болмас. Барсақ баралы!* — дедім (Алматы облысының материалдарынан).

-лы жүрнақты етістіктер жіктік жалғауының бірінші жақ көпше түрінде айтылады. Мысалы: *әңгіме айта отыраалы. Кейінгі балаларға лайықты үлгілі сөз тасаталы.*

Бұл қосымша жалғанған етістік қалау, тілек, өтініш ретінде айтылып, істің дәл қазір емес, келешекте, алдағы уақытта орындалатының білдіреді. Сондықтан да -лы жүрнақты етістік келер шақта тұрады. Мысалы: *Сайлаалы ерді әділ сотқа, Бұрмай заңды ұстайтуғын... Осы бастан ойламай, өкініп кейін қалмалы...* (Жақсыбай Жантөбетов).

-лы қосымшасы етістіктің болымды және болымсыз түріне де қосылып айтылады. Бұл жүрнақ болымсыз -ма, -ме-лерден соң жалғанғанда дауыссыз (-лы, -лі) дыбыстың басталады. Мысалы: *Көп сөйлем сөз қадірін кетірмелі.*

Біз жоғарыда -лы, -лі қосымшасының Қазақстанның онтүстік атырабында жиірек айтылып, көбірек қолданылатыны жайында сөз еттік. Енді бұл құбылыс тек Қазақстанның онтүстік өніріне ғана тән бе, әлде басқа да аудан, облыстарда ұшырай ма деген занды сұрақ өзінен-өзі туады.

Бұрын-соңды жиылған әрі монографиялық түрғыдан зерттелген еңбектерге қарағанда, қалау райын білдіретін -лы жүрнағы солтүстік-орталық облыстарда ұшырамай, батыс облыстардағы түрғындарда, Кіші жүз қазақтары тілінде кездесетіні анықталды. Батыс говорлар тобына кіретін Маңқыстау түрғындары тілінде алғаш рет монографиялық зерттеу жүргізіп, мақалалар жазған С. Омарбековтың еңбегінде -лы құбылысы Маңқыстау түрғындары тілінде, жүйелі түрде жиірек ұшырайды

екен<sup>1</sup>. Оны автордың еңбегінде келтірілген: *Ертең тағы жолығалы. Бүгінгі әңгімені осымен тұаралы. Екеуміз әңгімелеселі* сияқты мысалдардан аңғаруға болады.

-лы қосымшасының қалау, тілек мағынасында айтылып, жергілікті халық тілінде белгілі құбылыс ретінде айтылатының казак диалектологиясы жайлы оқулық жазған F. Калиев пен Ш. Сарыбаевтың, Орда говорын зерттеген Ә. Бөрібаевтың (жұмысты жоғары сатыға *көтерелі*, жаңа жылда бұдан да зор табыстарға *жетелі*), Түрікменстан қазақтары тілін зерттеп, монографиялық еңбек жазған Ә. Нұрмағамбетовтың (ол бүгін қалаға *бармалы*), Қарақалпақстандағы қазақтар тілін зерттеген Н. Жұнісовтің (сенің жұмысың осында, кейін *сойлеселі*. Біздер орындарымызға *отыралы*) еңбектерінен кездестіреміз. Сондай-ақ бұл құбылыс батыс говорлар тобы мен онтүстік говорлар тобының арасында жатқан аралық, ауыспалы говор сипатына жататын Қызылорда говорын зерттеген Ш. Бектұровтың жұмысында да -лы қосымшасы елеулі құбылыс болып саналады.

Осы жоғарыда аталған еңбектерге қарағанда, -лы жұрнағы онтүстік облыстардағы тұрғындар мен батыс облыстардағы тұрғындар тіліне тән құбылыс болып шығады. Бұл құбылыс тұрғысынан алғанда, онтүстік пен батыс говорлар тобы ұқсас болып келеді де, орталық-солтүстік, шығыс говорлар тобынан ерекшеленіп, бөлінеді.

Казақ тілінің онтүстік және батыс говорлар тобында -лы қосымшасының жиірек айтылып, орталық -солтүстік облыстардағы тұрғындар тілінде кездеспеу себебі не? — деген занды сұрап туады. Сірә, мұндай құбылыстың аталған өнірде ұшырауы көршілес түркі тілдес халықтарда да жиі қолданылуынан да болуы керек. Олай дейтін себебіміз онтүстік өнірдегі тұрғындармен көрши түркі тілдерінде бұл құбылыстың жүйелі түрде қолданылып, сол тілдерге тән қасиет екенін аңғартады. Енді біз осы тілдердің қайсысында және кандай говорларында ұшырайтыны жайлы тоқталайық.

Етістіктің -лы тұлғалы қосымшасы үйғыр тілінде

<sup>1</sup> Омарбеков С. Қазақтың ауызекі тіліндегі жергілікті ерекшеліктер. Алматы, 1965, 153-б.

бұйрық мағынада жұмысалады да, бірінші жақ көпше түрде қолданылады: *көрәйли*, *көрситгәйли*, *қарайли*, *иазайли*, т. б. Бұл форманың ұйғыр тілінің диалектісінде ұшырайтынын да жазылған еңбектерден көреміз. Мысалы, профессор Э. Қайдаровтың ұйғыр тілінің диалектісін топтастыру жайлы жазған үлкен, көлемді монографиясында аталған құбылыстың көбіне ұйғыр тілінің хамий диалектісінде, сондай-ақ Шығыс Түркістанның онтүстік-батыс және солтүстік<sup>2</sup> аудандарындағы ұйғырлар тілінде жиі ұшырайтын құбылыс екенін көрсетеді.

Мұндай ерекшеліктің қырғыз тілінде де бар екенін көрүімізге болады. Етістіктің -лы (баралы) тұлғалы қосымшасы осы тілде және оның басқа да Ош (барайлы, келейлі) және Қырғызстаннан тыс говорларында да (чығайлы) ұшырайды.

Аталған қосымшаның өзбек тілінде де және оның кейбір говорларында да диалектілік құбылыс ретінде кездесетінін көруге болады. Онтүстік Каракалпақстандағы өзбек тілінің говорында -лы қосымшасы қалау рай мағынасында жұмысалатын көрсеткіш ретінде танылады. Сондай-ақ бұл құбылыс түрімен (тәзә ховада бир салым гезели — таза ауада бір мезгіл кезеік) Алтай (кеleлі) және Каракалпақ<sup>3</sup> тілдерінде де кездеседі.

Казіргі тілдерде кездесетін фактінің былай қойғанда, сөз болып отырған құбылыс кейбір көне ескерткіштерде де кездесетінін көруге болады. Атап айтқанда, XIII—XIV ғасырлардағы куман тілінің ескерткіштерінде де -лы тұлғасының қолданылғанын дәлелдейтін мәліметтер бар.

Сөз болып отырған етістіктің -лы қосымшасымен қатар, онтүстік өнірдегі түрғындар тілінде -лық тұлғасы да қолданылады. Бұл жүрнақ әдеби тілімізде де кездеседі. Бірақ қолдану аясы тар, аз болғандықтан, бұл құбылыс жергілікті тіл ерекшелігіне тән болып саналып жүр. Қазақ тілінің басқа говорларына қарағанда, -лық қосымшасы зерттеліп отырған облыстардағы түрғындарда жиірек қолданылады. Мысалы: *Біз қарияларға баралық*. Өзіміз төмен жүріп кетелік.

<sup>2</sup> Қайдаров А. Т. Развитие современного уйгурского литературного языка. Алма-Ата, 1969, с. 71.

<sup>3</sup> Басқаков Н. А. Каракалпакский язык. М., 1952, ч. 2, с. 450.

Қазіргі кейбір түркі тілі жайлы жазылған әдебиеттерде сөз болып отырған -лық (-лік) қосымшасы туралы оның басында -лық (-лік) қосымшасымен текстес деген пікірлер де бар. Жергілікті тұрғындар тілінде -лық қосымшасы мен -лық тұлғаларының мағыналық жағынан, грамматикалық қызметтері жағынан бір-бірінен ерекшеленбейтін болғандықтан, қазақ диалектологтары да ол қосымшалар бір-біріне жақын, әуелгі шығу төркіні бір деп қуаттауда да орынды деп санаймыз. Бұл жайында С. Омарбеков өзінің Манқыстай тұрғындары тілі жайындағы еңбегінде кейбір жазба ескерткіштер мен ауыз әдебиетінің материалына сүйене отырып осы пікірді орында дәлелдеген.

Шын мәніне келгенде, етістіктің -лық қосымшасы мен -лық тұлғасының мағынасы да, атқаратын қызметі де бірдей, бір-бірімен текстес, тубірлес қосымшалар.

**-қын/-ғын, -кін/-гін қосымшасы.** Оңтүстік говорлар тобында жүйелі түрде қолданылатын диалектілік ерекшеліктің бірі — бүйрық рай формасының -қын қосымшасы арқылы берілуі. Әдетте әдеби тіл нормасы бойынша бүйрық райдың бірінші жақ жекеше түрі етістіктің көсемшесінің үнемсіз (а, е, й) түрінен жасалады да жекешеде -ыйн, иін, көпшесінде -ыйқ, үйк жалғауы жалғану арқылы жасалады. Ал көпше түрінде -лық, -лік қосымшалары қосылады. Екінші жақ жекеше түрі ешқандай жалғаусыз, етістіктің бастапқы түрі болады да, көпше түрі жекеше түрге -ң-дар, ң-дер қосымшалары жалғану арқылы жасалады. Ал үшінші жағы етістікке -сын, -сін қосымшасы жалғану арқылы, үшінші жақ көпше түрі -ң-ыздар, -ң-іздер қосымшасы қосылу арқылы жасалады. Енді осы әдеби тіл нормасымен салыстырып қарағанда, жергілікті халық тілінде кездесетін бүйрық рай қосымшасының (-ғын) атқаратын қызметі де ерекшелеу. Жергілікті халық тілінде сакталып, ерекшелік деп есептеліп отырған -ғын қосымшасы тек екінші жақ жекеше түрде қолданылады. Басқа жақтарға түрленбейді.

Осы құбылысты картага түсіріп қарағанда, Талдықорған қаласынан бастап Шиеліге дейінгі аралықты қамтып жатыр. Мұнда Талдықорғанның шығысынан бастап -қын (-ғын) қосымшасы қосылмай бүйрық рай формасы негізгі етістік арқылы беріліп отыр. Негізгі етістікпен берілу Алматы облысының Балқаш (44—49-

пункттер), Шымкент облысының Созақ (101—105, 172, 175, 178, 181) және Шымкент қаласының төңірегі (150—155, 161) мен Шиеліден бастап Жосалыға дейінгі (188—203) аралықты қамтиды. Қалған пункттерде Алматы, Талдықорған, Жамбыл, Шымкент, Ташкент облыстары территориясында *-ғын* қосымшасы жұмсалып, екінші жақ бүйрық райды білдіреді.

*-қын* (-ғын, -кін, -гін) қосымшасының етістіктің екінші жақ бүйрық райында жұмсалуы оңтүстік говорлар тобын Қазақстанның батыс, орталық-солтүстік және шығыс говорлар тобынан бөліп, ерекшелендіріп тұратын бірден бір белгісі болып саналады. Мысалы: *Ата-аналарды разы қып келгін. Балаларды сұрастырып бірбірімен таныстырып, т. б.*

Осы қосымшамен айтылатын сөздерді оңтүстік өңірдегі тұрғындар тілінен мысалды көтеп келтіруге болады.

Тілдегі әрбір құбылыс, ерекшеліктің пайда болуы өзінен-өзі бола салған құбылыс болмаса керек. Қандай бір өзгешеліктер болмасын, оның пайда болуы да белгілі бір себептерден туса керек.

Ол себепті неден іздеуге болады деген сұрақ та орынды болады. Бұл ретте оңтүстік облыстарды мекендерген қазақтардың дені этникалық жағынан біркелкі. Ұлы жүз құрамына кіретін үйсін, қаңылы, дулат, албан, суан, жалайыр, сіргелі, шапырашты, ошақты рулары. Ал картаға түскен, біркелкі болып келетін жерде Орта жүз құрамына кіретін Коңырат руы да бар. Осы тұрғыдан алғанда бұл құбылыс тек қана Ұлы жүз құрамына кіретін қазақтарға ғана тән деуден гөрі, оңтүстік өңірде, үйфыр, өзбек, қырғыз халықтарымен шектес жерлерге тән құбылыс деп айтқан орынды сияқты. Үйткені *-қын/-ғын, -кін, -гін/ қосымшасының етістікке қосылып екінші жақта айтылуы көрші отырған осы тілдерге тән қасиет болып саналады.*

*-қын* (-ғын, -кін, -гін) қосымшасы бүйрық райдың екінші жақ көрсеткіші ретінде қырғыз (*келгин, барғын*)<sup>4</sup>, өзбек (*айтгин, түккин, чиққин, уқигин*)<sup>5</sup>, үйфыр (*язғин,*

<sup>4</sup> Дыйканов К.Д., Құдайбергенов С. Қыргыз тилинин морфологиясы. Фрунзе, 1957, 182—183-б.

<sup>5</sup> Хозирги замон ўзбек тили. Тошкент, 1957, 418-б.

*ишилигин, ейтқин, кәткін*)<sup>6</sup> тілдерінде жиі қолданылатын қосымша.

Оңтүстік атыrapқа тән морфологиялық ерекшеліктердің бірі — қалау райының жасалуына байланысты. Эдеби тіл нормасы бойынша еркіті қалау рай түрі негізгі етістіктің -ғы, -қы, -кі, -гі түріне тәуелдік жалғаулары жалғану арқылы *кел* етістігінің тіркесуімен жасалады. Ал сөз болып отырған өнірдегі тұрғындар тілінде *кел* етістігінің орнына *бар*, *жоқ* сөздерінің тіркесуімен жасалады. Мұнда тіркескен *бар*, *жоқ* сөздері ешқандай өзгеріске ұшырамайды да, қай жаққа тән екені негізгі етістіктегі тәуелдік жалғауынан көрінеді. Мысалы: *Мениң оқығым бар, сенің оқығың бар, оның оқығысы бар, менің оқығым жоқ, сенің оқығың жоқ, оның оқығысы сы* жоқ. Мұның көпше түрін айтқанда да, сонғы тіркескен сөздер еш өзгеріссіз тұрады.

Мағыналық жағынан алып қарағанда осы мысалда келтірілген сөйлемдердегі *бар*, *жоқ* сөздері осы шақты да, келер шақты да көрсетеді. *Оқығым бар* дегенде *оқығым* келеді деп келер шақты да, *оқығым* келіп отыр деп осы шақты да білдіреді.

Осы құбылысты картага түсіргенде 203 пункттің көбіне дерлігі *бар*, *жоқ* сөзімен тіркесіп келетіні байқалады. Талдықорған қаласынан бастап, Шиеліге дейінгі ара-лықта осы құбылыс жүйелі түрде ұшырайды. Тек Шу бойында Қордай, Мойынқұм аудандарында біраз өзгеріске түсіп, *келеді* етістігімен тіркеседі де, басқа аудандарында *жоқ*, *бар* сөздері арқылы айтылады. Шиеліден Қызылорда қаласына жетпей (188—195-пункттерде) *келеді* арқылы қолданылып, ар жағы 203-пунктке дейін қайтадан *бар*, *жоқ* сөздері тіркеседі. Ал Талдықорған қаласынан Шығысқа қарай Зайсанға дейінгі ара-лықта және Іленің төменгі жағасындағы Бақанас ауданындағы жалайырлар тілінде *келеді* сөзімен тіркесу байқалады.

Қалау райының жасалуы жағынан Қазақстанның оңтүстік өніріндегі қазактар тілінде айтылуына ұқсас келетін жәйттер хездеспейді емес. Оған мысал ретінде көрші түркі тілдерінің ішінен үйғыр тілін атауға болады. Мұнда да қалау райының жасалуы -ғу (-гу, -ку, ку)

<sup>6</sup> Кайдаров А. Т. Краткий грамматический очерк уйгурского языка. — В кн.: Уйгурско-русский словарь. Алма-Ата, 1961, с. 313.

жұрнақты етістікке кел етістігінің тіркесуі, сондай-ақ, бар, йок сөздерінің қосылуы арқылы жасалады. Мысалы үйғыр тілінде *кәткүң* йок, *ейткуси бар*<sup>7</sup> тұрғым бар, тұрғын бар, тургиси бар, язғим иок, язғиң йок, язғиси иок<sup>8</sup> деп қолданылады.

Диалектологиялық атласқа түскен құбылыстың бірі өткен шақ категориясына байланысты сөздер. Мұнда бұрынғы өткен шақты білдіретін *барыпты*, *барған*, *ке-ліпті*, *барулы*, *келулі* сөздерінің таралу шегін анықтау керек болған. Осы құбылыстың өзі де Қазақстан территориясын екіге бөліп тұратын ерекшеліктің бірінен саналады. Картада берілген 203 пункттің Зайсаннан Арап-ға дейінгі елді пункттердің бәріне дерлік *барыпты*, *барған*, *ке-ліпті* түрлері қолданылатыны анықталды. Осы құбылыс Қазақстанның орталық-солтүстік және шығыс облыстарын да қамтитын түрі бар. Ал кейбір диалектологиялық зерттеулерге қарағанда бұрынғы өткен шақтың бұл формасы Қазақстанның батыс облыстарында Кіші жұз қазактары тілінде *-ұлы* қосымшасы арқылы беріліп, әдеби тілден және Қазақстанның басқа говорлар тобынан ерекшеленетін сияқты. Бұл жөнінде Маңқыстау (Сейтехмет Жылойға кетуі), Нұрекең Мәскеуде *болулы*, Орда (Жәнібектен ол кеше *шығулы*. Фермаға ол кеше *барулы*) және Түрікменстан қазақтарынан келтірілген зерттеулер дәлел бола алады.

Онтустік говорлар тобын батыс говорлар тобынан ерекшелеп бөліп тұратын морфологиялық құбылыстың бірі — етістіктің келер шақ формасының жұмсалуы. Сөз болып отырған атыраптағы тұрғындар тілінде мақсатты келер шақта әдеби тілдегідей *-мақ* (-мек, -пақ, -пек, -бак, -бек) жұрнақтары арқылы жасалып, болашакта істелетін істі білдіреді. Бұл жұрнақтың қолданылуы жағынан онтустік говорлар тобы әдеби тілмен және орталық-солтүстік, шығыс говорлар тобымен бірдей болғанымен, батыс говорлар тобынан айырмашылығы бар. Онда *-мақ* жұрнағы орнына *-жақ* жұрнағы қосылып *баражақ*, *кеle-жақ*, *бережақ* болып айтылады.

Диалектологиялық картаға *келмек*, *бермек*, *бармақ*

<sup>7</sup> Һазирки заман үйғұр тили. Алмута, 1961, 171—172-б.

<sup>8</sup> Шәмиева А., Сабдакасов F. Үйғұр тили грамматикасы. 1-қисим. Фонетика вә морфология. Алмута, 1961, 171—172-б.

сөздерінің *кележақ*, *бережақ*, *барајақ* болып айтылу, айтылмауының шегін анықтауды керек еткен еді. Зайсаннан бастап Қызылорда қаласының батысындағы Жосалыға дейінгі елді пункттердің бәрінде де -*жақ* қосымшасы жалғанбай, -*мақ* арқылы айтылып, әдеби тіл нормасымен бірдей болып келеді екен.

Диалектологиялық зерттеулерде -*жақ* жүрнағы жалғанып етістіктің келер шақ мәнінде жұмсалуы батыс говорлар тобына тән құбылыс.

Зерттеліп отырған атыраптағы тұрғындар тілін Қазақстанның басқа өңіріндегі мекендеушілерден ажыратылатын белгінің бірі — жіктік жалғауының қолданылуына байланысты. Ауызекі сөйлеу тілінде кейбір жерлерде жіктік жалғауының екінші жақ сыпайы түрі -*сыңыз*, -*сіңіз* формасы қолданылу арқылы айтылса, екінші жерде -*сыз*, -*сіз* түрінде әдеби тіл нормасымен бірдей болып келеді. Сөз болып отырған онтүстік говорлар тобына осының соңғысы тән яғни әдеби тіл нормасымен бірдей.

Диалектологиялық картага түсірілген 201 елді пункттің бәрінде де жіктік жалғауының екінші жақ сыпайы түрі -*сыз* тұлғасы арқылы айтылатыны аңғарылды. Мұндай құбылыс кейбір деректерге қарағанда орталық-солтүстік облыстарға да тән болса керек. Ал -*сыңыз* қосымшасы арқылы айтылу батыс говорлар тобына тән құбылыс екеніне диалектология саласында жазылған еңбектер арқылы мәлім.

Енді бір көзге түсетін ерекшеліктердің бірі — *бери* шылауының өзінен бұрынғы есімше, көсемше формалы сөзімен тіркесуіне байланысты.

Әдеби тіл нормасындағы *келгеннен бері* сияқты *бери* шылауымен тіркескен есімше орнына кейбір жерлерде көсемшениң қолданылуы тән. Зерттеліп отырған онтүстік өңірдегі тұрғындар тілінде *бери* шылауының өзінен бұрынғы көсемше формалы сөзben тіркесуі басымырақ. Картага түсірілген елді пункттердің ішінде Талдықорған облысының территориясында есімше тіркесіп (*келгеннен бері*, *оқығаннан бері* болып) айтылса, Алматы, Шымкен, Жамбыл, Таңкент облыстарында (*келгелі бері*, *оқығалы бері* болып) көсемшемен тіркеседі. Ал Шиелі ауданынан бастап батысқа қарай жүрген сайын қайтадан есімшемен тіркесіп айтылады. Бұл құбылыс та он-

түстік өнірдегі тұрғындар тілін Қазақстанның батыс, орталық-солтүстік облыстары тұрғындары тілінен ерекшелендіріп тұратын, оңтүстікке тән өзгешелік болып саналады. Бұл құбылыстың осы өнірге тән ерекшелік екендігі жайында С. Аманжолов, Ж. Досқараев еңбектерінде сез болған.

Оңтүстік атыраптағы тұрғындар тілінде көбірек колданылып, басқа өнірлерде қолданбайтын болса да, жирик айтылмай, сирек кездесетін құбылыстың бірі -*тұғын* қосымшасының жұмысалуына байланысты. Қазіргі қазақ әдеби тілінің нормасы бойынша көсемшениң *a* (-*e*, -*ä*) жүрнағынан кейін келіп, есімшениң ауыспалы шағын жасайтын -*тын* (-*тін*)<sup>9</sup> жүрнағы оңтүстік алқаптағы кейбір жерлерде сондағы тұрғындардың ауызекі тілінде көбінесе -*тұғын* формасында қолданылады. Диалектологиялық экспедициялардың материалдарына және осы жайындағы зерттеулерге караганда, -*тұғын* қосымшасы Қазақстанның барлық жерлерінде кездеспей, оңтүстікшығыс облыстарындағы тұрғындар тілінде жиі ұшырайтыны анықталды. Бұған Ж. Досқараев, Ф. Мұсабаев, т. б. тіл білімпаздарының жазған еңбегі айғақ болады.

Бұл қосымша, негізінде, көсемшеден соң тіркеседі. Оған осы оңтүстік говорлар тобынан бірер мысал келтірейік. Мысалы: *жабағым қазір мінуге келетүғын болды*. *Олардың баратүғын түрі бар*.

Осы қосымша тек көсемшеден соң қосылып қана қоймай, есімдермен де, модаль сөздермен де тіркеседі. Мысалы: *Ол үйде жоқ түғын. Біздің үйде еліктің лағы баратүғын. Колындағы қамши біздікітүғын. Оның баратын жері алғыстүғын*.

-*тұғын* қосымшасы осы тұлғада және ықшамдалған -*тын* түрінде де Ұлытау, Жезқазған қазактары тілінде кездеседі. Осы өнірде де бұл қосымша есімдерге (бұрын Кенгірдің арғы беті *шығыртын*), *бар жоқ* сияқты модаль сөздерге де (Кенгір табанында бақшашилық егіс *бартүғын*) жалғанып айтылады.

Мұндай құбылысты яғни -*тұғын* қосымшасының айтылуын Семей облысы тұрғындар тілінде де қолданыла-

<sup>9</sup> Қеңесбаев I., Ысқақов А., Аханов К. Қазақ тілінің грамматикасы. I бөлім. Алматы, 1958, 132-б.

тыны жайлы диалектологиялық зерттеулерден бізге аян.

-тұғын қосымшасы негізінен сөйлеу тілінің нормасы болып саналады. Бұл қазактың ауыз әдебиеті тілінде, әсіресе әпостық шығармаларда молынан ұшырасады. Қазактың әдеби тілінің негізін қалаушы ақын-жазушыларымыздың тілінде де бұл тұлға кездеседі. XIX ғасырдың алғашқы жартысындағы Махамбет өлеңдерінде де -тұғын, -тын формалары қатар қолданылған. Осындай бір тұлғаның екі вариантын пайдалану Абайға дейін қалыптасқан тәсіл, -тұғын-ның бірте-бірте ықшамдалып -тын болып поэзияда көбірек айтылуы — поэзия тілінің шартты әсерінен деген Р. Сыздықованың<sup>10</sup> пікірі әбден орынды. Автор Абай шығармаларының тілін зерттей келе, поэзиядан гөрі Абайдың прозасында ауыспалы шақ есімше ықшамдалмай әрдайым -тұғын формантымен ғана берілгенін көрсетеді. Осы еңбекте -тұғын қосымшасын тұңғыш шыққан қазақ газеттерінде, сондай-ақ әпос жырларындағы қарасөзben айтылатын бөліктері де осы тұлғаның жиі қолданылғаны жөнінде қызықты деректер келтіреді.

-тұғын қосымшасының осы қалпында немесе -тын болып ықшамдала айтылуын тек поэзия, проза немесе фольклорда кездесетін тілдік фактілер дәлелдеп қоймай, оны өткен ғасырда қазақ тілінің грамматикасы жайында жазылған еңбектер де дәлелдейді. Өткен ғасырдағы Н. И. Ильминский, М. Терентьев, А. Старшевский, П. М. Мелиоранский құрастырган және басқа да грамматикаларда тұғын қосымшасының шығу төркіні жайында сөз болған. Бұл авторлардың қай-қайсысы болmasын тұғын қосымшасының тұрған деген сөзден (>-турған>>тұғын>тын, -тін) болып ықшамдалған деген пікірге келеді. Осындай негіздерге сүйене отыра, қазақ тіл маマンдары да фонетикалық трансформация жолымен грамматикаланған тұрған (турған>тұғын>тын, -тін) XIX ғасырдың екінші жартысындағы қазақ әдеби тілінде сондық екі варианты (-тұғын, -тын) қатар қолданылып, оның ішінде фонетикалық редукцияланудың алғашқы сатысы -тұғын-ның жұмсалуы жиі болған<sup>11</sup> деп дәлелдейді.

Сөз болып отырған есімшенің -тұғын тұлғасы кейір

<sup>10</sup> Сыздықова Р. Абай шығармаларының тілі. Алматы, 1968, 272-б.

<sup>11</sup> Сонда, 276-б.

түркі тілдерінде де қолданылады. Қырғыз тілінде ешбір редукцияға ұшырамай, қысқармай түрған түрінде қолданылады (колхозға бара түрған адам. Сатыла түрған китең. Сенин өзине айта түрған бир кеп бар). Өзбек тілінде -тұғын қосымшасы біраз өзгеріске ұшырап -диган (кетедиган, биладиган, чопадиган) түрінде, ал оның кейбір говорларында -дыған// -тыған (келәдиган, кәтәтыған) <sup>12</sup> түрлерінде жұмсалады.

Біз осы келтірілген мысалдардан қазақ және өзбек тілдерінде түрған сөзі редукцияланып, ықшамдалып қолданылса, қырғыз тілінде өзгермей бастапқы қалпында ұшырайтынын аңғарамыз.

Бұл жерде ескере кететін жәйттің бірі — -тұғын қосымшасының етістікке немесе есім мен модаль сөздерге қосылуында. Жоғарыда келтірілген мысалдарда -тұғынның етістікке қосылып, оның ауыз әдебиет үлгісінде және сондай-ақ оңтүстік-шығыс облыстардағы түрғындар тілінде де жиі ұшырайтыны сөз болды. Бұл қосымшасының етістікке жалғануы жағынан оңтүстік говорлар тобындағы түрғындар тілін тұтас қамтитыны сөз болады. Бұл жағынан алғанда бұл өңірдегі оның қолданылуында бір-келкілік байқалып тұр.

Ал дәл осы қосымшасының есім, модаль сөздермен тіркесуіне келгенде мұндай бірыңғайлышық байқалмайды. Бартұғын, жоқтұғын, анықтұғын сияқты болып айтылу Шымкент облысында жиірек айтылып, сирек те болса, Қызылорда, Жамбыл облысында кездеседі. Ал басқа Алматы, Талдықорған түрғындарында байқалмайды. Сонда бұл құбылыс қолданылуы жағынан оңтүстік говорлар тобын екіге бөліп тұрады.

Оңтүстік өңірдегі түрғындар тілін түгел қамтымайтын, бірақ осы өнірде кездесіп, Қазақстанның басқа жерлерінде ұшырай қоймайтын өзгешеліктің бірі -дүр тұлғасының қолданылуына байланысты. Аталған тұлға зерттеліп отырған атыраптың Шу бойы түрғындары тілінде кездеседі. Оған осы жерден жиылған (Ол барадүр. Бұл жақсы ат боладүр. Анау көрінген біздің түйе дүр. Ойнақ -бойдак, Мәлім дүр бойдақ жігіт осы тойда-ақ) <sup>13</sup>

<sup>12</sup> Хозирги замон узбек тили. Тошкент, 1957, 408-б.

<sup>13</sup> Нақысбеков О. Қазақ тілінің ауыспалы говоры. Алматы, 1972, 163-б.

мысалдар дәлел. Осының алғашқы екеуінде *-дұр* тұлғасы етістіктің *-а*, *-е*, *-й* жүрнақты көсемше тұлғасына жалғанып (*бара дұр*, *боладұр*), соңғы екі мысалда есімдермен (*түгие дұр*, *мәлім дұр*) тіркесіп келіп тұр. Мұндағы етістікпен тіркесіп келген *-дұр* тұлғасы бастауыш пен баяндауышты қыстырып, III жақ көрсеткіші ретінде жұмсалады. Ал *-дұр* формасы есіммен тіркескенде онда ешқандай шақтық көрсеткіш сипаты болмай, дәлдік, тиянақтылық мағына береді де, модальдық шылау ретінде жұмсалады.

Бұл тұлғаның қазақ тілінде көне замандарда қолданылып реликт ретінде кейбір ескі үлгілерде сақталып қалғаны зерттеушілердің еңбегінен бізге аян. Осыған мысал ретінде халық ауыз әдебиетінің материалынан біраз сөйлемдер келтіреік<sup>14</sup>. *Айтар сөзім осы дұр* (Бұқардан). *Бұл дүние арман емес дұр, Бір кезек дәурен сүргенде. Мағлұм дұр құдага, пендениң қылған күнәсі* (Шортанбайдан). *Құдіретіне алланың Бенденің жоқ дұр көнбесі* («Қызы Жібек», 1963, 85). *Кім бай дұр, кім жарлы дұр тәңірге аян* («Айман — Шолпан», 1957, 11). Міне осы келтірілген көне нұсқаларда, эпостық жырлардаға айтылған бұл жүрнақ көне кездің өзінде де аз қолданылып, өнімсіз жүрнаққа айналған. Бұл тұлғаның Абай шығармаларында да әсіресе 38-сөзінде (Ол жаның жибили қуаты дұр, II, 216-б.) көбірек ұшырайды. Жоғарыда келтірілген мысалдарда бұл формант көбінесе құдай, тәңір туралы жолдарда ұшырайды. Осындай фактілерге сүйене отыра бұлай қолданушылық құдай тағала ісінің кәмілдігі жөніндегі халық сеніміне байланысты болу керек. Адамдардың құдай тағаланың құдіретті күшіне, күллі ісіне шек келтірмей кәміл сенушілік психологиясы халық тілінде соның грамматикалық көрінісі ретінде көне *дұр* формантымен ғасырлар бойы дәстүрге айналдыруы мүмкін деп есептейді. *-дұр* қосымшасының шығуы, оның қызметінің бірте-бірте кейінгі кездерде басқа форманттарға ауысуы жайында қызықты пікірлер де жоқ емес. Филология ғылыминың докторы Р. Сыздықова осы күнгі және көне нұсқалардағы *-ды*, *-ты* формантындағы кәмілдікті, дәлдікті білдіретін модальдық сипатын ескере келіп және бұл форманттын

<sup>14</sup> Сыздықова Р. Жоғарыда аталған өңбек, 286-б.

көбінеше есімшениң өткен шақ формасымен (болған-ды, барған-ды), керек, емес тәрізді байтарап сөздермен және кейде есімдермен тіркесіп келетінін ескеріп, мұндағы -di-лердің орнына -dur форманты сұранып түргандай. -ды, -ti тұлғалары dur-ден пайда болды емес пе екен деген жорамал<sup>15</sup> айтады. Бұл да еске алатын елеулі пікір болса керек.

Осы айтылғандарға қарағанда dur тұлғасы да қазақ тілінде көне кездерде, бір замандарда қолданылып, кейін келе әпостық жырларда, жергілікті түрғындарда үлкен қариялдардың тілінде ғана сақталған, бара-бара атқаралын қызыметі азайып, өнімсіз қосымшаға айналғанын байқаймыз.

Етістіктің осы шағының осы шақ көрсеткіші -a және оған tür, dur көмекші етістігінің қосылу моделі арқылы жасалған түрі изогlostық құбылыс ретінде түрікмен, азербайжан тілдерінде бар екені түркологиялық еңбектерден мәлім<sup>16</sup>. Dur арқылы етістіктің осы шағын жасау түрікмен тілінің Сарық (и: шли ду: р — істеп отыр) олам<sup>17</sup>, човдур (геледу: р, бараду: р) диалектілерінде және азербайжан тілінің куба диалектісі мен закател говорында (кәлә дүрүр, ала дүрүр) ұшырайды<sup>18</sup>.

Диалектологиялық атласқа түсірілген құбылыстардың бірқатары — септік жалғауларының жұмсалуына байланысты ерекшеліктер. Мұндай өз алдына ерекшелік болып көзге түсетін, бірақ әдеби тілмен немесе басқа говорлар тобымен салыстырғанда өзгешеленіп тұратын құбылыстың біріне жатыс септік тұлғалы сөзді айтуға болады. Әдеби тілімізде жатыс, шығыс септік жалғауын қабылдап айтылатын уақыт сөзі онтүстік говорлар тоғында уақытымен келді, уақытында келді деп қолданылмай, уақтылы келді деп -лы, -лі қосымшасын қабылдайды. Бұл құбылыстың Арыс (ол жұмысқа күнде уақтылы

<sup>15</sup> Сонда, 287-б.

<sup>16</sup> Гаджиева Н. З. Проблемы тюркской ареальной лингвистики. М., 1975, с. 82.

<sup>17</sup> Багыев Х. Оламский диалект туркменского языка. Ашхабад, 1965, с. 18—19.

<sup>18</sup> Ширалиев М. Ш. Интерпретация некоторых изоглоссе диалектологического атласа восточной группы диалектов и говоров азербайджанского языка. — В кн.: Вопросы диалектологии тюркских языков. Фрунзе, 1968, с. 29.

келеді), Талас, Шу бойындағы тұрғындарда жиірек қолданылады. Тіпті кей жерлерде жиі айтылатыны сонша, сондағы жергілікті аудандық газеттерде де көбірек жазылады. Оған Шу бойындағы аудандық газеттерден алынған: *Балалардың кірі уақытының таза күйдерін уақытының ауыстырып... тұрады* («Социалистік еңбек», 1941, 25 июнь), *қазір уақытының басқа бір үйде оқытылады* («Екпінді», 1937, 12 март), сияқты мысалдар дәлел болады.

Оңтүстік облыстарды картага түсіргенде бұл ерекшелік осы атыраптың өзін тұра екіге бөліп тұратын құбылыс. Алматының шығысынан бастап Талдықорған және Семейдің біраз аудандарында әдеби тіл нормасымен *уақтында* болып айтылса, Алматының батыс жағындағы аудандардан бастап Жамбыл, Шымкент облыстарын және Жанақорғаннан Қызылордаға дейінгі елді пункттерде *уақтылы* болып -лы қосымшасын қабылдайды. Осы екі аралықта Шу станциясынан бастап өзен бойымен солтүстік батысқа жүрген сайын Арқа қазақтарымен араласқан Мойынқұм ауданында *уақтында* болып қолданылып, Шымкент облысының солтүстік батысындағы Қызылорданың (196—203) маңынан батысқа қарай *уақтында* түрінде айтылады. Кейбір бір-екі (137, 138, 135) пункттерде Шымкент облысының Ленин ауданындағы тұрғындарда *уағында*, *уақтысында* түрінде атылады.

Бұл құбылыстың сақталуына көз жүгіртсек, көнеден келе жатқан құбылыс па деген ой туады. Қөрші тілдердің әсері ме десек, қөрші қырғыз (увагында, увактысында)<sup>19</sup>, қарақалпақ (уақтында),<sup>20</sup> өзбек (вактида),<sup>21</sup> үйғыр (вактида),<sup>22</sup> азербайжан (вахтында),<sup>23</sup> түрік (vaktinde)<sup>24</sup> тілдерінде оңтүстік өнірдегі ерекшелікке саі келмейді. Түркі тілдерінің ішінде тек қана чuvаш (вахатла)<sup>25</sup> және татар (вақытлы)<sup>26</sup> болып *уақтылы* сөзінің -лы қосымшасы арқылы айтылуына жақындайды.

<sup>19</sup> Русско-киргизский словарь. М., 1957, с. 86.

<sup>20</sup> Краткий русско-каракалпакский словарь. М., 1962, с. 82.

<sup>21</sup> Русско-узбекский словарь. Ташкент, 1972, с. 63.

<sup>22</sup> Русско-уйгурский словарь. М., 1956, с. 116.

<sup>23</sup> Русско-азербайджанский словарь. Баку, 1971, с. 152.

<sup>24</sup> Русско-турецкий словарь. М., 1972, с. 92.

<sup>25</sup> Русско-чuvашский словарь. М., 1971, с. 84.

<sup>26</sup> Русско-татарский словарь. Казань, 1971, с. 75.

Бұл жақындықтың сыры неде, көне кезден қалған құбылыс па, әлде осы аталған халықтармен тығыз байланыстың әсерінен туған ба, бұл мәселе арнайы зерттеуді көрек етеді.

Диалектологиялық картаға түсіріліп ерекше аталып, өзгешеленіп онтүстік говорлар тобын басқалардан ажыратып тұратын құбылыстың бірі — тәуелдік жалғауының үшінші жағының қолданылуы. Әдеби тіл нормасы бойынша тәуелдіктің үшінші жағына дауыстыдан кейін -сы, -ci, дауыссыздан соң -ы, -i қосымшасы қосылады. Ал зерттеліп отырған өнірдегі тұрғындар тілінде бұл қосымшалардың қабаттаса, бірінен соң бірі бірден қолданылатындығы байқалады. Мұндай қабаттаса жұмсалғанда тілміздегі барлық сөздерге де бірдей жалғанбай, біраз санаулы сөздерге ғана қосылады. Ж. Досқараевтың<sup>27</sup> жазған еңбектерінде *көбісі*, *уақтысы*, *барісі* сияқты сөздер айтылса, Шу бойы қазақтары тілінде бұған қосымша *ақырысы*, *мұлкісі* (оның үй *мұлкісі*) сөздері кездеседі. Әдеби тіл нормасы бойынша тәуелдік жалғауының біреуі ғана қосылып (ақыр-ы, көб-i, мұлк-i) болып айтылады. Бұл өзгешеліктер батыс, орталық-солтүстік және шығыс облыстарда кездеспейді.

Диалектологиялық картаға тек онтүстік облыстарда ғана айтылып қоятын ерекшеліктер түспей, әдеби тіл нормасымен әрі батыс, солтүстік-орталық немесе шығыс говорлар тобының біреуімен не екеуімен де үқсас келетін, бірақ таралу шегі басқа говорлар тобында анықтатын құбылыстар да қамтылды. Мұндай өзгешеліктің үлгісі ретінде сұраулықтағы 141 сұрауды алуға болады. Мұнда *баратын*, *жүретін* тәрізді есімшелердің *шығар* сөзімен тіркесудегі ерекшелігін анықтау көзделген. Тарбагатайдан Арас аудандардан Аралға дейінгі, Семей, Таңырған, Алматы, Жамбыл, Шымкент, Қызылорда және Ташкент облысындағы тұрғындардың барлығында да *баратын шығармын*, *жүретін шығармын* деп келер шақ есімшеде жұмсалады. Сірә бұл құбылыс жағынан онтүстік өнірдегі тұрғындар тілі әдеби тілмен және орталық-солтүстік, шығыс говорлар тобымен бірыңғай, бірдей болып келгенімен, оның

<sup>27</sup> Досқараев Ж. Бір экспедиция отрядының диалектологиялық жұмысы туралы. — В кн.: Вопросы истории и диалектологии казахского языка, Алма-Ата, 1958, вып. 1, с. 194.

таралу шегі батыс говорлар тобына барып тірелетін сияқты. Үйткені кейбір диалектологиялық зерттеулерге қарағанда *баратын шығармын*, *жүретін шығармын* тіркестерінің ықшамдалып *барам шығар*, *жүрем шығар* болып қолданылуы Ақтөбе облысында кездеседі.

Жергілікті халық тілінде кездесетін ерекшеліктің ішінде қалау райының *-қай* (-гай, -кей, -гей) қосымшаларын картаға түсіру назардан тыс қалған емес. Эдете, қалау райын жасауда аталған жұрнақтар аз қолданылғанымен, Қазақстан жеріндегі кейбір аудандардағы тұрғындар тілінде кездесіп қалатын құбылыс. *-қай* (гай, -кей, гей) қосымшалары жалғанған етістіктер *барғайсың*, *келгейсің*, *жүргейсің* болып тілекті қалау мағынасында жұмсалады. Диалектологиялық атласқа түсірілген мәліметтерге қарағанда Семей, Талдықорған, Алматы, Жамбыл, Шымкент, Қызылорда және Ташкент облыстарындағы 203 елді пункттердің ішінде 18 жерде ғана Шымкент облысының Ленин ауданы (135—138-пункттер) маңында, Қызылорда облысының Жаңақорған (182—187-пункттер) және Қызылорда маңында (196—203) *-ғай* (-қай, -кей, гей) жұрнағы арқылы айтылып, қалған жерлерде түгелімен *барасың*, *келерсің* түрінде болып, етістіктің негізгі түбіріне *-р* (-ар, -ер) жұрнақтары қосылып, ашық райда жұмсалып, шексіз келер жақты көрсетеді. Бұл құбылыс онтүстік өнірде біркелкі жұмсалып, бір шеті Қызылорда маңына тірелсе, екінші жағының таралу шегі орталық-солтүстік облыстардағы тұрғындар тілін картаға түсірген соң шешілмек.

Қазіргі түркі тілдерінің ішінде көрші үйғыр тілінде *-ғай* (-гәй, -қай, -кәй) аффиксі «е» көмекші етістігі қосылу арқылы *алғалдим* (алғай-едим), *барғедиң* (бар-ғайдың), *кәткедиңлар* (кәт-кәй един-лар)<sup>28</sup> болып қалау рай мағынасында жұмсалады.

Әдеби тілімізде шартты рай *-са* (-се) жұрнағы қосылу арқылы жасалады. Бұл жұрнақ бүйрық райдың екінші жақ жекеше түріне және етіс түрлеріне жалғанады. Шартты райға жіктік жалғауы жалғанбай, жақ жалғауы жалғанады. Сонда екінші жақтың жекеше түрінде *-ң*, *-ңыз* (-ңіз) жалғаулары жалғанады. Шартты райдың жақ түрлеріне кейде *-шы* (-ши) қосымшасы қосылады.

<sup>28</sup> Һазирқы заман уйғұр тили. Алматы, 1966, 217-б.

Жергілікті халықтың ауызекі тілінде екінші жақ -сағ (-се) жүрнағынан соң -й қосымшасы қосылып, әдеби тілдегі барсаңы, келсөңші орнына барсайшы, келсейші болып айтылатын жерлер де бар. Осы құбылысты диалектологиялық атласқа түсіріп байқағанда, таралуында басқа құбылыстай біркелкіліктің жоқтығы байқалады. Шығыстан бастап 1-пункттен 102-ге дейін Талдықорған, Алматы, Семей облыстары тұтасымен, Жамбыл облысының Шу бойы, Шымкент облысының онтүстік жағы, Ташкент облысындағы тұрғындардың бәрінде *де барсаңы, келсөңші* түрінде колданылады. Ал, Қызылорда облысында (182—203) түгелімен *барсайшы, келсейші* болып келеді. Мұндай құбылыс Жамбылдан Шымкент қаласына дейінгі (117, 120, 122—126-пункттерді) ара-лықты және Алғабас ауданы маңын (157, 158, 162—164) қамтиды.

Ал қалған жерлерде Жамбыл облысының Талас, Сарысу, Шымкент облысының Қызылқұм, Созак аудандарында бұлар әрі *барсаңы, келсөңші*, әрі *барсайшы, келсейші* болып қатар айтылады.

Ауызекі сөйлеу тілінде ұшырайтын ерекшеліктің бірі шылаулардың қолданылуына байланысты. Диалектологиялық атластың сұраулығында *шейін, дейін* және оның басқа да варианты *шекейін, шекті* сөздерінің таралу шегін анықтау жүктелген. Осыларды картага түсіріп, анықтағанда Зайсан маңындағы 1—6-пункттерде *шейін//дейін*, одан бері Семей облысының терриориясына жылжығанда *шекейін//шекті* (7—12), Талдықорған облысы шекарасына жақындағанда (13—19) *шекті* түрінде жұмсалған. Ал Талдықорған облысының Семеймен шектес ауданынан бастап осы облыс жері, Алматы, Жамбыл, Шымкент, Ташкент, Қызылорда облыстары терриориясында түгелге дерлік *шейін//дейін* шылауы қолданылатыны мәлім болып отыр. *Шекейін//шекті* вариантының Қазақстанның солтүстік, шығыс облыстарына тән құбылыс екенін осы өнір жайында жазылған оқулықтарда,<sup>29</sup> мақалаларда<sup>30</sup> айтылған.

<sup>29</sup> Қалиев F., Сарыбаев Ш. Қазақ диалектологиясы. Алматы, 1967, 95-б.

<sup>30</sup> Болатов Ж. Қошағаш қазактарының тіліндегі жергілікті ерекшеліктер. — Кітапта: Қазақ тілі тарихы мен диалектологиясының мәселелері, 4-шығуы. Алматы, 1962, 101-б.

Зерттеліп отырған онтүстік атыраптағы тұрғындар тілінде жоғарыда айтылғандай әр түрлі қосымшаларға, жалғау, жұрнақтарға байланысты өзгешеліктермен қатар, кейбір үстеу сөздердің жұмсалуында да айырмашылықтар барын көреміз. Мысалы, *ертең*, *таңертең*, *кешике* сияқты мезгіл үстеулері әдеби тілімізде етістік сөздермен тіркескенде бұл сөздер ешқандай өзгермей *ертең* келді, *таңертең* келді, *кешике* келді болып айтылады. Ал кейбір диалектология жайында жазылған еңбектерге қарағанда, бұл сөздер *ертеңгісін* келді, *таңертеңгісін* келді, *кешикісін* келді болып үстеу сөздерге -*gi*, -*sіn* қосымшалары қосылып өзгеріске түседі. Мұндай ерекшеліктер негізінен Алматы, Жамбыл, Шымкент, Талдықорған облыстарындағы тұрғындар тілін қамтиды. Бұл құбылыс онтүстік өнірдің денін, көп жерін қамтығанмен, Қызылорданың батысына қарай жүрген сайын қолданылуы шектеле бастайды. Сірә, бұл өзгешеліктің таралу шегі осы айтылып отырған жерден үзіліп, ары қарай бармайтын тәрізді.

Тұрғындар тіліндегі тағы да бір кездесетін өзгешелік — есімдіктердің қолданылуында. Онтүстік өнірдің кейбір жерлерінде *мен*, *сен* есімдіктерінің септеліп *маған*, *саған* деп айтылатын түрі *маға*, *саға* түрінде қолданылып, соңғы -*n* қосымшасы түсіп қалып отырады. Мысалы: *Ол қалтасындағы чақасын м аға берді. Бекқожининің үйі көпірдің әр жағында, одан откен соң, соға бара-сың*<sup>31</sup>. Бұл құбылыс зерттеліп отырған онтүстік облыстардың барлық жерінде айтылмай, тек Қырғызстанмен шектес Шымкент облысының Тұлкібас, Жамбыл<sup>32</sup> облысының Жуалы, Жамбыл аудандарындағы тұрғындар тілінде ұшырайтыны кейбір диалектологиялық еңбектерден бізге мәлім. Аталған ерекшеліктің таралу шегі, аясы тар, кейбір жеке аудандарда ғана айтылып, басқа жерлерде кездеспейтін құбылыстар. Сірә, бұл ерекшелік көрші қырғыз тілімен жиі қарым-қатынас әсерінен туса керек. Ондай өзгешеліктер қырғыз тілінің кейбір говорларына да тән<sup>33</sup>.

ОНТҮСТИК АТЫРАПТАҒЫ ЖИІ ҰШЫРАЙТЫН ӨЗГЕШЕЛІКТІҢ

<sup>31</sup> Досқараев Ж. Жоғарыда аталған мақала, 194-б.

<sup>32</sup> Досқараев Ж., Мұсабаев F. Қазақ тілінің жергілікті ерекшеліктері. Алматы, 1951, 105-б.

<sup>33</sup> Бакинова Г. Ысық-көл говорунун метериалдарынан. Фрунзе, 1955, 22-б.

бірі — септік жалғауларының жұмсалуына байланысты. Шығыс септікте қолданылатын кейбір сөздер Шымкент, Жамбыл, Алматы облыстары тұрғындары тілінде барыс септікте айтылады. Мысалы: *Ол ескіше бір -екі молдага оқыды. Ол мұғалімге оқыды*. Бұл сөйлемде әдеби тіл нормасы бойынша молдадан оқыды, мұғалімнен оқыды болып айтылады.

Осы іспеттес қазақ тіліндегі мезгілдік үғымды білдіретін жатыс септікте кейбір сөздер онтүстік атыраптағы тұрғындар тілінде барыс септік жалғауын қабылдайды. Шымкент (Бригадир құніге жұмыс басында болады. Биыл осы *айға* қар жауып қалуы мүмкін), Алматы (*Құніге* атыма бір дорба жем берем. *Жылыға* ең кем дегенде төрт дүз тұлқі аламын), Жамбыл (чеснокты құзге егу керек. Ағаш түбіне құніге бір рет су құйып тұрады. Чөп жылыға өне бермейді) облыстары тұрғындарынан мынандай мысалдар келтіруге болады.

Диалектологиялық атластың материалына қарағанда бұл құбылыс Қазақстанның онтүстік облыстарындағы көптеген аудандарды қамтиды. Бұл да бір онтүстік өнірдегі тұрғындар тілін қазақ тілінің басқа жерде мекендайтін батыс немесе солтүстік орталық говорлар тобынан ажырататын, жүйелі түрде кездесетін құбылыстың бірі болып саналады. Тіл тарихына байланысты кейбір еңбектерде осы өзгешеліктің пайда болуы жайында айтылған пікірлер де жоқ емес. Э. Ермеков пікірінше онтүстік өнірдегі осы өзгешелікті көрші Орта Азия елдерінің тіллінен тікелей енген немесе сол тілде сөйлеген кейбір тұқымдардың қазақ құрамына енуінен пайда болған Шағатай тілінің мөлшері деп қарайды. Шын мәнінде, жатыс септігінің орнына барыс септігінің жалғауының жұмсалуы өзбек тілінің кейбір говорларында (Самарқанд — Бұхар говорлар тобында) кездеседі. Ал бұл жалғаудың параллель қолданылуы ескі өзбек жазу ескерткішінде де бар құбылыс. Егер осы сияқты тіл материалдарына сүйенсек, жоғарыда айтылған Орта Азия тілінің әсері деген пікірді қуаттай түседі.

ОНТҮСТИК ӨНІРДЕГІ ТҰРҒЫНДАР ТІЛІНДЕ ЖИІРЕК ҚОЛДАНЫЛАТЫН ЕРЕКШЕЛІКТІң бірі — жалғаулық шылау мен көмектес септік жалғауының қызметін атқаратын *-мен* (-бен, -пен, -менен, -бенен, -пенен) қосымшаларының өзгеріске үшырап, *-бан* (пан, ман, -банан, -бынан, -манан,

-мынан, -панан, -пынан) болып айтылуы. Әсіресе бұл құбылыс Шу бойы тұрғындарында, Шымкент облысында көбірек кездеседі. Оған Шу өңірінен жиналған мынандай мысал келтірейік. *Ілгеріде тек малманғана отырмай, бірқатарымыз қолтіс жасап қос атпан, түйеман жер жыртатынбыз. Мен пойызбан бардым... онда аспанман таласқан үйлер бар. Бір баламынан келепатады. Түйе үлкен болғанымынан чөпті аз жейді. Тоқпанбеттер батырлықпан өткен екен. Сыртын қайыспынан қантаган.* Шылау түрінде айтылатын -мен, -бен, -пен де жуандап айтылады. *Ұлман қызы, малман бас,* т. б. Мұндай құбылыстар Алматы облысының Жамбыл (Біз арбамынан келдік, олар атпынан бармак), Шымкент облысының Тұлкібас, Сайрам (ол бұрын балдақпан жүретін. Бұл бала осы бойымынан диірменге барып келді), т. б. аудандарында да кездеседі.

Диалектологиялық атласқа қарағанда бұл құбылыстың таралу шегі Шығыстан бастап Алматы қаласына дейін -мен болып, әдеби тіл нормасы жұмсалады. Жамбыл облысының Қордай, Мойынқұм және Шымкент облысының Түркістан, Алғабас, Қызылқұм аудандары, Қызылорда облысы түгелімен әдеби тілдерідегі -мен арқылы айтылады. -ман (-бан, -пан) болып айтылу Жамбыл облысының Қордай мен Мойынқұмнан басқа аудандары, Шымкент облысының оңтүстік аудандары, Ташкент облысында кездеседі.

-ман болып жуандап өзгеріліп айтылу көрші өзбек тілінде, оның кейбір говорларында кездеседі. Мысалы, өзбек тілінің кырк говорында -ман, -мынан (укаминал, укамман, атамынан, атамман) болып айтылу кездеседі. Әдеби тіл нормасынан ауытқып қазақ пен өзбек тілдерінің кейбір говорларында ғана ұшырайтын бұл құбылыс осы халықтардың құрамына енген тайпа тілдерінен сақталған көне құбылыс болуы да мүмкін. Мұндай түркі тілдеріне тән кейбір ерекшеліктердің шығу төркіні, таралу шегі сияқты мәселелердің кейбіреуі түркі тілдерінің диалектологиялық атласын жасағанда шешілмек.

Енді бір оңтүстік говорлар тобында кездесетін морфологиялық өзгешеліктің бірі — ашық райдың үшінші жағының қолданылуына байланысты. Жергілікті тұрғындар тілінде ауыспалы келер шақтың соңына жалғанатын -ды қосымшасы ықшамдалып, т, ә-мен айтылады.

Аталған құбылыс оңтүстік өнірдің бәрін түгел қамтымай, Шымкент, Жамбыл облыстарының көрші қырғыз халқымен шектес, аралас тұратын жерлерінде жиірек кездеседі. Әсіресе Жамбыл облысының Мерке, Қордай, Шу аудандарындағы тұрғындар тілінде көп айтылатынына осы өнірден жылған мына мысалдар дәлел бола алады.

*Төре төрелік қы(л)са төре болат, төрелік қыла а(л)маса төбе болат (мақал). Чыпан чал екі баласын мергендікпен асырап жүрет. Осы кісінің зарын Алда-берген өлең етіп шығарат. Осы іспеттес мысалдар Тұлкібас, Жуалы маңында да кездеседі. Кең күм то з-ба-йд, кеңесті ауыл азбайт (мақал).*

Ашық райдың ауыспалы келер шағының үшінші жағының -ды қосымшасының ықшамдалып, қысқарып өзгеріліп келуі әдеби тілімізде де ұшырайтын кездері байқалады. Бұл қебінесе өлеңдерде ұшырайды. Мұнда ақынжыраулар өлең шығарғанда буын санының әдеттегі нормадан асып кетпеу заңдылығын сақтап, үшінші жақ қосымшасын қысқартпа пайдаланады. Мұндай ықшамдалышылық қара сөздерде проза саласында байқалмайды. Ал сөз болып отырған өнірдегі тұрғындар тілінде өлең шумақтарында жоғарыдағыдан буын саны аспағанның өзінде де, -ды қосымшасының өзгеретінін, сондай-ақ өлеңсіз жай қарасөзбен сөйлегеннің өзінде де осы өзгерістің болып, ерекшеленіп отыратыны кездеседі.

Қырғыз тілінде жіктік жалғауының үшінші жекеше түрі -т қосымшасы арқылы (...ээ болат, ...санды гана көрсөтөт ...баяндооч түктү билдиret, т. б.) беріледі. Қөрші тілде бұл құбылыстың жүйелі түрде қолданылуын ескерсек, оңтүстік өнірдің осы халықпен шектес жерінде -ды қосымшасының өзгеріп т, әркылы берілуін, осы тілдің әсерінен болғандығына ешкім күмән келтіре алмайды.

Жіктік жалғауының үшінші жақ көрсеткішінің -ат түрінде жиірек қолданылуы алтай, қырғыз тілдерінде ұшырайтындықтан, түркі тілін зерттеуші мамандар осы тілдерге тән морфологиялық көрсеткіш деп санайды<sup>34</sup>. Бұған ойрот (Туман тенъистенъ чыгат), қарашай-балқар (алат//олад), азербайжанның Баку қаласы маңындағы селоларда кездесетін ерекшелікten (чыхад, алат, китәд),

<sup>34</sup> Гаджиева Н. З. Жоғарыда аталған еңбек, 80-б.

қырғыз (баратат, келетат), үйгыр (аләтмәз). Батыс Сібір татарлар тілінен (алатым, алатаң, алаты, алатақ, алатыңыс//алатығыс, алаты//алат) мысалдар келтіреді. Бұл құбылыс түркі тілдерін өзара ерекшелендіріп тұратын изогlostық өзгешеліктердің бірінен саналады.

Онтүстік өнірдегі тұрғындар тілінде кездесетін, бірақ барлық жерге бірдей тарамаған азғана жерде ұшырайтын құбылыстың бірі — көптік жалғауының жұмсалуы. -лар тұлғасы әдеби тілде өзінен бұрынғы дыбыстардың ыңғайына, үндесуіне қарай, кейде -лар, -лер, кейде -дар, -дер, -тар, -тер болып түрленіп отырады. Ал жергілікті тұрғындардың сөйлеу тілінде бұл заңдылық түгел сақталмай, )лар, -лер айтылатын жерлерде -дар, -дер болып айтылатынын көреміз. Мысалы, ол, сол, бұл сияқты сілтеу есімдіктеріне көптік жалғау қосылғанда *солар*, *олар*, *бұлар* болып -лар арқылы берілсе, сөз болып отырған өнірдің кейбір жерлерінде *садар*, *одар*, *бұдар* болып -дар болып айтылады.

Қазақ тілінің кейбір говорында -лар, -лер вариантының көп айтылмай, оның міндетін -дар, -дер қосымшасы атқаратыны да бар. Бұл, әсіресе шығыс говорлар<sup>35</sup> тобында басым құбылыс.

Онтүстік атыраптағы тұрғындар тілінде кейбір есімше, етістік, т. б. сөздердің қолданылуында өзгешеліктер кездеседі. Олар өзінің таралуы жағынан осы өнірге тән болып келеді де, басқа жерлерде ұшырай бермейді. Әдеби тілімізде *ауданға қарайтын*, *қалаға қарайтын* деген тіркестердегі қарайтын сөзінің орнына қарасты сөзі қолданылады. Мысалы, осы *ауданға қарасты* (осы ауданға қарайтын), *Қазақстанға қарасты* (Қазақстанға қарайтын). Бұл өнірде осыған қосымша қарасты сөзі ортақ етісті білдіріп, жәрдемдесу әрі бірігіп іздеу, карасу мағынасын да білдіреді. Проф. С. Аманжолов қарашли сөзінің өзбек тілінде, *қарааштуу* сөзінін қырғыз тілінде ұшырауын ескере отыра бұл құбылыс сол өзбек, қырғыз тілімен ұштасып<sup>36</sup> жатқанын айтады.

Әдеби тіл нормасы бойынша қолданылатын етістіктің

<sup>35</sup> Болатов Ж. Восточная группа говоров казахского языка и ее отношение к литературному языку. Автореф. дис. ... докт. филол. наук. Фрунзе, 1970, с. 46.

<sup>36</sup> Аманжолов С. Вопросы диалектологии и истории казахского языка. Алма-Ата, 1959, с. 250.

есімше түріндегі *көрер*, *көретін*, сондай-ақ етістіктің келер шақ формасында тұрган *көрмек*, *көрешек* сөздерінің орнына онтустік өнірдегі, Шымкент облысындағы кейбір аудандардағы тұргындар тілінде *көресі* сөзі қолданылады. Мысалы, *пешенеге не жазса, бенде соны көресі*. Ж. Досқараевтың айтуынша бұл құбылыс тек қана сол жердегі қоңыраттар мен қыпшақтар тілінде ұшырайтын тәрізді.

Зерттеліп отырған говорлар тобында аз жерді қамтып, осы өнірдің бәрін бірдей қамтымайтын құбылыстың бірі етіс категориясының жұмсалуына байланысты. Эдеби тілімізде және қазақ тілінің басқа говорларында өздік етіс формасында жұмсалатын сөздер ырықсыз етісте қолданылады. Мысалы, *бұрынғы көне заман қалынып жатыр. Фабрик-завод құрылышын жатыр. Бетінен қаны тамылған* (бетінен қаны тамған).

Осындай ырықсыз етісте қолданылатын сөздің бірі әдеби тілдегі өткен шақ есімше формасында қолданылатын *туған* сөзінің орнына *туылдым* сөзінің қолданылуы. Бұл құбылыс онтустік өнірдің Шымкент, Жамбыл және Ташкент облыстары тұргындары тілін қамтиды.

Әдеби тілімізде күрделі етістік жұмсалатын жerde онтустік өнірдің кейбір жерлерінде бірақ етістік жұмсалады. Мысалы, *төтеп берейік деу* орнына *төтейік, жауапқа тартылды* орнына *жауапталды* сөзінің қолданылуы дәлел.

-мақ (-мек, -пақ, -пек, -бақ, -бек) формасында қолданғанда, өзінен соң -ши, -ши аффиксін қабылдаса, онтустік өнірдегі тұргындарда -ыл, -іл қосымшасын қабылдайды. Мыс.: қармақыл болды (қармамақшы болды). Бұл құбылыс та бұл өнірді түгел қамтымайтын, кейбір жерлер де ғана ұшырайтын өзгешелік.

Кейбір жеке сөздердің қолданылуында тарапу шегі аз құбылыстар да кездеседі. Оndай өзгешелік -п формалы көсемше орнына көсемшениң -ай, -ей формасының жұмсалуы. Мысалы, *асығыстай* (асығып).

Әдеби тілдегі кейбір сөздерге қосылатын аффикстердің жергілікті халық тілінде жалғанатын кездері де бар. Мысалы, *кем* сөзіне -шил, -шил қосымшасының қосылып *кемшил* болып айтылуы. Бұл қосымша қосылғанда ешқандай үстеме мағына бермей, бұрынғы *мағынасын* сактап тұр.

Енді кездесетін кейбір өзгешеліктер үстен сөздердің қолданылуында. Әдеби тілде айтылатын *әсте* сөзі онтүстік өңірдегі кейбір жерлерде *-илы*, *-інде* қосымшасын жалғап, *астайды*, *әстінде* түрінде айтылады.

Осы тәрізді *tinti* үстен де сонына *н* қосымшасын қосып, *tinten* болып кеңейтіліп айтылады.

Кейбір модаль сөздердің де кеңейтіліп әдеби тіл нормасынан өзгеріп айтылатын жәйттері де жоқ емес. *Тағы* сөзі сонына *н* қосымшасы жалғанып *тағын* түрінде айтылып, әдеби тілден және қазақ тілінің басқа говорларынан өзгешеленеді. Бұл құбылыс та онтүстік өңірді түгел қамтымай кейбір аудан, ауылдарда үшырайтын өзгешеліктер.

Сондай-ақ кейбір шылау сөздердің жұмысалуы жағынан да онтүстік өңірдегі тұрғындар тілі басқа говорлардан ерекше екенін көрсетіп тұрады. Мысалы, әдеби тілде және қазақ тілінің басқа говорларында *айтқан соң* болып айтылса, онтүстік өңірде *соң шылауынан соң жерде* сөзі қосылып, *айтқан соң жерде* түрінде айтылады.

Септік жалғауының қолданылуында үшырайтын өзгешеліктер де бар. Әдеби тіл нормасы бойынша көмектес септікте айтылатын кейбір сөздер шығыс септікте қолданылады. Мысал ретінде *сыртыңан шық* сөзінің *сыртыңмен шық* орнына қолданылуы.

Сол тәрізді жатыс септігінде айтылатын сөз орнына барыс септігі жұмысалады. Мысалы, *Арыста тұрамын* деген сөз орнына *Арыс қа тұрамын* болып айтылуы. *Bir a ifa bir kелемін* (бір *айда* бір келемін).

Барыс септік орнына шығыс септігі қолданылатын жерлер де кездеседі. Мысалы, *өкпелімін бу тоғдан* (*өкпелімін бу тоға*).

Біз бұған дейін онтүстік өңірде үшырайтын грамматикалық ерекшеліктердің тарапу шегін, қолдану аясын, пайда болу себептерін айтып өттік. Енді осы құбылыстардың бүкіл онтүстік говорларына ортақ ерекшелігі қайсы, жеке говорлар аясында қолданылатыны қайсы?— деген занды сұрақ туады. Зерттеліп отырған регионда осы өңірдің бәрінде де айтылатын ортақ грамматикалық құбылыстармен бірге жеке говорларда ғана қолданылатын айырмашылықтар да кездеседі. Ондай онтүстік алқаптың бәріне ортақ өзгешелік ретінде төмендегі ерекшеліктерді атауға болады.

1. Бұйрық рай формасының -қын, -ғын, -кін, -гін қосымшасы арқылы берілуі.

2. Тәуелдік жалғауының үшінші жағына қабаттаса -сы, -сі қосымшасының (көбі -сі) жалғануы.

3. Ертең, таңертең, кешке деген мезгіл үстеулерінің етістік сөздермен тіркескенде, әдеби тіл нормасынан өзгеріп, үстеу сөздерге -gi, -ki қосымшалары қосылып (*ертеңгісін келді, кешкісін келді*) айтылуы.

4. Шығыс септікте қолданылатын кейбір сөздердің барыс септікте (мұғалімге оқыдым) айтылуы.

5. Мезгілдік ұғымды білдіретін жатыс септіктегі кейбір сөздер барыс септік (күніге, жылға) жалғауын қабылдауы.

6. *Ауданға қарайтын, қалара қарайтын* деген тіркестегі қарайтын сезінің өзгеріп, *ауданға қарасты* болып айтылуы.

Осы жоғарыда келтірілген оңтүстік диалектісіне ортақ өзгешеліктермен бірге осындағы бірнеше говорларда айтылып, зерттеліп отырған өнірді екіге бөліп отыратын құбылыстар да баршылық. Мысалы, оңтүстік өнір ерекшелігі жөнінде жасалған диалектологиялық атластың материалына қарағанда *оқығалы бері, келгелі бері* тіркестері Ташкент, Қызылорда, Арыс, Шу говорларында айтылып, Жетісу говорында *оқығаннан бері, келгеннен бері* түрінде қолданылады. Сондай-ақ *-тұғын* қосымшасының (бартұғын, анықтұғын) қосылуы да жоғарыда келтірілгендей оңтүстікті екіге бөледі. *Уақтылы келді, уақтымен келді* тіркестері жөнінде де осыны айтуға болады. Бұның соңғысы Жетісу говорында айтылса, алдыңғысы басқа говорларда кездеседі. Сондай-ақ өздік етіс формасында қолданылатын кейбір сөздер ырықсыз (*құрылыну, істеліну*) етіс формасында қолданылуы жағынан да Жетісу говорынан басқасы бірыңғай айтылады. Бұл құбылыстарға қарағанда Жетісу говоры басқа говорлардан бөлініп қалып отырады.

Кейбір өзгешелікке қарағанда Шу, Шымкент, Ташкент говорларында айтылып, Қызылорда, Жетісу говорларында кездеспейтін ерекшеліктер бар. Мысалы, *-ман, -бан, -пан* қосымшаларының Шу, Ташкент, Шымкент говорларындағы қолданылуы осыны дәлелдейді.

Біз жоғарыда оңтүстік говорлар тобына ортақ және оның кейбір говорлар тобын қамтып, басқа жерде

кездеспей екіге бөліп тұратын өзгешеліктерін сөз етік.

Енді осындағы әрбір говорлардың өзіне тән ерекшеліктеріне тоқталайық.

## Ташкент говорына тән грамматикалық ерекшеліктер

Қазақ тілінің Ташкент говорына тән грамматикалық ерекшеліктерді айрықша бөліп атауға болады. Бұл жердегі тұрғын қазактардың туыс өзбек тілімен жиі қарым-қатынас жасап, сондағы тұрғындардың үдайы өзбек халқының ортасында болғандығынан, өзбек тілінің және осы тілге енген парсы тілінің әсері бар екенін аңғаруға болады. Ондай айырмашылықтар мына төмендегіше:

1. Қазақ әдеби тілінде қолданылатын *-лар*, *-лер*, *-дар*, *-дер*, *-тар*, *-тер* сияқты көптік жалғауының орнына өзбек тіліндегі ә дыбысының еркін, кез келген жерде қолданынан туып отырған *-лэр*, *-дәр*, *-тәр* вариантының басым айтылуында. Мысалы: *түшпәрәләр* (пельмендер), *мәктәптер* (мектептер), *мәмләкәттер* (мемлекеттер), *қарәмдәр* (капусталар)<sup>37</sup>.

2. Иран-тәжік тілдеріндегі жеке етістіктердің бұл өнірдегі тұрғындар тілінде жеке қолданылмай, жүрнақ-қа айналып *-бын*, *-бін* (тамашабін — жағымпаз, палбын — бал ашушы), *баз* (қартабаз — қарташы, ішкілікбаз — ішкіш) болып қолданылуында.

3. *-кеш* (мейнеткеш, әзілкеш — ұсак, жанжалкеш), *-қор*, *-хор* (тегінқор — паразит, адамқор — кісі өлтіргіш, қанқор — қан ішкіш), *-дар*, *-тар* (айыптар — айыпты, шаруадар — шаруа, тұлдар — бай, өнімдар — өнімді, әсілдар — жемісті, заттар — асыл тұқымды), *-паз* (қауәппаз — шашлық жасаушы, мәнтпаз — мәнті жасаушы), *-хан//қан* (кітапқан оқырман) *гәзітхан* (газет окушы) сияқты әдеби тілде де ұшырайтын қосымшалардың әдеби тілде және басқа говорларда кездеспейтін сөздер жасауында.

4. Бұл өнірге иран-тәжік тілі жүрнектарының басым қолданылуы тән. Ондай жана сөз тудыратын қосымшаларға *-ана*, *-ене* (она), *маяна* (енбек ақы), *айыбана*

<sup>37</sup> Авдувалиев Ю. Фонетико-морфологические особенности Ташкентского говора казахского языка. Автореф. дис. ... канд. филол. наук. Алма-Ата, 1967, с. 12.

(айып ақы), қайбана (бөтен), кейуана (кемпір); -андар, -енде: пезенде (шебер аспазшы), гәзенде (бұзық), пәренде (құс), қоренде (асхана клиенті), күшанда (құрт-құмырсақ өлтіруші); -даң: білімдан (білімді); -мен, -ман: қасалмән (аурулы), -зар, алмазар (алма бақ), алшазар (алша бақ), гүлзар (гүл өсетін жер), талзар (тал бағы), тәңзар (жүзім бақ) сияқтыларды келтіруге болады.

5. Иран-тәжік префиксінің мол қолданылуы да Тащекент қазақтары тілін қазақ тілінің басқа говорларынан ерекшелендіріп тұрады. Олар сер: сермазмұн — мазмұнды, серсақол — сақалды; пеш: пешқадам — алдыңғы қатарлы, пешуан (терраса); бәді: бәдбәшәрә — сұрықсыз, бәдәжәһіл — ашуланшақ; ным, нім: нымжан (элсіз), німрең — сұп-сұр. Сондай-ақ бұл өнірде -бе, -би, -ба, -на префикстері өте актив қолданады.

6. Етістіктің осы шағының қазақ тілінің басқа говорларынан ерекше болып келетін қосымшасының болуында. Ол қосымша — отыр, тұр, жатыр, жүр сияқты көмекші етістіктердің жіктелгенде -п (-ып, -ин) болып көсемше формасында жіктеліп, осы шақ мағынасында жұмсалады<sup>38</sup>.

7. Қазақ әдеби тіліндегі және басқа говорлардағы -ғыз, -ғіз, -қыз, -ғыз сияқты өзгелік етіс формасының орнына түрлі фонетикалық өзгеріске ұшырап, -ғаз, -ғез, -қаз, -кеz болып (турғазу — тұрғызу, отқазу//отырғазу — отырғызу, көргезу — көргізу, өткезу — өткізу) түрленіп айтылады.

8. Қазақ әдеби тілінде келер шақ есімше тудыратын -мақ жүрнағының, Тащекент қазақтары тілінде тек етістік жасайды. Мысалы: Біз Тащекентте оқымақтаамыз. Заман жақсы болмақта. Бұл құбылыс та өзбек тілінде жиі ұшырайды.

### Шымкент говорына тән грамматикалық ерекшеліктер

Шымкент говорында да онтүстік өнірге тән басты-басты грамматикалық ерекшеліктер ұшырайды. Сонымен бірге оны басқа говорлардан бөліп тұратын өзгешеліктер жоқ емес. Біз жоғарыда онтүстік диалектісіне тән

<sup>38</sup> Адвудвалиев Ю. Жоғарыда аталған еңбек, 16-б.

трамматикалық ерекшеліктерді арнайы сөз еткендіктен, бұл жерде осы говорға тән деген құбылыстарды атап өтпекшіміз. Ондай айырмашылықтарға мыналарды жатқызуға болады:

1. Эдеби тілде жатыс септікте қолданылатын сөздердің барыс септікте айтылуы. Мысалы, *brigadir күніге жұмыс басында болады*.

2. *Мен, сен есімдіктерінің барыс септікте тұрғанда маға, саға* болып ықшамдалып айтылуы тән.

3. Етістіктің бүйіркүйкіндейтіндең -ың, -ің жүрнағын қабылдауы тән (*барың, келің*).

4. Келер шақтың үшінші жағы -сы, -си (*көресі — көрсіні көрді*) арқылы жасалуы.

5. Эдеби тілде ырықсыз етіс сабакты етістіктерден жасалады. Ал бұл өнірде кейбір салт етістіктер ырықсыз етіс формасында жұмсалады. Мысалы, *Жертөле құрылышының тұр*.

6. Екінші жақ жіктік жалғауы -сың, -сің формасында айтылмай -сын, -сін түрінде н арқылы қолданады. Мысалы, *сен барасын*.

7. *Бей* префиксі мен *хана* қосымшасының көбірек қолданылуы тән. Мысалы, *беймалал* — жайбарақат, *бәйәбір* — абырысыз, *бейауыз* — бейпіл, *бейбазар* — базарсыз күн, *қүшқана* — мал соятын жер, т. б.

8. Откен шақтың ауыспалы түрі *басатынұғын* (басатын), *бартұғын* (бар болатын) формасында қолданады.

9. *Тұғын* формасының қысқарған, ықшамдалған -тің формасының жиірек қолданылуы тән. Мысалы, *бұл біздікітін* (біздікі болатын).

10. Бүйіркүйкіндейтіндең -қыл, -ғыл, -қіл, -гіл формасының қолданылуы басым. Мысалы, *айтпағыл* (айтпа), *байлап қойғыл* (байлап қой), *шақырғыл* (шақыр).

11. Эдеби тілдегі болады да, келеді де формаларының орнына *болаттағыны*, *келеттағыны* түрлері жій ұшырайды.

12. Осы шақтың нақтылы түрі *бара жатырыппыз* (бара жатырмыз), *келейатырыппыз* (кеle жатырмыз) түрінде қолданылады.

## Қызылорда говорына тән грамматикалық ерекшеліктер

Қызылорда говоры қамтитын Сыр бойы бір жағы батыс, екінші жағы оңтүстік говорлар тобының түйіскен жерінде. Мұндағы тұрғындар да этникалық жағынан аталған терриорияның батыс жағында Қіші жүз қазақтары, ал оңтүстік жағында Ұлы жүз қазақтары құрамына кіретін үйсін, қаңлы, сіргелі, жалайыр рулары. Ал орталық шенінде Шиелі, Қызылқұм, Жанақорған өңірінде қоңырат, қыпшақ, найман рулары. Міне осындай этнотобының көп араласуынан, сөз болып отырған жердегі тұрғындар тіліндегі ерекшеліктер де әр түрлі. Сөйтіп Қызылорда говоры үлкен екі диалекттің шектескен жерінде болғандықтан әрі оңтүстік, әрі батыс говорларына тән құбылыстар да кездеседі. Бұл говордың негізгі өзіне тән айырмашылығы оның өтпелі говор болып, екі говорлар тобына тән ерекшеліктердің қатар қолданылып айтылуында.

1. Қызылорда говорында оңтүстік говорлар тобына тән бүйрік райдың екінші жақ жекеше түріндегі -қын// -ғын, -қін// -гін қосымшасымен бірге *барсай* (барсаңыш), *алсай* (алсаңыш), *жүрсей* (жүрсөңі) формалары қолданылады.

2. Есімшенің -қан, -ған, -тын, -тін формаларының орнына -р, -ар -ер журнағы жи्रек айтылады. Мысалы: *уәйімдей бастар* еді (уәйімдей бастаған еді).

3. Откен шакты білдіретін *бар болатын* тіркесінің орнына *бартұғын* вариантының айтылуы басым. Мысалы, *ол жаңа бар тұғын*<sup>39</sup>.

4. *Жатыр* етістігінің батыс говорлар тобындағы есімшенің -ған қосымшасын қабылдап, *жатырған* түрінде қолданылады.

5. Қызылорда говорын түгел қамтымай, батыс өңірінде кездесетін жіктік жалғауының екінші жақ көпше түрі -сыңыз, -сіңіз (барсаңыз), сондай-ақ батыс говорлар тобына тән -жақ (бережақ) формасы кездеседі.

6. *Біз, сіз* есімдігінің I, II жақ сыпайы түріне ілік септігі қосылғанда *бізің, сізің* болып ықшамдалып айтылуы тән.

<sup>39</sup> Бектурев Ш. Қыл-ординский говор казахского языка. Авто-реф. дис. ... канд. филол. наук. Алма-Ата, 1968, с. 13.

7. Оңтүстік говорлар тобының басқа жерлерінде айтыла бермейтін қырман көтеру (егін қаптау), есікті қапсыру (есікті жабу), бір шек болу (біргі), тәлпіш адам (женілtek), баз кешу (ұміт ұзу), дәтмал айту (кенес беру), танасын шығару (ұрсу), көлі басқа адам//сүи басқа адам (бөлек рудан келген адам) сияқты сөз тіркестерінің қолданылуы<sup>40</sup>.

8. Қалау райының келер шағын жасауда -қай, -ғай қосымшасы қолданылады. Мысалы, барғай, айтқай, келгей, т. б. Түркі тілінде жазылған көне ескерткіштерде -ғай формасының қалау райының көрсеткіші ретінде қолданылғанын М. Кашқаридың жазған еңбегінен көреміз<sup>41</sup>.

### Шу говорына тән грамматикалық ерекшеліктер

Қазақ тілінің Шу говоры орналасу ынғайына қарай Жетісу мен Арыс говорының аралығында жатқандықтан бұл жерден бірде Арыс бойындағы, бірде Жетісу бойындағы тұрғындар тіліне тән ерекшеліктердің кездесуі заңды да. Кейде осы говорларда кездесетін құбылыстар бұл жерде параллель қолданылады. Сонымен бірге өзіне тән ерекшеліктер аңғарылады. Олар мыналар:

1. Жалғаулық шылау мен көмектес септік қызметін атқаратын -мен, -бен, -пен қосымшаларының -бан, -ман, -пан (банан, манан, панан) тәрізді жуан вариантының айтылуы байқалады. Бұл құбылыс тұрғысынан алғанда Арыс, Ташкент говорларымен ортақ қасиеттер аңғарылады.

2. Ашықрайдың ауыспалы келер шағының үшінші жағындағы -ды қосымшасының ықшамдалып, барады, келеді болып айтылмай барат, келет түрінде қолданылады. Сірә бұл құбылыс көрші қырғыз тілінің әсерінен туған болу керек.

3. Ол, сол, бұл есімдіктеріне қосылған көптік жалғауының -лар формасының -дар вариантының қолданылуы. Бұл да көрші қырғыз тілінің әсерінен туған ерекше-

<sup>40</sup> Сонда, 15-б.

<sup>41</sup> Тенишев Э. Р. Указатель грамматических форм к «Дивану тюркских языков». — В кн.: Қазақ пен ұғыры тіл білімі мәселелері. Алматы, 1963, 195-б.

лік деуге болады. Үйткені аталған тілде *-дар* түрінде айтылу дағдылы құбылыс.

4. *Дұр тұлғасының есіммен тіркесіп, дәлдік, тиянақтылық мағына беріп, шылау магынасында жұмсалып (түйедүр), етістіктің *a, e, i* жүрнақты көсемше тұлғасына жалғанып, бастауыш пен баяндауышты қыстырыатын үшінші (барадүр, боладүр) жақ көрсеткіші ретінде қолданылуы.*

### Жетісу говорына тән грамматикалық ерекшеліктер

Жетісу говоры грамматикалық құбылысы жағынан көп ретте басқа говорлардан ерекшеленіп отырады. Мұнда жалпы онтүстік говорларға тән ортақ өзгешеліктер де ұшырайды. Ал кейбір Шу, Шымкент, Қызылорда, Ташкент говорларында әдеби тілден ауытқытын өзгешеліктер бұл өнірде әдеби тілмен бірдей болып келеді. Мысалы, диалектологиялық атласқа арналған сұраулық бойынша жиылған материалға қарағанда осындай әдеби тілмен ортақ жағдайын аңфарамыз. Картага түскен *оқығаннан бері, оқығалы бері* тіркестерінің соңғысы басқа говорларда жергілікті ерекшелік ретінде тіркелсе, Жетісу өнірінде *оқығаннан бері* болып әдеби тілдегідей қолданылады. Сондай-ақ *тұғын қосымшасы* есім және модаль сөздерге қосылғанда Шу, Арыс говорларында өзгешелік болып саналғымен, Жетісу говорында ол байқалмайды: Сондай-ақ септік жалғауы мен жалғаулық шылау көрсеткіші *мен, пен қосымшаларының -ман, -бан, -пан* болып жуанданып айтылуы Шу, Арыс говорларына тән болғанмен, Жетісу говорында ол байқалмай, әдеби тіл нормасымен бірдей айтылады. Картага түскен *уақтылы келдім, уақтында келдім* деген құбылысқа қарағанда, алдыңғысы Шу, Шымкент, Ташкент говорларын қамтыса, соңғысы Жетісуда әдеби тілдегідей айтылады.

Ал Жетісу говорына тән грамматикалық ерекшелік ретінде қалау тілек мағынасын білдіретін *-лы* қосымшасының қолданылуын айтуға болады. Бұл құбылыс Талдықорған, Алматы облысы территориясында, үйғырмен шектес отырған жерлерде кездеседі. Мысалы: *жұыналы* (жұынайық), *отыралы* (отырайық), *берелі* (берейік), т. б.

Оңтүстік говорлар тобын лингво-географиялық түрғыдан зерттегендеге, кейбір құбылыстардың кездесуі жағынан орталық-солтүстік, кейбір өзгешеліктердің ұшырауынан батыс немесе шығыс говорлар тобымен бірыңғай болып келетінін аңғарамыз. Мысалы, -лы қосымшасы оңтүстік өңірде кездессе, бұл құбылысты батыс говорлар тобынан да ұшыратамыз.

Сол сияқты *шекті*, *шекейін* шылауының Жетісудың шығыс өнірінде ұшырауы жағынан бұл ерекшелік оңтүстік говорлар тобының қазақ тілінің шығыс говорлар тобымен ортақ өзгешеліктерінің бар екенін аңғартады.

Кейбір картага түскен құбылыстарға қарағанда, оңтүстік өңір тілі орталық-солтүстік және шығыс говорлар тобымен бірдей болып, оның таралу шегі тек батыс говорлар тобында ғана кездесетін өзгешеліктердің бар екенін көруге болады. *Оған барал шығар* (баратын шығармын), *барулы*, *келулі* (барыпты, келіпті), *бара-жак*, *кележақ* (бармақ, келмек), *-сызыз*, *-сіңіз* (-сыз, -сіз: барасыз, келесіз) сияқты құбылыстарды картага түсіргендеге аңғардық. Бұл құбылыстар ерекшелік ретінде тек батыс говорлар тобында ұшырап, қалған жерлерде әдеби тіл нормасымен бірдей айтылатыны дәлелденді.

### Тәжік говорына тән грамматикалық ерекшеліктер

Тәжік қазақтары тілінде ерекше көзге түсетін грамматикалық ерекшеліктің бірі *-ң*, *-ың*, *-ің* формалы етістік тұлғасының жиі қолданылуы. Етістіктің бұл қосымшалары етістікке жалғанғанда бүйірек мәнде қолданумен қатар тілек, қалау, сыпайылық рендерді де білдіреді. Оңтүстік говорлар тобының көп жерлерінде бүйірек рай формасы *-қын*, *-ғын*, *-қін*, *-ғін* қосымшасы арқылы берілсе, сөз болып отырған өнірде *-ң*, *-ың*, *-ің* тұлғасында айтылады. Мысалы: *барың* (бар), *келің* (кел), *тұрың* (тұр), *шығың* (шық).

Ң қосымшалы етістік өзінің осылай ешбір бөгде морфологиялық форманттардың көмегінсіз-ақ әрі сыпайылық, әрі жекеше, көпше мағыналарда бірдей жұмсалғанда береді. Мысалы: *Сіз табыс етің*. *Сендер үйықтай берің*. *Оларға бермем*, т. б.

С. Аманжолов бұл құбылысты оңтүстік диалектінің

грамматикалық ерекшеліктерінің бірі деп тани отыра, түркі тілдерінде де сақталып келе жатқан көне құбылыстың бірі деп есептейді<sup>42</sup>.

М. Қашкари сөздігінде -ң тұлғалы етістіктің осы мағынада жұмсалуын ескерсек, С. Аманжолов пікірінің дұрыстығын қуаттай түседі.

Бұл ерекшелік онтүстік говорлар тобын түгел қамтымай, Шымкент облысының Өзбекстан территориясына жақын, шектес аудандардағы тұрғындар тілінде жи үшіншійді. Соңғы кездегі зерттеулерге қарағанда батыс говорлар тобына кіретін Манғыстау<sup>43</sup>, Қарақалпақ ССР-і мен Түркімен ССР-індегі<sup>44</sup> қазақ говорларында жи қолданылатын, осы үш говорларға ортақ, батыс говорлар тобындағы ең бір басты құбылыс болып жүр.

---

<sup>42</sup> Аманжолов С. Жоғарыда аталған еңбек, 249-б.

<sup>43</sup> Омарбеков С. Жоғарыда аталған еңбек, 147-б.

<sup>44</sup> Нұрмагамбетов Э. Қазақ тілі говорларының батыс тобы. Алматы, 1978, 181-б.

## *Үшінші таралу*

### **ЛЕКСИКАЛЫҚ ЕРЕКШЕЛІКТЕР**

Қазақ тілінің жергілікті ерекшеліктерін зерттеп журтеген тіл мамандары қырық жылға жуық уақыттың ішінде республикамыздың түкпір-түкпіріндегі аудандардағы әрі басқа республикада тұратын қазақтардың тілі жайында қыруар материал жинаады. Онда фонетикалық, грамматикалық, лексикалық өзгешеліктер де бар. Осының дені, көбі де лексика саласы.

Жалпы лингвистикалық әдебиеттерде диалектілік ерекшелік деп нені танимыз, диалектілік сөздерді сөздікке қалай пайдаланымыз, оның әдеби тілге қосар үлесі жайында айтылып та келеді. Бұл жайында диалектілік сөзге өзінің белгілі дәрежеде таралу шегі бар, әдеби тілдің сөздік қорына енбейтін сөздер<sup>1</sup> деген Ф. П. Филин мен Ф. П. Сороколетовтың тұжырымын айтсақ та түсінікті. Қөп жағдайда әдеби тіл мен диалектілік лексиканың шегін ажыратып, дәл басып айту да қынға соғады. Эсіреле бүндай жағдайлар әдеби тіл нормасы қалыптасып болмаған, даму кезеңінде кейбір түркі тілдерінде анық байқалатыны жайында айтқан А. Л. Юлдашевтың,<sup>2</sup> сондай-ақ қазақ тілінде әдеби тіл мен диалектілік лексика шегінің ұштасып жатқаны туралы Ш. Сарыбаев-

<sup>1</sup> Филин Ф. П. Проект словаря русских народных говоров. М.; Л., 1961, с. 22; Сороколетов Ф. П. Диалектная лексика в ее отношении к словарному составу общенародного языка. — В кн.: Слово в русских народных говорах. Л., 1968, с. 222.

<sup>2</sup> Юлдашев А. Л. Принципы составления тюркско-русских словарей. М., 1972, с. 62.

тын<sup>3</sup> айтқан пікірлері көңілге қонарлық. Үйткені кейбір жағдайда бірнеше сөз қатар айтылып бір ұғымды беріп түрғанда, әдеби тілдегі баламасын айту қынға соғады. Мысалы, қазақ тілінде мал жегеннен қалған шөптің ірісін *қәшек*, *сақ*, *сағдар*, *сақпыр*, *сақылтыр* деп немесе нан сүзетін тесік ожауды *кепсер*, *қәкпір*, *шәулі*, *шолпы*, *сүзекі*, *майшолпы* деп атап жүр. Осындай сөздерден де әдеби тілмен диалектілік сөз шекарасын анықтаудың қын екени өзінен-өзі-ақ белгілі.

Енді оңтүстік говорлар тобындағы лексикалық ерекшеліктердің түрлері қандай деген мәселеге келейік. Зерттеліп отырған диалектідегі жергілікті ерекшеліктің саны да, таралу шегі де әркелкі. Кейбір лексикалық құбылыстар бүкіл оңтүстік говорларды түгел қамтиды. Оған оңтүстік өнірге тән, тіpten, кейбіреуінің таралу шегі қазақ тілінің шығыс говорлар тобында да кездесетін *асар*, *там*, *әпке*, *әпкіш*, *жағылан*, *жейде*, *сым*, *зімбіл*, *сыпира*, *шаудім*, *шәйнек*, *оп*, *долы*, *жолым үй*, *жұалдыз* тәрізді кең аумақты<sup>4</sup> сипаттағы диалектілік құбылыстарды айтуға болады. Қазақ тілінің оңтүстік-шығыс облыстарындағы түрғындар тілін лингвистикалық география түрғысынан зерттең, тіл құбылыстарының таралу шегін картаға түсіргенде, бұлардың бүкіл оңтүстік өнірге тән кең таралған ерекшелік екені анықталып отыр. Ал енді кейбір сөздер оңтүстік диалектісін түгел қамтымай екі не үш говор терриориясында қолданылып, басқа говорларда кездеспейді. Мысалы, *ашты* (аңы), *бесік пеш* (темір пеш түрі), *қәшек* (мал жегеннен қалған шөптің ірісі), *қарма* (курып, диірменге тартылған бидай, жугегері талқаны), *мама ағаш* (ат байлайтын ағаш), т. б. Жетісі мен Шу говорында айтылып, басқа говорда кездеспейді. *Пал*, *пісіше* (шекілдек), *сапал* (кесе), *теппе* (тезек), т. б. сөздер Шу мен Шымкент говорында айтылып, басқа говорларда кездесе бермейді. Кейбір *жап*, *жарма* (арық түрлері), *кеқпір*, *қарық*, *шопақ* тәрізді сөздер Ташкент, Шымкент, Қызылорда говорларында айтылып

<sup>3</sup> Сарыбаев Ш. Ш. Қазахская региональная лексикография. Алматы, 1976, с. 12.

<sup>4</sup> Кең аумакты, орта аумакты және шағын аумакты сипаттағы диалектілік құбылыстар сияқты диалектілік терминдер Ш. Сарыбаевтың ұсынуынша алынып отыр. Бұл жөнінде жоғарыда аталған еңбектің 214-бетін қарасты.

басқа говорларда оның орнына басқа сөздер жұмсалады.

Сондай-ақ кейбір *ашық-машиқ* (топса), *боз үй* (киз үй), *леген* (табак), *қойқосақ* (кемпірқосақ) сияқты сөздер Ташкент, Шымкент, Шу говорларында айтылып, басқа говорларда кездеспейді. Ал кейбір сөздер *дәліз*, *бәдірен* (қияр), *еге* (ие), *жертөле* (жер үй), *ниала* (шай кесе), *шабақ* (мәтке үстіне салатын ағаш), т. б. Шымкент, Қызылорда, Шу, Ташкент говорларында айтылып, тек қана Жетісу говорында кездеспей, оның орнына басқа баламасы айтылады. Міне, осы іспеттес сөздерді екі, үш, не төрт говорды қамтып, бүкіл онтүстікке тән болмагандықтан, орта аумақты сипаттағы диалектілік сөздер деп таптық. Жиналған сөздердің кейбіреулері жеке говорларда кездесіп, басқа жерге тарамаған шағын аумақты сипаттағы диалектілік сөздер. Оған мысал ретінде Жетісу говорында кездесіп *асбұзыл* (асхана), *дас* (шылапшын), *жық* (қалың), *сілеген* (мәтке), *шанжа* (шабақ), *біләл* (дуал), *далан* (ауыз үй), *зай* (сыз), *сейпіл* (корған), *керт қара бас* (жеке бас), *собалақ* (зуала, илейтін нан бөлегі); Шымкент говорына тән *саяпанған* (сая), *шайдоз* (шәүгім), *парваз* (шабақ), *маяна* (жалақы), *желме* (үш қадақ), *нымша* (шоқшаның төрттен бірі), *пәнсәрі* (батпанның сегізден бірі), *шоқша* (ширектің төрттен бірі); Қызылорда говорында кездесетін *әйдік* (үлкен), *әтешкір* (шымшуыр), *іскенже* (тисы), *сақ* (кәшек), *үзбен* (кеспе), *нарсалма* (шығырдан су шығаратын арық), *кергі* (әуіттің тіреуі), *тоғын* (шығырдың білік ағашы), *болат* (теңізден бөлініп шықкан су), *суалма* (су басып қайткан айлақ жер), т. б.; Ташкент говорында кездесетін *тосын* (мәтке үстіне салатын ағаш), *ұстын* (тіреу), *балхана//балахана* (үй үстіндегі женіл үйшік), *пақса* (балшық), *нам* (ат, есім), *базім* (той кезіндегі ойын-сауық), *қалта түп* (той басқарушыға беретін үлес), Шу говорында кездесетін *сару ер* (ер түрі), *қагылға* (киз үй есігі), *седеп* (ақ түйме), *чыбыр* (қырқа), *тұніке* (қаңылтыр) және тәжік говорында кездесетін: *сәрвәнт* (су көмейі), *мағыз* (көрпенің жиегі), *яхаб су* (сор жерге берілген қыскы су), *рәү* (мәтке), *чорек* (бауырсак), *кәл там* (тоқал там), т. б. сөздердің айтуға болады.

Лексика саласынан жиылған материал да мол. Олардың бәрін синоним, омоним, антоним, табу, эвфемизм

сияқты лексикалық категорияларға бөліп жатуды жұмыс көлемі көп болып кететіндіктен артық көрдік. Бұл туралы онтүстік өнір жайында жазылған монографиялық енбектерде, мақалаларда кеңірек орын берілген. Біз онтүстіктен жиылған лексикалық ерекшеліктерді лингвистикалық география түрфысынан зерттеп, тарапу шегін анықтап, онтүстіктің өзіне тән ерекшеліктер, оның әрбір говорына тән құбылыстар, бірнеше говорларына тән ерекшеліктерін беріп отырмыз. Мұнда онтүстік говорлар тобына тән сөздердің қазақ тілінің шығыс, батыс, орталық-солтүстік говорлар тобынан айырмашылығы, ортақ қасиеттері жайында тоқталдық.

Әдеби тіл мен онтүстік говорлар тобының қарым-қатысын сөз еткенде, онтүстік өнірдегі өсімдік аттарының, бау-бақша, ирригация, егінге байланысты сөздердің молдағыны, олардың әдеби тілімізді байытуға мол үлес қосатының ерекше атап айтқымыз келеді. Ондай сөздердің саны көп болғандықтан, бәрін тізімдеп беріп жатпай, кейбір шаруашылыққа байланысты сөздерді беруді ма-мұл көрдік.

### **Онтүстік говорлар тобына ортақ лексикалық ерекшеліктер**

ОНТҮСТИК говорға тән ортақ лексикалық ерекшеліктердің бірі — бұл өнірдегі кәсіби лексиканың бәрінде бірдей қолданылуы. Бірен-саран сөздер болмаса (мысалы, қияр, бәдірен), көпшілік жағдайда осы өнірдің бәріне бірдей тән болып келеді. Ондай ортақ кәсіби сөздерге егінге, суалдыру шаруашылығына, өсімдік аттары, бау-бақша, жеміс және мал атауларына (мұнда да тана, тайғіз сияқты бірер сөзде айырма бар) байланысты сөздер.

Сонымен бірге күнделікті өмірде қолданылып жүрген едәуір сөздердің онтүстік говорлар тобында ортақтығы байқалады. Оны мына тәмендегі мысалдардан көруге болады.

Ақыр — малға шөп салатын орын. *Ақырға шөп сал* (Алм., Кег.). *Атты ақырға байладым* (Алм. Гв.). *Ақыр шөпті тапап тастамау үшін пайдаланады* (Шымк., Қызылқ.). *Ат байладым ақырға, өзім жаттым тақырға* (Жамб., Св). *Бет алдыңыздағы үзынша қабырғада*

талдан тоқылған ақыр түр (Б. Соқ., Біз де бала бол., 82).

Аққұла — қырман қызылдағанда бөлек шығарып қоятын дән, астық.

Ақта — піштірлген мал.

Асар — көмек, жәрдем, тамақтандыруды өз мойнына алып көп адамды көмекке шақыру. Бұл сөз Қызылорда, Жамбыл, Алматы қазақтары тілінде айтылады. *Там тұргызуға жекжаттарым көп асар салысқан. Үй салуды ойласақ, асарға адам жинаймыз* (Қ.-орда, Сыр.).

Атыз — қолдан суарылатын егістік жердің бір бөлегі. *Әрбір атыз әдің көлемі ширек гектардай* (Қ.-орда, Сыр.). Бұл сөз Жамбыл, Ақтөбе, Қостанай облыстарының кейбір жерлерінде айтылады.

Аужар — жар-жар (Қ.-орда, Сыр., Жал., Жамб., Шу, Жам., Шымк., Сай.; Алм., Шел.). *Бұрын келіншек түскенде аужарды көп айтатын еді* (Шым., Сайр.). Осы күнгі ақындар аужардың жаңа түрін ойлан шығарды (Қ.-орда, Шиелі).

Әке — қарағым, шырағым (Жамб., Шу; Алм., Шел., Қег.; Т.-қорғ., Гв.; Сем., Ұрж., Абай). *Мәмпесі же, әкем* (Жамб., Шу). *Әкем, үйге кір* (Ал., Шел.). *Әкем-ау, сен бүгін сабаққа бармаушы ма едің?* (Б. Соқп., Біз де бала бол., 229).

Әпке — өзінен үлкен қыз, апа (Алм., Жам., Шел.; Т.-қорғ., Жамб., Шу; Сем., Абай). *Қылыштың әпке сі Алматыда оқиды.*

Әпкіш — су таситын ін ағаш (Алм., Жам., Шымк., Шығ. Қаз. Тар.; Сем., Мақ.). *Әпкішті әкелші* (Алм., Жам.). *Әйелдер суды әпкішпен әкеледі* (Шымк., Сай.).

Бада — бағудағы бір топ мал (Қ.-орда, Шиелі, Сыр.; Алм., Шел.; Шымк., Шәу.). *Сиырды ол бадаға қосты* (Шымк., Шәу.).

Бәсіре — арнаулы, меншікті мал. *Мына қозыны балама бәсіре қып беріп еді* (Жамб., Кор.). *Майлышының бала кезінде бір бәсіре тайы болыпты* (Шымк., Арыс). *Басыңа ұстайтұғын шатыр қалды, Бәсіре мінетүғын атың қалды* (Қ. Әзірбаев, Шығ., 57).

Бойра — қамыстан тоқылған тоқыма. *Бойраны*

*үйдің төбесіне, киіздің астына салады* (Жамб., Св.). *Үй-  
ге бойра төсеп қояйық* (Шымк., Сайр.).

Бопыркора — керегесін шөп, қимен өсірген, отын немесе қыста малды күншуаққа қоятын төбесі ашық қора. Бұны Қекшетау қазақтары *аран деп атайды*.

Дәліз — ауыз үй, сенек, кіре беріс. Бұл сөз Қызылорда, Жамбыл, Шымкент және Түрікменстан қазақтары тілінде айтылады. Жетісу говорында бұның орнына *далан* сөзі қолданылады. *Мен ләм деп улгергенімше, дәліз дең қоңырау үні сыңғырлап қоя берді* (Б. Соқ., Бізде бала бол., 232). Өзбекше — дахлиз, қарақалпақша — *дәлиз*.

Дейілше — екі-үш бүттүк қап, ыдыс. *Ұнды дейілше ге салып әкел* (Алм., Жам.). *Астық дейілше ге аз сияды* (Шымк., Сайр.).

Долы — бүршак. *Биыл бір мәрте долы жүрді* (Шымк., Сайр.). *Егінді долы үрган жоқ* (Жамб., Шу).

Дубіраяқ — ерте туған төл. Бұл сөз Семей, Кошагаш тұрғындары тілінде де кездеседі.

Жағылан//жағыдан — былгарыдан, киізден жасалған киім салатын сандық, чемодан. *Осы күнге дейін жағыланға керек-жарағымызды саламызы* (К.-орда, Сыр.).

Жадағай — астарсыз тігілген жеңіл шапан. *Ол шыли жадағай киетін* (Шымк., Қызылқ.). Түрікменстан қазақтары тілінде *жадағай* деп арасына жұн тартып тігілген астарлы шапанды айтады.

Жекелеу — сирету, бөлектеу. *Бізде қылчаны же-  
кеleу ге кірісті* (Жамб., Шу). *Қызылаша, мақта түптеп-  
рін жекелеу керек* (Шымк., Сайр.).

Жолым үй — көшіп-қонуға лайықты тік уықты сүйір төбелі кішкене киіз үй. *Жолым үйі ғана бар шаруа еді* (К.-орда). *Қөшип-қонуға жолым үй ыңғайлы болады* (Жамб., Шу). *Бұрын жолым үй мен жайлайға шығатын едік* (Алм. Шел.). *Жолым үйді жол-жөнекей тігетін* (Шымк., Сайр.). Бұл сөз Гурьев, Түрікменстан тұрғындары тілінде де ұшырайды.

Жуалдыз — тебен ине. *Жуалдыз бен көбіне қаптың аузын тігеміз* (К.-орда, Қарм.). *Жуалдызың бар ма бере тұршы* (Т.-корғ.).

Зуала — иленетін қамыр наның үзіндісі, бөлегі. *Екі зуала илесем жететін шығар* (Алм., Шел.). *Бір*

*зуала бәріне жетеді* (Шымк., Сайр.). *Зуаланы ыса қойшы, илейтін емес, дайын қамыр ғой* (К.-орда, Сыр.). Бұл сөз Түрікменстан қазақтары тілінде де осы мағынада қолданылады. Өзбекше — *зувала* (Узб.-рус. сл., 1959), қарақалпақша — *зууала* (Карак.-рус. сл., 1958), түрікменше — *зувала*.

**Б а қ ы р** — шелек.

**А қ қ ұ л а** — қырмандағы бидайды қаптар алдында берілетін садақа.

**Д ең г е н е** — мал сойып, кезек-кезек шақыру.

**Д ә у** — үлкен. Дәу ат екен.

**Е л г е з е р** — ұн елейтін елек.

**Е р ш і к** — ат жеккенде жетекті көтеріп тұратын бел-кайыс өткізілетін ер.

**Е ш т ең к е** — ештеңе, еш нәрсе. *Е ш т ең к е етпейді*.

**З е м б і л** — носилка. *З е м б і л м е н* балшық тасы-дық.

**Ж е й д е** — еркектердің көйлегі.

**К е м п і р а у ы з** — шеге суыратын құрал.

**Қ ы р м а н т ү п** — қырманның ең соңғы жағында қал-ған астық.

**Қ а п ш ы қ** — ақша салатын күмәжнік.

**Қ о ш на** — көрші. *Қ о ш на с ы да отыр екен*.

**Қ ә ш е к** — шөптің мал жегеннен қалған ірісі.

**Қ е б е // к е п е** — ерте туған қозы.

**Т а н а** — бұзаудың бір жасқа дейінгі кезі.

**Ш ә у г і м** — шай, су қайнататын 3—4 литрлік ыдыс.

**Ш ә й н е к** — аққұман, шай шығаратын ыдыс.

**Ш о қ а й // ш а р ы қ** — шики теріден істелген аяқ киім.

**Қ а м ы р** — етке салатын нан.

**Қ е б е н т а й** — киізден жасалған, малышлардың жа-уын-шашында киетін сырт киімі.

**Қ е л і м д ә р і** — қызылбұрыш. Бұл сөз онтүстік өнірде қолданылумен қатар Түрікменстан қазақтары тілінде де үшырайды.

**К е м бағ а л** — мүгедек, нашар, кем. *Бір балам к е м бағ а л болып тұр* (К.-орда, Сыр.).

**К е р н е й** — 1. Самауырынның трубасы. *К е р н е й самоварға қойылады* (Шымк., Сайр.). 2. Темір пеш трубасы. *Пештің к е р н е й і н е н тұтін шығып кетті*.

**К е у с е н** — қырман қызылдағанда астық сұраушы-ларға беретін үлес. *Бұрын қырман басында к е у с е н*

*сұраушылар көп болушы еді* (Қ.-орда, Шие.). *Өсербайға қырман басынан берілетін кеүсен бар* (Жамб., Қор.).

*Көрпелдес* — кенже туған қозы. *Көрпелдес-тің жүнгі бір рет қырқылады* (Шымк., Сайр.). *Көрпелдес қозым бар еді* (Т.-қорғ.). *Көрпелдес қозыны жеке күтеміз* (Жамб., Св.).

*Кірлен* — шылапшын. *Кірлен сыртта тұр* (Жамб. Жұа.). *Кірленге басыңды жу* (Алм., Жам.). *Кірленді дәлізге кіргізіп қой*.

*Қазан* — сұық ұрып таусылу. *Қауын қазан болды.*

*Қос айдау* — егін айдау. *Олар қос айдан жүр.*

*Қырман қыршу* — қырман тегістеу, қыртысын қыру.

*Майқандау* — бастырған бидайды шөп-шалаңнан тазарту. *Жел болмай бидай майқанда ламай тұр* (Шымк., Сайр.). *Бидайды майқанда п жібер* (Алм., Шел.).

*Мойнатұрық* — ағаштан жасалған өгіз қамыт. Бұл сөз көне ескерткіште де айтылады. М. Қашқари сөздігінде *бөзундуруқ* (III, 194) сөзі осы мағынада жүмсалған.

*Мор* — ыстық қоз, қоламта. Бұл сөз онтүстік облыстардан басқа Семей, Костанай тұрғындары тілінде де кездеседі.

*Морлау* — жұмсарту, жібіту. *Ұықты, керегені морла п жатыр* (Алм., Кег.). *Қыық ағашты морлаған соң, тезге салады* (Жамб., Шу). *Керегені морла п болып, ұықтарын морлауға кірестім* (Қ.-орда, Сыр.).

*Морошак* — жерошақ. Кірпіштен жасалған ошак.

*Нам* — ат, есім. *Намыңыз кім.*

*Нәл* — етіктің өкшесіне, тұмсығына қағылатын тәмір. *Далалы жерде нәлсіз етік те көп киile береді.* Бұл сөз түрікмен қазақтары тілінде де айтылады. Түрікменше — *нал* (Рус.-туркм. сл., 1956), өзбекше — *нахал, нагал* (Рус.-узб. сл.), қарақалпақша — *наль.*

*Оп* — 1. Астықты көлікпен бастырғанда, көлікті байлау үшін орнатылған қырман ортасындағы ағаш. 2. Қырмандағы бидайды бастыратын көлік. *Айдан жүрдім обымды, айналдырып кидім тонымды* (Шымк., Қызылқ.).

О п айдау — көлікпен егін бастыру. *О п айдаң жатырмызы.*

Падашы — сиyrшы. *Тананы падашыға қос* (Жамб., Св). *Сиyrды бағу падашылаға тапсырылды* (К.-орда, Сыр.). *Падашы үйиқтап қалған шығар* (Шымк., Сайр.).

С урыу — ұшыру, қызылдау. *Азғана бидай қалды,* *сұрыптасталаңық* (Жамб., Шу). *Бидайды сұрып болды* (Шымк., Тұл.).

Сүдігер — зябь. *Сүдігерді айдан жатыр, жуыр арада бітеді* (Жамб., Шу). *Откен жылы 200 гектар сүдігер айдаадық* (Шымк., Сайр.).

Сүйек тасу — ревматизм. *Сүйек тасумен ауырғанда дәрігерге көріну керек* (К.-орда, Сыр.). *Бұрын сүйегі тасыған адам адыраспан сұнина шомылатын* (Алм., Жам.).

Сым — матадан тігілген шалбар.

Сыпра — ұн елегенде, наң жайғанда астына төсейтін теріден жасалған дастарқан. *Сыпраны бершиі, қамыр салып қоямын* (Алм., Жам.). *Мына сыпрағы ұн жете ме* (Шымк., Сайр.). *Сыпраны презенттен де жасайды* (Жамб., Кор.).

ТАМ — кірпіштен, балшықтан жасалған үй. *Осы ауыл түгелдей дерлік шифрлі там салуда* (К.-орда, Сыр.). *Бұл тамның салынғанына көп болды* (Шымк., Сайр.). *Ағайымыз екеуміз екі бөлмелі там салып алдық* (Жамб., Шу).

Тесе — жер қазатын, бау-бақша шөптейтін кішкене кетпен. *Картопты тесемен түптейміз* (Шымк., Қызылк.).

ТОҚАШ — бауырсақ. *Қазір тоқаш пісіреміз* (Шымк., Сайр.). *Тоқашты майға пісіреді* (Жамб., Жам.).

Тұсу — міне (арба, мәшине). *Мәшинеге тұсіп келдім.* Бұл сөз Семей тұрғандары тілінде де айтылады.

Тігу — отырғызу, салу, себу. *Биыл азғана қауын тіктік* (К.-орда, Жам.). *Ол капустаны қөктемде тікті* (Жамб., Жам.). *Есік алдына ағаш тіккін* (Алм., Жам.).

Ұйысу — үйимдасу. *Бұлар соғысқа дейін колхоз болып үйисын келген* (К.-орда, Сыр.).

Шабық — арам шөп отағы. *Қауын шабығына*

*мектеп оқушылары жылда араласады* (К.-орда, Шиелі).

*Шабықтау — отау, арам шөптен тазарту. Қылшаны сүгарғаннан кейін шабықта аймыз* (Жам., Шу). *Арам шөбі шабықта ламаган жердің қауыны да нашар* (К.-орда, Шиелі).

*Шаңғарақ — шаңырақ. Үйдің шаңғаралғы тозған екен* (Шымк., Сайр.).

*Шиша — шамның шынысы, стеклосы. Шамның шиша сы жоқ* (Жамб., Төл.).

*Ықтыхн — бидайдың ұшығы.*

*Ыстық — ыссы. Күн ыстық болып кетті.*

### **Шу мен Жетісу говорларына ортақ сөздер**

*Анақы - мұнақы — ондай-мұндай. Ол анақы - мұнақы деп жөнді жауап бермеді* (Жамб., Кор.). *Сен базардан анақы - мұнақыны әкелгін* (Алм., Кег.).

*Бесік пеш — қазан орнатпайтын, бесікке үксас сопақшалау болып жасалған қаңылтыр пеш. Бе сік пеш қып жасат* (Жамб., Шу; Алм., Шел.).

*Жакы — құлын жарғақ. Бұрын біреулер жакы киетін еді* (Алм., Шел.).

*Жәке — әкесіне айтылатын сез. Жәкем айттып қоймаушы еді* (Жамб., Кор.). *Жуырдағана жәкем келді, енді сен келдің* (Б. Соқ., Жекпе-жек, 92).

*Загара — қол диірменге тартылған жүгерінің ұны.*

*Кәшек — шөптің мал жегеннен қалған ірісі. Кәшек жиып қойсаң, отқа жағар едің* (Жамб., Кор.). *Ақырдағы кәшекті аптаста* (Алм., Кег.).

*Кепсер — бауырсақ сүзгіш. Кепсер болмаған-дықтан етті алу қыны.*

*Көмбеш — нан пісіретін таба. Көрші нан пісірем деп көмбешті алып еді* (Алм., Жам.).

*Көсөу — қысқаш, шымшуыр. Ұста жақсы көсөу жасап берді.*

*Кармағаш — бидай мен жүгеріні қуырып, диірменге тартып ұнтақтаған түрі.*

*Мамағаш — ат байлайтын ағаш. Түсейік деп ат басын мамағашқа қарай бұрды* (Б. Соқп., Біз дө бала бол., 198).

*Мыйат — тірек, көмек. Мыйат, мыйаттың ту-*

*бі* ұят. Жақсының әсіл қайраты, халқына мыйат беліне (Жамб., Мер.). *Мыйат тұту* (арқа сүйеу).

Наубай — наң пісіретін орын. *Наубайға* наң *pіcіріпті* (Жамб., Мойын.). *Нанды наубайға - ақ салып пісіреміз* (Алм., Жам.).

Ойық — үйдің қабырғасына ыдыс-аяқ қою үшін жасалатын құыс. *Табақ ойықта тұр* (Алм., Шел.). *Ійдыс-аяқ ойықта* (Жамб. Жам.).

Ошақ пеш — дөңгелек темір пеш, қазан орнататын қаңылтыр пеш. *Ошақ пеш қыста өте қолайлы.*

Сабет//сәбет — талдан тоқылған ыдыс. *Жидек тे-ріп сабетке саламыз.*

Сақаю — сауығу, аурудан жазылу. *Сен аурудан сақаидың* ба?

Тетір — теріс, қисынсыз. *Бізден тетір іс болған шығар, кешіріңіздер* (Жамб., Шу). *Мұның өзі тетір сөз* (Алм., Шел.).

Топатай — ағаштан не қайың қабығынан жасалған кішілеу шелек. Бұл сөз Қостанайды тобатай түрінде айтылады.

Тісағаш — бұрынғы уақыттағы ағаш соқа. *Бұрын кедейлер тісағаш ен де айдаған* (Жамб., Шу).

Чанда-чанда — анда-санда. *Чанда-чанда болмаса ешкім келмейді* (Жамб., Кор.).

Шынтақ — трубаның, кернейдің иіні. *Шынтақты бұра түс, қисайтып қолды* (Жамб., Мер.). *Тұтін шынтақтан шығып жатыр, шынтағын балшықпен майлаш таста* (Алм., Еңб.).

### Ташкент пен Шу, Шымкент говорларына ортақ сөздер

Асадал — тамақ салатын сырлы, оюлы шкаф. *Асадалдың қақпағын өрнектеп жасайды* (Жамб., Шу).

Асық — артық. Келесі жылды колхоз *егінді асық айдады* (Жамб., Шу). *Біздің колхоз кейбір колхоздан асық* (Шымк., Мак.).

Ашық-машық — топса. *Есіктің ашық-машықтыңын шегесі босап кетіпти.*

Байтаба — жүннен тоқылған шүлғау. *Ілгері де байтаба жасап киеді* (Жам., Кег.). *Өзбекше — пайтаба. Тәжікше — поитава, қарақалпақша — пайтаба.* Бұл

сөз Орал, Гурьев, Түркістан қазақтары тілінде де кездеседі.

Боз үй — киіз үй (Шымк., Кызылқ., Сайр., Жамб., Корд.). Баріміз де боз үйге кірдік (Жамб., Корд.). Бұрын жазда боз үйде отыратын (Шымк., Сайр.).

Жер келі — жерден қазып жасаған келі. Жер келі ге түйген тарының қарасы кетпейді.

Кой қосақ — кемпірқосақ. Кеше көпке шейін қоюқосақ бол түрді (Шымк., Сайр.).

Леген — ет салатын жалпақ табақ. Етті легенге сап әкел (Жамб. Мер.). Легенде қатырма түр. (Шымк., Сайр.).

Мардан — бойра, тоқыған қамыс. Бұл сөз Семей, Шығыс Қазақстан облыстары тұрғындары тілінде де кездеседі.

Мәре — сөре. Мәре ге жақындағанда атты сабап қосып жібер (Жамб., Кор.). Қекпар тартқанда, екі жаққа да мәре салады.

Пал — бақша ішінде суғаруға лайықтап бөліп қойған жер. Қауын еккен палыңың ені неше қадам (Жамб., Жуа.).

Парваз — мәткенін үстіне көлденен салатын жіңішке ағаштар. Парвасыз там жасауға болмайды.

Писте — күнбағыс. Пистені жинау уақыты әлі болған жоқ (Шымк., Арыс.). Пистенің өнімі жақсы.

Сапал — кесе, үлкен кесе. Сорпаны сапалға құйып бер (Шымк., Сайр.). Бұрын үлкен кесені сапал дейтін едік (Жамб., Жам.).

Сөре — қарақшы, финиш. Байге аттары шауып келгенде сөреден өтеді, сөреден бұрын өткені озғаны (Алм., Шел.).

Таңамал — таң сәрі, таңалды. Олар шөпке таңамал кетпек ойы бар (Шымк., Сайр.).

Теппе — қытай жиналған қиды көлікпен бастырып, құйып жасаған тезек. Теппениң көбін қысқа дайындалған үйін қояды (Шымк., Мак.).

Тураган — етті, нанды ұсақтап турап, сорпа құйып жасаған ет, тамақ. Қазір шайдан соң, тураган жейміз (Шымк., Сайр.).

Ұстаган — ет тураганда, қонағы қарап отырмас үшін жеуге берілген ет. Мейманға алдымен ұстаган беру біздің жақтың салты.

**Шайдоз — құман, мыс құман.**

**Шартак — қарақшы, бәйге атының келетін жері. Бәйге аттары шапқанда шартак белгілейтін (Жамб., Сар.).**

**Шепаузы — революциядан бұрынғы алынатын салық. Шепаузыды жылына бір рет жинаиды (Жамб., Луг.). Енді шепаузы жоқ (Жамб., Төл.).**

### **Ташкент, Шымкент және Қызылорда говорларына ортак сөздер**

**Жап — егіннің ішіне су жіберетін кішкене арық. Жаптан алынған су егіске тарайды (К.-орда, Қарм.).**

**Жарма — үлкен арық. Биыл жарманың сұзы аз болып тұр (Шымк., Қызылқ.). Егінге су жармадаң тарайды (К.-орда, Жел.).**

**Кекпір — нан сүзгіш. Кекпір, көбінесе, палау пісіргендеге қолданылады (Шымк., Қызылқ.).**

**Карық — егін арасына су жіберетін кішкене арық.**

**Сая-панада — көленкелі жер, баспана, далда. Ол сая-панада отыр. Кішкене жас бұзаулар сая-панадаға байланыды.**

**Тәбімше — ойымша, пікірімше. Менің тәбімше бұл ғылымға үлес қосуы керек.**

**Шәйлә — қамыс қора. Қамыстан тоқып істеген қосты шәйлә дейміз.**

**Шолпы — кепсер, тесік ожау.**

**Шопак — шөпек, қауын-қарбыз дәні. Iрі қауынның шопағын алып қалып, келер жылы тігеміз (К.-орда, Жал.). Торламаның шопағын жиып колхозға тапсырды (Шымк., Қызылқ.).**

### **Шымкент, Қызылорда, Шу, Ташкент говорларына ортак сөздер**

**Бастырма — бір жақ қабырғасы, төбесі жабық жай. (К.-орда, Сыр.; Жамб.: Жуа, Шу; Шымк., Қызылқ.). Бастырма да құман бар (Жамб., Жуа). Бастырма да отырып шай ішеміз (Шымк., Қызылқ.). Бір бастырма бастырамыз деп едік, ағаш табылмай отыр (К.-орда, Арал).**

**Бәдірен//бадыраң — қияр (К.-орда, Сыр., Жал.;**

Шымк., Мак.; Жамб., Шу). Біздің ел бәдір ен салып машиқ еткен емес (К.-орда, Сыр.). Осы колхозда биыл бәдір ен аз екен (Шымк., Сайр.).

Дәліз — ауыз үй, сенек, кіреберіс. Қол жұғыш дәлізде (К.-орда, Сыр.).

Еге — ие. Мынау аттың егесі қайда (Шымк., Қызылк.). Мынау аттың егесі қайда (Жамб., Св.). Бұрын бұл жердің егесі қарақалпақ елі болған (К.-орда, Сыр.).

Жертөле — жерді қазып жасаған үй. Е, балам-ай, бұрын жертөле де өстік қой (К.-орда). Малдың жаз жайылатын жеріне жертөле жасадық (Шымк., Тұл.).

Жүдә — аса, өте, тым, тіпті, мұлде. Бұл қалпақ ыстықта жүдә жақсы (Шымк., Мак.). Қасым жүдә жақсы оқиды (Жамб., Төл.). Жүдә қабағы шытылып кетіпти (Жамб., Мойын.). Осы жердің шебі жүдә жақсы (К.-орда).

Кеүіл — көніл. Осы жасқа келгенше олардан кеүілім қалған жоқ (Жамб., Шу). «Ол ұят болады» — деп Сом айтқан соң, Ұялып онандағы қайтты кеүілім (Руст. Даст., 1961, 30-б.). Жас кеүілді сөз бұзады, тау мен тасты жел бұзады (Жамб., Мойын.).

Нарын — етін де, нанын да ұсақ етіп тураған ет. Нарын сыйлы қонаққа беріледі (К.-орда). Қырғыз тілінде нарын — ұсақ туралған ет (Кир.-рус. сл., 314).

Нәрен жу — жүдеу, арықтау. Омар соңғы жылы нәрен жіп кеткен (К.-орда, Жал.). Ол біраз нәрен жіп қалған екен (Жамб., Шу). Бұл сөз Гурьев, Ақтөбе, түрікмен қазактары тілінде де айтылады.

Пияла — шай кесе, кішкене кесе. Пияланы жирап қой (Жамб., Шу). Пиялаға шай құйып ішеміз (Шымк., Сайр.). Балам-ай, біргана пияла шай ішкениң қалай (К.-орда, Сыр.).

Саңлақ — үлкен сай, алқап, арна, өзен. Сен осынау саңлақтың бойымен жүре бер (Шымк., Сар.). Ол саңлақты жағалап жүрді (Жамб., Сар.).

Себет — талдан тоқылған ыдыс (корзина). Себеппен себет арбаға мінеді (мақал). Базар сайын екі себет жүзім апарал (К.-орда, Сыр.). Түрікменше — себет, қарақалпақша — себет, парсыша — сепедь корзина мағынасында (Л. Буд., I, 620).

*Сыпа* — сәкі, балшықтан биіктеу етіп жасалынған жай, орын. *Тамға сыпа* тазалық үшін жасалады (Шымк., Сайр.). *Сыпа тамның төр жағында* (Жамб., Жам.).

*Тара* — нағашы. *Адамның бір жұрты — тағасы* (К.-орда, Тал.). *Оның тағасы* ертең жүреді (Шымк., Сар.).

*Тәлімі бидай* — суармалы бидай. *Биыл тәлімі бидайдың гектарын көбейттік* (Шымк., Сайр.). *Бұл елде тәлімі бидайғана болады* (К.-орда, Сыр.).

*Шабақ* — үйдін төбесіне салатын жіңішке ағаштар. *Бұл сөз Жамбыл, Шымкент, Қызылорда облыстарында айтылады.*

*Шайырлау* — семіру. *Қойдың шайырлаитын мезгілі болды* (К.-орда, Жал.). *Қои шайырлағап қалды* (Шымк., Тұл.).

*Шака* — мыс, бақыр ақша.

## Ташкент говорының лексикалық ерекшеліктері

Онтустік говорлар тобынын ішінде басқа говорларға қарағанда ерекше бөлініп тұратын, жеке өз алдына говор деп танитын жер — Өзбекстан территориясындағы қазақтар тілі. Өзбекстан жеріндегі қарақалпақ қазақтарының және Тамды қазақтары тілі жайында екі-үш монографиялық зерттеулер жүргізіліп, еңбек жазылғаны мәлім. Қарақалпақтағы тұрғындардың этникалық құрамы Кіші жүз қазақтарына жатады. Осындағы этникалық жағын ескере отырып, әрі қазақ тілінің батыс говорларымен тікелей қарым-қатынасының молдығына сүйеніп, Ә. Нұрмамбетов<sup>5</sup> аталған говорларды батыс говорлар тобына жатқызып зерттеген болатын. Алайда кейбір фонетикалық-лексикалық ерекшеліктері жағынан онтустік говорлар тобының элементі бар екені анық. Дегенмен ондағы тіл құбылыстарының басым көпшілігі батыс говорлар тобының ерекшелігін сипаттайтын. Ол жайында Ә. Құ-

<sup>5</sup> Нұрмамбетов А. Западная группа говоров казахского языка: Автореф. дис. ... докт. филол. наук. Алма-Ата, 1974.

рышжанов,<sup>6</sup> Н. Жұнісов,<sup>7</sup> Б. Бекетовтардың<sup>8</sup> мақалалары, монографиялық зерттеулері арналып жазылып, батыс говорлар тобының сипатында екенін айтқандықтан, біз оңтүстік говорлар тобына Ташкент төңірегіндегі қазақтар тілін жатқызып отырмыз. Ташкент қазақтары тілі де монографиялық тұрғыдан зерттеле бастады. Бұл жайында Ю. Абдувалиев осы говордың фонетика-морфологиялық жағын сипаттап еңбек жазды. Ал лексикалық жағы өз алдына жеке зерттелді<sup>9</sup>. Түркі тілдерінің және Қазақстанның оңтүстік шығыс аймағын диалектілік атласын жасау мақсатымен экспедициялар үйымдастырылып, кейбір мақалалар да<sup>10</sup> жарық көре бастады. Осы материалды негізге ала отырып, Ташкент өніріндегі қазақтар тілінің басқа говорлардан мол айырмашылығы бар екені анықталды.

Ташкент говорында қазақ тілінің оңтүстігіне тән ортақ қасиеттер мол. Бұның өзі этникалық құрамы жағынан ондағы тұрғындардың оңтүстік өлкедегі тұрғындармен бірдей болып келуінен де болса керек. Алайда бұл жерде өзбек тілінің әсерінің молдығы бірден көзге ілінеді. Олай болуы заңды да. Ерте кезден бастап соңғы уақытқа дейін осы жерге әр түрлі ру-тайпалардың келіп орналасып, жергілікті өзбек, тәжіктермен жиі қарым-қатынас жасауы, газет-журналдың өзбек тілінде шығып, көп жерінде мектепте өзбекше оқуы, күнделікті қарым-қатынас — осының бәрі тілге де әсерін тигізері хак.

Ташкент говорының өзіне тән ерекшеліктері жайлыш біраз мысал келтірейік. Өзбекстандағы қазақтар тілінде

<sup>6</sup> Құрышжанов Э. Қарақалпақ АССР-ында тұратын қазақтар тіліндегі кейбір ерекшеліктер. — Кітапта: Қазақ тілі тарихы мен диалектологиясының мәселелері, 5-шығуы. Алматы, 1965, 151—176-б.; Құрышжанов Э. Қазақ тілінің қарақалпақ говоры бойынша материалдар. — Кітапта: Қазақ тіліндегі жергілікті ерекшеліктер. Алматы, 1973, 123—136-б.

<sup>7</sup> Джунусов Н. Казахский переходный говор на территории Каракалпакской АССР. Автореф. дис. ... канд. филол. наук. Алма-Ата, 1965.

<sup>8</sup> Бекетов Б. Казахский говор южной Каракалпакии. Автореф. дис. ... канд. филол. наук. Алма-Ата, 1969.

<sup>9</sup> Айдаров Т. Қазақ тілінің жергілікті ерекшеліктері. Алматы, 1975, 184-б.

<sup>10</sup> Омарбеков С., Джунусов Н. Узбекские элементы в языке казахов Ташкентской области. — В кн.: Местные особенности в казахском языке. Алма-Ата, 1973, с. 41—58.

*әәрт* (шан), *шақ* (бұтақ), *қошина* (көрші), *пәтір* (ашытпай жапқан жүқа нан), *долы* (бүршақ), *қам* (шикі), *пақса* (балшық), *нам* (ат, есім), *кәрәм* (капуста) сөздері өзбек тілінде *гард*, *шох*, *кушни*, *патир*, *дул*, *хом*, *пахса*, *ном*, *харам* түрінде айтылады.

Мұндай өзбек тілінен ауысқан сөздерді үй бүйімдарына байланысты айтылатын *әқендоз* — күл шығарғыш (өзбекше хокандоз), *алау қүрек* — күл шығарғыш (оловкурак), *жам* — шылапшын (өзб. жом), *амбыр* — тістеуік (өзб. омбр), *пәр* — қаламұш (өзб. пар), *сапал* — кесе (өзб. сопал).

Тағам аттарына байланысты *жүқпа* (өзб. юпка), *зуала* — илеуге дайындастын қамыр бөлегі (өзб. зувала), *қаттама* — нан түрі (өзб. катлама), үй құрылышына байланысты *дәліз* — кіреберіс (даклиз), *балхана//балахана* — үй үстіндегі женіл үйшік (бoloхоне), *айуан* — ве-ранда (айвон), *боғат//бұғат* — жауын шаймас үшін қабырғаның жоғарғы жағынан асыра салынған шатыр (бұғат), *тосын* — мәтке үстіне салынған көлденең ағаш (түсин), *сыпа* — балшықтан, кірпіштен қалап өсірген орындық (сұпа), *тоғын* — дөңгелектің имесі (тұғин), *шайла* — үйшік (чайла), *бастырма* — лапас (бостирма), іс-қимылға байланысты *шарлау* — шарыққа үстап өткірлеу (чархла), *шақта* — бұтақтану (шохла), *арзымау* — татымау, тұрмау (арзима), *зәктеу* — көгеру, сулану (захла), т. б. толып жатқан сөздерді мысалға келтіруге болады.

Қазақ тілінде ылғалды білдіретін Ташкент говорларындағы *зәк* (өзбекше *зах*), бәрі, барлығы мағынасындағы *нұқыл* (өзб. *нұқул*), қайғы, уайым мағынасындағы *малал* (өзб. *молал*), рақаттану мағынасындағы *кәйф* (өзб. *кайф*), бір күндік жұмыс мағынасындағы *мердігерлек* (мардикорлик) сияқты сөздер де өзбек тіліне тән құбылыс.

Бұдан басқа *әулі* — аула, *жай* (үй), *зұлпын* (есіктің ілгегі), *кәм* (аз), *кеуірт* (сіріңке), *қыш* (күйдірген кірпіш), *манзур* (лайық), *нәпиза* (таза), *пәс* (тәмен) сияқты сөздер де өзбек тілінің әсерінен туған құбылыстар

Өзбекстан территориясы отырықшы болып, жер өндей, су құбырын ертеден пайдаланғандықтан жер шаруашылығына, ирригацияға, макта, күрішке, бау-бақшашаға байланысты терминдердің молдығымен сипатталады.

Ондай сөздерге қоза (өзб. ғуза), пая (өзб. поя), пақал — сабан (похал), шабық — қопсыту (чопик) сияқты сөздердің айтуға болады. Сондай-ақ сауда-саттыққа, ақша түрінен байланысты атаулардың: шақа — мыс ақша (өзб. чоқа), тоғыз пұл — үш тының (түккіз пул), бір мірі — бес тының (мири), бір теңге — жиырма тыныңдық күміс ақша (бир танга), жарым теңге — он тыныңдық күміс ақша (ярим танга) кездесуімен ерекшеленеді. Кейбір әдет-ғұрыпқа, салтқа байланысты: тойана (тойға әкелетін тарту, ірі қаралар), мәслихат той (той мерзімін өткізу жағын келісетін той), жетек (тойына апарған кіслерге қайтаратын малдай берілетін сыйлық), ұл той (ұлға арналған, сүндегі той), бәзім (той кезіндегі көрсететін ойын-сауық, би), қалта түп (той басқарушыға берілетін үлес) т. б.

Ташкент маңында айтылатын, сол жерде жиі қолданылатын кейбір сөздерді беруді мақұл көрдік:

Аюан — үйдің алдыңғы бөлегі.

Әздә — жалмажан, тез. Бүгін әздә істейміз деп келді.

Әндемі — үй салайтын темір қалакша.

Әулі — есік алдынан қоршап салынған аула.

Бакуат — қуатты, күшті. Ол бақуат кісі.

Біттә — бір. Біттәғана балам бар.

Дайра — дәрия. Ол даиралың жағасында тұрады.

Дәш — дала, ашық. Бұрын бұл жер дәште жүрген қазақ еді.

Дәшшой — шылапшының бір түрі.

Дилі — күйлі. Құш көлік қыстан дилі шықты.

Екше — әйел жаулығының бір түрі.

Жай — үй. Өзімнің жайы м бар.

Жам — ілеген, шылапшын.

Жемелек — шашпау. Жемелегін жалпылда-тып тұр.

Жегене — жалқы. Қой жеғене қозы туды.

Жершे — іші өтіп ауыратын ауру.

Зұлпын — есіктің ілгешегі. Ұстаханаға зұлпын соқтырып едім.

Қакандоз — үн, қантты кірге салатын сатушылардың аспабы.

Касал — ауру. Ол бүгін касал болып жатыр.

Кәлтек жіп — шарық жіп. *Іс тігуге кәлтек жібім болмай отыр.*

Кәм — кем, аз. *Ол жақта қауын кәм болады.*

Кәп — сөз.

Керсалак — керенау. *Біздің ішімізде керсалак адамдар бар.*

Кеүіс — кебіс. *Кеүісті беріп жібер.*

Күсіп — талапты. *Ол оқу десе күсіпти де.*

Кам — шики.

Калла — азық. *Қарағым осы күні колхозда калла деген жетеді ғой.*

Карпен — саз. *Бұл араның жері қарпен.*

Ләйіп — ақылды. *Оның өзі де бір ләйіп бала болды.*

Мәйек — жұмыртқа. *Бес-алты мәйек сатып әкелші.*

Мейман — қонақ. *Колхозға меймандаған келіп жатыр.*

Мизаж — ыңғай. *Әр адамның мизажына қарай сөйлемесе болмайды.*

Шауқар — жылқының шұбары. *Шауқар атты жегіп бер.*

Шайдоз — қара құман. *Шайды біз шайдозға құямыз.*

Шалша — кішкентай алаша. *Шалшаны апарып сілік.*

Шәукеншек — кішкентай шұңғыл табақ. *Біздің үйдегі шәукеншекті алдың ба.*

Кәлет — қате. *Сөзімде бір кәлет жоқ.*

Манзұр — лайық. *Сіздерге манзұр да.*

Мартікер — уақытша жалдама жұмыскер. *Пішениңді мартікерге шаптырдың ба?*

Мұштау — жұдырықтау. *Содан кейін, не керек, әй келіп мұшта да.*

Нәубет — кезек. *Ақсақал менің қамзолымның нәубеті жетті ме?*

Пәкізе — таза. *Бұл бір пәкізе үй екен.*

Шірін — тәтті. *Мына қауын жұдә шірін екен.*

Шәлкемдеу — жию. *Ол да бауларын шәлкем-деп қойыпты.*

Өтен — туып өскен жер. *Біз өтен жердікіміз.*

Әщі — ашты. *Әщі шәй.*

Әпшө — әкпе. Әпшем келді.

Молахан — қарақшы. Шекараға молахан орнатады.

Мір — бес тындық бақыр.

Нашалда — қант көбік. Бүгін базарда нашалда бар екен.

Нәйебі — ұсақ нәрсеге. Нәйебі осыған бола үрсасың ба.

Нама — гармон.

Нәпі — пайда. Омаш нәпі келтіретін зат.

Пасыра — жеке меншік егін. Ол пасыра сынаң әлі келген жоқ.

Пәниза — таза. Бұл бір пәниза үй екен.

Пұштан — аттың төс айылы. Пұштанды тігіп үйши.

Піши — кішкене. Маган насыбайыңыздан піши беріңізши.

Сәулік — көбі, көпшілік. Қауынның сәулігін су үрып кетті.

Сәр уақыт — таңертең, таң ата.

Тәбі — еркі. Истесін, истемесін әркімнің өз тәбі емес не?

Отан — үй. Осында келіп отан салып алдым.

Райыс — бастық. Әкесі райыс болған еді неше жыл.

Тақман — жүк жию үшін төрде жасалған, шымылдық үстап қоятын, ағаштан бөлінген бөлімше.

Ташкент говорында кездесетін сөз тіркестері де молшылық. Солардың ішінен берілген кейбір мысалдардан да оның өзгеше екенін аңғаруға болады.

Алағаудан болу — көңіл бөліну. Қазір көңіл алағаудан болып тұр.

Аяқ шығару — егіннің бірнеше бауларын басып шығару. Ол күніне бірнеше аяқ шығаратын.

Әүірі басылу — желігі басылу. Әүірі басылмаған албырт едім.

Башаны шағу — зорлық істеу. Аз жүрсөң башаны шағар, топ жүрсөң, дүшпан қашар (мақал).

Бір қыл — бірсыпыра. Бір қыл адамдар келді.

Бір тәсіп — бір түрлі.

Жол ету -- жолға тұру. Бұрын ол көп жол еткен.

Қазаны суға кету — қонақасы бермеу. Ол үйдің қазаны суға кеткен.

Қазан шегелеу — қонақ үшін тамақ істеу.

Құманға шығу — актау, құтқару. Ол құманға шыққан.

Қылан құю — шайды сүйықтау құю.

Пеш қылу — қыр көрсету. Бұрынғы есепші пеш қылып жүр де.

Саз болу — жарасу. Күмің жүдә саз болып кетті.

Табым жоқ — көнілім жоқ. Менің табым жоқ, онда баруға.

Қау болу — қамау, көкпар алып қашқан кісіні екінші жақ адамдарының қамажаулауы.

Басы қайым — басы жұмсак. Басы қайым болса, ат тез тоқтап қалады.

## Қызылорда говорының лексикалық ерекшеліктері

Қазақ тілінің Қызылорда говоры да өз алдына жеке монографиялық зерттеу жүргізілген обьектінің бірі. Қызылорданың батыс жағы жайында Арап төңірегіндегі тұрғындар туралы F. Қалиевтың,<sup>11</sup> қалған аудандарындағы Сыр бойындағы тұрғындар жайында Ш. Бектүровтың<sup>12</sup> еңбегі жазылған болатын. Бұдан кейін де диалектологиялық атласқа байланысты зерттеулер жүргізіліп, соның нәтижесінде Арап,<sup>13</sup> Қызылорда<sup>14</sup> говорларын сипаттайтын бірнеше мақалалар да жарық көрді. Осы еңбектерде Қызылорда говорының ауыспалы говор екенін дәлелдеп отыр. Олай болуы занды да. Қызылорда

<sup>11</sup> Қалиев Г. Некоторые особенности Аральского говора казахского языка. Автореф. дис. ... канд. филол. наук. Алма-Ата, 1954.

<sup>12</sup> Бектүров Ш. Қыл-ординский говор казахского языка. Автореф. дис. ... канд. филол. наук. Алма-Ата, 1968.

<sup>13</sup> Қалиев F. Арап говоры және оны зерттеу мәселесі. — Қазақтың Абай атындағы педагогикалық институттың ғылыми еңбектері. Гуманитарлық серия, 1955, № 9.; Қалиев F. Арап говорларындағы сөз тіркестері туралы. — Уч. зап. Гос. пед. ин-та им. Абая, сер. педагог. и филол. наук. 1959, т. 13.

<sup>14</sup> Бектүров Ш. Сырдария экспедициясының материалдарынан кейір мәлімет. — Кітапта: Қазақ диалектологиясы. Алматы, 1965; Бектүров Ш. Батыс говорлар тобына тән диалектизмдердің Қызылорда говорындағы изоглостары. — Кітапта: Қазақ тіліндегі жергіліктер. Алматы, 1973.

өзінің орналасуы жағынан бір жағынан батыс, екінші жағынан онтүстік, үшінші жағынан орталық-солтүстік қазақтарының шоғырланған, түйіскен жері. Бір кездегі Республика астанасының осы қалада болуы да республиканың барлық аймақтарындағы қазақтардың араласуына себеп те болған сияқты. Этникалық тұрғыдан алғанда бұл өнірде үш жүзге енетін қазақтардың әрқайсының өкілдері бар. Осындай араластың өзі де тілде әсерін қалдырғаны хақ. Қызылордағы говорында Батыс, Онтүстік, Солтүстік Қазақстанда кездесетін лексикалық ерекшеліктер ұшырайды. Кейде осы өзгешеліктердің қатар қолданылатыны, параллель айтылатыны осыны дәлелдейді. Қызылордағы говорында қазақ тілінің онтүстік говорларына тән деп саналып жүрген азан (танертен), ақыр (оттық), тана (бір жасар бұзау), асар (көмек), әк (ізвес), бастырма (төбесі жабық, жан-жағы ашық жай), бақыр (шелек), ұстын (тіреу), елгезер, елек, зуала, жертөле, керней, қошина, мойынтурық, сипыра, шайла, шабақ сияқты толып жатқан сөздер қолданылады. Сонымен бірге батыс говорларына да тән сөздер жиі ұшырайды. Мысалы, Ақтөбе, Орал, Гурьев қазақтары тілінде айтылатын ағаш үй (киіз үй), әйдік (үлкен), атешкір (қысқаш), белорақ (шалғы), далбай (капюшон), жам (леген), қызалақ (11—12 жасар қызы бала), тай өғіз (бір жасар бұзау), шотаяқ (шөп суырғыш), іскенже (тисы), беке (меке), кеусандық (үлкен сандық), үзбен (кеспесе), сақ//сақылтыр (кәшек), шану (нану), шаппа (бәкі) сияқты сөздер жиі айтылады.

Бұл говорда батыс пен онтүстік говорлар тобына тән сөздердің қатар қолданылатынына жар//дуал, керней//моржа, белағаш//өрлік, елек//елгезер, кемпірауыз//атауыз, әйдік//дәу, саты//баспалдақ, сугағаш//шінағаш//куйенте, жайпақ табақ//леген, шымшиыр//жәмке, кекпір//сүзекі, бөкебай//шарқат, шалғы орақ//қол орақ сияқты сөздерді мысалға келтіруге болады. Осының өзі Қызылордағы говорының лексикасында батыс пен онтүстік говорлардың ерекшеліктерін бойына сіңіргенін, оның ауыспалы говор екенін дәлелдей түседі.

Қызылордағы говорына тән лексикалық ерекшеліктердің бірі — бұл өнірде әдеби тілді байытуға үлесін қосатын бау-бақша, балық шаруашылығы, күрішке, түйе атауларына байланысты сөздердің мол ұшырауы. Соң-

дай-ақ көне кезден су жүйелерін пайдалануға байланысты, шығырдың атауларына байланысты сөздердің молдығы. Оңтүстік говорлар тобының басқа говорларында кездесе бермейтін жалпылдақ (бота мен тайлак арасындағы кез), *мая* (жүні тықыр түйе), *ауыт* (нар түйеге салатын жазы), *қарабез* (топалаң болған қой қаны тиғеннен болатын түйе ауруы), *кез қоспақ* (нар мен айыр өркештен туғаны); шығыр аттарына байланысты: *әуіт* (су тұратын жер), *дар* (шығыр ортасындағы көлденең ағаш), *көргі* (әуіттің екі жағындағы тіреу), *нарсалма* (шығырдан су шығаратын арық), *су оқ* (шығыр тісінің су жағындағысы), *тік оқ* (үстіңгі жағындағы дөңгелек ағаш), *тогын* (шығырдың білік ағашы), *мастық* (шығырдың шелек іletін сым темірлері) сияқты сөздер.

Бұл өнірде балық аулауға байланысты *үйшик* (аудың балық кіретін тесігі), *үкі* (қыста балық аулау үшін ойған жер), *қәкөркі тас* (жылымның кірпіштен тесіп жасаған тасы), *қайыр* (ау салатын жайлы жер); теніз, өзен, қамысқа байланысты: *болат* (тенізден бөлініп қалған су), *тәні* (судың арнасынан шығып жайылуы), *кузер* (өзендеңі су қата бастағанда ететін жер), *сулма* (су басып қайтқан айлақ жер); *пашен* (жана өсіп келе жатқан қамыс), *шалы* (қора тоқуға арналған қамыс), *үрілдірік* (қамыстың үлпегі), *қауылдырық* (қамыс сабағының жапырағы); *шом қора* (бұған қамыстан тіп-тік қалап жасаған қора); жер бедеріне байланысты: *шегеқұм* (ақ қайыршық құмдақ топырак), *шоқат* (жиналған тәбелік құм), *атай* (құм ішіндегі қалың жықпышты, сексеуілді сортан жер), *сарлық* (құмды, түсі сарғылтым келген жер), *саңлақ* (улкен өзен, арна); маса-сонадан қорғайтын ер әбзеліне байланысты: *қарынса* (аттың бауырын сона жемеу үшін жауып тұратын жабу), *мойынса* (аттың бауырын сона жемеу үшін жауып тұратын жабу), *жалпоз* (ат жабу), *желдікше* (кішірек сыртқы жабу сияқты сөздермен сипатталады).

Бұл өнір қауын атауларына байланысты *құлақтану* (қауынға жапырақ біту), *ұялау* (ұрық себуге дайындаған орын), *тебен* (қауынның қылтиып көрінуі), *пәлек* (қауын сабағы), *қау пәлек* (сабағының көп шығуы), *бұрлеу//жекелеу* (көп шыққан қауын сабағын сирету), *түйнек* (қауынның пайды болуы), *кәмек* (әлі дәм кірмеген, піспеген кез), *су кәмек* (мұлде дәмі жок кезі), *қат-*

*ты кәмек* (аzdap жеуге келе бастаған кезі), *куләсән* (пат-сайы), *сары ала тор қауын*, *торлама*, *көк дөнен* (жұқа қабықты ерте пісетін қауын), *дәмбіше//әңгелек* (ерте пісетін қауын), *қауын құрт* (қауынға жүгері ұнын салып қайнатып жасаған құрт), *кеспе* (молдау етіп қиғаштап тілу), *ұл тілік* (балалар үшін женілдеу етіп тілу), *қызы тілік* (жұқа тілу), *куләйі* (ұлken тәтті қауын) сияқты сөздер мол. Сонымен бірге күріш атауларына, сол шаруашылыққа байланысты сөздер көп. Бұлардың дені әдеби тілге енетіндер.

Қызылорда говорына тән көптеген сөз тіркестері де айтылады. Осы өнірге тән сөздерді, сөз оралымдарын біз төменде беріп отырмыз.

*А з а н д а* — танертен. *А з а н д а ауылдан шықтым.*

*А с ж а у л ы қ* — дастарқан. Бұл сөз Қызылорда қазақтарында айтылуымен бірге Қазақстанның Қостанай, Семей облыстары тұрғындары тілінде де кездеседі.

*А т ш ө л к е* — киізден жасалған қамыт. Бұл сөз Қызылорда тұрғындарымен бірге Ақтөбе облысында да колданылады.

*А у ы р т п а қ I* — ши тоқитын құрал.

*А у ы р т п а қ II* — өзен, көлдегі енсіз тар жер. *Сырдың ауыртпақ жерінен жаз айларында жаяу-ақ өтө береміз.*

*Ағаш үй// боз үй* — киіз үй.

*Айырқом* — желқом ер, жауыр атқа ерттейтін ер.

*Әйдік* — ұлken (Қ.-орда, Сыр.). Бұл сөз Ақтөбе, Орынбор, Қостанай қазақтары тілінде жиі айтылады.

*Әңгі* — есектің еркегі.

*Әтешкір* — шымшуыр, шок қысқыш.

*Әүілдеу* — еркіндеу.

*Бақауыз* — құрал-сайман салатын склад.

*Баспак* — бір жасар бұзау.

*Беке* — жылқы терісінен қан ағу. *Қызылорда ыстығында беке ауруымен жылқы көп ауырады* (Қ.-орда, Шиелі). Бұл сөз осы тұлғада Ақтөбе, Қостанай облысы тұрғындары тілінде де кездеседі.

*Белорак* — шалғы.

*Белкүрек* — күрек. *Белкүректі* қайрап алып, арық қазуға кірістік (Қ.-орда, Сыр., Жал., Қарм.).

*Бұлт* — діңгек, тіреу. *Бұрынғыдай үрліктің астына бұлт салмаймыз* (Қ.-орда, Жал.). Бұл сөз Қостанай

облысы Торғай, Аманкелді тұрғындары тілінде де айтылады.

Да был үй — көшуге лайықталған кішкене үй, жолым үй. Да был үй қазір оте сирек кездеседі.

Дөдеге — үйдің үстіңгі жиегіне салынған бума қамыс.

Егерше — ершік. Аттың егерше сін жөндеп отырмын (Қ.-орда, Шиелі).

Жаба — шөп суыратын құрал.

Жалбай — тымақтың, бөріктің сыртынан киетін жалаң қабат бас киім.

Жармақ — үнның кебегі. Үнның жармағын жеген мал семіреді (Қ.-орда, Жол.).

Жәмке — шымшуыр. Бұл сөз Қызылордадан басқа Орынбор, Ақтөбе, Қостанай тұрғындары тілдерінде кездеседі.

Жонғы — сүргі. Еденнің тақтайын жонғымен тегістеп жатырмын.

Жоя — қауын-дарбыз еgetін жер.

Ит кірмес — киіз үйдің ағаш есігі. Балам, ит кірмес ті жаба кел (Қ.-орда, Сыр.). Бұл сөз Гурьев, Түрікменстан және Қостанай қазақтары тілінде айтылады.

Келтек — құрал. Бұрынғы батырлардың қолында найза мен келтек қана болушы еді (Қ.-орда, Сыр.).

Кекпір — тесік ожай (Сыр., Жал.).

Кеусандық — үлкен сандық, абдыра. Үлкен киім салатын сандықты кеусандық дейді (Қ.-орда, Сыр., Жал.). Бұл сөз Ақтөбе қазақтары тілінде де айтылады.

Көңілқос — көңіл. Көңілқос айтуда барғалыс отырмын (Қ.-орда, Қарм.).

Күде — егін бауының, шөптің үйіндісі. Бұл сөз Ақтөбе тұрғындары тілінде де жиі айтылады.

Күделеу — ўю. Құрішті қолорақпен орып алып, күделеп үстінен бастыруши еді (Қ.-орда, Сыр., Жал.).

Күртік — етке салатын нан. Күртікті етпен жейді. Бұл сөз Түрікменстан, Каракалпақ қазақтары тілінде де қолданылады.

Карак — жанжал, дау. Ойнап отырып қарак шығарды. Бұл сөз Ақтөбе облысының кейбір ауданда-рында да қолданылады.

Қарағай — киіз үй. Бұрын үнемі қарағайде отыруши едік.

Қарғын — ағыны қатты су. Бұл өлкеде қарғын сұзы жоқ (Қ.-орда, Жал.).

Қайыс наң — етке салатын наң.

Қона — бидайдың қауызы. Қазір бидай өз қонасында nice тұрған кезі.

Құрқанат — тұнде ұшатын шыбын-шіркейдің бір түрі.

Қыйа келді — бөтен біреу. Осы колхозда басқа жерден келген қыйа келді бар.

Қылды бақыр — шелек. Балам қылды бақырды ал да су әкел.

Майлық — жылым салуға қолайлы балығы мол жер.

Майшолпы — кепсер. Бауырсақты майшолпы мен сүзіп аламыз.

Мәнпарат — күнкөріс. Бұл күнде мәнпарат қыын емес қой (Қ.-орда.: Қарм., Сыр., Шиелі).

Метін — кетпеннен көрі кішілеу, шот тәрізді құрал.

Нән — үлкен. Қажымұқан нән кісі еді (Қ.-орда, Жал.). Бұл сөз Түрікменстан, Орал, Ақтөбе қазақтары тілінде жиі қолданылады.

Нәресте — аудағы балықты сүзіп алатын құрал. Нәресте толған балық еді (Қ.-орда, Сыр.).

Нәскүрік — сүргі, жонғы ағаш. Бұрынғы кездे нәскүрікті қолмен жасап алушы едік (Қ.-орда, Сыр.). Бұл сөз Қостанай облысының Жанкелді ауданында да кездеседі.

Оқағаш — арбаның жетегі, жалғыз жетегі. Оқағашқа екі ат жегіледі.

Оқалақ — сиырдың оқырасы.

Орам болу — бағыну. Біздің бұл ара ертеректе қарақалпаққа орам болыпты.

Өжіре — үй, бөлме. Өжіре қылып салған үйім бар, ол қыстақта болады (Қ.-орда, Карм.). Бұл сөз түрікмен қазақтары тілінде де айтылады. Қарақалпақша — ejire үйдің бөлмесі мағынасында (Қарак.-рус. сл., 1958).

Пәшек — жүгерінің ішкі өзегі. Жүгерінің пәшегін мал қандай жақсы жейді.

Пәрнек — аққұман.

**П і л і к** — құсты тұнде қонақтап отырғанда, ұстайтын тұзак.

**Сақ** — шөптің мал жегеннен қалған ірісі. *Сақты үйіп қойып қыстың аяқ кезінде малға қайта береміз* (К.-орда, Қарм.). Бұл сөз Ақтөбе, Қостанай қазактары тілінде де кездеседі.

**Сақпан** — егінге түскен құстарды шошытатын құрал.

**Саксак** — қаракөл елтірінің бүйра түрі. *Қаракөлдің сақсақ етіп жіберуге болмайды* (К.-орда, Шиелі, Сыр., Қарм.). Бұл сөз Түркменстан қазактары тілінде де ұшырайды.

**Сақылтыр** — шөптің мал жегеннен қалған ірісі. *Жақсы шөптен сақылтыр да аз қалады* (К.-орда, Жал.). *Астына шөп, сақылтыр тәсеп пішен* (Руст.-Даст., 102, 1961).

**Салма** — кеспе. *Қонақтарға салма жасап беретін* (К.-орда, Жал.). Бұл сөз Орал қазактары тілінде де айтылады.

**Салы** — күріштің орылмаған, пісіп түрған кезі. *Салы суды, күтімді керек етеді. Күріш салы болысымен су беруді тоқтатамыз* (К.-орда, Шиелі).

**Самар** — үлкен тегеш. *Самар тола етті алдымызға қойды* (К.-орда, Сыр.).

**Сапар кесе** — үлкен кесе. *Сапар кесемен қымызыш ішетін* (К.-орда, Сыр.).

**Сұтқозы** — кенже туған қозы, көрпелдес.

**Сармандау** — кемшілікті мүлде жою.

**Сота** — сайғақ, қолшоқпар. *Қолындағы сотасымен талай жауды ұрып жықты* (К.-орда, Сыр., Жал.).

**Суық үй** — сарай. *Отынды суық үйге кіргізіп алыпты*.

**Суын** — үйінді, егін бауының үйіндісі. *Бір суын 50—60 бау болады*.

**Сырмак** — сырып істелген шапан. *Біздің елдің қарташысы ырмакты жаздың ыстық күнінде де кие береді*.

**Сырық** — арық қазушыларға өлшеп берілетін жердің мөлшері. *Сыр бойының арықтарынан талай сирек қазғанмын* (К.-орда, Сыр., Қар.).

**Таған** — самауырынның астына қоятын поднос. *Ба-*

лам, самауырдың астына таған әкеп қой (К.-орда, Жал.).

Тай өгіз — екі жасқа толмаған ерек тайынша. *Баймағанбет тоғына жақындары бір-бір тағи өгіз апарды* (К.-орда, Қарм.). Бұл сөз Ақтөбе, Орал, Орынбор қазактары тілінде де айтылады.

Тақайыр — құп болады. *Айтқаның жөн, жәрәйды барайын, тақайыр* (К.-орда, Қарм.).

Тәртіп беру — бүйрек беру, нұсқау беру. *Председатель ферма бастығына тәртіп берді.* Бұл сөз Ақтөбе, Орал, Гурьев қазактары тілінде жиі айтылады.

Тер көйлеқ — майка. *Ыстықта тер көйлеқ пен жүргүгө болмайды, денең күйіп кетеді* (К.-орда, Сыр.). Бұл сөз Орал, Гурьевте жиі айтылады.

Тосап — теңіздің жағаға шығарып тастаған шөпшолаңы. *Тосапты тыңайтқыш ретінде пайдалануға болады* (К.-орда Қарм.).

Тәштиг — қораздың айдары.

Тұтін пұл — үй басына түсетін салық.

Түйміш — етті тұздап қойдың қарнына салып сақтау.

Түйнеме — адам денесіне шығатын жалғыз жара.

Төбө — малды сойып, бөлісіп алудағы өлшемнің түрі. *Бір жылқыны 12 төбөге бөледі.*

Үәкістеу — кремдеу, крем жағу. *Етігіңді үәкістең ал.*

Ұрапак — кебек. *Ұнның ұрапавын жеңен мал тез семіреді.* Бұл сөз Алматы облысында да айтылады.

Ұтырлы — қолайлы, ыңғайлы (К.-орда, Сыр., Қарм. Жал.). Бұл сөз Ақтөбе, Орынбор қазактары тілінде де айтылады.

Ұзбен — кеспе көже. *Ет аз болғандықтан ұзбен жасап жатырмын* (К.-орда, Жал.). Бұл Ақтөбе тұрғындары тілінде де айтылады.

Үкі — қыста мұзды ойып ау салатын жер (К.-орда, Сыр., Жал.). Бұл сөз Гурьевте де айтылады.

Шабыра — күрке, кос. *Ат шабыра да байлаулы түр* (К.-орда, Қарм.). Бұл сөз Ақтөбе тұрғындары тілінде де кездеседі.

Шалғы — шарф, мойын орағыш. *Мойның шалғы байла балам, күн суық* (К.-орда, Сыр.).

Үшегіз — қой-ешкінің үштен қоздауы, лақтауы.

*Ш о т а я қ — шөп сұыратын құрал.*

*Ш о л п ы — сұзгі.*

*Ш а н у — нану (Қ.-орда, Сыр., Жал.). Сен менің айтқанымша шынымен шаңып отырсың ба? Мен оның ертең келем дегеніне шаңып қалдым.*

*Ш а п п а — бәкі. Бұл сөз Орынбор, Түрікменстан, Ақтөбе қазақтары тілінде жиі айтылады. Түрікменше — чапғы (Рус.-турк. сл., 1956), қарақалпақта — шапқы. шаңпа (Рус.-карак. сл., 1947).*

*Ш а ғ т а у ы қ — шымшуыр, қысқаш. Ш а т т а у ы қ-п е н самауырга от сала қойышы (Қ.-орда, Сыр.). Бұл сөз Гурьев, Түрікменстан қазақтары тілінде осы мағынада қолданылады.*

*Ш о қ а т — екі-үш арбалық үйілген шөп. Шөпті ш о қ а т қып үйеміз де, қыста трактормен бір-ақ тартамыз (Қ.-орда, Сыр.).*

*Ш о м — бума қамыс. Ол саздан шо м тастап өтті. Ешкімге шо м дайындал бере алмайды. Бұл сөз Ақтөбе, Қостанай қазақтары тілінде де кездеседі.*

*Ш о м қ о р а — қамыс, шенгел топырақ араластырып жасаған қора. Шо м қ о р а ның да төбесі ашиқ болады.*

*Ш о ш а л а — оқыра. Жазда шо ш а л а д а н сиыр қатты ариды (Қ.-орда, Қарм.). Бұл сөз Орынбор, Ақтөбе, Түрікменстан қазақтары тілінде жиі айтылады.*

*Ш у й — жыртылмай қалған жер (Қ.-орда, Жал.). Жерді ш у й қалдырмай айдауға тырысу керек. Бұл сөз Ақтөбе, Қостанай түрғындары тілінде де айтылады.*

*Ш ы ғ ы қ ш ы — жер өлшеуші, жер межелеуші. Ш ы ғ ы қ ш ы ның өлишеп кеткен жерін бітіреміз.*

*Ы з а — сыз, дымқыл. Қауынды ы з а жерге отырғызамыз (Қ.-орда, Жал., Сыр., Қарм.). Бұл сөз Орынбор, Ақтөбе түрғындары тілінде де айтылады.*

*Ы з а л а у — дымқылдау, ылғалды ету. Қауын тігер алдында жерді ы з а л а п аламыз. Ы з а л ағ а н жердің соры бетіне шығып жатады (Қ.-орда, Сыр.).*

*І з і м - қ а й ы м — ұшты-күйлі, зым-зия. Осы айда жайқалып өсіп түрған өсімдік келесі айда і з і м - қ а й ы м жоқ болады.*

*І л ә м — негіз, қисын. Ол ағамыз кейде і л ә м с і з үрсады.*

**И ск е н ж е** — ұсталардың темірді қысып тұратын құралы.

Ә у і т — шығырдың су жиналатын жері.

**Д а р** — шығыр ортасындағы көлденен ағаш.

**К е р г і** — әүіттің екі жағындағы кергі ағашы. *К е р г і әүіттің екі жағындағы топырағын құлатпай ұстап тұрады.*

**Н а р с а л м а** — шығырдан су шығаратын арық.

**С а м а р** — қол шығырдың су шығаратын жібінің ұшына байланған, тақтайдан істелген шелек.

**С у о қ** — шығыр тісінің су жағына сұғып қойылған ағашы. *Шығырдың су оғы түзу салыныпты.*

**Т і к о қ** — үстіңгі тұрған дөңгелектен судағы дөңгелекке қарай түзу түскен ағашы.

**Т оғ ы н** — шығырдың ортасына тығатын арбаның білігі сияқты ағаш.

**Қ ұ л а қ** — шығырға шелекті байлайтын сым темір.

**М а с т ы қ** — шығырдың арқалығы. *М а с т ы қ т ы қ екі басына екі баған қоямыз.*

**Қ а р ы н с а** — аттың бауырын сона жемес үшін істелген жабу. *Атты ерттеп қарынса сасын жақсы байла.*

**М о й ы н ш а** — аттың басын, мойнын маса, сона же меу үшін жабылатын жапқыш.

**Ж а л п о з** — ат жабу.

**Ж е л д і к** — жабу.

**Ж е л д і к ш е** — кішірек жабу, сыртқы жабу.

**Қ а қ ы р а** — қамыстан істелген кепе, үй.

**Қ а у ы л д ы р ы қ** — қамыс сабағының жапырағы.

**Ш а л ы** — кора тоқуға арналған қамыс.

**Ш о м қ о р а** — буған қамыстан тік-тік қылышп жасаған кора.

**Л а б а з** — балық қабылдайтын орын.

**Ү й ш і к** — аудың балық кіретін күйс тесігі.

**Ү к і** — қыста балық аулау үшін мұзды ойып жасаған орын.

**П ә ш е к** — жаңа өсіп келе жатқан қамыс.

**Ү р і л д і р і к** — қамыстың басындағы үкісі. *Қамыс тоқығанда үрілдірік үстіңе жабысады.*

**С а р л ы қ** — құмды, сарғыштау келген жер.

**С а н л а қ** — үлкен өзен, арна.

**А т а у** — құм ішіндегі қалың жыңғыл, сексеуіл, т. б. шыққан адам бармайтын сор, иен дала.

**Ш о қ а т** — жиналған құм, төбешік.

**Ш е г е қ ұ м** — ақ қайыршық, құмдақ топырак.

**Б о л а т** — теңізден бөлініп қалған су.

**С у а л м а** — су басып қайтқан айлақ жер.

**Т ә п і** — судың арасынан шығып, жайылып жатқан кезі. *Судың тәпісі шығып жатыр.*

**К ү з е р** — өзендері су қата бастағанда өтетін жер.

**Қ а й ы р** — жылым ау салатын ыңғайлы орын.

**М і н д е р** — ертеде плот шықпай түрғанда қайыққа мінү үшін жағаға салынған көпірше..

**И н е л і к** — жылымның жыртылған жерін жөндейтін ағаш ине.

**К ә к ө р к і т а с** — жылымға кірпіштен арналып жасалған тесік тас.

**Т ұ р а н** —егін суару үшін су тоқтайтын жер.

**М ө ң қ е** — сазан балықтың кішкене түрі.

**Т о с а п** — өзен, теңіздің жағасына шығарып тастаған шөп-шалаң.

**Б а с а л а** — тарыдан жасалған қою көже.

Қызылорда говорында жоғарыда келтірілген сөздермен бірге бұл жерде сөз тіркестері де молынан ұшырайды. Ондай тіркестерге мысал етіп *атымы келмеу* (жөні, қисыны келмеу), *бақадар әлінше* (өз әлінше), *бөксеріне алу* (карауына алу), *бір бара* (бірсыпыра, бірқатар), *бір дем жер* (дарияның енсіз, мал жүзіп өтетін жері), *бір дестең* (түгелдей, бірден), *донды жер* (белді, жуан аталағы жер), *жұптап қою* (жинап қою), *зиянаға бару* (конак-қа бару), *кес болу* (бөгет болу), *кетті барды* (кетті де қалды), *қауыс тұру* (шелектегі су бетіне мұз тұру), *қайлы қалу* (көнілі қалу), *қапаш-құпашта* (қапелімде), *құлақы әңгіме* (ел аузындағы әңгіме), *қырын шығару* (жаксылығын қайтару), *мыши етпеу* (шімірікпеу), *октасанда* (окта-текте), *сілтісі тию* (кесірі, залалы тию), *талағынан тарс айырылу* (қатты кейіп ашулану), *тоқталып тұру* (әзірленіп тұру), *тәнті болу* (разы болу), *тізеге келтіру* (ыңғайын келтіру), *үйисқа салу* (ортага салу) сияқты сөз тіркестерін келтіруге болады.

## Шымкент говорының лексикалық ерекшеліктері

Шымкент облысы тұрғындары тілі жайында көп жылдар бойы Ж. Досқараев зерттеп мақала, енбек<sup>15</sup> жазды. Соңғы жылдары да диалектологиялық атлас жасауға байланысты бірнеше экспедициялар үйымдастырылып, ондағы тұрғындар тіліндегі ерекшеліктердің таралу шегі картага түсірілді. Осындағы зерттеулер нәтижесінде мына төмөндегі ерекшеліктер аңғарылды.

Шымкент говорының лексикасында бүкіл онтүстік өнірге тән ортақ құбылыстар да мол. Сонымен бірге кейбір лексикалық ерекшеліктері жағынан Ташкент, Қызылорда говорларымен ортақ болып келсе, кейбіреулері жөнінен Шу, Ташкент, Жетісу говорларымен бірдей болып келеді.

Өзіне тән ерекшелікті сөз еткенде бірден бір көзге түсетіні — кәсіби лексиканың молдығы. Қоңе дәуірден бастап Отырар, Манкент, Шымкент, т. б. сияқты мәдени орталығы болып, отырықшы болу нәтижесінде егін егу, бау-бақшамен шұғылдану, су құбырларын мол пайдалану нәтижесінде шаруашылықтың осы салаларына байланысты терминдердің мол кездесуімен сипатталады. Кәсіби лексикалар жайлы кейінгі тарауларда сөз болатындықтан біз бұл арада кейбір осы өнірге тән сөздерді келтірумен шектелейік.

Жоғарыда айтқанымыздай, ирригацияға байланысты атыз арық, бау арық, қазына арық, қолишиқ, қауын арық, оман арық, пал, үлкен жарма, қолишиқ; бау-бақшага байланысты әмір (қауын түрі) әсеті қауын, басын-палды, бұқар қауын, данияр, кемпір қауын, қарақырқа қауын, қара ұрық (қауын түрі), қарамойнақ, құрбы қауын, қызылұрық, торлама, шапша және жидек, жеміс ағаштарына байланысты сөздердің молдығы көзге тусаді.

Сондай-ақ аса бір ерекше атап өтетін нәрсе — бұл өнірде мақта шаруашылығының кең дамуымен байланысты, осы кәсіп жайындағы терминдердің мол қолданылып, олардың дені қазақ әдеби тілімізден кеңінен

<sup>15</sup> Досқараев Ж. Арыс говорының лексикалық ерекшеліктері. — Кітапта: Қазақ тілі тарихы мен диалектологиясының мәселелері, З-шығуы. Алматы, 1960, 23—54-б.

орын алуы. Оған мысал ретінде мына мақта егістігі жа-  
йындағы жазылған мақаладан<sup>16</sup> төмендегілерді келті-  
руге болады: *ашылу* (қоза көсегі қауашығының жары-  
лып, үлкенірек мақта талшығын шығаруы), *балағынан*  
*гулдеу*, *буын* (өнім беретін бұтақтардың орналасуы).  
*буын тастау*, *бұр* (қоза көсегінің бұтағына шыққан жа-  
пырақтар), *бүршік* (қысқа сабактар), *гул төгу*, *гул тү-  
йіні*, *гул түсу*, *гул шанақ*, *гүлише* (гул шығара бастаған  
шанақ), қоза (мақта өсімдігі), қоза *баптау*, қоза *егу*,  
қоза қалыңдығы (мақта өсімдігінің түп санының тығыз-  
дығы), *шанақ* (мақта талшығы жетіліп ашылғанға дейін  
ыстықтан қорғап тұратын қалқан), *шанақ байлау*, *ша-  
нақ төгу*, *шиіт* (мақта тұқымы), *маңыз* (шиіт ішіндегі  
өзегі), қабық (шиіт қабығы), *түк* (қабық сыртындағы  
түк), *тұқым шиіт*, *ақ шиіт*, *қабықты шиіт*, *тұкті шиіт*,  
*тұксіз шиіт* сияқты көптеген сөздер мен сөз тіркестерін  
айтуға болады.

Шымкент говорындағы енді бір көзге көрінетін, бас-  
қа говорлардан бөліп аларлықтай лексикалық ерекше-  
ліктің бірі — бұнда араб, тәжік (парсы), өзбек тілінің  
әсерінің молдығы. Бұндай болуы заңды да. Шымкент  
облысындағы біраз селолар мен қыстактарда ертеден  
бері өзбек, тәжік халықтарының бар екенін әрі Өзбек-  
станмен шектестігін, қарым-қатынасын ескерсек, атал-  
ған халықтармен ортақ сөздердің мол екенін қуаттай  
түседі. Араб, тәжік сөздері көбінесе өзбек тілі арқылы  
енуі мүмкін. Осындағы екі тілге ортақ болып келетін  
сөздер кейбіреуі дыбыстық өзгеріске үшіраса, кейбіреуі  
мағынасы жағынан да өзгергені байқалады. Оған араб,  
тәжік тілдеріндегі *хашар*, *салла*, *азан*, *атраф*, *фарх*, *хур-  
мат*, *маррат* сөздерінің Шымкент говорында *асар* (кө-  
мек), *сәлде*, *азанда* (азан), *этрап* (атырап), *үрмет* (құр-  
мет), *бір мәрте* (мәртебе)<sup>17</sup> сияқты сөздердің өзгеріліп  
айтылуы дәлел.

Енді біраз сөздер өзбек тілімен бірдей, сол тілден  
немесе өзбек тілі арқылы басқа тілден енді деп пайым-  
дауға болады. Оған Шымкент тұрғындары тілінде кез-  
десетін *біттә* (бір), *дәліз*, *дес орамал*, *жүқпа*, *жұдә*, *зәр-*

<sup>16</sup> Тәжімұратов Ә. Қазақ тіліндегі мақта шаруашылығына бай-  
ланысты кейбір диалектілік ерекшеліктер. — Кітапта: Қазақ диалек-  
тологиясы. Алматы, 1965, 223—234-б.

<sup>17</sup> Досқараев Ж. Жоғарыда аталған еңбек, 51-б.

*шұнас, зуала, зұлпын, кәлтек жіп, кәм, кәттә, кәп, кеүірт, кесел, көзе, калла, мардан, мартыкер, маяна, мәлет, мәлі, мәре, мық, наяты, нәйіп, патыр (нан), подашы, пардоз, пай, парваз, бір пәс, пәнізә, пәс, пешене, пиалай, пұштан, сапал, сарпой, саяпана, сым, тұқым (жұмыртқа), шақа, шадде, шайыр, шайдоз, бір тәсіп, бір қыл сияқты сөздерді атауға болады.*

Шымкент говорындағы кездесетін лексикалық ерекшеліктердің бірі — сауда-саттық, акша өлшеміне байланысты айтылатын сөздердің молдығы. Бұл өнірдегі осы іспеттес сөздер Жетісу, Шу, Қызылорда говорларында ұшыраса бермейді. Тек Ташкент говорында ғана айтылатындары бар. Бұл ерекшелік те Шымкент өнірінде ертеден отырықшы болып, сауда-саттық жұмысының мол дамуынан туған болу керек. Ондай сөздерге *батпан* (11 пүттық ауырлық өлшемі), *дисәрі* (батпанның төрттен бірі), *желме* (ұш қадақ), *мір* (бес тындық бақыр), *нымша* (шоқшаның төрттен бірі), *пәнсарі* (батпанның сегізден бірі), *сисары* (батпанның үштен бірі), *теңге* (жиырма тын), *теңгемір* (жиырма бес тын), *жарты теңге* (он тын), *тоғыз пұл* (ұш тын), *үш мірі* (он бес тын), *шоқша* (ширектің төрттен бірі), *какандоз* (ұн, қантты кірге салатын сатушы аспабы) сияқтылар жатады.

Шымкент говорына тән бұдан басқа да қолданылып жүрген көптеген сөздер мен сөз тіркестері бар. Олардың кейбіреуін төменде келтірілген мысалдардан көруге болады.

*Ақаба* — тоқтау су, қақтың суы.

*Ақта* — сүтті қарынға құйып, күннің қызуымен ұйытылған айран.

*Ақша жілік* — кәрі жілік. *Ешкімнің ақша жілігі сиңип қалыпты*.

*Аң* — шұңқыр, жыра, аққан су күшімен жырылған жер. *Белбұлақ деген жерде аң көп*.

*Аскелді* — асқабақ. *Биыл бір мойын жерге аскелді ектім*.

*Аяқ* — атпен басатын қырман.

*Әк* — извесь. *Кеше атпен әк әкелдім*.

*Әперқоқан* — әпербақан.

*Әсел* — бал. *Мейман алдына әселе қой* (Шымк. Қызылқ.).

Әулі — есік алдынан қоршай салынған алан. Әулімнің ішінде мал да тұрады (Шымк., Қызылқ.). Бұл сөз Арал қазақтары тілінде төбесі тесік жалғыз бөлмелі жер үй мағынасында қолданылады.

Басқыш — самауырынның тұтін сөндіргіші. *Басқышты ал да самауырынның үстіне қоя қой.*

Бесака — тармақты айыр. *Сен бесаканы қайда қойдың* (Шымк., Сайр.).

Богат — дуалдың үстінен шығара салған қамыс. *Әр тамның жоғарғы жиегінен bogat салынады.*

Бөртөбе — жылы суға салынған сүйексіз ет, құсқа берілетін жем.

Білік — үйдің төбесінә салатын арқалық.

Дәбі — себебі, дәлелі. *Менің оған дәбім бар* (Шымк., Сайр.). *Дәбі не, дәбін орында* (Шымк., Тұл.).

Дәпара — тез арада.

Дезмал — үтік. *Дезмала шоқ сал, киім өтіктейін.* Бұл сөз Маңғыстау говорында да осы мағынада қолданылады.

Дембедем — әлсін-әлін, ауық-ауық. Бу йерде малды дембе-дем суарып тұрамыз.

Дом — қырғи үстайтын ау, құрал. *Домдың биіктеу жерге құрып, қырғи үстаймыз* (Шымк., Қызылқ.).

Егерлеу — ерттеу. *Атты егерле, тез жүреік.*

Жәббай — я, ау. *Жәббай, не дейсің* (Шымк., Қызылқ.).

Жәрдәт — айғай-шу. *Bір күн тірлікten қалса, дереу жәрдәт қылады* (Шымк., Қызылқ.).

Жезши — шиге орап, әшекейлеп тоқыған ши. *Жезши иді құнғе үстамасаңы* (Шымк., Мак.).

Жерқазба — жер үй, жер төле. *Жерқазба да талай отырдық.*

Жоқша — бес қадақ шамасындағы ауырлық өлшемі. *Бұрын ауырлық өлшемінің бірін жоқша деп атаушы едік* (Шымк., Тұл.).

Жора — бірігіп қой сою, кезектесіп шақыру. *Бұрын бірлесіп бірін-бірі шақырып жора жасайтын* (Шымк., Лен.).

Жортпашақ — жүгіріп жүрген 3—4 жасар бала. *Қасиманың жортпашақ баласы бар.*

Жығул — қаршығаның мойнына кигізетін бау.

*Каршығаны құсқа сілтегенде шалқаймау үшін жығу -*  
*ыл кигізеді* (Шымк., Сайр.).

*Кәмек* — мал жеген шөптен қалған қалдық. *Бұл шөптен кәмек көп қалмайды.*

*Көсек* — макта дәнінің сыртындағы қабығы. *Мактаның көсегі жақсы* (Шымк., Сайр.).

*Қайлу* — бағыну. *Бір балаға осынша көп қайлы п отыр* (Шымк., Пахт.).

*Қамсу* — қайнамаған су. *Қамсу ішпе, қарағым.*

*Қауар* — күймелі жәшікті арба. *Жүгерісін әп кетуге қауар арба әкелді.*

*Қаудасын* — шабылмаған қалың боз шөп.

*Қолбала қымыз* — таза, жақсы қымыз. *Қолбала қымыз базар қымызындай емес қой.*

*Қолтіс* — ағаш соқа (Шымк., Қызылқ.).

*Қолшық* — кішкене арық (Шымк., Шәү.).

*Құрткесек* — шымның кесегі, ұсағы, қалдығы. *Егін айдаған жерде құрткесек көп болады.*

*Мәйек* — жұмыртқа. *Айшаның үйінен бес-алты мәйек әкелші* (Шымк., Мак.). *Мәйек сөзі осы мағынада Түрікменстан, қарақалпақ қазақтары тілдерінде де айтылады. Өзбекше — мояқ* (Узб.-рус. сл., 1959), *қарақалпақша — мәйек* (Карак.-рус., сл., 1958).

*Мәшке* — бөдене аулайтын ит.

*Мекей көже* — жүгеріден жасалған көже. *Мекей көже артық қой.*

*Мойнаша* — қамыт. *Аттың мойнаша әкел.*

*Молақан* — қарақшы. *Кохоз жерінің шекарасына молақан орнатады* (Шымк., Қызылқ.).

*Мұштар* — бәкі. *Менің мұштарым қайда қалған.*

*Мыйзаж* — ынғай. *Әр адамның мыйзажына қарай сөйлемесе болмайды* (Шымк., Қызылқ.).

*Мыйлату* — қаршығаға алған құсының миын шұқыту.

*Нам* — ылғал, дым, дымқыл. *Жердің намы кеппей салған егін жақсы шығады* (Шымк., Тұл.).

*Нокалайлау* — ақылсызыдау. *Ол өзі нокалайлау бала болыпты* (Шымк., Қызылқ.).

*Обак-шұбак* — олай-бұлай, бірде олай, бірде бұлай.

*Сапалша* — кесе. (Шымк., Тұл.).

Серікшілік ас — бірлесіп еккен егін. *Бұрын кедейлер бірлесіп, серікшілік ас салатын* (Шымк., Тұл.).

Сыпа — үйдің төбесі. *Сыпа да н тамши ағып кетті.*

Сыпра — мал-мұлік. Бұл біреудің маңлай тері, табан етімен жылған сыпрыасы. Бұл сөз Алматы тұрғындарында да осы мағынада қолданылады.

Табын — жақын, ыңғайлас. *Мақтаарал Алматыдан Ташкентке табын.*

Таксы — балшықтан істелген үй. *Бұл таксы қашан бітеді.* Бұл сөз Жамбыл тұрғындарында да ұшырайды.

Таяуп I — зорлық. *Сөйтіп ол жүгеріме таяуп қылды.*

Таяуп II — қуат. *Ол кемпірде не таяуп бар.*

Тәбі — еркі, қалау, пікір. *Істесін, істемесін әркімнің өз тәбі емес не?* (Шымк., Мақ.).

Тәркеш — шиден, шыбықтан тоқылған шыны аяқ салатын ыдыс. *Тәркешті алып бер, кесе салып қояйын* (Шымк., Сайр.).

Текше — ыдыс-аяқ қою үшін үйдің қабырғасын ойып жасаған орын. *Біздің жақтың там үйінде текше көп болады* (Шымк., Сар.).

Түршек — өрік. *Түршек әлі nice қойған жоқ* (Шымк., Мақ.).

Уат — егін жабының екі жағындағы топырак үйіндісі. *Су уатты бұзып кетіп* (Шымк., Сайр.).

Шактаяу — бұтактау. *Мақтаның шактаяу жақындаған келеді.*

Шауқар — шұбар жылқы. *Шауқар атты жегіп бар* (Шымк.).

Шебік — жұқа тақтай. *Ол шебік әкелуге кетті* (Шымк., Мақ.).

Шек — қамыттың шұжығы. *Қамыттың шегі созылып кетіпти.*

Шекі — ерсі, теріс. *Менің айтқаным шекі ме?*

Шелміш — жүдеу, арық. *Ол өзі жастайынан шелміш болатын* (Шымк., Сайр.).

Шокша — ширектің төрттен бір бөлегі. *Шайыңың шокшадағын берсең болады* (Шымк., Қызылқ.).

Шылай — үнемі, ылғи. Ол шылай жадағай киетін.

Ілеген — ас салатын жайпақ табақ. Ілегенді меймандар алдына қойды.

Шебік — кебеже. Қауын қағын шебікке жия бер.

Шолпы — темір ожау.

Бір қыл — бірсыпра. Бір қыл адамдар келді.

Шымкент говорында кездесетін біраз сөз тіркестері де, осы өңірде көп қолданылуымен көзге көрінеді.

Айдап жіберу — суды арыққа бұрып жіберу.

Ақыретке жеткізу — қатты ұрсу, сөгу. Ол ба-лагаттан ақыретке жеткізді.

Әйтегі ұстаяу — жыны ұстаяу. Оның кейде әйтегі ұстайды.

Бір шек болу — жеке-жеке бөлім болып бірігу. Он-он бес үй бір шек болдық.

Біреу жарым — бірлі жарым. Менің мақта еккен жерімнің ала-құласы біреу жарым.

Дәрпі кету — атағы шығу.

Суды қайыру — суды бұру.

Құмартып ішу — атау, кереңін ішу.

Маяна жеу — еңбекақы алу.

Өркенге жығылу — өркені өсу (дақыл жөнінде).

Палтарту — жүйек тарту.

Сүйек қас болу — тұқымымен қас болу. Сүйек қас болған адам екен.

Тауаны қайту — көнілі қайту.

Тауан қылу — зорлық қылу.

Тәбірік қылу — үміт қылу. Тәбірік қып неше түрлі тағам әкелді.

Тәннен шығу — разы болу.

Ұзырымен ішу — талғап ішу. Тамақты ұзырымен ішпесе болмайды.

Үлпекте бару — қонаққа бару.

Үрімдей қып беру — ұсақтап беру. Ол етті үрімдей қып берді.

Хатыл болу — риза болу.

Шәлкем салу — егіннің бауларын түйістіріп жинау.

Ыза шығу — су шығу.

Ынтығын қағу — ынтық болу. Ол жігіт бұл қызығынан ынтығын қағып жүр.

### Шу говорының лексикалық ерекшеліктері

Шу бойы қазақтарының тілі арнайы зерттеліп, ол жөнінде монографиялық еңбек, мақалалар жазылып, бұл говордың екі тілдік сипатындағы<sup>18</sup> ауыспалы говор екені жайлы айтылған болатын. Бұл өнірдегі тұрғындардың лексикалық ерекшеліктерін сөз еткенде де осы жағдайларды еске алудымыз тиіс. Шу алқабындағы тұрғындарда бүкіл онтүстік өлкесіне тән лексикалық ерекшеліктер мол. Ондай кең аумаққа тән ерекшеліктер Қазақстанның онтүстік-шығыс облыстары тілін диалектілік атлас жасау тұрғысынан зерттегендеге, басты ерекшеліктер болып енген-ді. Сол ортақтық қасиетпен бірге Шу говорының лексика саласында да өзіне тән, басқа говорлардан бөле қарайтын ерекшелігі де бар.

Шу алқабында көне заманнан бастап, мал шаруашылығымен бірге, егін егіп, су жүйелерін пайдаланып отырықшы болғандықтан егінге, иригацияға, техникалық дақылдарға байланысты атаулардың молдығымен сипатталады.

Оған сұландыру шаруашылығына байланысты оман, желке, арық, оқ арық, қол арық. сияқты атаулар; баубақшаға және толып жатқан арқар жусан, балалы жа-пырак, балжуран, лакса, мортықбоз, итемген, көмірген, қой қаранжы, т. б. өсімдік атауларының молдығы дәлел бола алады.

Сол сияқты бұл говор көрші қырғыз тілі әсерінің молдығымен де ерекшеленеді. Ерте кезден бастап Шу алқабындағы қазақ, қырғыздардың қарым-қатынасы, байланысы, құда-жекжат болып жасаған туыстық қатынасы да мұндағы тұрғындар тіліне әсерін тигізіп отырды. Ондай сөздердің бір тобы дыбыстық құрамы жағынан бірдей болып, қырғыз тіліндегідей айтылды. Мысалға *айал* (әйел), *анча* (онша), *өлөн* (өлең), *бигыл* (пигыл), *беріште* (періште), *бенде* (пенде), *түпкір* (түкпір) сөздерді келтіруге болады. Ал бірқатары морфоло-

<sup>18</sup> Нақысбеков О. Қазақ тілінің ауыспалы говоры. Алматы, 1972, 13-б.

гияллық құрылсызы жағынан (жауынчыл, жесірчіл, жайлаулау, малсақ, үйису) ұқсас болса, енді біреулері мағына жағынан да қырғыз тілімен бірдей болып әдеби тілімізден және қазақ тілінің басқа говорларынан өзгешеленіп келеді. Оған ер-тұрманға байланысты *пыстан* (көрпе бастырғыш), *сару ер* (ердің бір түрі), туыстық атауға байланысты *еже//таеже* (нағашы апа), *таеке* (нағашы); үй құрылсынына байланысты *боз үй* (киіз үй), *там* (тас үй), *чайла* (күрке), *қағылға* (киіз үй есігі); ыдыс-тамақ атауларына байланысты *көмбек* (таба), *чық* (тұздық), *төп* (бозаның қалдығы), *чөбөрө* (сарымайдың тортасы), *жұқпа* (тамақ түрі); киім-кешекке байланысты *жұырқан* (көрпе), *седеп* (ак түйме) және  *чақа* (мыстын), мықи (құс түрі), *жырғау* (жетісу), *мұштау* (жұдырықтау), маяна (жалақы), *сарамжал* (саран), *саяппер* (ат баптаушы), *чыбыр* (қырқа), *тұніке* (қаңылтыр) сияқты сөздердің айтуға болады.

Бұл өңірде қырғыз тілімен бірдей айтылып, сөздің мағынасы да сай келіп отыратын *чанда біреу* — ілуде біреу, *абдан айбат* — әбден жақсы, *жадыдан көтерілу* — ұмыту, *жасын салу* (жасын көрсету), *мат қылу* — табалау, *жырғалға бату* — жетісу, *мерек болу* — мерекелі болу сияқты сөз тіркестері де кездеседі.

Шу бойы тұрғындары қазақ тілінің кейбір говорларына қарағанда өзбек тілінің де әсері бар екендігімен сипатталады. Бұған ыдыс-аяқ тұрлеріне байланысты *пиала//пиалай* — шай кесе (өзбекше пиела), *керсен* — үлкен табақ (керсон), *кузе* — тостаған (куза), *леген* — жайпақ табақ (лаган); ас-тамақ атауларына байланысты: *келімдәрі* — қызыл бұрыш (гармдару), *зуала* — етке салатын наң бөлегі; *ауқат* — ас, тамақ (овқат), *ұстарған* — еті алынбаған сүйек (устоқан), т. б. *чайла*, *сақы*, *мық*, *бемолал*, *дәліз*, *чақа* сияқты едәуір сөздердің жиі қолданылуы тән.

Бұл айтылған мысалдардың біразы Шымкент, Та什кент говорларына да ортақ болып келеді.

Шу говоры жайында арнайы еңбек жазылып, онда лексикалық ерекшеліктер кең түрде сипатталғандықтан, бұл жерде кейбір негізгі ерекшеліктерін атаумен шектеліп, осы говорға тән-ау деген кейбір сөздерді мысал ретінде келтіріп отырмыз. Бұл говорды сипаттайтын сөздер санын көптеп келтіруге де болар еді. Бірақ бұрынғы

жазылған еңбекте басқа говорлармен салыстыра зерттегендіктен, бұл арада кейбір мысалдарды берумен шектелдік.

А б д р и я — жастықтың астына қоятын ағаш. А б д р и я болмай жастық аласа болады.

А б ж а у қ ы н — мardымсыз, азғана. Ауқат а б ж а у қ ы н емес бәрімізге жетеді.

А б ы л а й ш а — шаңыраққа, уықтың өзін ғана шаншып тіккен кішкене үй.

А ф ү ү — тұтқын, кепіл.

А й у а н х а н а — үйдің алдыңғы бөлегі, төбесі жабық, алды ашық жері.

А л қ ы - о р а қ // б е л о р а қ — имегі жалғастырылмай тұтас соғылған орак.

А р д о м — түрме, абақты.

А с а д а л — тамақ салатын сырлы, оюлы ағаш. А с а д а л ы ң қ қ қ қ ағын өрнектеп те жасайды.

А с т а й л ы — тіпті, өте. Мынау а с т а й л ы кем қылыша екен (Жамб. Шу).

А с т а н а — табалдырық. Есікте а с т а н а бар.

А т ж ү р г і ш — салт атты кісінің қамшысы. А т ж ү р г і ш қайда?

А ш ы м ы қ — үннан, тарыдан, талқаннан жасалған сусын. А б д а н шөлден қаппын, екі жанан а ш ы м ы қ ішін жібердім.

Ә р і к — құрметті орын.

Б а с п а — ілгек. Б іздің үйдің есігінің б а с п а с ы жоқ.

Б е л т е м і р — дөңгелек өткізілетін темір.

Б у л ы қ — самауырынның түтін өшіргіші. Б у л ы -ғы н жаба түс, түтін шығып кетті.

Б ұ ж ы р а — аттың тізгінің жоғары көтеріп қоятын шығыршық. Д оғ а б ұ ж ы р а с ы з болмайды.

Б ү р к е н ч і к — самауырынның түтін өшіргіші.

Д і л — көңіл, ниет, ой. Б ұл сөз менің д і л і м е келген жоқ. (Жамб., Тал.). Ақ еді д і л і м е ліме, Жалынам тілек бергін деп (Жамб., Шу).

Е к і л — жігерлі, қайратты. Жас кезімде мен екіл едім (Жамб., Қор.).

Е л е к - қ а л а қ — елең-алаң. Ертең е л е к - қ а л а қ болғанша істейміз.

Е л е т — туыс. Е л е т болған бес болыс қаңылы бар.

Ет көрпе — жерге төсөлмейтін, тек жамылуға арналған көрпе.

Жаба — бүркітті ұстайтын шаңырақ сияқты құрал.

Жанағаш — жетек. Дара көлік жегетін арба, шаңыңға ағашын жанағаш дейміз (Жамб., Жуа.).

Жанғыз қазық — тышқанның тік іні. Ат жанғыз қазық қа аяғын тығып алатын.

Жарна — сыңар, серік. Саған да жарна табылып қалар.

Жарық қарын — екінші жылғы айдалған тыңжер.

Жонғуыр — сүргі. Жонғуырды рәндә деп те атайды (Жамб., Жуа.).

Жораптау — қызылдаған бидайды сыпырғышпен тазалау. Бидайды жораптаң жіберіңіз (Жамб., Мер.).

Жұлманан//жайманан — нанды жайып, үзіп-үзіп салып жасаған тамак түрі.

Жұлықтау — жекелеу, арасын ашу. Қызылшаны кезінде жұлықтамаса жақсы өнім бермейді (Жамб., Шу).

Жұрттық — жүрт жәрдемі, көмек. Кісі басы үш сомнан жинап, жұрттық қылып, босатып жіберіпті.

Жырғал — қызық. Осы жасқа келгенде не жырғал көрдіңіз.

Жырғалту — жетістіру, толысу. Осы кластың балалары жырғалтып жүрген жоқ қой, темекіні шашып жүр.

Забын — ауыртпалық, жаманшылық. Осы сөздің забыны кейінгі үрпақтарға тимесін,—депті.

Зәк — дым, дымқыл, сыз, ылғал. Тамның бір бұрышы зәкten iп кетіпті. Жерге жатып едім, зәк үрып тастапты (Жамб., Жуа.).

Иық ағаш//иін ағаш — су таситын мойын ағаш.

Кәгеттеу — жабу, суға тигізбеу. Қызылшаның үймесін қамыспен кәгеттеді.

Кенайі — женге. Бізге кенайі қашан келеді.

Кенен — молдық, кеңшілік. Біздің ел кенен ғой.

Кер — бөкттер. Сол күннен бастап меркеліктерді кер Ботпай деп атап кеткен.

Күлчін — мәсінің сірісі. Мәсінің күлчіні болса, сұрагалы келіп едім (Жамб., Шу).

Күрсі — мосы (Жамб., Жуа.).

Қағылға — киіз үйдің есігі, есік. Бұрын үйдің есі-*єін* қағылға дейтін.

Қадаубас — темір тескіш құрал. Торғай маңындағы тұрғындарда *тескір* сөзі қолданылады.

Қақ — сары майды шыжырғанда түбінде қалғаны.

Қалампир — қызыл бұрыш. *Мұнда* қалампирді көп егеді.

Қалба — шатақ, ұрыс. *Жігіттің* жаманы қалба да жүреді, *Аттың* жақсысы дорбада жүреді (мақал).

Қалдорба — ұсақ-түйек, шүберек салатын дорба. *Базбір* әйелдер қалдорба жасап алынты.

Қарғымалы шалбар — балағы жырым, шүбе рекпен кестеленген тері шалбар.

Қасалақ — садақтың оғы. Бұл сөз сирек айтылады.

Қатмал — базарда сатылатын мал үшін төленетін ақша. *Қатмалын* сен төлейсің.

Қаттау — сауыт ішінен киетін жібек шапан.

Қолкиіз — тұтқыш. *Қазанды* қолкиізбен көтер.

Құйма — қыстай жинап, көктемде құйып алған тезек.

Құймақант — бөлінбеген тұтас қант.

Құнық — сараң. *Бұл тым құнық адам.*

Құсмұрын төс — шалғы шындаитын кішкене төс.

Қиуасыз — жөнсіз, орасан. *Мал қиуасыз семірген.*

Қың — кекесін, шалыс. *Оның сөзінің қыңы болады.*

Қию — тұскиіздің шетіне жүргізілген жиек.

Максым — бидай, тары, т. б. дәнді егістен жасалатын ішімдік.

Манзур — лайық. *Бұл саған манзур емес* (Жамб., Тал.).

Маяна — жалақы. *Маянаң қанча, балам?*

Мэрт — жомарт, уәдеге тұруши. *Ол мәрт кісі еді.*

Мелдесу — бәс тігу. *Біз мелдестік те, екеуін ат үстінен аударыстыруға шығардық.*

Мұғдарлау — шамалау. *Қыпшақтардың бұл жер-*

гө қоныстануына 200 жылдай болды деп мүрда рлау-  
ға болады.

Мұштая — сазайын беру, жұдырықтау.

Мідуаршылық — адамгершілік.

Мінапайыста — қапылыста. Ол мінапайыс-  
та қолға түседі.

Насыр көже — кеспе. Кеше қонаққа ет таба ал-  
май, насыр көже істеп бердік (Жамб., Тал.).

Нәренжі — әлсіз, нәзік. Баласы нәренжі бо-  
лып туыпты (Жамб., Шу).

Немене — шеберенің баласы. Ана бала сенің не-  
менең бе?

Нофай үй — шаңырақтың өзіне уықты шаншып,  
керегесіз жасаған үй.

Өлпен — ыстық, қапырық. Құн өлпен болса,  
бұзау жидеге кіріп кетеді.

Сайқын — ен дала. Ерте кездे қазақтар сайдын  
далада болады екен (Жамб.: Св.; Жам.).

Салман — жүқалап жайып, бұрыштап кесіп,  
суға қайнатып үстіне май салып жейтін нан.

Сапыру — араластыру. Картаны экелші, мен са-  
пырағын (Жамб., Шу).

Сарамжал — саран. Талай сарамжалды  
балқытқан Сүйінбай мен боламын (Жамб., Шу).

Саяпкер — ат баптаушы. Ол саяпкер Сарым-  
сақ деген кісі еді.

Сәндіп — сәтен. Сәндіп көрпені алып тәсе.

Сурынды — қатты, алай-түлей боран. Откен  
жолы, марта сурынды боран болды (Жамб., Тал.).

Тақша — жалпақ ағаш табақ. Тақша қазір қол-  
данудан қалып барады (Жамб., Шу).

Тарача — қол тырма. Тарачаны ала кел, мен  
де қарап тұрмайын.

Тәс орамал — қол орамал. Мен тәс орама-  
лымын сатып алдым (Жамб., Тал.).

Теппекай — кірпіш шай. Мәгәзінге теппекай  
түсіні.

Төбелдірік I — самаурынның түтін өшіргіші.

Төбелдірік II — жүгеннің төбеге келетін бөлігі.

Түктөлеу — қауыздыу, актау (бидай, тары). Түк-  
төлген тарыдан көже жасады (Жамб., Жуа.).

*У а с т а — шыбық. Ол тоғайға барып, себет тоқитын  
у а с т а шауып әкелді* (Жамб., Жам.).

*Ч ә р ә п к і л е у — босату, шабу. Қылча қылтиып  
2—3 құлақ болғанда түбін өрәп кіле міз.*

*Ч оғылтү — жиу. Бәрін өөғылтып, бір жерге  
үйеміз.*

*Ч оң — үлкен. Ч оң әдәрігер қарап, мені ауылға жі-  
берді.*

*Ч оң а ю — үлкею. Балаларың өң айды ма?*

*Ч у а л — шуат. Ч у а л ә ды біз де көп жасаймыз* (Жамб., Мойын.).

*Ч ы қ — тұздық. Етке өң құйып жібер.*

*Ч ы л а у ы ш — кір жуатын үлкен шылапшын.*

*Ч ілт е н — ауыртпалық. Балалардың өң т е н і н  
көрмейсің сен.*

*Ч ілік — ойын аты. Он сантиметрдей ағашты таяк-  
пен ұрып, ұпай салып ойнайтын ойын.*

*Ш а б а р а — тор. Зоопарктегі аңдар шабар да  
тұрады* (Жамб., Жуа.).

*Ш а ж а — таудың басы, биігі.*

*Ш а л ғ ы н — редиска. Біраз жерге шалғын сеп-  
тім.*

*Ш ә н г і — аң аулауға киетін етік.*

*Ш е к е л д і к — кекіл бастырғыш. Аттың жүгенінің  
ш е к е л д і г і жоқ* (Жамб., Тал.).

*Ш ы б ы н — крест карта. Менің қолымда екі шы-  
бын, бір қарға қалды.*

*Ш ы р ы ш — мәткенің үстіне салатын көлденең ағаш-  
тар. Біздің үйдің бір шырышы сынып қалыпты* (Жамб., Тал.).

*Шу бойы тұрғындарында әдеби тілден және басқа го-  
ворлардан өзгеше айтылатын, беретін мағынасы да бас-  
қа біраз сөз тіркестері бар. Олардың бірқатарының құ-  
рамындағы кей сынарларының лексикалық мәні түсінік-  
сіз болып келеді. Ондай тіркестерге қайран қалу — тан  
қалу, ежіре қылу — келісу, мелдек ату — тойып тұру,  
мәмлеғы алу — қарызға алу, нұп болу — болу, толу;  
нәзім қылу — мақтау, пірәдәр қылу — серттесу, тәрекүл  
қылу — үлестіру, чекенелеп құю — аздап құю, қамыры  
ашу — жаны ашу, көңілі құшыақ болу — риза болу, үқық  
қылу — жер аудару, т. б. Ал енді біразының сынарлары-  
ның лексикалық мәні айқын сөз тіркестер. Олар мына-*

лар: *бөрі тыңлаумен журу* — абылап жүру, *елік ауыз болу* — үйқаспау, *мойнына тусу* — қарыздану, *отқа итермеу* — елеу, ескеру; *таң көрсетпей* — күн көрсетпей, *тәннен шығу* — ұмыту, *чет болу* — ұятты болу, *әсер бермеу* — көңіл бөлмеу, *құрсағы ауыру* — жаны ашу, *өксікті болу* — өкінішті болу, т. б.

### Жетісу говорының лексикалық ерекшеліктері

Жетісу говоры жайында қазақ тілінің басқа говорларындай арнайы зерттеліп, монографиялық еңбек жазылmasa да, жалпы оңтүстік диалектісі деген мәселе мен бірге қаралып, сөз болып жүрді. Бұл жайында С. Аманжолов, Н. Сауранбаев, Ж. Досқараев еңбектерінен көруге болады. Жеке зерттеу арналмағанымен тіл зерттеушілердің назарынан тыс қалған емес. Қазақ тілінің диалектілік ерекшелігін алғаш қолға алып жинау да Жетісудан басталды. 1937 жылы тұңғыш рет Кеген, Нарын-қол қазактары тілі жайынан академик I. Қеңесбаевтың басқаруымен диалектологиялық экспедиция үйымдастырылып, қызықты материалдар жиналыш келген болатын. Бұдан кейінгі жылдары Ж. Досқараев, Ш. Сарыбаев, Ә. Құрышжанов, Ж. Болатов, Ә. Әбдірахманов, О. Накысбеков, т. б. тілшілер осы өнірдің тұрғындары тілінен материал жиып, кейбіреуі мақала болып жарық та көрді. Соңғы жылдары диалектологиялық атлас жасауға байланысты бірнеше рет экспедициялар үйымдастырылды. Осы кезде көптеген фонетикалық, грамматикалық құбылыстармен бірге лексикалық ерекшеліктерден де мол материалдар жиылды. Осы жиылған лексикалық материал негізінде Жетісу говорының лексикалық өзгешелігі жайында корытынды жасауға мүмкіндік туды.

Жетісу говоры да оңтүстік диалектіге кіретін басқа говорларға тән құбылыстармен ортақ болып келеді. Ол ортақтық жағдай — бұл өнірде де жерінің, табиғатының өзгешелігіне, климатының жылылығына сай тау, далада өсетін өсімдіктердің молдыры, соған сай қазақ әдеби тіліне қосылатын атаулардың да көптігі. Екіншіден, бұл өнірде де ертеден егін егіп, су жүйелерін пайдаланып, бау-бақша өсіргендікten, ирригацияға, егін атауларына, арық-атыз, бау-бақша атауларына және басқа жерлерде егілмейтін темекі, апиын өндірістеріне байланысты сөз-

дердің молдығымен сипатталады. Бұл жағдайлар оңтүстікегі говорлармен ортақтық қасиетін білдіре отыра, қазақ тілінің басқа говорларынан айырмашылығын, әдеби тілге қосатын үлесін аңғартады.

Ал Жетісудың оңтүстік диалектісіне енетін басқа говорлардан айырмасы — бұндағы тұрғындардың үйғыр, дүнгөн халықтарымен ертеден араласып келе жатқандықтан, осы тілдердің әсерінің молырақ кездесуі. Мысалы, Шу говорында қырғыз тілінің, Шымкент, Ташкент говорларында өзбек тілінің әсері басым болса, бұл өнірде үйғыр тілінен ауысқан сөздер молырақ. Олар *асбұзыл* (асхана), *дас* (мыс шылапшын), *дағар* (қап, үй. тоғар), ат байлайтын ағашты білдіретін *мама* (үй. мама), шөп салатын орынды білдіретін *ақыр* (үй. окур), мал жегеннен қалатын шөптің ірісін білдіретін *қашек* (үй. кәшәк), көн теріден тігілген аяқ киімді білдіретін *чарық* (үй. чорук), *чоқай* (үй. чоқай), кездеме түрін білдіретін *закар-ләмпік* (үй. ләмпик), іскер мағынасын білдіретін *қыын* (мықты; үй. қийин), *өстен* (тоған) сияқты көpte-ген сөздерді келтіруге болады.

Жетісу говорының енді бір ерекшелігі — мұндағы кейбір сөздердің қазақ тілінің шығыс говорлар тобымен бірдей, ортақ болуы. Оңтүстік говорларына тән *там* (үй), *сым* (шалбар), *жейде* (еркектің көйлегі), *көрпелдес* (кенже туған қозы), *тегене* (улken табақ), *зімбіл* (носилка), *әпке* (өзінен үлкен қыз), *кемпірауыз* (шеге суырғыш) тәрізді сөздер Семей, Шығыс Қазақстан тұрғындарында да осы мағынада жұмсалады. Сондай-ақ Жетісу говорында жиі айтылатын *дуал*, *дағар* (қап), *дас* (шылапшын), *кезмал* (кездеме), *далан* (ауыз үй), *бұришақ* (жүгері), *қыын* (мықты, іскер, мағынасында), *зәк* (дымқыл, сыз), *лапас* (бастырма), *тусу* (отыру, міну), *тесе* (тәпкі), *желке су* (егінге берілген екінші су), *жер суы* (алдын ала берілген су), *майқандау* (бидайдың бетін тазалау), *тыма* (қайнар, бұлак) сияқты сөздер ортақ болып келеді. Бұл келтірілген сөздер Жетісу говорын түгел қамтыса, енді аталған говорды түгел қамтymай, Жетісудың шығысындағы Семеймен шектес аудандарда жиірек кездесетін біраз сөздер шығыс говорлармен бірдей болып келеді.

Оған Талдықорған маңында айтылатын *тошала* (шошала), *шылауыш* (шаршы, ак орамал), *елек* (елгезер),

*шінағаш*//әпкіш (суағаш), *бөмөжнік* (ақша салатың ыдыс), *кебенек* (киізден жасалған киім), *серне*//*сердебе* (денгене), *азат омыртқа* (мал сойғанда беретін қол ақы), *ұпай ретіндегі бастан алатын кертоқай, басқыш* (саты) тәрізді сөздерді мысалға келтіруге болады.

А б е т а й — таза. *Омардың әйелі а б е т а й кісі ғой.*

Ағаш тіс — ағаш соқа.

Ақпар — үлкен кесе (Алм. Шел.).

А п а й — төскей, бет. *Бір күні тауға шығып, а п а й-даң аң атып алдым.*

А т т і с — ұста дүкеніндегі темірді қысып тұратын құрал.

Әй б ір — бұйым, нәрсе. *Үйдегі әй б ір ді жиып қой* (Т.-қор.).

Әлекей - түлекей — алай-түлей. *Күн бұлттанып әлекей - түлекей жаңбыр жауды.*

Белағаш — үй төбесіне салатын арқалық. *Бел-ағашты тамның төбесіне салдық* (Алм., Қег.).

Бұлың — бөлме. *Мынау тамның бір бұлың ы* (Алм., Қег.). *Конақ көп келетін болған соң, үйді бұлың - бұлың ы етіп салдым* (Алм., Шел.). *Сырт көрінісінде қыстактың өзге үйлерінен ешқандай айырмасы жоқ бұл там қоржын тәрізді үш бұлың ы жай* (Б. Сок., Жекпе-жек, 18).

Бұрлеу — өрнектеу, өрнек салу. *Мәрия түс киізін келістіріп бұрлеpti ғой* (Алм., Шел.).

Алтыаяқ — кішкене қос, керегесіз уықтың өзін шаншып жасаған кішкене үй.

А т т і с — темір ұстаның дүкеніндегі құрал.

Атпыш — ат сыншысы, атты баптаушы.

Атал — ұннан, түйген бидайдан жасалған көже.

Ашты — ащы. *Ашты келімдәрі әкел:*

Ашкөк — екпе шөп, асқа салатын шөп.

Аю жылан — үлкен улы жылан.

Баспа — тамақ ауруы.

Бейбас — сотқар, тентек.

Борық — бастырган бидайдың топанымен жатқан түрі.

Дедеге — там үйдің үстіңгі жиегіне салынған бумақамыс.

Дүкірт -- мұрт тегістейтін қайши.

Діңгек — тіреу, аша.

**Жақамау** — жақтырмау. *Аса жақамай отыр.*  
**Жөушенді** — жөнді. *Жөушенді адамы да жоқ.*

**Жұфар ақпанда** — жуырда, жақында. *Жұфар ақпанда келе қоймады.*

**Иланбау** — сенбеу, нанбау. *Ол баланың сөзіне онша иланбаи отыр.*

**Керт қара басы** — өз басы, жеке өз басы.

**Біләл** — дуал. *Біз кеше Омардың біләлін соқтық* (Алм., Жам.).

**Далаң//далаң** — кіреберістегі белме, ауыз үй. *Балалар далаңда отыр* (Алм., Кег.). *Ортадағы далаң үй* (Б. Соқ., Жекпе-жек, 18).

**Дас** — ләген, шылапшын.

**Дәңгендे** — құр қөкірек. *Ей, оңбаған дәңгендеге екенсің ғой* (Алм., Жам.).

**Делбетап** — жарымес, нақұрыс, есуас. *Ол бір делбетап адам ғой* (Алм., Шел.).

**Дерен** — үлкен, жуан. *Тауда дерен ағаштар көп.*

**Дөйпес** — үлкен. *Өңкей бір дөйпес жиналған екен* (Алм., Кег.).

**Дігер** — үлкен, жуан.

**Екенше** — кішкене қап дорба. *Бір дейілише тарыны екі екеншеге бөліп салып, аузын тігіп, жук астына жиып тастадым.*

**Жадыбас** — үйден шықпайтын адам. *Сөнің басың жадыбас қой өзі* (Алм., Кег.).

**Жақат** — пайда, табыс, өнім. *Колхоз егісінен жақат көп* (Алм., Шел.).

**Жамбакы** — ұры. *Ол жамбакы адам.*

**Жармак** — садақа, қайыр. *Түйесін жармакқа беріп, өзі әрі қарай жүре беріпті.*

**Жебейлес** — қатарлас, тендес. *Әдібек бізбен жебейлес.*

**Жозы//жуазы** — аласа дөнгелек стол. *Қонақтар жозының айналасында отырды* (Алм., Нар.). *Ертеңгі шайға бәріміз бір қора болып, жозыны айнала келіп отырамыз* (Б. Соқ., Біз де бала бол., 96).

**Жық** — көп, қалын. *Осы арада толған жық қырғауыл* (Алм., Кег.).

**Зайд** — дым, шымқыл. *Үйдің астынан зайд шығып*

*кетті. Сүйкта үйдің бұрышынан заң білінді* (Алм., Шел.).

*Зәді — тегі, заты, сірә. Зәді жаман оңбаған.*

*Зәңгі — үйді төбесіне балшық шығаратын құрал. Анау тұрганың зәңгі, іши толған балишық.*

*Зәу — биік. Темекі чыққаннан кейін зәу болып өседі.*

*Зықымат — қорлық. Бұрынғы кезде байлардан көрген зықыматының итке берсін (Алм., Кег.).*

*Итыз — егістік жердің кішкене бөлегі. Біз жазда итыза барып, колхоз жұмысына көмектесеміз (Алм., Шел.).*

*Кәлдем — арық. Қысқы соғымымыз союға кәлдем болды.*

*Кәнуа — кесте, өрнек. Кейбір әйелдер кимешекке әйбат кәнуа салатын (Т.-кор., Аксу).*

*Кәспек — елктің айнала қондырылған жактау ағашы. Елгезерге кәспек салдырып алайын деп едім (Алм., Кег.).*

*Кәүә — аскабақ. Қауәнің манты қәүә, қара қауә, тұрпан қауә деген түрлері бар.*

*Кен — аласа, жалпақ етіп, сәкі тәрізді жасалған пеш. Кен пеш қыста жылы болады. Ұйғыр тілінде — қаң.*

*Кертақыс — қисық, қыңыр. Ол қызын кертақыс сөйлейді.*

*Керіз — сүрлеу жол. Қарасайдың батыс жағында керіз жол бар.*

*Көдек — есектің құлышы.*

*Көмбеконақ — жүгері. Көмбеконақтан биыл мол өнім алдық (Алм., Шел.). Көмбеконақ төменгі жақта мол өседі (Алм., Кег.).*

*Көтек арба — екі дәңгелекті арба.*

*Күнәйім — күнәлі, жазықты. Жұмыстан қаламын деп күнәйім болдым (Т.-кор., Қарат.).*

*Кірши — шылапшын. Кірши мен кір жуайын деп отырмын (Алм., Кег.).*

*Қайбар — өтірік, өсек. Қайбар айтпа.*

*Қатық — сұзбе. Қатық қосқан сорпа дәмді болады.*

*Қауыздай киіз — баланың жөргөгінің астына*

салатын киіз. *Бесіктің қауыздай киізі тозып қалды* (Т.-қорғ.).

*Қотыр бидай — жабайы бидай. Биыл қотыр бидай көп шықты.*

*Кошна — көрші. Менің қошы на м жақсы адам* (Алм., Қег.). *Бұрын осы мектепте істеген адаммен қошына болдық.*

*Құжанты — үлкен пышақ, қанжар.*

*Құжат — документ, ыспаттама. Ол әрбір адамға құжат жаздырды.*

*Құмата — шыбын-шіркей.*

*Құю — тапсыру, беру. Колхоз сүт планын түгел құйды* (Т.-қорғ.).

*Қыжалат — қажет, жетімсіз. Кейде бір нәрсеге қыжалат болып тұрасын.*

*Қызыр — жауыр. Менің мінаен атымның қызыры бар.*

*Қиын — тым, өте, аса. Ол қиын жақсы айтады.*

*Қырқай — барлығы, шетінен. Менің балаларым сабакты қырқай жақсы оқиды.*

*Лабаймен — барлығы, бүтіндей. Таудың бетіндең көшкін тастар лабаймен құлайды.*

*ЛАКАЖДА — таяу арада, жуырда. Колхозға ауданнан әкімдер лакажда келуге тиісті.*

*ЛАМАЙЛАМАУ — бытыстыру. Ламайлама отыр.*

*МАЙКАН — қырмандағы қызылдайтын астық үйіндісі.*

*МАНАҚА — мәнісі, себеп. Сенің бұл кетуіңнің артында бір манақа бар гой.*

*МОРЖА — пештің түтіндігі, түтін шығатын трубасы.*

*МУАЛЫ — ас үй. Муалыға ас пісіріп жатыр* (Т.-қор.).

*МҮҚЫМ — тіпті, мұлде. Болат кітапты мүқым жатқа айтады.*

*МҮҚЫСЫ — мәнісі, жөні. Ол әңгімені мүқысина жеткізіп айтады.*

*МҮКІ — жөні, реті. Мүкісін тапсанқ, сұрағаныңды аларсың.*

*НАУАН — үлкен, биік. Бұл ара толған науан тауғой.*

*НОҚАЙ — ешнәрсені ажыратпайтын топас.*

**Оқтық** — екі атты арбаның жетек ағашы.

**Саң** — астық салатын жер. *Саңға бидай құйып қойдық* (Алм., Шел.).

**Сарша** — үйдің белағашының үстіне салатын көлденең ұсақ ағаштар. *Тамның бөренесі мықтты, саршасы әлсіз* (Т.-қор., Гв.).

**Саталғы** — қайыс ысып тазарту үшін ағаштан жасалған құрал. *Қайысты саталғыға салып алу керек* (Алм., Жам.).

**Сейпіл** — 1. Корған, қамал. *Ілгеріде осы жерде сейпіл болған деп айтады* (Алм., Кег.). 2. Қүзетші үстіне шығып алысқа көз жіберіп қарап тұратын мұнара сияқты биік құрылыш (Алм., Ұйғ.).

**Сенек** — қара түнек боран. *Кешкісін күн сенек болып, қойды ауылға әрәң жеткіздім-ау.*

**Сердебе** — деңгени, серне. *Сендермен бір ай отырып, сердебе жасасақ на деймін* (Т.-қорғ.).

**Сес** — әдемі. *Костюмің тіптен сес екен* (Т.-қорғ., Қарат.).

**Сокпа** — дуал. *Тамды айналдырып соқпа салуға шамам жоқ* (Алм., Гв.). Бұл сөз Семей, Шығыс Қазақстан тұрғындары тілінде де айтылады.

**Сокыр тұман** — қалың, түк көрінбейтін тұман. *Кеше соқыр тұман болып, малды қорадан шығара алмадық* (Алм., Енб.).

**Сокыр шам** — лампасыз шам. *Қазір соқыр шамды қолданбайды* (Т.-қорғ.). Енді біраздан соң ол да бітіп, соқыр шамның көзі мұлдем жұмылатын болады (Б. Соқ., Біз де бала бол., 98).

**Сыпымай** — аласа жиекті бөрік. *Менің сыпымай мады алып берши* (Т.-қорғ.).

**Таксы** — құм тектес нәрседен жасалған ыдыс. *Таксыға асқұяды* (Алм., Шел.).

**Токал там** — шатырсыз үйлер. *Анау тоқал там біздікі.*

**Тұлых** — егін бастыратын тас. *Қазір біздің колхозда тұлых тас та, комбайн да бар* (Алм., Кег.).

**Түсқия** — түс аяа. *Өмірбек, түсқия Торғайдың бетінен аң қаралы.*

**Тұма** — ұзап ақпайтын бұлақ, бастау.

Тынап — түйғынның бір түрі. *Бұркітші ұстап алған құссын тынап деп тапты.*

Уақ жан — ұсақ мал (қой, ешкі). Уақ жан сояқоюға жақсы.

Улас — үй ақтайтын ақ балшық, әк.

Үқым - тұқым — үрім-бұтағы. Үқым - тұқыбылым мен келді.

Чақылдақ — егінге түскен торғайларды үркітетін құрал. Чакылдағын қағысып, Аспандарғы құдайдың торғайымен үрысқан (Алм., Кег.).

Чалша — алаша. Чалша әрбір үйде болады (Алм., Жам.).

Чанжа — үй төбесіне салатын жіңішке ағаш. (Алм., Кег. Еңб. Шел., Т.-қорғ., Гв). Бөрене осал болсада, чанжа мықты (Т.-қорғ.). Чанжаға лайық ағаш екен (Алм., Шел.).

Чалаң — ала-құла. Биыл жердің өзбі چалаң болқалды (Алм., Шел.).

Чине — сүйреткі. Бұрын чинемен астық тартыныбыз.

Чолы — лағман сүзетін талдан тоқылған сүзгі.

Чөке — лағман, кеспе жейтін жіңішке таяқша.

Мейнам//шөл бидай — суарылмайтын бидай, егістік.

Чылама — тұзды, сортан жер (Алм., Ұйғ.).

Чанаш — теріден істелген сусын құятын торсық. Bir чанаш қымыз көбіне жетеді (Алм., Жам., Шел., Кег.). Костанай, Ақтөбе және Қызылорда қазақтары тілінде шанаң деп теріден жасалған ыдыс, қапты айтады.

Көмбे — жүгері.

Майдандау — ұшырған бидайды сыпырғышпен тазалау. Майдандаған жібер.

Четік — мәсі түрі. Мәсі құсап тігіледі. Ішінде ішке тартар екі ұлтан, сыртында да ұлтан болады.

Чаландату — сирексіту. Әпнін жиі болса, چалаңдағатады.

Чанчазы — апиын, пияз түбін шөптейтін қырғыш сияқты екі жағының жүзі бар, ұшы үшкір құрал. Апиынды чанчазымен шөптейді.

Кескіш пышақ — апиын кесетін пышақ.

Калақ — апиын жинайтын қалақша.

Пышақ — апиынның кесімі. Апиында біріншіден алтыншыға дейін пышақ болады.

Бөріауыз — ұста дүкенінде темірді қысып тұратын аспап.

Қағанак — қойдың шуын жармай жуып, қой узын ішіне құйып, одан соң отты жағып, ыстық күліне пісіретін уыз. *Қағанакты бұрынғы кезде ыдысы жоқ қойшылар істейтін* (Т.-қорғ., Керб.).

Үлпешек — қазының, т. б. қындысын қарынға салып, тұздап қойып көктемде жайтін ет.

Ақтүймеш — қойдың құйрығына немесе сарымайды келіге тарымен араластырып, келіге түйіп жасаған тағам.

Кор — қымыздың түбіндегі ірімтік-ірімтік болып қалғаны. *Корды малымыздың ырысы деп ешкімге бермейтін әдет болған. Корды кептіріп, ендігі жылға қалдырамыз деп құрт қып жайып қояды.*

Бұрмем — етті малдың терісіне салып, тұздамай қатырып қойғаны (Т.-қорғ., Гв.).

Түймеш — етті пісіріп, қуырып қарынға салып қойған түрі (Т.-қорғ., Гв.).

Еріп — қымыздың түбінде қалған іртігі. *Еріпті келесі жылға ашиқтыға пайдалану үшін құрт қылып жайып сақтаң қояды.*

Демедеу — шайды булау, шоқты аз салып, қатты қайнату (Т.-қорғ., Гв.).

Сарпостаулы — байлаулы. *Екі қолы артында сарпостаулы күйінде батырға барыпты.*

Мезерт — уақтысында. *О кісі айтқан әңгімені мезертінде үғып алады.*

Некін — дәл, қарсаңы. *Ол кезде соғыстың некін болайын деп тұрган кезі екен.*

Сап — өн, ылғи. *Сап жастармен бірге жүреді.*

Тұяқ қат — бұрынғы кездегі салық түрі.

Керіш — айдауға жарамайтын қатты жер.

Шытыр — крест карта. *Шытырдан бастап жүр.*

Шыны — шай кесе. *Дүкеннен бес шыны сатып алдым.*

Шілік — бөліскен олжаның артығы. *Бүгін олжа бөлісіп едік, бір нәрсе шілік қалды* (Алм., Шел.).

Ылғау — таңдау, іріктеу. *Олар малчылардың мықтысын ылғап алды* (Алм., Шел.).

Ынтыпейіл — шын көңіл, ықылас, ниет. Айша колхозшылардың істеген жұмысы жайлышының түрлі мән айтты (Алм., Шел.).

Ыран — таңертен, ерте. Біз ертең ыраңда тұрып сиыр сауамыз (Алм., Кег.).

Ілгек — мойын ағаш, су ағаш. Су әкелейін деп едім, ілгекті алып берши (Алм., Жам.).

Ілім — үй төбесіне салатын жуан ағаш, мәтке. Тауға шығуға уақыт жоқ, үйдің төбесіне салуға ілім керек болып тұр (Алм., Кег.).

Сұқан тилю — қарғыс тилю. Берекесін алайын дегендеге сұқан тиеді екен.

Сілесіне жолығу — қарғысына жолығу. Осының сілесіне жолығын қаламыз ба, сен бар соған, — дейді.

Мама ағаш болу — ат байлаушы болу.

Шаубоп қалу — бұрлығу, көптен жұмыс істемей жүріп жұмыс жасағанда бұрлығуы.

Ақшам болу — аттың ақ көбік болып терлеп-тепшүі. Базарбайдың алайқаты ақшам болып тұрмай тұр екен.

Баран қылу — жария қылу. Бұл жұмысты ел ішінде баран қылды (Алм., Кег.).

Дауыс ету — жоқтау, дауыстап жылау. Мен кірсем, апай дауыс етіп отыр екен (Алм., Жам.).

Желге ауу — сұықтан шаншу тилю, жел ұсташа. Оның өкпесі желге ауып жүр (Алм., Кег.).

Жұлдыз толғанда — қас қарай, ел орынға отыра, ымырт жабыла. Ол қаладан жұлдызы толғанда келді. Олар жұмыс басынан жұлдызы толғанда қайтты (Алм., Кег.).

Көпестарту — ағаш түсіру, саржандап ағаш дайындаған түсіріп беру. Ол бұрын көпестартып беретін (Алм., Шел.).

Қыдыра асу — тік асу, тұра асу. Қарабұлақтың бишігімен қыдыра аса ишкі (Алм., Кег.).

Мұрындық көрү — сылтау ету, себеп ету. Әр нәрсені мұрындық көріп, тішилік етпей ғой сенікі.

Суретке тарту — суретке түсіру. Менің суретімді тартқан Әкірбай болатын.

## Тәжік говорының лексикалық ерекшеліктері

Тәжікстанның Қорғантөбе облысының Вахш алқабын мекен етіп отырган қазақтардың осы өнірге келіп қоныстанғанына алды бір ғасырдан артық уақыт болды. Қөпшілігі негізінен өткен ғасырдың орта шенінде барса, біразының орнығұры отызыныш жылдар. Этникалық жағынан мұнда Кіші жүз құрамына кіретін адай, әлім және алаша руладының үрпақтары. Олар алғаш келгенде Молдаман, Қаратай, Сарыкемер, Теректі тауларындағы Дарбаза бұлак, Кошқар бұлак, Найман бұлак, Үш бұлак, Өлең бұлак, Кара бұлак деген жерлерді иемденген екен. Содан бері жергілікті тәжік, өзбек халықтарымен тығыз қарым-қатынас жасап келеді. Мұндағы тұрған қазақтар өзбек мектептерінде оқиды. Өз ана тілімен бірге өзбек, тәжік тілдерін де жақсы біледі. Аталған халықтармен тығыз байланысы осындағы тұрған қазақтардың тіліне де едәуір әсерін тигізгені байқалып тұрады.

Тәжік тұрғындарының этникалық құрамы Кіші жүз қазақтары болғанмен, тіл ерекшелігі жағынан батыс говорлар тобында айтылатын біраз сөздер сақталғанмен, олардың ауызекі тілінде негізінен оңтүстік говорлар тобына тән сөздердің басым екенін анғаруға болады. Мұнда оңтүстік өнірге тән *бастырма* (лапас), *там* (дуалдан, лайдан жасалған үй), *сыбау* (сылау), *жай* (үй), *ауқат* (тамақ), *ашымық* (ашымал), *пәтір* (ашытпай илеп пісірген наң), *зуала* (жаюға лайыктаған қамыр бөлігі), *тандыр* (наң жапқыш пеш), *ұстақан* (кесектей берілген ет), *тоқаш* (кулшे), *ниала* (шай кесе), *керней* (самаурын трубасы), *шарық* (шикі теріден істелген аяқ киім), *сарпой* (киіт, шапан), *кулишін* (мәсінін сірісі), *мойынұрық* (мойын ағаш), *зембіл* (носилка), *он айдау* (егін бастыру), *жап* (арық), *көтек арба* (екі дөңгелекті арба), т. б. сөздер жиі қолданылады. Тәжік қазақтары тілінде айтылатын осы іспеттес оңтүстік говорлар тобының басты лексикалық ерекшеліктері деп танылып жүрген сөздер санын бұдан да көбірек етіп беруге болады.

Дегенмен осындағы тұрғындар тілінде батыс говорлар тобында ұшырайтын, сол өнірдің ерекшеліктерін сипаттайтын *күзе* (ыдыс), *самар* (шұңқыр, кенерелі табак), *чиша* (бөтелке), *созан* (ине), *кеүиш* (кебіс), *ілгек* (түйме), *бел* (күрек), *дігіршік* (дөңгелек), *тегірмеш*

(дөңгелек), *кегей* (дөңгелек шабағы), *көшер* (күпшек), *шүлдік* (ойын аты) тәрізді біраз сөздер де кездеседі. Бірақ олардың саны онтүстікке тән сөздерден әлдеқайда аз.

Тәжік қазактары тілінің өзіндік лексикалық ерекшеліктердің жеке дара өзгешеленіп тұруына жи қарым-қатынас жасап отырған тәжік, өзбек тілдерінің әсері себеп болды. Қайсыбір атауларды алсақ та, ондай әсерлер анық байқалып тұрады. Осы тілдер әсері-ау деген мына төмендегі сөздерді мысалға келтіруге болады: *мәстава* (ет, күріш, майдан жасалған сүйық тамак), *кәлләк қант* (бас қант), *нім кесе* (ұлken кесе), *шәйдош* (аққұман тәрізді мыс ыдыс), *ләлә* (жайпақ табақ), *мағыз* (көрпенің жиегі), *мөкі* (бәтенке тәрізді өкшесіз аяқ киім), *пар* (кус жүні), *чығана* (бау таситын шана тәрізді құрал), *сұтым* (шығананың табан ағашы), *тоға* (шығананың табанын оқ ағашқа жалғастыратын жер), *чәтер* (бұталы ағаштан жасалған егін бастыратын құрал), *кеқпір кетпен* (кішкене кетпен), *амбыр* (плоскогубцы), *ләлімі* (сузыз жер егіні), *обы* (суармалы егін), *аскеді* (асқабақ түрі), *палаукедей* (манты асқабақ), *наскеді* (насыбай шақша жасайтын қабақ), *сүкеді* (ыдыс жасайтын қабақ), *чақ* (арық түрі), *жарма чақ* (чактан тараған арықша), *ағет* (мақта жүйегі), *сәрвәнт* (судың көмейі), *яхаб су* (сорлау жерге берілетін қысқы су), *həүіз* 1) су тұнтытатын шұқыр; 2) су сақтап қоятын шұқыр, *абышкен* (су бұзып кеткен жер); *машқы* (қағазды үшкірлеп жасаған ойыншық), *тоғыра кепе* (қамыс кепе), *кәл там* (тоқал там, үй), *кәл ешкі* (тоқал ешкі), *шөптара* (итарқа етіп қамыс, қияқпен жапқан үй), *реу* (мәтке), *кәм* (аз), *әстесекін* ақырын-акырын), *кәпсен* (кеусен), *ынтызам* (тәртіп), *чөрек* (бауырсак тәрізді нан), *каллама* (ашытпай май жағып илеп, қаттап пісірген нан), *жұма* (сиыр), *калта* (қыска), *шақа* (айыр), *жұлса* (ер астынан салатын шашақты жабу), *ашала* (сиыршы ақысы), *зият* (артық), *шора* (алабота), *сағыра* (жетім).

Тәжік қазактары тілінде айтылып, қазақ тілінің баска говорларында кездесе бермейтін мына төмендегі сөздерді келтіруге болады. Олар: ыдыс атауларына байланысты қара *шәйнек* (шәүгім), ақ *шәйнек* (аққұман), *настукірғіш* (түкіргіш ыдыс); киім-кешек, кілем, мата сәндік бүйым түрлеріне байланысты: *түймешік* (сырға сылдырып-

мағы), құс мұрын сақина (үсті дөңестеу келген сақина түрі), қоңырау біләзік (екі ұшын бір-біріне айқастыратын біләзік), қақпа алаша (өрнексіз алаша), қақпа кілем (өрнегі екі жағына бірдей түсетін кілем), шымырауын ши (өрнектеп жасаған ши), қантама (пододеяльник), ақсан (қалың ақ мата), тік (жол-жол мата), ғыжым (плющ); құрал-жабдық түріне байланысты *тепкі* (күрек сабына кигізілетін аяқ ауырмас үшін жасалған тепкішек), *от шаттауық* (қысқаш), *темір шаттауық* (атауыз), *оп ағаш* (арбаның төрт жағындағы қазығы); егінге, ирригацияға, бау-бақша түрлеріне байланысты *боз жер* (тың жер), *бидай пая* (бидай егілген жер), *дұмбіл* (дәнді дақылдардың сүттенген кезі), *бәрік* (жүгерінің ең басындағы сота шығаратын жапырақ), *бес тұқым тарбыз* (*iшінде* бес-ақ дәні бар дарбыз түрі), *ақ зәрметін* (өте тәтті торлама қауын), *бәрікеллә* (сырты сап-сары, іші қып-қызыл болып пісетін қауын), *кәріқызы* (жол-жол, ұзынша қауын), *түрікпен қауын* (қысқа сақтайтын қара қауын), *бір салқын су* (жарты күндік су), *екі салқын су* (бір күн бойы берілетін су), *бір бел су* (арық қазғанда бір кісіге берілетін су), әдет-ғұрып, ойын-сауық түрлеріне байланысты *тоғыз сарпой//тоғыз киіт* (келген кісі санына қарамай берілетін ерлер үшін тоғыз, әйелдер үшін тоғыз киіт), *құдаша киіт* (тоғыз киіт үстіне қосымша қыздар үшін берілетін киіт), *үл той* (сұндет той), *маслихат той* (той жасар алдындағы кеңесу үшін өткізілетін кеш), *жыртыс* (қызға көрпе-төсек деп күйеу жағынан берілетін кездеме), *қатын құран* (той алдында мал сойылып оқылатын құран), *дүре соқпай* (белбеу тастамақ), *тақия тәртіп* (тақия теппек ойыны).

Бұл өнірде Қазақстанның басқа жерлерінде кездесе бермейтін төмендегі өсімдік атаулары қолданылады. Олар мыналар: қалымсұғір (таулы жер өсімдігі. Ортасын жарса, тарамыс-тарамыс болып кетеді), қаттықара (бойы аласа, сексеуіл тәрізді ағаш), ғұмай (жапырақ-жапырақ дән байлайтын өсімдік), су оты (бойы аласа, тарбиып шығатын өсімдік), салаумаликум (бойы 10—15 см егінге зиянды өсімдік), арнамиядан (басында дәні бар биіктігі 10—15 см жапырақты тарамдалып өсетін өсімдік), кеурек (сабағы биік іші қуыс өсімдік), зерең (ыргай тәрізді өсімдік), шора (түптеп, отау үйдей болып

өсетін өсімдік), жантак сораң (алабота тәрізді өсімдік), таупияз (жуа), ара қияқ (камыс қияғы), қызыл қияқ (қалып болып өсетін ұсақ қияқ).

Тәжік қазақтары тілінде басқа өнірдегі түрғындар тілінен ажыратып тұратын сөз тіркестері де жоқ емес. Бұлар да қазақ тілінің говорларында ұшырай бермейтін, осы жерге тән күбылыстар болып саналады. Олар мыналар: арқада қалу (артта қалу), дәп бермеу (дес бермеу), тәкіліп қылу (ұсыныс жасау), федер нәлет! (атаңа нәлет!), қара пүшта болу (жердің суға қанып ылғалдануы), барабар тақсым қылу (суды бірдей етіп бөлу), нам болып қалу (ылғалданып қалу), асылға кіру (қауындарбыз жемісінің өсуі), дәрбішәна қылу (арыққа су жіберерде мал сойып садақа беру), тәмін қылу (қамтамасыз ету), биқатар ағу (тоқтаусыз ағу), қан талап қылу (аяқ астынан ауырған малды тез сойып тарату), қабатында болу (қарауында болу), ағза қылып алу (қабылдап алу), тәшкір қылу (құру, үйымдастыру), авад қылу (игеру, ғұлдендіру), пәтия қылу (бата қылу), таңқит қылу (сынау), нас шегу (насыбай ату), жағдайын алу (мазасын алу), зың болып қалу (зерігіп қалу). *Ісің болмасын!* (жұмысың болмасын!), үйқысы ұшып кету (үйқысы қашып кету), қайыл болу (риза болу). Бұл келтірілген тіркестердің жасалуында кейбір компоненттердің басқа тілден енген сөздер арқылы түзілгені көрініп түр.

### Оңтүстік говорлар тобының басқа говорлармен қарым-қатысы

Әдетте қайсыбір диалект не говор болмасын оның өзіндік ерекшелігін бөліп, ат тағып, сол жердің диалектілік күбылысы деп білу әдеби тіл нормасымен және басқа говорлар не диалектілердің материалымен салыстыру арқылы танылады. Біз бұл арада қазақ тілінің оңтүстік диалектісінің өзіндік ерекшеліктерін анықтауда салыстыру арқылы дұрыс нәтижеге жетіп отырмыз.

Лексикалық жағынан алғанда орталық-солтүстік, батыс, шығыс говорлар тобымен оңтүстік өнірдегі түрғындар тіліне ортақ сөздердің молдығы, ондай сөздердің көбі әдеби тілге де және сондай-ақ қазақ тілінің барлық говорлар тобына да қатысты екені анық. Солай болғанмен де әр жердің өзіне тән,

изоглостық, таралу шегі бар ерекшеліктердің, бір говорды не диалектіні екіншісімен бөліп аларлыктай құбылыстың бар екенін көреміз. Біз әрбір говорлар тобының бір-біріне ұқастығы, бір-бірінен айырмашылығын сөз еткенде, жеке бір ауданда, тар аймақта кездесетін құбылыстарға тоқталмай, кең аймақты, бірнеше облыс территориясын қамтитын сөздерді тілге тиек етіп отырмыз. Енді онтүстік говорлар тобының басқа өнірдегі тұрғындар тілімен өзгешеленетін лексикалық ерекшеліктеріне жеке-жеке тоқталып, салыстырып көрейік.

### **Оңтүстік говорлар тобының батыс говорлар тобынан лексикалық айырмасы**

Фонетикалық, грамматикалық жағынан әр диалектілер өзіне тән ерекшеліктерімен бөлініп жатыр. Әрине мұндағы айырмашылықтар лексика саласында молдап кездесетініне осы беріліп отырған материалдар дәлел бола алады. Жоғарыда айтқанымыздай лексикалық ерекшеліктердің ішінен изоглостық құбылыстары бар әрбір диалектілерге тән сөздерді ғана тандап алып, салыстырып отырмыз.

Казақ тілінің оңтүстік говорларындағы лексикалық ерекшеліктерінің бірқатары батыс говорлар тобында да ұшырайды. Әсіресе, онтүстік диалектінің Қызылорда говорының материалына қарағанда, бұл өнірде әрі онтүстік, әрі батыс диалектілерінің лексикалық өзгешеліктері қатар келуімен сипатталады. Бұл жайында онтүстік говорлар тобының әрқайсысына тән өзіндік ерекшеліктерін арнайы сөз ететіндіктен, бұл арада кейбір ұқастық қасиеттеріне тоқталып қана отырмыз.

Лексикалық ерекшеліктерді салыстырғанда, оларды екіге бөліп қарастыруға тұра келеді. Оның бірі әдеби тілмен онтүстік говорлар тобында бірдей айтылып, батыс говорлар тобында бөлек баламасы бар сөздер. Ал екіншісі — онтүстік говорлар мен әдеби тілде айтылуы ұқсамайтын әрі батыс өнірде басқаша айтылатын сөздер тобы. Енді осыларға жеке-жеке тоқталып өтейік.

Әдеби тілімізде әрі онтүстік өнірді мекендейтін тұрғындарда бірдей айтылатын келесі жылы, ылғи, кеспе, айыр, нану, бәкі, кілт, нәзік, ұстара, бүйрек, қабырға, сәбіз, тегіс аман, кербез, қыз бала, үйқыдан тұру, анда-сан-

*да, дыбыс, тұқым, дөңгелек, туыс, нұсқау беру, таразы, тез, құлыш, кілең, түйме, ылди, сорлы, қант сияқты сөздер орнына батыс говорлар тобында жарын, бойлай, салма, сенек, шану, шаппа, ашқыш, әлжуаз, бәкі, бөтеке, жар, кешір, мұздай аман, мәтөк, нашар бала, өру, рабайда, сес, сой, тегірмеш, тұма, тәртіп беру, шеккі, шалт, алқа, кіл, ілгек, еңку, қасқа, шекер сияқты сөздер айтылады.*

Енді айтылуы әр говорлар тобында бөлек, онтүстік өнірдегі айтылуы әдеби тілмен де бірдей, үқсас келмейтін сөздерге тоқталайық. Әдеби тілде де үқсамау себебі, кейбір сөздердің әдеби тілде бірнеше баламалары қатар қолданылып, әлі де болса әдеби тілге қайсысы алынуы сараланып, орнығып бітпеуден туған болу керек. Мұндай сөздердің әдеби тілден толық орын алу, алмау мәселесі тілдің даму нәтижесінде шешілетін болғандықтан, оның тарихын сөз етпей, кейбір салыстыру материалына көз жүгіртейік.

Әдеби тіліміздегі үлкен деген үғымды беретін сөз орнына онтүстік өнірде үлкен сөзімен бірге *дәу* деп те айтылады. Ал батыс өлкедегі тұрғындар тілінде мұның орнына *әйдік, нән* сөздері жұмсалады.

Онтүстік өнірде от көсейтін, шоқ қысатын құралды *қышқаш, қосеу* деп атайды. Ал батыс говорлар тобында мұның орнына *әтешкір, мәстемір* сөзі айтылады. Зертте-ліп отырған өнірдегі тұрғындар алты айдан асып бір жасқа жеткен бұзаудан өскен мерзімін *тана* деп атайды. Ал батыс өнірдегі тұрғындарда бұның орнына *тай өгіз* сөзі қолданылады. Қазақстанның онтүстік өнірінде жәрдем етіп, көмек жасауды *асар* деп атайды. Содан *асар салды, асар жасады* деп қолданылады. Дәл осы үғым орнына батыс облыстардағы тұрғындарда *үме* сөзі жұмсалады. Онтүстік говорлар тобында әдеби тілдегі *қарағым, шырағым* сияқты мағынасы *әке* сөзі арқылы беріледі. Ал бұның орнына батыс говорлар тобында *айнам* айтылады. Әдеби тілдегі киіз үй орнына онтүстіктеге *киіз үй, қазақ үй* сөздері қатар қолданылады. Ал батыс облыстардағы тұрғындарда *агаш үй, қара үй* сөздері жұмсалады. Сондай-ақ онтүстіктеге *киіз үйдің* кішірек келген түрін *жолым үй* деп атаса, батыс тұрғындарында — *да-был үй*. Ақша салатын ыдысты онтүстіктеге *қапышқ* деп атаса, батыс тұрғындары *шилан* дейді. Қыста үймектен,

маядан шөп алып беретін ілмек құралды оңтүстікте *шөп сұырғыш* деп атайды. Бұл сөздің орнына батыста *ыргақ сөзі* жұмсалады. Оңтүстікте үн елейтін құралды *елгезер* деп атайды. Ал батыс тұрғындарында *елек* сөзі *жұмса-*лады. Үйдің кіре берісін, ауызғы жағын оңтүстікте *аюан*, *далан* деп атайды. Мұның орнына батыста *сene* сөзі қолданылады. Егін еккенде дұрыс айдамаған жерді оңтүстікте *шала* деп атайды. Ал батыста мұның орнына *шүй* сөзі қолданылады. Үй сыпypyратын құралды оңтүстікте және қазақ тілінің орталық говорларында *сыпypyрыш* деп атайды. Ал батыс говорлар тобында *cibirtki* сөзі жұмсалады. Қолға киетін киімді оңтүстікте *қолғап* десе, батыста *биялай* айтылады. Жылқының, есектің ыстық, суықтан терісі ауырып қан шығуын оңтүстіктегі тұрғындар *меке* деп атайды. Ал батыс тұрғындарында — *бәке*. Сондай-ақ өгізге арба жеккенде өгіз мойнына кигізілетін *әбзелді* оңтүстік өнірде *мойынтурық* деп атайды. Бұның орнына батыс тұрғындары өгіз қамыт сөзін қолданады.

Қазақ тілі говорларында баламалары көп, әдеби тілде толық орнықпай жүрген сөздердің бірі үй төбесіне салатын ағаштардың атауларына байланысты. Бір ғана оңтүстік говорлар тобында үйдің төбесіне салатын жуан ағаштың қары, *арқалық*, *білік*, *сілеген*, *бөрене*, *ұстын* деген аттары айтылады. Дәл осы ағашты батыс говорлар тобында *урлік* деген баламасы айтылады. Зерттеліп отырған жерде осы жуан ағаш үстіндегі көлденең ұсақ ағашты *шабақ*, *шанжа* дейді. Бұл сөз орнына батыс говорлар тобында *сайғау*, *сүиен* сөздері қолданылады. Сондай-ақ балалар таяқпен ұрып, ұпай салып ойнайтын ойын атын оңтүстік тұрғындары *бәлләй*, *шілік* деп атаса, бұның орнына батыс тұрғындары *шұлдік* сөзін қолданады. Міне мұнан біз, тіпті, кейбір этнографиялық атаулардың да бөлек айтылатынын көреміз.

Қазақ тілінде бүкіл қазақ говорларын тең екіге бөліп тұратын құбылыстар да бар. Бұл *там* сөзінің қолданылуына байланысты. Оңтүстік тұрғындарында *там* сөзі үй мағынасында қолданылады. Ал батыс және солтүстік-шығыс, орталық облыстарда *там* деп *моланы*, *мола* сыртына жүргізілген, жасалған қорғанды айтады. Бұл құбылысқа қарағанда бүкіл Қазақстан территориясы екіге бөлініп тұр.

Оңтүстік говорлар мен батыс говорлар тобын ерекшелейтін лексикалық құбылыстар бұдан да мол. Біз олардың бәрін бермей, кейбір басты-басты құбылыстарымен ғана шектелдік.

### Оңтүстік говорлар тобының орталық-солтүстік говорлар тобынан лексикалық айырмасы

Оңтүстік говорлар тобының лексикасының басқа говорлар тобынан айырмашылығын сөз еткенде, бұл говорларда бір-біріне ұқсас, ортақ, ауыс-күйіс сөздер жоқ деген ұғым тумасқа тиіс. Оңтүстік өнірдегі тұрғындар Арқа қазақтарымен жиі қарым-қатынаста. Жаз жайлauда, қыста да оңтүстік облыстардың малдары Бетпақдаланы мекендейді. Қызылорда, Жамбыл, Алматы, Шымкент облыстарының тұрғындары жиі қарым-қатынаста болып тұрады. Сондықтан шектес аудан тұрғындарында оңтүстік, орталық говорлар тобының ерекшеліктері қатар айтылатын жәйттер де жоқ емес. Ондай ұқсас келетін сөздер оңтүстік өнірден жазылған еңбектерден мәлім.

Говорлар тобының бір-біріне ауыс-күйісін ортақтық жақтарын сөз ете отыра, біз әсіресе лексикалық жағынан басқа говорлардан айыратын белгісі қайсы, өзіне тән өзгешеліктер неде? деген мәселеге аса назар аудардық. Ондай оңтүстікке тән лексикалық ерекшеліктер лексика тарауының басында сөз болғандықтан, бұл салада оңтүстікten орталық-солтүстік говорларды бір-бірінен айыратын, бөліп тұратын, изогlostық шегі бар, кең жайылған лексикалық ерекшеліктерді салыстырып беруді жөн көрдік.

Әдеби тілімізде әлі орын теппеген, жарыса қолданылып келе жатқан сөздің бірі наң сүзетін тесік ожаудың атына байланысты. Бұл сөз оңтүстік өнірдегі тұрғындар тілінде *кепсер*, *май қалақ*, *шәулі* түрінде айтылады. Ал салыстырып отырган орталық-солтүстік облыстардағы тұрғындарда *қәкпір* сөзі қолданылады. Дөңгелектің имегі мен күпшегінің арасын қосып тұратын ағаштарды оңтүстік тұрғындары *шабақ* деп атайды. Бұл сөз орнына Арқа қазақтары тілінде *кегей*, *бақай* сөздері жұмсалады. Насыбай уалайтын ыдысты оңтүстіктеге *насыбай шелек*, *насыбай келі* түрінде қолданады. Оның орнына орталық-солтүстік өнірде үкіш сөзін айтады. Лампасыз шамды

оңтүстік тұрғындар шырағдан, көршам деп атайды. Ал оның орнына Орталық Қазақстан тұрғындары тілінде лөпілдек, сыйсина сияқты баламалары ұшырайды. Ыдыс-аяқ салатын ағаш кебежені оңтүстік тұрғындары тілінде бөгргебас дейді. Оңтүстік говорлар тобында шай шығаратын ыдысты шәйнек, одан ұлкенін шаугім деп атайды. Мұның орнына орталық-солтүстіктегі алғашқысын аққұман, соңғысын шәйнек деп атайды. Үн елейтін құралды елгезер, құм, бидай елейтінін қалбыр, шоқ қысатындық қышқаш//көсөу, шамның лампасын панар, кішкене бақырашты қол бақыр дейді. Осының орнына Арқа қазақтарында елеуіш, елек, шымшиұр, бузырөк, жаулау сөздері айтылады. Сондай-ақ су әкелетін ағашты орталық-солтүстіктегі қүйенте//мойын ағаш//мосыла//иінағаш деп атаса, оңтүстіктегі әпкіш, иық ағаш, мойын ағаш сөздері қолданылады.

Қазақ тілі говорларын екіге бөліп тұратын құбылыстың бірі — там сөзінің қолданылуына байланысты. Оңтүстік облыстардағы тұрғындарда бұл сөз үй мағынасында жұмсалса, орталық-солтүстік облыстарда мола және оның сыртына салынған қорғанды айтады. Осы іспеттес оңтүстіктегі болырдан, шөп-шаланнан жасалған қораны болыр қора деп атаса, Арқа қазақтары аран деп атайды. Әдеби тіл мен оңтүстіктегі киіз үй десе, оның орнына кигіз үй, есік алдындағы төбесі жабық, жан-жағы ашық жайды білдіретін лапас, бастырма орнына бірбеткей, үй төбесіне салатын жуан ағашты білдіретін қары//арқалық//білік//бөрене орнына мәтке//салдау, оның үстіндегі көлденен ұсақ ағашты білдіретін шабақ//шанжас сөздерінің орнына сырғауыл//шырыш//төбе ағаш сөздері жұмсалады. Мұндай өзгешеліктер мал шаруашылығы, еңбек құралдары, үй бүйімдары, тағам және басқа атауларда да жиі ұшырап отырады. Мысалы, жүйрік атты баптаушы кісіні оңтүстіктегі саяпкер деп атайды. Ал Арқа қазақтарында атбегі сөзі қолданылады. Ерте туған қозыны оңтүстіктегі кепе//кебе деп атайды. Орталық-солтүстік облыстарда көбе, кенже туған қозыны білдіретін оңтүстіктегі көрпелдес орнына көпей, сиырда жаз басында болатын өқыраны оңтүстіктегі өқалақ//өқыра десе, Арқада шанышқы, сәйгел сөзі жұмсалады. Сондай-ақ ат байлайтын ағашты оңтүстіктегі мама ағаш десе, Арқада ат ағаш, ат байлағыш, қада ағаш сөздері жұмсалады.

Бір жасар бұзауды оңтүстікте тана деп атайды. Ал Орталық Қазақстанда оның орнына *тайынша//қашар* сөздері айтылады.

Жылқы малында ыстық-сұықтан болатын тері ауруын оңтүстік өнірде меке деп атайды. Бұның орнына Арқа қазақтарында қантыстау сөзі айтылады. Мал жеуден қалған шөптің ірісін Арқа қазақтары қырқынды деп айтса, оңтүстік өнірде бұның орнына *қәшек* сөзі айтылады.

Енді осындағы сөздердің кейбіреуін салыстырып етейік:

Оңтүстік облыстарда	Орталық-солтүстік облыстарда	Әдеби тілде айтылуы немесе беретін мағынасы
камыр, күлше ашық-машық, топшы шошала қакпратас	құлақ нан топса, баспа темір еттік, шорам қақпақыл, қаржы-мақыл күршөк//шөтке шұжық, жанішіл	етке салатын нан топса ас қоятын үй қакпратас
ілгек шығыршық	жуа, сарымсақ дастарқан	есіктің ілгегі есіктің құлпы салатын шығыршық
пияз сыпира		пияз нан илегенде астына жайылатын теріден, клеёнкадан жасалған дастарқан.
қант шаққыш тақия	қант қайши тебетей, топы тақия	қант шағатын құрал тақия
шөп суырғыш	жұтпа, сұнгуір, шотаяқ	шөп суыратын құрал
бакыр, шелек	бедре, қылдыба-қыр	шелек
мойынтурық// мойынша//мойын ағаш	өгізқамыт, жарма	мойынтурық
сапсалғы//шаттауык//атауыз	шатынауық//тисы	ұста дүкеніндегі темірді қысып тұратын құрал (ор. тисы)
жылтыр кетті// андалақ-монданак// андайқұл-мындай-күл	әбір-гүбір//орамал ойнау	ойны аты

жейде	көйлек	ерлердің киімі, жейде
деней, кеней	дей	тігулі тұрған асық
ат камшы//шы-	ат жүргіш	салт атты кісі ұстайтын
быртқы		камшы
ашытқы	бұқыра, құндақ	ашытқы
кимешек	жаулық	кимешек
бұқа тартыс	желке тартыс	оыйн аты
тәйке	тәүе, тә耶	тайке
белқайыс	бауыр көтерме	бел қайыс
шөп ауыз	ауыз от	бұрынғы кездегі салық
жалғыз қазық	тышқан қорық	тышқан іні
пиала, шыны	шай кесе	шай кесе
сұлғі	дәрет орамал	сұлғі
шілік//бәлләй	лекеш	балалар ойыны

Мұндай салыстыру материал санын мұнан да көп етіп беруге болады.

Біраз онтүстік облыстардағы ерекшеленіп келетін сөздерге Арқа қазақтары тілінде оның қазақша баламасының орнына орыс тілінен енген сөздер айтылады. Бұлар бірлі-жарым емес, жүйелі түрде қолданатындықтан, салыстырып беріп отырымыз. Оған мынандай мысалдар келтіруге болады. Онтүстік алқапта үлкен кесені білдіретін *жанан//ақпар//санап* орнына Арқа қазақтары тілінде *литр кесе//санар кесе*, шөп үйіндісін білдіретін шемеле орнына *көпене*, топырақ ұсақтайтын *тырма* (броня) орнына *барана*, атқа шөп салатын жер — ақыр орнына *ясла//жәшилә*, ат жеккенде жетекті көтеріп тұратын бел көтергіш өткізілетін ершік орнына *седелкі*, төрт дәңгелекті арба орнына *ырдыбан*, жүк таситын зімбіл орнына *носилка*, ұзын қамшы орнына *кунт//бишік*, егін бастыратын тұлышқа тас орнына *кодек//каток тас*, жүгері орнына *кукурүз*, қияр//бадыран орнына *әгүршік*, астықтын топаны орнына *мекен*, қырман орнына *ток*, шала айдалған жерді білдіретін атжал орнына *агрек*, ауыз үй, кіре берісті білдіретін *аюан//далан* орнына *сенек*, ақша салатын ыдысты білдіретін қапшық орнына *әйкел//нәмиял//күмәжнік*, бірігіп жәрдем етуді білдіретін *асар* орнына *помыш* сиякты орыс сөздерінің қолданылуы дәлел бола алады. Зерттеліп отырған өнірде қазақша айтылып, орталық-солтустіктеге орысша айтылатын, изоглостық сипаты жоқ, тар аумакты сөздер мол. Оларды біз бұл жерде санап жатуды артық көрдік.

## Оңтүстік говорлар тобының шығыс говорлар тобынан лексикалық айырмасы

Оңтүстік өңірдегі тұрғындар тілін жеке, кең аймақты қамтитын құбылыстары бар, өз алдына говорлар тобы немесе диалект деп тұжырым жасау үшін басқа говорлармен бірге бұның шығыс говорлар тобымен қарым-қатысын сөз етпесе болмайды. Осы алқаптағы тұрғындар тілімен үқсастық, ортақ жақтарымен қатар өзара айыратын, бөлінетін ерекшеліктерін ескертуді керек етеді. Қазақстанның оңтүстік облыстарының Семей, Шығыс Қазақстанмен шектес, қоныстас отыратын аудандары бары белгілі. Кейде оңтүстік говорлар тобын жеке өз алдына диалект деп қарағанмен, шығыс говорлар тобы өкілі тілдерінен енген сөздердің бар екені байқалып отыр. Оңтүстік алқапқа тән деген кейбір сөздердің таралу шегі Аяқөз, Семей, тіпті, одан да ары баруы осыған дәлел. Біз бұл арада оңтүстік говорлар тобына тән, бірақ шығыс говорлар тобында да қолданылатын біраз сөздерді мысалға келтіріп өтейік. Оңтүстік тұрғындарында жирик қолданылатын *абдыра* (сандық), *әпкіш* (су ағаш, иін ағаш), *қол бақыр* (бақыраш), *шәйнек* (аққұман), *шәүгім* (улкен 3—4 литр чайник), *жейде* (еркектердің көйлегі), *шоқай* (шикі теріден істелген аяқ киім), *шәбере* (сары майдың тортасын айырғанда түбінде қалған іртігі), *қақпатас* (ойын аты), *қазан* (шұңқыр талас, қыз доп ойынындағы доп түсетін шұңқыр), *ершік* (арбаға ат жеккенде бел көтеретін қайысты өткізетін кіші ерсымак), *бауыр қайыс* (арбаға жеккенде, аттың бауырынан алым жетекке байланатын қайыс), *самиян* (мойынтырықтың қазығы), *үскі біз* (кереге, ер тесетін біз), *лапас* (төбесі жабық, жан-жағы ашық жай), *тесе* (бақша шөптейтін тәпкі), *бұршақ* (жұгері), *далан* (кіреберіс, ауыз үй), *куіз үй* (бұны орталық-солтүстіктегі кигіз үй деп атайды) сияқты сөздердің осы екі говорлар тобында бірдей қолданылуы, там сөзінің үй мағынасында жұмсалуы, қыын сөзінің (қыын жақсы, қыын адам) өте, тым деген мағынада айтылу жағдайлары шығыс пен оңтүстік говорлар тобының ортақтық жағдайын білдіреді. Бұл келтіріліп отырған сөздердің басқа — батыс, орталық-солтүстік алқаптарда өзгеше айтылатын, баламасы бар сөздер. Мұндай екі говорлар тобына ортақ сөздердің санын көбейтуге

мүмкіндік те мол, бірақ оларды тізіп жатпай, кейбір кең аймақты қамтитын мысалдар берумен шектелдік.

Енді оңтүстік говорлар тобын шығыстан бөліп алып қарайтын, сол өнірдегі тұрғындар тілін сипаттайтын, кең аумақты қамтитын лексикалық құбылыстар бар ма? деген занды сұрақ туады. Бұны да дәлелдей алатын экспедиция кезінде жиналған мол материалдың бар екенін айта кеткен жөн. Оған бірер мысал келтіріп өтейік. Үй бүйымдарына байланысты оңтүстік өнірде айтылатын *асадал* (ас қоятын кебеже), *дағар* (ұлкен қап), *елгезер* (ұн елейтін елек), *керней* (самаурын, темір пештің трубысы), *кірлен//дас* (кір жуғыш), *шырағдан//көршам* (лампасыз шам), *chanash* (тері ыдыс), *қолдорба//кірқалта* (шүберек дорба), *қапишиқ* (ақша салғыш), *сыпира* (нан жайғанда, ұн елегенде төсейтін дастарқан), *ошақ* *пеш* (темір пештің дөңгелек түрі), *бақыр* (шелек), *тиала//шыны* (шай кесе), *шарық//шоқай* (шикі теріден істелген аяқ киім), *сейсен* (көрпенің астары), орнына шығыс говорлар тобында *бөгіребас*, *қанар*, *елек*, *турба*, *шылапшын*, *май шам*, *торсық*, *кереқап*, *бөмөжнік*, *дастарқан*, *қазан* *пеш*, *шелек*, *шай* *кесе*, *чақай*, *серу* бидай сөздері айтылады.

Сондай ерекшеліктер тағам аттарына, әдет-ғұрып, ойын атауларына байланысты сөздерде, ауыл шаруашылық құралдары, үй құрылсызы түріне, мал атауларына байланысты сөздерде де ұшырайды. Мысалы, оңтүстікте жиі айтылатын *ереже* (қымыздың түбіндегі іртігі), *келимдәрі* (қызыл бұрыш), *теппе шай//құм шай* (плита шай), *қамыр* (етке салатын жайылған нан) орнына Семей, Шығыс Қазақстан тұрғындары тілдерінде ерпі, бұрыш, үкпе шай, жайма сөздері қолданылады. Дәл осы сөздерді Қазақстанның батысында немесе орталық-солтүстік облыстарында тұрғындар тілімен салыстырсақ, оларда да басқаша айтылып, ондағы тұрғындар тілін оңтүстіктен, шығыстан ажыратарлықтай көбірек тараған, мол жерді қамтитын сөздер болып табылады.

Оңтүстік пен шығыс говорлар тобын бір-бірінен бөлеңтін, ерекшелік болып танылатын біраз сөздердің тізімін мына кестемен берейік.

Оңтүстік говорлар тобында	Шығыс говорлар тобында	Әдеби тілдегі баламасы немесе мағынасы
кеусен	кепсен	егін сұраушыларға беретін үлес
аян омыртқа	азат омыртка	мал союшыларға беретін кол акы
жылтыр кетті//андалак// андайқыл-мұндайқыл белбеу тастамақ шұңқыр талас//топ аяқ//қыз доп жаяу аударыспақ сақина жасыру//сақина на салу ат қамшы	жұғіртпе орамал тастамак қазан шұңқыр жаяу тартыс сақинам тап қамшы	оыйн аты оыйн аты оыйн аты оыйн аты оыйн аты салт атты кісінің қамшысы
сатылы арба жастық	жарандар арба төс ағаш	шөп таситын арба арба білігінің үстіндегі жалпақ ағаш
қазық	тіреме	арбаның төрт жағындағы қазыры
жертөле//жертам дәліз, кіреберіс шабак//шанжа	копын бодам білік	жер үй кіреберіс арқалық үстіне көлденең салатын жінішке ағаш
шошала шер бауыр көшек	тошала өкіле құрт салдар	ас үй мал ауруы шөптің мал жегениен қалған ірісі
ара орамал ілгек	пышқы шыт шот	ара орамал есік ілгегі

### Оңтүстік говорлар тобының әдеби тілге қатысы

Әдетте әдеби тіл мен диалектінің бір-біріне қарым-қатынасын сөз еткенде, жергілікті халық тілінен әдеби тілді байытуға, дамытуға болатын жақтары айтылуы тиіс. Бұл жағынан алғанда, әдеби тілдің нәр алатын қайнар бұлағы — халық тілі болса керек. Халық тілінде сол жердің өзіне ғана тән, тар аяда қолданылатын, әдеби тілде және басқа говорларда баламасы бар сөздер болып келсе, бірқатары табиғатына, шаруашылығының түріне, шүғылданатын кәсібінің өзгешелігінен туған сөз-

дер болып келеді. Ғылыми әдебиеттерде лексиканың бұл саласын — кәсіби сөздер деп атайды. Қазақстанның басқа өнірлерінің бірі балық шаруашылығына байланысты атауларға бай келсе, екіншісі түйе шаруашылығымен шұғылданғандықтан соған байланысты сөздер мол. Үшіншісінде бұғы, орман шаруашылықтарымен кәсіп еткендіктен, осы жайындағы сөздер көп. Ал республика-мыздың онтүстік өніріндегі климаты жұмсақ, ерте кезден бастап отырықшы болып, егін егіп, су жүйелерін мол пайдаланғандықтан бұл жерде егінге, бау-бақшаға, жемістерге, қолөнеріне және өсімдік атаулары мол ұшырайды. Қазақстанның онтүстік облыстары ерте кезден бастап ел қонысы болып, ірі-ірі қалалар салынып бой түзегені, мәдениет орталығы болғаны жайында В. В. Бартольд<sup>19</sup>, А. Н. Бернштам<sup>20</sup>, М. Е. Массон<sup>21</sup>, А. Х. Марғұлан<sup>22</sup>, П. Н. Кожемяко<sup>23</sup>, В. А. Васильев<sup>24</sup>, К. А. Ақышев, К. М. Байпаков, Л. Б. Ерзакович<sup>25</sup>, Т. Н. Сенигова<sup>26</sup> сияқты ғалымдардың еңбегінде жақсы баяндалған. Халықтың еңбек процесінде, күнделікті істеп жүрген шаруашылығында пайда болған сан алуан кәсіби сөздердің халық ігілігіне асып, әдеби тілден орын алуды да хақ. Кәсіби сөздің қай түрі әдеби тілге ену керек, кәсіби лексика деп нені түсінеміз деген мәселелер қазақ тіл білімпаздары И. Қенесбаев<sup>27</sup>, Ф. Мұсабаев<sup>28</sup>, М. Балақа-

<sup>19</sup> Бартольд В. В. Очерки истории Семиречья. — Соч. М., 1963, т. 2, ч. 1.

<sup>20</sup> Бернштам А. Н. Памятники старины Таласской долины. Алма-Ата, 1941.

<sup>21</sup> Массон М. Е. Старый Сайрам. — Изв. Среднеазиатского комитета памятников страны. Ташкент, 1928, вып. 3.

<sup>22</sup> Маргулан А. Х. Из истории городов и строительного искусства древнего Казахстана. Алма-Ата, 1950.

<sup>23</sup> Кожемяко П. Н. Раннесредневековые города и поселения Чуйской долины. Фрунзе, 1959.

<sup>24</sup> Васильев В. А. Проект орошения долины реки Чу в Семиреченской области. Петроград, 1915.

<sup>25</sup> Ақишиев К. А., Байпаков К. М., Ерзакович Л. Б. Древний Степар. Алма-Ата, 1972.

<sup>26</sup> Сенигова Т. Н. Средневековый Тараз. Алма-Ата, 1972.

<sup>27</sup> Қенесбаев С. К вопросу изучения профессиональной лексики. — Тр. Ин-та языкоznания АН КазССР. 1963, т. 3.

<sup>28</sup> Қенесбаев И., Мұсабаев Г. Қазіргі қазақ тілі. Лексика. Фонетика. Алматы, 1975, 133-б.

ев<sup>29</sup>, К. Аханов<sup>30</sup> және Ш. Сарыбаев<sup>31</sup> еңбектерінде жақсы баяндалған. Әсіресе соңғы еңбекте жергілікті жерде айтылатын көсіби лексиканы әдеби-кәсіби, диалектілік-кәсіби лексика деп екіге бөліп, осының алдыңғысынан әдеби тілімізге енгені де, енуге мүмкіндігі молы да деп айтқаны құптарлық жағдай. Осы тұрғыдан алғанда бір кезде жергілікті тіл ерекшелігі болып саналған дақыл, диқан, мұрап, қоза, пая сияқты, т. б. сөздердің қазір диалектілік шенберден шығып, әдеби тілден мықтап орын алғаны осыған дәлел болса керек.

Оңтүстік говорлар тобынан жиналған бау-бақша, егін, ирригация, өсімдік атаулары және мал шаруашылығына байланысты кейбір атауларды беріп отырымыз. Олардың дені экспедиция кезінде сөз қадірін билетін сұңғыла қарттардан жиналған. Бұлардың көбі әдеби тілден орын алып, тіл байлығымызды молайтатын сөздер.

\* \* \*

Әдетте әдеби тіл мен диалектінің қарым-қатысы жайлы сөз болғанда, жергілікті халықтың ауызекі тілінен жиналған халық байлығының қажетіне асып, тілдік байлығымызды байытуға үлес қосатыны қайсы деген мәселе сөз болса керек. Бұл жағынан алғанда оңтүстік өңірдегі тұрғындар тілінен жиналған материалдардың берері де мол. Зерттеліп отырған аймақта бау-бақша, егін, т. б. шаруашылыққа байланысты атаулар мол болумен қатар, өсімдіктер дүниесіне бай екенін атап өтуге болады. Бұған Қазақстанның оңтүстік өлкесінде табиғатының байлығы — бір шеті Аскар биік Алатау, соның сай саласы сылдырап ақкан өзен, ғұлакқа толы алқаптары болса, екінші жағы қыратты, құмды, далалы аймағымен жалғасып жатады. Климаты жылы, осындай алқапта не түрлі ағаштар, ғұлдер, шөптер өседі. Неше алуан ауруға шипа болатын, емдік дәрі жасайтын шөптер кездесе-

<sup>29</sup> Балақаев М. Қазақ тілі мәдениетінің мәселелері. Алматы, 1965, 34—35-б.

<sup>30</sup> Аханов К. Қазақ тілі лексикасының мәселелері. Алматы, 1955, 54—55-б.

<sup>31</sup> Сарыбаев Ш. Ш. Қазахская региональная лексикография. Алма-Ата, 1976, с. 144—162.

ді. Сөз жоқ осы өсімдіктің сан түрлі аттары да бар. Бұл өсімдіктердің ботаниктер тарабынан зерттеліп, шаруашылық, медициналық қасиеттеріне зор көңіл бөлініп жиналада. Алайда осының қазақ атауларына соңғы кезде ғана көңіл бөліне бастанды. Өсімдік атауларының әлі де жетік жиналмағанына, түсіндірме, екі тілдік және биологиялық сөздіктерде өсімдіктер дүниесіне байланысты қазақша атаулардың аз кездесетіні дәлел болса керек.

Оңтүстік өлкеде өсімдіктер атауларының мол екеніне XI ғ. Жетісу өңірінде туып өсіп өмір сүрген, артына үлкен «Түркі халықтарының лұгаты» атты үлкен мұрақалдырыған М. Қашқари да дер кезінде аса назар аударған болатын. Оған М. Қашқари сөздігіндегі неше түрлі өсімдіктердің аттарының берілуі дәлел бола алады. Оңтүстік говорлар тобын зерттеу кезінде жергілікті көне көз, сұңғыла қарттармен, әсіресе тау мен даланы көп аралаған аксақалдармен әңгімелесе, біраз жерді бірге аралай жүре біз де осы алқапта кездесетін ағаш, гүл, өсімдік атауларын жидық. Және сол материалдарды М. Қашқари сөздігімен салыстырыдық. Осындай зерттеулерге қарағанда, оңтүстік өңірде айтылатын *арғаған*, *арпа*, *алша*, *ажырық*, *алма*, *балдыр*, *баг*, *бидай*, *бұршақ*, *бұтақ*, *бұға*, *еңлік*, *ышқын*, *көрпе*, *жантак*, *дарбыз*, *күйк* (күйк оты), *кеқіре*, *көбірген*, *көрпе от*, *қайың*, *қамыс*, *қара өрік*, *қарамық*, *қараған*, *қара от*, *қонақ*, *қат* (үш қат), *бұрыш*, *сарымсақ*, *сары өрік*, *терек*, *тобылғы*, *шешек*, *шыбық* тәрізді өсімдік атауларының М. Қашқари сөздігінен орын алуы соған дәлел болса керек.

Бұл арада оңтүстік говорлар тобында кездесетін өсімдік атауларын сөз еткенде, әдеби тілде жиі қолданылатын және көпшілік қауымға көptен танымал *қарағай*, *қайың*, *терек*, *итмұрын*, *алма*, *өрік*, *қарағаш*, *қызығалдақ*, *сарғалдақ*, т. б. сол сияқты атауларды сөз етпей, әлі де болса қағаз бетіне түспеді-ау, әдеби тілімізден орын алмады-ау деген өсімдік атауларын беруге тырыстық. Ол жөнінде төменде сипаттамасымен берілген сөздерге назарларынызды аударамыз.

Әрине бұл атаулар көпшілікке беймәлім, ал кейбіреуі кездесе қойса да, аз айтылады. Кейбір атаулар әдеби тілімізде қолданылғанымен ол өсімдіктердің баскаша түрлері кездескендіктен біз соны беріп отырмыз.

Мысалы әдеби тілдегі жусан деген атауды көпшілік халық білгенмен, оның арқар жусан, боз жусан, көк жусан, иқ жусан, шағыл жусан, мық жусан деген түрлерін біле бермейді. Жұмыста осы жағына көніл бөлінді.

Оңтүстік алқаптан жиналған өсімдік атауларының ауа райы салқын, жер бедері бөлек Қарағанды, Қоқшетау, Солтүстік Қазақстан түрғындары тілінде кездесе бермейді. Бұл жердегі далалы, құмды жерде өсетін кейбір өсімдік атаулары ғана үқсас болып келеді.

Ауа райы және жер бедері үқсас тау бөктерінде тауда өсетін өсімдіктер аттары да бірыңғай қолданыла бермейді. Мысалы, Алматы, Жамбыл атырабында өсетін кейбір өсімдіктер Талдықорған, Семей жерлерінде бірдей қолданыс тауып отыр. Бұған арқар жусан, итсигек, итқонақ, қозы құйрық, қой бұлдірген, қойқаранжы, сарысаған, тамыр дәрі, текесақал, түйе бұлдірген, балдырған, шүкір, бозбұға, шай шөп, үшқат өсімдіктерінің бірдей айтылуы дәлел.

Дәл осы оңтүстік өңірлерде қолданылатын кейбір өсімдік атаулары Семей, Аяқөз маңындағы түрғындар тілінде басқаша айтылатынын экспедиция кезінде қарттармен әңгімелескенде аңғардық. Оңтүстік өңірде қолданылатын ақтаспа орнына Семей облысында таспа қу, балжуран орнына томар бояу, еркек шәбін май сасыр, көбіргенді саумалдық, көкбас бедені тасжарған, кеуренді күшала қурай, желкен орнына жылқы сарымсақ сөздерінің айтылуы дәлел. Тіпті, Алматы мен Жамбыл түрғындары тілінде де бір өсімдікті әр түрлі атау кездеседі. Мысалы су бойына шығатын кішкене жапыракты жамбылдықтар қозықұлақ деп атаса, алматылықтар иманжапырақ дейді. Мұнда алдыңғысы жапырактың улкендігі, үқастығы қозы құлағындағы болғандықтан атаса, соңғы аталуы оның көз ауырғанда, жара шыққанда емге пайдаланып, емдік қасиетін ескеріп, аталған болуы керек. Сондай-ак Жамбыл түрғындары тіліндегі қой үстіне жабысатын тікенді үйғақ деп атаса, Алматы облысындағы түрғындарда бұның орнына бүрме тікен, ошаган сөздері қолданылады. Мүмкін бүндай бір өсімдік атауы әр жерде әр түрлі аталып, оның синонимдері әлі де болса ұшырауы мүмкін. Оны анықтау үшін әлі де зерттеу, салыстыру жұмысын жүргізуі керек етеді.

Осы секілді Алматы, Талдықорған жерінде биік тау-

лы аймақта өсетін топиын, күлкіл әпшін, аққодал, сепсекуыр атаулары да басқа жерлерде кездесе бермейді.

Осы күнгі жарық көрген биологиялық, ауылшаруа-лық және басқа сөздіктерде әлі де қамтылмай жүрген онтүстік өнірде кездесетін мынандай сөздерді атауға болады: *Аққодол, ақбас, арпақан, атиоқай, аясырақ, асай-мүсей, алтықана, арқар жусан, бәрпі, бозбұға, бүйра жапырақ, бүйірғұм, баутек қурай, балқорғасын, бөлтірік, біргез, баласы жапырақ, бие бау, бал оты, баттауық, бетебоз, бұрма шөп, бұзаубас, балжуран, дүнген чай, доңыз қоға, доңыз, доңыз өлең, дозғақ, еңілік, есек жоңышқа, қатіреңкі, кемпіршаши, көкбас беде, қуренце, көбірген, допияз, жер шай, жер сана, жер бауырсақ, жыбыр, итемген, жылан түмес, илан, ит бүлдірген, кеурек, көкемарал, күлкіләпшін, күйік сары, кәрікызы, күйреуік, кәлуен, кеүіл, кермексабы, көкбас, көрқара, көкқасқа, қара түяқ, қой қызығалтақ, қой бүлдірген, қойқаранжы, қырықбуын, қараматау, құлманбес, қарандыр, құлшай, құлманкөде, құртқашаш, қызылтамыр, қарамесек қышы, қарабарқын, қандым, қоянқарта, қоянжын, қоянсүйек, лақса, мық жусан, май шөп, майқара, мортық, наизақара, ойсораң, өнбе, сарандыз, сарысаған, сарыбас қурай, сепсекуыр, соран, сүйрік, сырттансабақ, сіңбірік, пияу, топиын, таң қурай, тамыр дәрі, тарлау, түйе бүлдірген, татыран, тартар жапырақ, теңге жапырақ, шүкір, шағыл, шытыр, ышқын, ызықу, ілан сияқты өсімдік атаулары жарық көрген сөздіктерде кездеспейді. Міне сондықтан да әдеби тілді байытуға бірден бір өз үлесін қосатын, оның сөз байлығын көбейтетін сөздер өсімдік атаулары болғандықтан біз мұнда онтүстік говорлар тобында кездесетін сөздерді молдап беріп отырмыз. Бұлардың қай-қайсысы болмасын әдеби тілге еніп, сөздікте өз орнын алатын сөздер.*

Әдеби тілде орысша аталып, бірақ соның қазақша баламасы бар сөздер де кездеседі. Мысалы, *малина* өсімдігін әдеби тілде осы тұрғыда атаса, онтүстік өнірдегі тұрғындар тілінде *таңқурай* сөзі кездеседі. Сондай-ақ смородинаның жергілікті халық тілінде *маралоты* деген атауы бар. Дәл осыларды әдеби тілге алуға әбден болады.

Аққодал — жалғыз-жалғыз болып тасты жерде

өсетін өсімдік. *Аққодадың түйін тастаған тамыры болады, соны дәріге пайдаланады.*

Арча — таулы жерге шығатын ағаш. *Көп ауырған адам қайнатып арчаның сүнина түседі. Арчаның көгін, жапырағын қайнатып, іскен адамды соған шомылдырып емдейді.*

А жырық — 1. Аласа, тамыры айқасып өсетін өсімдік. *А жырықты көк күйінде мал жемейді* (Т.-қорғ., Панф.). 2. Құмды жерге өсетін, тамыры ұзын, түсі жусанға ұқсас ащылы шөп. *А жырықты күзге қарай сиыр жейді* (К.-орда).

Адыраспаң — құмға, далалы жерге өсетін, қурафанда түйе жетітін өсімдік.

Ақбас — құмды, қырат жерге шығатын, жапырақты шөп. *Ақбасты ешкі жейді* (К.-орда).

Ақ шенгел — түсі қоңыр көк, ұзындығы 1—2 метрдей, басы бүршікті, дәнді қауылдырығы майда, бозға шығатын шөп. *Ақ шенгелдің дәні қарамықты, оны ешкі мен қой сүйсініп жейді* (К.-орда).

Арпакан — шөлді жерге, қақтың айналасына шығатын, ұзындығы 20—30 см-дей өсімдік. *Арпаканың басындағы дәні арна сияқты, март—апрель айында ғана өмір суреді* (К.-орда).

Атшоқай — сабакты, бүршікті өсімдік. *Атшоқай өзен, көл жағаларына шығады, күздігүні піседі. Атшоқайды қазып, адам жейді.* Бұл өсімдікті Ұлытау маңындағы түрғындар буылдық деп атайды.

Аясырак — аласа болып шығатын өсімдік (К.-орда).

Асайдымүсей — қабығы сай-сай болып өсетін, ұзындығы үш метрдей болып өсетін ағаш. *Асайдымүсей тез жарылады.* Қыргыз тілінде — *аса-мұсе.*

Алтықана — алабота сияқты тарбиып шығатын өсімдік.

Арқаржусан — таулы, тас-тасқа, күнгей жерге шығатын жусанның бір түрі. Жалпақ, дөңгелек-дөңгелек жабысып жататын, қой аузына ғана ілінетін жусан. *Арқаржусанды арқарлар күзде жейді.* *Арқаржусан шісті болады.*

Ақтаспа — тасты жерге шығатын теріскен тәрізді бұталы шөп. Сорайып-сорайып шығады, отынға пайдаланады.

**Б алдыған** — өзен бойына шығатын, сабагы ұзын іші қуыс, солқылдақ өсімдік. Түйе жейтін шөлтің бір түрі. Бұны сусамыр деп те атайды.

**Б алықкөз** — сорлауыт жерге шығатын, тамыры теренге бармайтын, биіктігі 10 сантиметрдей өсетін өсімдік. **Б алықкөз кешірек**, майдың аяғында шығады. **Б алықкөзді ешкі сүйіп жейді**.

**Б иеқарын** — басында дәні бар, жылқы жейтін шөп. **Б иеқарынның дәнін құырып жеуге де болады**.

**Б әрпі** — таулы жерге шығатын, биіктігі 10 сантиметрдей дәрі шөп. **Б әрпінің тамырын қайнатып іше-ді**. **Б әрпі алғаш шыққанда, көкбас болып шығады**.

**Б үргек** — жусан сияқты басының бүрі бар шөп. **Сарғауда бүргек деген шөп шығады**.

**Б аялыш** — құмға шығатын бозғыл, аласалау келген тікенді өсімдік. **Б аялыши туың жапырағын мал жейді**. **Б аялыши туың отқа жаққанда тутіні аз шығады**.

**Б үрме тікен** — қойдың үстіне жабысатын тікен. **Б үрме тікен ошағаннан үлкен болады** (Жамб.).

**Б озбұға** — тамырынан дәрі жасайтын, жусан тәрізді таулы жерге шығатын өсімдік. XI ғ. М. Қашқар и сөздігінде (III, 244) бозбұғаны дәріге пайдаланатын өсімдік деп берген.

**А тқұлақ** — таулы жерде су бойында өсетін өсімдік. Атқұлақ өте биік болып өседі. **А тқұлақ туың жапырағы қар екі жауғанша қурамайды**. Қол сарсу болғанда, а тқұлақ туың жапырағын мыжып-мыжып қолға тартса, тез жазылады.

**Б үйра жапырақ** — үлкендігі қолдың басындай, бір жағы қолдың алақанының тарамындай, екі жағы түк-түк болып келетін жапырақ. **Б үйра жапырақ туың түйе жейді**. **Б үйра жапырақ туың тіске үйкелеп, ауыз тазалайды** (Т.-қорғ., Панф.).

**Б үрге тікен** — түйме-түйме болып келетін, қозының құмалағы сияқты тікен. Бұны кей жерде ошаған деп атайды. **Б үрме тікенді түйіп, сулап, жанышп жіберіп сүйін тамызса, қанды тоқтатады** (Т.-қорғ., Панф.).

**Б үйрғын** — далалы, қырқалы жерде өсетін, таразам-тарам болып шығатын өсімдік. **Б үйрғын Сарыбұлақта көп шығады** (Т.-қорғ., Панф.).

**Б ал оты** — түсі көк, майда жапырақты, көп буын-

ды, бойы жарты метрдей, алапқа, табанға шығатын ашы шөп. *Бал отын күз айында түйе жейді. Оны жылқы, қой жемейді.*

*Балық көз* — сортан топыракты жерге шығатын өсімдік. *Балық көздің ұзындығы 10—12 см, ұсақ тікені бар, жапырағына жабыса біткен домалақ дәні балық көзіне үқсас болады* (К.-орда).

*Балқурай* — басы бүршікті, қауылдырығы жінішке, бойы жарты метрдей, тал-тал табанға шығатын дәмі кермектеу шөп. *Балқурайдың қой жейді* (К.-орда).

*Баттауық* — ылғалды жерге шығатын өсімдік. *Баттауықтың майдалау қара бидайдың дәніндегі қара түсті дәні бар, ұзындығы 20—30 см-ден аспайды.*

*Бетебоз* — құмда өсетін, бозғыл, аласа ғана шөп. *Бетебоздың сиыр, жылқы жейді* (К.-орда).

*Баубек* қурай — бойы ұзын болып келген сары қурай шөп. *Баубек қурайдың торсылдақ қурай сияқты отқа жағады.*

*Борық* — қамыстың түпкі тамыры, ак сүйрігі (К.-орда).

*Боз* — далада өсетін көде. *Бұл қонған жеріміздің маңайында боз көп* (К.-орда).

*Бозғонақ* — түсі қоңыр, бойы қарытай, ұсақ жапыракты, басы бүршікті табанға шығатын шөп. *Бозғонақтың қой көп жемейді* (К.-орда).

*Бұйырғын* — құмға шығатын тақырлау шөп. *Бұйырғындың түйе жейді. Бұйырғын жеген түйе тез сезміреді* (К.-орда).

*Бұрма шөп* — түсі боз, кісі бойындай биік, түп-түп болып құмак жерге шығатын шөп. *Бұрма шөптің қой, түйе жейді. Бұрма шөптің тамырын ұнтап, қазанға салып қайнатып, сары бояумен тері бояйды* (К.-орда).

*Бұзаубас* — тақырға шығатын, басында дәні бар өсімдік. *Бұзаубастың қой жейді.*

*Біршылдақ* — түсі жасыл көк, бойы тізеден асатын, жапырағы жінішке, тақырға шығатын шөп. *Біршылдақтың түйе сүйсініп жейді* (К.-орда).

*Балқорғасын* — тауға шығатын көк басты қурай. *Балқорғасындың мал жейді.*

*Бөлтірік* — жалғыз-жалғыз болып шығатын улы шөп. *Бөлтіріктің қой жесе өліп қалады.*

*Бүргез* — тауда болатын өсімдік түрі.

*Бүйірғұм* — тарбайып шығатын қызылша сияқты батпақты жердің өсімдігі. *Қыста да көк болып тұрады.* *Бүйірғұмды қойғана жейді.*

*Боз жусан* — түрі боз, сабагы жок аласа өсетін жусан түрі.

*Бака терек* — тарбиып шығатын теректің түрі. *Бака терек ақ терек пен көк теректен гөрі мықты болады.*

*Балғын* — ырғай сияқты ағаш. *Балғын тауда өседі.*

*Балжурان* — таулы жерде өсетін адам жейтін өсімдік. *Балжуранның тамырын кептіріп тери бояйды.*

*Биебау* — бидай бас, ұзын сабақты шөп. *Биебау араласып, қалың шықса шауып алады.*

*Бұрма* — теріскен тәріздес, арша тұқымдас, басы майда, биіктігі метрге жететін өсімдік (Қ.-орда, Сыр.).

*Еңілік* — тамыры тереңге кететін, бойы аласалау, түсі қызыл, таулы, құмакты жерге шығатын өсімдік.

*Кәтіреңкі/қатыреңкі* — қара ағаштан қатты, жуандығы білектей, түбі боз, таулы жерге шығатын өсімдік. *Кәтіреңкінен шөміш, астай жасайды.*

*Кемпірша* — тарам-тарам болып шөлді жерге шығатын, биіктігі 20—30 см-дей, қой жейтін шөп.

*Көк бас беде* — таулы жерге шығатын жоңышқаның бір түрі.

*Казтаңлай* — су жағасына шығатын, қаздың таңдайына ұқсас, қызғалдақтан кішкене 6—7 см жапырақ. *Казтаңлайдан жер чай жасайды.* *Казтаңлайды қазанға қайнатып, күнге кептіріп чай жасайды* (Т.-корф., Панф.).

*Карабарак* — аласа, сексеуіл тәрізді қатты ағаш. *Карабарак қызулы отын.*

*Козықұлақ* — су жағасына шығатын үлкендігі қозының құлағындай жапырақ түрі. *Көз ыстықтанып ауырғанда, қозықұлақты көзге тартады.*

*Дүнген чай* — ерменнің гүлденген шашағына ұқсас өсімдік. *Дүнген чай Кегенде көп өседі.* *Дүнгеннен чайды жел ауруға пайдаланады* (Т.-корф., Панф.).

*Доныз қоға* — түсі қара қоныр, бойы метрдей

сұлы, табанды жерге шығатын қоға. *Доңыз қоғаны сиыр көп жейді* (Қ.-орда).

Дүзгөн — қырлы жерге шығатын, аласалау болып өсетін отындық ағаш түрі.

Дозақ//тозақ — қоғаның басы. *Дозақ құраганда желге үшады* (Қ.-орда).

Доңыз өлең — сұы шылқылдан жататын сазға шығатын өсімдік. Доңыз өлеңді мал жемейді, сұқта шошқа оранып жатады.

Есек мия — түсі сүр көк, бойы 3—4 қарыс, сабағы жуандай, бұтағы майда, анызға шығатын шөп. *Есек мияны* мал жемейді (Қ.-орда).

Есек жонышқа — қырға шығатын жоңышқа. *Есек жонышқа өте біік болып шығады*.

Допияз — сабағы жуаның сабағындай ак түсті, қышқыл дәмді өсімдік. *Допияздың жуандығы шынашақтай болады, таулы, тасты жерге шығады*.

Еркек — құмды жерде шоқ-шоқ болып өсетін, мал қысы-жазы бірдей жейтін өсімдік. Семей облысының Аяқөз ауданында бұл өсімдікті *майсасыр* деп атайды. Қекшетау облысының Қызылту ауданында *еркек* деп біектеп өскен шөп түрін айтады.

Жалманқұлақ — жапырағы ұсақтау келген, сор жерге шығатын жапырағы кішірек болып келген өсімдік. *Жалманқұлақты түие, ешкі сүйсініп жейді*.

Желкек — ұзындығы бір қарыстай, сүт шығып тұратын өсімдік. *Желкектің қойдан басқа мал жемейді*.

Желкен — ұзындығы 10—15 сантиметрдей, сабағының жуандығы саусактай, тарамданып екі-үш-төрттен шығатын өсімдік. Семей облысының Аяқөз тұрғындары тілінде бұл өсімдікті *жылқы сарымсақ* деп атайды.

Жаужымыр — түбіндегі түйіні татыраннан кішилеу таулы жерге шығатын өсімдік.

Жер шай — биіктігі 10—15 см-дей жапыракты өсімдік.

Итемгөн — қабығы алынатын у шөптің бір түрі. *Итемгендің түйенің қышынmasын, жылқының қыршаңқысын дәрілеуге пайдаланады*.

Итқонақ — анызға, арық жағасына, бау-бақша ғарасына шығатын басы тарыға ұксас, дәні бар өсімдік.

**Илан** — 1. Жапырағы сүтті болатын өсімдік. Иланды апиын сияқты сүтін кеседі. Сол қатқан кезде қырып алып, емге пайдаланады; 2. Қатқылға, құмға шығатын өсімдік (Қ.-орда).

**Жылан тимес** — бетегелі, таулы жерге тал-тал болып өсетін, басында ерменнің бүріндей бүрі бар шөп. **Жылан тиместің** бойы бір қарыстан артықтау келеді. Гүлінің бәрі бірсыдырығы шығады.

**Жантак** — тікеннің бір түрі. Түйе сүйсініп жейді.

**Жалмақ құлақ** — түрі көк, қыста да қурамайтын шөптің түрі.

**Жабайы шөп** — далалы жерге шығатын табиғи шөп.

**Жер сана** — түп-түп болып көкпенбек болып шығатын шөп түрі.

**Жер бауырсақ** — бауырсақ сияқты жусанға, шөпке жабысып өсетін өсімдік. **Жер бауырсақты қуығы тұтылған адам емеге ішеді.**

**Жер бәрпі** — дәрі жасайтын шөп түрі.

**Жыбыр** — шытыр сияқты көкшіл шөп. **Жыбыр әді** қой жесе жыбырлап өліп қалады.

**Иман жапырақ** — су жағасына шығатын жапырақ. Бұны тартар жапырақ деп те атайды. **Иман жапырақты җарата тартады.**

**Илан** — құмды жерге төрт-бес тал болып шығатын өсімдік... **Илан ның қаталын қырқып, шыққан сүті қатқан соң, жел ауруға қайнатып ішеді.**

**Көбірген** — формасы пияздай, іші қуыс, үзсе сүт шығатын таулы жер өсімдігі. **Көбірген жеген биенің қымызы күшті болады.** М. Қашқариде сөздігінде *ковурган* (I, 476) тау пиязы деп берілген. Мұны Аяқөз тұрғындары *саумалдық* деп атайды.

**Кекіре** — егін арасына шығатын дәні бар ашты шөп. Бұны түйе, ешкі жейді. М. Қашқариде *кәкра* (I, 398) түйе жейтін шөп деп берілген.

**Кеурек** — құмды жерде өсетін, емдеуге пайдаланылатын шөп. **Желі бар адам кеуректі қайнатып сұйна туследі.** Бұл өсімдікті Семей облысының Аяқөз ауданында құшала қурай деп атайды.

**Күрек се** — таулы жерде өсетін, мал сүйсініп жейтін шөп. **Күрек сені жылқы сүйсініп жейді.** **Күрек се көктем шөбі.**

**Көкемарал** — таулы жерге күнгейге өсетін, тамыры жінішке жалғыз-жалғыз болып шығатын, гүлденгенде басында гүлі бар өсімдік. Шай сияқты істі болады. Солма болған түйеге көкемарал қайнатып құй дейді.

**Киік оты** — тырбып шығатын боз шөп.

**Керенқұлақ** — саңырауқұлақтың кішірек болып шыққан түрі.

**Күлкіләпчін** — қар кеткен кезде тау басына қара қошқыл болып шығатын өсімдік. Гүл болып шығады. *Ыстықтанған адам күлкіләпчінди қайнатып, сүтін ішсе жазылады* (Т.-қорғ., Панф.).

**Кәрікыз** — Шытыр сияқты шөп. Дәні бидайдай, ііріліп шығады. *Кәрікыз киімге жабысқақ болады*.

**Киік жұн** — таудың басына шығатын қыска шөп.

**Көкбас** — көк гүлі бар, қурай сияқты шөп.

**Көк жусан** — сыпырғыш жасайтын, отқа жағатын сидиып өскен жусанның бір түрі.

**Күйіксары** — таулы жерге шығатын өсімдік.

**Күренсе** — таулы жердің өсімдігі.

**Күшала** — тамыры картоп сияқты тауға шығатын улы өсімдік. *Күшаланы кейде қымызға қосады. Өкпеге сүйк тигенде күшаланы темекі қып тартады* (Т.-қорғ., Панф.).

**Күйреуік** — басы шашақ-шашақ, түбі бірігіп шығатын шөп. *Күйреуік топ-топ бол шығады* (Т.-қорғ., Панф.).

**Кәлүен** — қатқыл, бозғыл жерге шығатын өсімдік. *Кәлүенниң басында бүршік дәні болады, бойы 30—40 см-дей* (Қ.-орда).

**Кеүіл** — түсі сарғыштау, бойы бір метрдей тақырға шығатын шөп. *Кеүілдің түйе сүйсініп жейді* (Қ.-орда).

**Кермексабы** — қуан, тақыр жерге шығатын өсімдік. *Кермексаптың ұсақ жапырағы болады, май—август айларында өмір сүреді. Кермексабының түйе жейді* (Қ.-орда).

**Көрқара** — түсі қара, ұсақ бұтакты, басы бүршікті, бойлы, кебірлеу жерге шығатын аңы шөп (Қ.-орда).

**Көкқасқа** — құмдақ жерге шығатын, түйе сүйіп жейтін шөп.

**Күйреуік** — түсі боз, басы бүршікті, түп-түп бол, құмақ жерге шығатын шөп. Сортан жерге шығады. *Күйреуіктің биіктігі жуадай, түйе сүйсініп жейді*.

*Күйрек* жеген түйе жақсы семіреді (К.-орда).

*Көкпек* — жусанның сүйекті түрі. *Көкпектің басын қой* жейді, отын үшін де пайдаланады.

*Каратұқ* — дәні қонақ дәніндей, далалы жердің есімдігі.

*Козықүйрек* — санырауқұлақтың үлкен болып шықкан түрі.

*Қойқызғалдақ* — түрі қара қызыл болып келген тау қызғалдағы. *Қойқызғалдақтың қойғана жейді*. *Қойқызғалдақтың түйіртпек-түйіртпек дәні болады*. Одан моншақ жасайды.

*Қойқаранжы* — далалы жерде өсетін дәрі шөп. *Адам жөтелсе, қойқаранжының өзін қайнатып жейді*, ат жөтелсе, қойқаранжының аузына тартады.

*Қырықбұын* — буын-буын болып шығатын есімдік.

*Қарандыз* — сазды жерде өсетін, түбін дәрі үшін пайдаланатын есімдік. *Кісі жөтелсе, қарандыз түбірін қазып, арын аузына салады*. *Жылқы жөтелсе, аузына байлан қойса, соны сорып жүріп жазылып кете-ди*. *Маңқа, мандам болған жылқыға қарандызды қайнатып құйып жазады*.

*Қаратағай/қаратағай* қурай — қабығы алынатын қара сораның бір түрі.

*Қараярғасын* — өзекті болып келетін жапырағы үлкен қара топыракты таулы жерге шығатын есімдік. Тамырын дәрі ретінде пайдаланады. *Бұны сепсекұыр деп те атайды* (Т.-қорғ., Панф.).

*Қарот* — изен, жусан сияқты дала шөбі (Т.-қорғ., Панф.).

*Бозот* — бетеге, күренсе сияқты шалғын, тау шөбі. *Қазан үрган соң бозот қурайды* (Т.-қорғ., Панф.).

*Қараматай* — Іле бойына шығатын, түп-түп болып өсетін есімдік. *Қараматайдың бір түбіне бір қой тояды* (Т.-қорғ., Панф.).

*Құлманбес* — құмда өсетін есімдік. *Құлман-бестің түп жағы көк, бас жағы ақ болып келеді*. *Құлманбесті мал сүйсініп жейді* (К.-орда).

*Құлманкөде* — құмды жерде, тарбықтау болып өсетін есімдік. *Құлманкөде жұмсақтау келеді, жылқы сүйсініп жейді* (К.-орда).

**Құртқашаш** — тал-тал болып шығатын, ұзындығы жарты метрге баратын өсімдік. **Құртқашастың жас кезінде көк гүлі болады, шоń айынан бастап қуқыл тарта бастайды** (Қ.-орда).

**Қызылтамыр** — түсі қызылт, бойы метрдей, бұтақсыз жапырағы жіңішке ойға, табанға шығатын шөп. **Қызылтамырдың қой сүйіп жейді** (Қ.-орда).

**Қияқ** — құмға шығатын, басында бидайдың дәніндей дәні бар, мал жейтін шөп (Қ.-орда).

**Қызылша** — түсі көк, шыбықты, ұсақ жапырақты, кісі бойлы құмаққа шығатын шөп. **Қызылшаны жылқы сүйіп жейді** (Қ.-орда).

**Қарамесек қышы** — дәні бар майда өсімдік.

**Қарғатүяқ** — құмға шығатын түрі көк, сүйірленген жапырағы бар өсімдік. **Қарғатүяқ көп бойлап өспейді, қой, ешкі сүйсініп жейді** (Қ.-орда).

**Қара кене** — құмды жерге шығатын жеміс. **Қара кенеңдің қазып алады да жей береді** (Қ.-орда).

**Қарабарқын** — сор, ащи жерге шығатын, биіктігі жарты метрдей, бұта сияқты өсімдік. **Қарабарқының жапырағын түйе сүйсініп жейді** (Қ.-орда).

**Қандым** — түсі қызыл, бойы үш метрдей, сабағы келсапқа жарайтын, қызылқұмға шығатын ағаш. **Қандым суға төзімді, көпке дейін шірімейді** (Қ.-орда).

**Қарамық** — ақ шенғелдің басына шығатын, мейізге ұқсаған жеміс шөп. **Қарамықты теріп жейді. Қарамық табанды жерге шығады** (Қ.-орда).

**Қоянқарта** — түп-түп болып шығатын, ұзындығы 20 см-дей құмдағы өсімдік. **Қоянқартаны қоян, жылқы, қой көп жейді** (Қ.-орда).

**Қарандыр** — қара жапыракты ұзын қара курай. **Қарандырыдың отқа жағады.**

**Құлшайыр** — құмға шығатын, ақ тікенді келетін шөп. **Құлшайдың басын сынырып алып, көк шай жасайды.**

**Құлқайыр** — басы гүлді болып өсетін биік шөп.

**Қоянжын** — шөлді жерге өсетін түйе жейтін шөп.

**Қоянсүйек** — тарамдалып, түзу болып шығатын тікенді, түбі томарлы өсімдік.

**Қылшаша** — тастақты жерге шығатын, текесақал сияқты тарам-тарам болып өсетін өсімдік. **Қылшаның көктей отқа жағып, күлін насыбайға салады.**

*Лақса* — тікеннің түрі. *Лақсаның биіктігі тұсардан келеді, жұлғанда сүт шығады, жапырағы тырбылы шығады.*

*Мортықбоз* — түсі боз, жінішкелеу келген, сексеуілді жерде өсетін өсімдік.

*Рауғаш* — қымыз сияқты қышқыл дәмі бар, таулы жерге шығатын өсімдік. *Рауғаш июнь айында қата бастайды* (Жамб., Мер.).

*Рауған* — рауғаш сияқты сабағы жұмыр, қызығылдау тәтті жапырақ. *Рауған таудың басына, қорым тасқа шығады.*

*Саумалдық* — таулы жерде өсетін қымыздық тәрізді өсімдік түрі. *Саумалдық ақбоз болып тауда өседі.*

*Торғай оты* — Сортан жерге шығатын тырбық шөп. *Торғай оты малдың күзде жейтін шөбі.*

*Түйекекіре* — көкпенбек, бүршігі тікенді шөп.

*Түйесіңір* — түп-түп болып шығатын құмды жердің өсімдігі. *Түйесіңірдің жазғытурым мал жейді.*

*Тұлкі қүйрек* — құмды жерге шығатын, басында үлпілдегі бар өсімдік.

*Үйфак* — кішкене дөңгелек тікен. *Үйфак қойдың жуніне көп жабысады* (Жамб., Шу).

*Чай шөп* — тауға шығатын шөп. *Чай шөп тің түбін қайнатып, чай етіп пайдаланады* (Жамб., Шу).

*Мық жусан* — таулы жерде аласа болып өсетін жусан түрі.

*Майшөп* — жусанға үқсаған, бүршікті, сүрғылттау, тамыры көк түсті шөп. *Қойдың жақсы көретіні майдиши* (К.-орда).

*Мортық* — құмға шығатын шөптің бірі. *Мортықты мал сүйіп жейді* (К.-орда).

*Мыңбас* — түсі көк сары, бойы жарты метр, сабағы бұтақты, басы ақ бүршікті шөп. *Мыңбастың қоймен түйе жейді* (К.-орда).

*Мысыққүйрек* — биіктігі 30—40 см-дей, мысықтың құйрығына үқсас, құмда өсетін өсімдік. *Мысыққүйректың сиыр жейді.*

*Наязқара* — бойы бір метр, түсі қоңыр, сабағы

бүршікті, тақырға шығатын ащи шөп. *Н а й з а қ а р а - ны түйеден басқа мал жемейді* (К.-орда).

Ой с ораң — құмды жерге шығатын шөп. *Ой с ораң ның қысқасы бір қарыс, ұзыны бір метрге дейін барады.* Ой с ораң ды түйе сүйіп жейді (К.-орда).

Өн бе — құмды жерге шығатын төрт түлік малдың бәрі жейтін шөп (К.-орда).

Сарандыз — сабағы кісі бойынан биік болып шығатын мал жемейтін шөп. *Сарандыз дың тамырын қыршаңқы малды емдеуге пайдаланады.*

Сарыбас курай шөп — басында гүлі бар шөп. *Сарыбас қурай шөп бидай орақтан өтіңкіреп барып қурайды.* Сарыбас қурай шөп ті қой жейді.

Сарысаған — құмда өсетін шөптің түрі.

Сасыр — бостау жерде, төсте көп өсетін түйе мен қой жейтін өте күшті шөп. *Сасыр дың көп жеген қойдың сүті сасыр сасып кетеді.*

Сұңғыла — айдауға шығатын арам шөп. *Сұңғыла шықса, басқа өсімдіктерді өлтіріп жібереді.*

Сұмбіле — қауын арасына шығатын шөп.

Сырттан — қаңбақ секілді, тамыры білектей бірекі метр терендікке кететін өсімдік. *Сырттан ның тамырын жазда жинап, қыста көтерем сиырға береді.*

Сепсекүүр — өзекті болып келетін, жапырағы тарелкедей үлкен, жайлауға, қара топырақты жерге шығатын шөп. *Сепсекүүр дың тамырын қазып алады.* Жел тиіп қол қақсағанда сепсекүүр тамырын шыны түбіне жағып, буласа жазылады. Бұны қара угорғасын деп те атайды (Т.-қорғ., Панф.).

Саумалдық // қымыздық — щабель. Бұның жапырағын қымыздық, сабағын саумалдық деп атайды (Т.-қорғ., Панф.).

Сүттіген — биік, жапырақты өсімдік. *Сүттіген жапырағын кессе сүт шығады.* Сүттігеннің сүтін теміреткіге жағады (Т.-қорғ., Панф.).

Сырқүйрек — ұзын, сары гүлді, көл жағасына, құмға шығатын шөп. *Сырқүйрек түсі жақсы болғанмен мал жемейді.*

Сарысаған — гүсі сарғыш, буынды, тікенді, бойы қарыстай, жапырақсыз құмға шығатын шөп. *Сары-*

*сағаңды түйе жейді, жылқы, сиыр жемейді* (К.-орда).

*Сораң — тұсі алабота тәрізді, ұзындығы 50—60 смдей өсімдік. Сораңды мал ащылап керемет жейді* (К.-орда).

*Сұттіген — құмды жерге шығатын, түйе ғана сүйіп жетін шөп. Сұттіген басын жеген түйеден көп сүт шығып тұр* (К.-орда).

*Сүйрік — судағы, саздау жердегі шөптің жер бетіне шықпай тұрғандағы ақ сабағы* (К.-орда).

*Сырттан сабак — тамыры 1—2 м терендікке баратын, жуандығы білектей, қанбаққа ұқсас, құмды жердің өсімдігі. Сырттан сабакты көк кезінде түйе жейді.*

*Сіңбірік — жұмсақ жерге шығатын өсімдік түрі. Сіңбірік ақ шөп тектес. Сіңбірік жеген жылқы семіреді.*

*Пияу — жалғыз сабақ болып шығатын өсімдік. Пияудың түбірін қазып алып, жуып, кептіріп асыл товарларды бояса, онбайды. Пияуды аттың жауырына тартып, ем ретінде пайдаланады.*

*Топын — тау басына шығатын, басы шашақтанып өсетін өсімдік. Топын тамырын ыстық жел болып ауырганда қайнатып ішеді.*

*Таңқура́й — малина. Осы тауға таңқура́й қалың өседі* (Т.-корғ., Панф.).

*Текесақал — суы көп, егістік жерге шығатын, ұзындығы 10—12 см. ұсақ жапырағы бар өсімдік.*

*Түйекарын — жапырағы ұсақ, тікені бар, ұзындығы жарты метрдей, март — май айларында өмір сүретін шөп* (К.-орда).

*Тамыр дәрі — сабағы бозғыл, ұзындығы жарты метрдей, қырқада, құмақты жерде өсетін өсімдік. Тамыр дәріні кейбіреулер бұрын ыстық желге пайдаланатын. Тамыр дәріні құрт ауруына да пайдаланады.*

*Тарлау — шабындық шөп. Тарлау бік болып өседі. Тарлау жұртқа шығады.*

*Текесақал — бір түптен тік-тік болып, тарамдалып шығатын тастақты жердің өсімдігі. Текесақал жусаннан аласа болады.*

*Теріскен — далалы жерге шығатын, түйе, кейде жылқы жетін, отынға пайдаланатын өсімдік.*

Түйе бұлдірген — үлкендігі бармақтай, тұтас, алаша сиякты бұлдіргеннің бір түрі.

Томар бояу — қырға, сортаң жерге шығатын өсімдік. *Томар бояудың тамырын күзде қазып алып, тері бояйды.*

Татыран — жапырағы да, түйіні де қызылشاға ұқсас, таулы жер өсімдігі. *Татыранды қазып алып, көтерем сиырға береді.*

Темір тікен — жантак. *Отынға темір тікен жинап аламыз.*

Тышқан құлақ — үлкендігі теректің жапырағындағы, биіктігі жерден 7—8 см-дей ғана көтерілетін жапырақ шөп. *Тышқан құлақ малды тез семіртеді* (Т.-қорғ. Панф.). Бұны жалайырлар май жапырақ деп атайды.

Тенгеге жапырақ — гүлді, жаңғыз сабакты болып шығатын өсімдік. *Тенгеге жапырақ жайлайуға шығады, малдың бері жейді* (Т.-қорғ. Панф.).

Тартар жапырақ — су бойына шығатын бұжыр-бұжыр жапырақ. Оны жараға тартады. Бұны *иман жапырақ* деп те атайды (Т.-қорғ. Панф.).

Шүкір — шашақты, түсі қызыл болып келетін, түбірлі өсімдік. *Шүкір сабағы солқылдақ кезінде жеуге болады. Шүкір түбірімен тері бояйды.*

Шиқурай — жіңішкелеу келген, сабағы тал-тал болып шығатын өсімдік. *Шиқурай жас кезінде сүтті болады. Мұны сүт қурай* деп те атайды.

Чашыратқы — далалы жерде өсетін, дәрі үшін пайдаланатын өсімдік. *Ауырған адамдар чашыратқыны қайнатып ішип, сұнина шомылады.*

Шағыл — жусанның бір түрі, ең биік түрі.

Четен — жуандай, биік болып өсетін ағаш түрі. *Четеннең құрық және үйдің төбесіне салатын шабақ жасайды.*

Чырғанак — бұтағы тікенді, аса жуан емес, іші сары, қатты ағаш. *Чырғанакты ыстық-сүйкта дәрі есебінде пайдаланған бұрын.*

Чілік — сазды жерге, қамыс арасына шығатын жінішке, үсақ ағаш тал.

Чағыр жусан — ойда, далалы жерде өсетін биік жусан түрі (Т.-қорғ., Панф.).

Чытыр — түп-түп болып шығатын шөп түрі. *Чытыр* —

*тыр* далалы тақыр жерге шығады. *Жауын көп жылы чытыр көп болады.* Чытыр қой, түйе, сиырды өлтіріп жібереді (Т.-корғ., Панф.).

*Шакыр* — құмды жерге шығатын, қой, ешкі, түйе жейтін жусаннан ұзын шөп.

*Шайыр* — ұзындығы 20 см-дей, жапырақты, шөл жерге шығатын өсімдік.

*Чоқша* — түп-түп болып шығатын көктем шебі.

*Чоқша кек* — тарының басы сияқты болып шығатын өсімдік.

*Чыралжын* — шөптің бір түрі. *Ер Бапан бүгүн жатты чыралжында* (Жамб., Мер.).

*Ырақ* — көктемнің басында түп-түп болып шығатын, бойы аласа, жіңішке сабакты құмдауыт жердің шебі.

*Ілметікен* — сабағының биіктігі бір қарыстан аспайтын тікен түрі. *Ілметікен адырға шығады.*

*Ышқын* — шүкір өсімдігінің екінші атауы. *Көп жесе, ышқын ауыртады.*

*Үшқат* — қабығы үш-төрт қабат мықты ағаш. *Үшқаттан ілгеріде садаққа оқ жонған.*

*Ызықу* — тал-тал болып таулы жерге шығатын өсімдік. *Ызықудың исі бір қысым.*

*Ілан* — қатқыл жерге шығатын тамыр-тамыр жеміс шөп.

## ҚОРЫТЫНДЫ

Әдеби тілмен салыстырғанда оңтүстік говорлар тобының өзіне тән, басқа говорларда кездеспейтін сан алуан дыбыстық, грамматикалық, лексикалық ерекшеліктері бар. Өзіндік ерекшелігімен қазақ тілінің оңтүстік говорлар тобы батыс, шығыс, орталық-солтүстік говорлардан өзгешеленіп жатады.

Басқа говорлармен қарым-қатынасын сөз еткенде, негізінен, оңтүстік говорлар көп реттерде жеке диалект екенін танытып отырады. Басқа говорлармен ортақтық жағынан ғері алшақтық жағы басым. Кейбір құбылыстардың қолданылуы, таралу шегі жөнінен шектес, қоныстас аудандарда қатар, параллель айтылу ұшырайды. Оны біз Талдықорған мен Семей облыстарының шектескен жерлерінде оңтүстік, шығыс говорлар тобында кездесетін ерекшеліктер катар айтылып, кейде оңтүстікке тән құбылыстардың Семей терриориясына өтіп кететін жайттері байқалады. Мұндай жағдайларды Арқа мен Оңтүстіктің шектес аудандарында, оңтүстік пен батыстың жапсарлас жерлерінен көруге болады. Қызылорда облысы терриориясында да батыс пен оңтүстікке тән ерекшеліктердің қатар қолданылып, кейде батыстың оңтүстікке, оңтүстік ерекшеліктерінің батысқа қарай өтуі байқалады. Бұған лингво-географиялық түрғыдан жургізілген зерттеулер көз жеткізді.

Оңтүстік говорлар тобының әдеби тілмен қарым-қатынасын сөз еткенде, әдеби тілімізде оңтүстік өнірден енетін, тілдік қорды байытатын көптеген сөздер бар екені

анықталды. Ондай сөздер егінге, бау-бакша, жеміс, өсімдік атауларына, қызылша, темекі, мақта, күріш шаруашылығы мен ирригацияға байланысты сөздер. Бұл атаулар Қазақстанның басқа аудандарында кездесе бермейді.

Басқа говорлар тобымен салыстырғанда оңтүстік өңірде көрші түркі тілдері: қырғыз, өзбек, үйғыр тілдерінің әсерінің молдығы және өзбек тілі арқылы тәжік-иран тілдерінің ықпалы бар екені байқалды. Ондай әсерлер негізінен лексика саласында мол кездеседі. Сондай-ақ морфология, фонетика салаларында да ұшырап қалады.

Оңтүстік говорлар тобының басын біріктіретін, осы өңірге тараған кең аумақты құбылыстармен қатар, жеңе говорлар шенберіндеған ұшырайтын тар аумақты құбылыстар да ұшырайды: Ондай өзгешеліктер тілдің фонетика, грамматика, лексика салаларында да кездеседі.

Фонетика саласында оңтүстік говорлар тобын ерекшелеп, соның бәрінің басын қосып тұратын, ортақ ерекшеліктерге аффикат *ч*, *ж*, *ң* орнына *ңл* (манлай) айтылып, *c* — *ш*, *t* — *ð*, *ң* — *н* дыбыстарының алмасуы жатады. Сондай-ақ жуан дауыстылардың жіңішкеріп айтылуы (*a* — *ə*), ұяң дауыссыз орнына қатаңың (*b* — *n*) басымдылырымен сипатталады.

Фонетика жағынан да әр говорға тән өзіндік, тар аумақты ерекшеліктер ұшырайды.

Грамматика саласынан да зерттеліп отырған өңірдің бәріне бірдей тараған, ортақ құбылыстар жоқ емес. Атап айтқанда, осында ерекшеліктерге қалау, тілек мағынасында айтылатын *-лы*, *-лі*, бүйрек рай қосымшасы *-қын*, *-ғын*, *-кін*, *-гін*, тәуелдіктің үшінші жағына *-сы*, *-сі* қосымшасының қосылуы, *бәрі* шылауының есімшемен тіркеспей, көсемше сөзben тіркесуі (келгелі бері), *барғым бар*, *барғым жоқ* тіркесінің молырақ айтылуы жатады.

Грамматика саласында да әр говорға тән тар аумақты ерекшеліктер бар.

Фонетика, грамматика саласына қарағанда лексикалық ерекшеліктер молдап кездеседі. Олардың бірқатары, жоғарыда айтқанымыздай, әдеби тілімізді байытуға үлесін қосатын, егін шаруашылығына, ирригацияға, баубакша, өсімдік атауларына байланысты сөздер.

Енді бірқатары әдеби тілге ене бермейтін, онтүстікке тән лексикалық ерекшелік болып саналатын сөздер. Олардың бірқатары онтүстік говорлар тобына кіретін барлық говорларға тән құбылыс болып саналса, бірқатары жеке говорлар аумағында ұшырайтын өзгешеліктер.

Лексикалық жағынан бірқатар сөздер Талдықорған облысында әрі онтүстікке, әрі шығыс говорлар тобына тән сөздер қатар айтылып келеді. Біраз сөздер Семей территориясына өтіп отырады.

Кейбір құбылыстардың таралу шегіне қарағанда көп жағдайда Шу, Шымкент, Таңкент, Қызылорда говорларына ортақ қасиеттер мол болып келеді де Жетісу говоры оқшауланып қалады.

Лингво-географиялық түрғыдан зерттелгенде, әрі бұрын-соңды осы өңір жайындағы еңбектерді сын елегінен өткізіп, қолда бар материалға сүйенгенде, онтүстік говорлар тобын Таңкент, Шымкент, Қызылорда, Шу, Жетісу, тәжік говорлары деп алтыға бөлуге болады.

## ШАРТТЫ ТҮРДЕ ҚЫСҚАРТЫЛЫП АЛЫНГАН СӨЗДЕР:

Алм. — Алматы облысы  
Гв. — Гвардия  
Еңб. — Енбекшіқазақ  
Жал. — Жалағаш  
Жамб. — Жамбыл обл.  
Жам. — Жамбыл ауданы  
Жуа. — Жуалы  
Кег. — Қеген  
Қаз. — Қазалы  
Қарат. — Қаратал  
Қарм. — Қармақшы  
Қор. — Қордай

К.-орда — Қызылорда  
Қызыл. — Қызылқұм  
Луг. — Луговой  
Мак. — Мақтарал  
Мер. — Мерке  
Сай. — Сайрам  
Сар. — Сарығаш  
Тал. — Талас  
Т. Қор. — Талдықорған  
Үйр. — Үйғыр  
Шел. — Шелек  
Шым. — Шымкент

## МАЗМУНЫ

<b>Кіріспе . . . . .</b>	<b>3</b>
<i>Бірінші тарау</i>	
<b>Фонетикалық ерекшеліктер . . . . .</b>	<b>11</b>
Оңтүстік говорлар тобына ортақ фонетикалық ерекшеліктер . . . . .	11
Оңтүстік говорлар тобының екі говорына тән фонетикалық ерекшеліктер . . . . .	23
Ташкент говорының фонетикалық ерекшеліктері . . . . .	26
Қызылорда говорының фонетикалық ерекшеліктері . . . . .	30
Шымкент говорының фонетикалық ерекшеліктері . . . . .	31
Шу говорының фонетикалық ерекшеліктері . . . . .	33
Тәжік говорының фонетикалық ерекшеліктері . . . . .	35
Жетісу говорының фонетикалық ерекшеліктері . . . . .	37
<i>Екінші тарау</i>	
<b>Грамматикалық ерекшеліктер . . . . .</b>	<b>39</b>
Оңтүстік говорлар тобына тән грамматикалық ерекшеліктер . . . . .	39
Ташкент говорына тән грамматикалық ерекшеліктер . . . . .	66
Шымкент говорына тән грамматикалық ерекшеліктер . . . . .	67
Қызылорда говорына тән грамматикалық ерекшеліктер . . . . .	69
Шу говорына тән грамматикалық ерекшеліктер . . . . .	70
Жетісу говорына тән грамматикалық ерекшеліктер . . . . .	71
Тәжік говорына тән грамматикалық ерекшеліктер . . . . .	72
<i>Үшінші тарау</i>	
<b>Лексикалық ерекшеліктер . . . . .</b>	<b>74</b>
Оңтүстік говорлар тобына ортақ лексикалық ерекшеліктер . . . . .	77
Шу мен Жетісу говорларына ортақ сөздер . . . . .	83
Ташкент пен Шу, Шымкент говорларына ортақ сөздер . . . . .	84
Ташкент, Шымкент және Қызылорда говорларына ортақ сөздер . . . . .	86
Шымкент, Қызылорда, Шу, Ташкент говорларына ортақ сөздер . . . . .	86

Ташкент говорының лексикалық ерекшеліктері . . . . .	88
Кызылорда говорының лексикалық ерекшеліктері . . . . .	94
Шымкент говорының лексикалық ерекшеліктері . . . . .	105
Шу говорының лексикалық ерекшеліктері . . . . .	112
Жетісу говорының лексикалық ерекшеліктері . . . . .	119
Тәжік говорының лексикалық ерекшеліктері . . . . .	129
Оңтүстік говорлар тобының басқа говорлармен қарым- қатысы . . . . .	132
Оңтүстік говорлар тобының батыс говорлар тобынан лекси- калық айырмасы . . . . .	133
Оңтүстік говорлар тобының орталық-солтүстік говорлар тобынан лексикалық айырмасы . . . . .	136
Оңтүстік говорлар тобының шығыс говорлар тобынан лек- тикалық айырмасы . . . . .	140
Оңтүстік говорлар тобының әдеби тілге қатысы . . . . .	142
Қорытынды . . . . .	162
Шартты түрде қысқартылып алынған сөздер . . . . .	165

## **Окас Накисбеков**

### **ЮЖНАЯ ГРУППА ГОВОРОВ ҚАЗАХСКОГО ЯЗЫКА**

*Утверждено к печати Ученым советом Института языкоznания  
Академии наук Казахской ССР*

*Рецензенты: кандидаты филологических наук  
С. Омарбеков, К. Омиралиев, К. Айтазин*

*Зав. редакцией М. А. Рашев*

*Редактор С. Айтмухамбетова*

*Худ. редактор А. Б. Мальцев*

*Оформление художника Н. Ф. Чурсина*

*Техн. редактор В. К. Горячкина*

*Корректор С. О. Каймулдина*

*ИБ № 1203*

*Сдано в набор 31.03.82. Подписано в печать 25.08.82. УГ07117.*

*Формат 84×108<sup>1/32</sup>. Бум. тип. № 1.*

*Литературная гарнитура. Высокая печать. Усл. п. л. 8,8.*

*Уч.-изд. л. 8,7. Тираж 1300. Заказ 90. Цена 1 р. 50 к.*

*Издательство «Наука» Казахской ССР*

*Типография издательства «Наука» Казахской ССР.*

*Адрес издательства и типографии: 480021, г. Алма-Ата, Шевченко, 28*



